


2025, 12 (3)

Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025
© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 633-649, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_633-649

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20

THE ISSUES OF THE NATIONAL LIBERATION UPRISING OF 1916 IN THE WORKS OF
ILYAS ZHANSUGUROV

Bulanov Erzhan^{1*}

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov
(187A, Zhansugurova Str., 040006 Taldykorgan, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, teacher-lecturer
 <https://orcid.org/0000-0002-3281-4418>. E-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Bulanov E., 2025

Abstract. *Introduction.* The national liberation uprising of 1916 in Zhetysu found comprehensive reflection in such historical works by Ilyas Zhansugurov as “Zharkent oiazynda”, “1916 zhyl derekteri” and “Lepsi oiazynda”. These describe the circumstances that developed in the region in connection with the Tsar’s June decree, the mass armed resistance of the Kazakh and Kyrgyz peoples, the harsh measures of the authorities to suppress the uprising, the flight of the population to China to escape punitive detachments and oppression from Russians, Chinese and Kalmyks, the arrest of uprising leaders and their imprisonment in Karakol prison, as well as the murder of Zh. Mambetov as a result of a conspiracy and the brutal reprisals that occurred in the prison, all of which are thoroughly covered based on the eyewitness’s memoirs. Consideration of these works of the poet allows for a deeper understanding of the history of the national liberation uprising in Zhetysu. *Goals and objectives.* Based on the poet’s works, to reveal the inner essence of the national liberation uprising in Zhetysu; assess the historical significance of these works as sources; and determine the degree of reliability of eyewitness testimonies presented in his studies. *Results.* The article considers the historical works of Ilyas Zhansugurov, which have remained outside the attention of historians and researchers, as historical sources illuminating the events of the national liberation uprising of 1916 in Zhetysu. Since these works were written before the establishment of strict Soviet totalitarian censorship, the author’s presentation, provided information, and conclusions objectively reveal the history of the uprising. Written on the basis of accounts from eyewitnesses who lived at that time and directly observed the events, these works help clarify little-known aspects of the uprising in Zhetysu. *Conclusion.* Compared to the works of Zh. Aimautuly (“Kartkozha”), M. Auezov (“Kily zaman”), S. Seifullin (“Tar zhol, taigak keshu”), and S. Mukanov (“Botagoz”), Ilyas Zhansugurov’s works included in the collection “Zhetysu. 1730–1916” – namely “Zharkent oiazynda”, “1916 zhyl derekteri” and “Lepsi oiazynda” – represent valuable sources both historically and from the perspective of source studies. These historical studies of the poet are necessary for a comprehensive and in-depth disclosure of the causes, course, nature and results of the national liberation uprising of 1916 in the Zhetysu region.

Keywords: County, Karkara, Lepsi, decree, requisition, rebellion, Alban, Taranshi, Dungan

Acknowledgements. The article was carried out within the framework of the project of grant funding of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan on the topic “The legacy of Ilyas Zhansugurov in the process of development of Humanities: in the context of the XXI century” (individual registration number: AR 19680053).

For citation: Bulanov E.O. The issues of the national liberation uprising of 1916 in the works of Ilyas Zhansugurov // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 633–649. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_633-649

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Буланов Ержан Олжабайұлы^{1*}

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(Жансүгіров көшесі, 187 А, 040006 Талдықорған, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, оқытушы-дәріскер

 <https://orcid.org/0000-0002-3281-4418>. E-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Буланов Е.О., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Жетісу өңірінде орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс І. Жансүгіровтың «Жаркент оязында», «1916 жыл деректері», «Лепсі оязында» атты тарихи шығармаларында қарастырылған. Онда ақ патшаның маусым жарлығына қатысты өңірде қалыптасқан ахуал, қазақ-қырғыз халықтарының жаппай қарулы қарсылығы мен биліктің көтерілісті басудағы қатыгез шаралары, жазалаушы әскерден қашқан халықтың Қытайға босуды және орыс, қытай, қалмақтардан озбырлық көруі, көтеріліс басшыларының ұсталып Қаракөл түрмесіне қамалуы, Ж. Мәмбетовтың қастандықпен өлтірілуі мен түрмеде орын алған қырғын туралы көзкөрген куәгердің естелігі негізінде жан-жақты көрініс тапқан. Құлагер ақынның атап көрсетілген еңбектерін қарастыру Жетісу өңірінде орын алған ұлт-азаттық көтерілістің тарихын терең түсінуге мүмкіндік береді. *Мақсаты мен міндеттері.* Құлагер ақынның еңбектері негізінде Жетісу өңірінде орын алған ұлт-азаттық көтерілістің ішкі мазмұнын ашып көрсету; ақын шығармаларының мәселеге қатысты тарихи дерек ретіндегі құндылығына баға беру; ақын зерттеуіндегі оқиға куәгерлерінің естеліктерінің шынайылығын анықтау. *Нәтижелер.* Мақалада тарихшы-зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген І. Жансүгіровтың тарихи шығармаларын тарихи дерек тұрғысынан қарастыра отырып, Жетісу өңірінде орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері зерттелді. Әлі де болса кеңестік тоталитарлық жүйенің күшіне енбей тұрған кезінде жазылғандықтан құлагер ақын Ілиястың баяндаулары, келтірген деректері, жасаған қорытындылары көтеріліс тарихын объективті түрде ашып көрсетеді. Нақ сол уақытта өмір сүрген, оң-солын таныған кезінде оқиғаны көзімен көрген куәгерлердің баяндауымен жазуы нәтижесінде жарияланған еңбектері Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің көмескі тұстарын айқындауға септігін тигізді. *Қорытынды.* Нақ сол оқиғалар туралы жазылған Ж. Аймауытұлының («Қартқожа»), М. Әуезовтың («Қилы заман»), С. Сейфуллиннің («Тар жол, тайғақ кешу»), С. Мұқановтың («Ботагөз») шығармаларымен салыстырғанда І. Жансүгіровтың «Жетісу. 1730–1916» жинағына енген «Жаркент оязында», «1916 жыл деректері», «Лепсі оязында» атты зерттеулері тарихи тұрғыдан және деректанулық жағынан құнды. Құлагер ақынның аталған тарихи тұрғыда жазылған еңбектері Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себебін, барысын, сипатын, нәтижесін мейлінше толық ашып көрсету үшін қажет.


Түйін сөздер: Ояз, Қарқара, Лепсі, жарлық, реквизиция, көтеріліс, албан, тараншы, дүңген

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контексінде» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 19680053).

Дәйексөз үшін: Буланов Е.О. Ілияс Жансүгіров еңбектеріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 633–649 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_633-649

ПРОБЛЕМЫ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА

Буланов Ержан Олжабаевич^{1}*

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(ул. Жансугурова, 187 А, 040006 Талдықорган, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, преподаватель-лектор
 <https://orcid.org/0000-0002-3281-4418>. E-mail: erzhan_bulanov@mail.ru

*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Буланов Е.О., 2025

Аннотация. *Введение.* Национально-освободительное восстание 1916 года в Жетысу нашло всестороннее отражение в таких исторических произведениях Ильяса Жансугурова как «Жаркент оязында», «1916 жыл деректері», «Лепсі оязында». В них подробно освещается обстановка, сложившаяся в регионе в связи с июньским указом царя, массовое вооружённое сопротивление казахского и кыргызского народов, жестокие меры властей по подавлению восстания, бегство населения в Китай от карательных отрядов и притеснения со стороны русских, китайцев и калмыков, аресты лидеров восстания и их заключение в тюрьму Караколе, а также убийство Ж.Мамбетова в результате заговора и жестокая расправа, произошедшая в тюрьме, получили всестороннее освещение на основе воспоминаний очевидца данного события. Рассмотрение указанных трудов поэта позволяет глубже понять историю национально-освободительного восстания в Жетысу. *Цель и задачи.* На основе произведений поэта раскрыть внутреннюю суть национально-освободительного восстания в Жетысу; оценить историческую значимость этих произведений как источников; а также определить степень достоверности свидетельств очевидцев, приведённых в его исследованиях. *Результаты.* В статье рассматриваются исторические произведения И. Жансугурова, оставшиеся вне внимания историков-исследователей, как исторические источники, освещающие события национально-освободительного восстания 1916 года в Жетысу. Поскольку данные произведения были написаны до установления жесткой советской тоталитарной цензуры, авторская подача, приведённые сведения и сделанные выводы объективно раскрывают историю восстания. Благодаря написанию на основе рассказов очевидцев, живших в то время и непосредственно наблюдавших события, эти труды способствуют прояснению малоизвестных аспектов восстания в Жетысу. *Заключение.* По сравнению с произведениями Ж. Аймауытова («Қартқожа»), М. Ауэзова («Қилы заман»), С. Сейфуллина («Тар жол, тайғақ кешу») и С. Муканова («Ботагөз»), труды И. Жансугурова, включённые в сборник «Жетысу. 1730–1916», такие как «Жаркент оязында», «1916 жыл деректері», «Лепсі оязында», представляют особую историческую и источниковедческую ценность. Указанные исторические исследования поэта необходимы для всестороннего и глубокого раскрытия причин, хода, характера и итогов национально-освободительного восстания 1916 года в Жетысуском регионе.

Ключевые слова: Уезд, Каркара, Лепси, указ, реквизиция, восстание, албан, тараншы, дунган

Благодарность. Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Наследие Ильяса Жансугурова в процессе развития гуманитарных наук: в контексте XXI века» (личный регистрационный номер: AP 19680053).

Для цитирования: Буланов Е.О. Проблемы национально-освободительного восстания 1916 года в произведениях ильяса жансугурова // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 633–649. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_633-649

Кіріспе

Әлемдегі кез келген ұлттың тарихын зерттеу мәселесінде сол ұлттың өз тілінде жазылған және көзімен куәгерлердің жазбасы нақ сол оқиғаны жан-жақты, толыққанды түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, оның болған оқиғаны зерттеуде деректік тұрғыда маңызы зор. Халқымыздың басынан кешірген тарихи, қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік үрдістерді зерттеуші-ғалымдар аталған деректер негізінде зерттеп, оның ақиқатына көз жеткізе алады. Мәселеге сол тұрғыдан келе отырып, Илияс Жансүгіровтың ес біліп, оң-солын ажырата бастаған, жиырмадан асып, жігіт болған кезінде өзі куә болған және сол туралы көрген білгені, естігені жайында жазған Жетісу өңірінде орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы деректік маңызға ие тарихи зерттеу еңбектерін қарастырамыз.

Бүкіл Қазақстан территориясын қамтыған қарулы қарсылық барысында Жетісу өңірі көтерілістің негізгі ошақтары болды. Оның өзі Қарқара-Албан және Верный уезіндегі орын алған қарулы қақтығыс өзінің ауқымдылығымен, тегеурінділігімен ерекшеленді. Әрине, көп жерде айтыла бермейтін Лепсі уезіндегі матай руларының да қарулы көтеріліске шыққандығы мәлім. Ол туралы құлагер ақын Илияс Жансүгіровтың тарихи шығармаларынан білеміз. Жалпы алғанда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патша өкіметінің 1867–1868 жылдардағы аграрлық отарлау саясаты мен XX ғасырдың басында басталған рухани отарлауға, патша билігі мен жергілікті бай-болыстардың әділетсіздігіне деген ашу-ызаның лап етіп сыртқа шығуы еді. Оның буырқанып шығуына түрткі болған, әлбетте, 25 маусым жарлығы екендігі белгілі.

Көптеген зерттеулерде көтерілістің себебі, барысы, қорытындылары жалпылама тұрғысынан айтылып келеді. Шын мәнінде оқиғаның ішкі иірімдері, көтеріліске қатысқан қарапайым қазақ пен оның басшыларының тарихи тағдыры, Қытай жеріне қашқан һәм босқан қазақтардың жазалаушы орыс әскері және қытайлар мен олардың қолшоқпары болған қалмақтар тарапынан көрген зорлық-зомбылығы, көтеріліс барысындағы тараншылардың (ұйғырлар) ұстанған позициясы, жасы толмаса да зорлықпен қара жұмысқа алынған қазақтың бозбаласының көргені мен басынан өткені сияқты мәселелер назардан тыс қалып жататын. Осы айтылғандар туралы Илияс Жансүгіров өз зерттеуінде тәптіштеп жазды және ғылыми айналымға енгізді. Мәселен, ақын шығармаларын тауып, араб әліпбиінен кириллицаға аударған Әбілхан Әбіласан былай дейді: «Илияс ақын да Жетісу көтерілістері туралы ұрпаққа үлкен тарихи деректі мұра қалдырыпты. Ел аузынан, мұражай құжаттарынан қыруар деректер жинаған. Бұл, шамасы, жиырмамыншы жылдардың бас кезі. Аталған дүниелер кезекті сәтін күтіп жүргенде жиырмамыншы жылдардың соңғы кезеңіндегі сойқандар, одан отызыншы жылдардың ойраны келіп жетеді. Жинақталған дүниелер ақынның жеке мұрағатында қала береді. Нәубетті сәттерде бұл шығармалардың аман қалуына ақын шапағатын көрген кісілер себепші болған көрінеді. Олар бертінге дейін қызыл саясат тырнағынан алып қалып отырған. Қорғап, сақтай білген. Қып-қызыл «өрттен» аман қалған бұл тарихи дүниелер – тақырыбы жағынан біртұтас сабақтас, өзектес, нақтылы, деректі еңбектер» (Жансүгіров, 2001: 3). Ақынның бұл еңбектері ұзақ жылдар архив қойнауында жатты және тек Ә. Әбіласанның еңбегі нәтижесінде 2001 жылы жинақ болып жарыққа шықты.

Илияс Жансүгіровтің аты аталса қалың оқырман қауым оны ақын, журналист, аудармашы, сатирик деп біледі. Шындығында оның Ресей империясының XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап қазақ жерін отарлау саясаты, әсіресе Жетісу өңірін күшпен басып алу және оған қарсы жергілікті жердегі қазақ руларының қарулы қарсылығы, Кенесары Қасымұлы

бастаған ұлт-азаттық көтеріліс пен оның Жетісу өңіріндегі іс-қимылдары жан-жақты қамтылған. Сондай-ақ Жетісу жерінде орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті кешенді түрде зерттеген. Сондықтан І.Жансүгіровке қатысты, яғни оның тек ақын және журналист қана емес, тарихи тақырыптарға да терең үңілген, кешенді зерттеген тарихшы деп танимыз. Оның қаламынан туған Жетісу өңірінде орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы зерттеулері тарих ғылымы үшін маңызды. Сол тұрғыдан алғанда тақырыптың өзектілігі ешқандай дау тудырмайды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеуіміздің деректік базасы ретінде І. Жансүгіровтың «Жаркент оязында» (ҚР ОМА. 1368-қ. 1 т. 56-іс.), «1916 жыл деректері» (ҚР ОМА. 1368-қ. 1 т. 54-іс.), «Лепсі оязында» (ҚР ОМА. 1368-қ. 1 т. 54-іс.) (Ескерту: Бұл сілтемелер қолжазбаның түпнұсқасымен танысуға қызығушылық танытқан оқырмандар үшін арнайы берілді және аталған еңбектер араб әліпбиімен жазылған) деген еңбектерін атап көрсетеміз. Бұл еңбектер тарихи зерттеу тұрғысынан, әрі деректік жағынан терең мазмұнға ие. Қолжазбаны ҚР Орталық мемлекеттік архивінен тауып, кириллицаға аударған және оны ғылыми айналымға енгізген Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әбілхан Әбіласан. Жинақ 2001 жылы «Жетісу. 1730–1916.» деген атаумен жарыққа шықты және үш шығарма да нақ осы жинаққа енді (Жансүгіров, 2001: 57–166).

Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс уақыты осы бір ұлан-ғайыр өлкені мекендеуші халықтар өміріндегі аса бір күрделі кезең болды. Көтерілістің жаппай бұқаралық һәм халықтық сипатқа ие болуы, қоғамның барлық әлеуметтік топтарын қамтуы, Ресейдің отары болып келген аймақтарда ұлттық және азаттық ұрандардың көтерілуі, революциялық дағдарыстың өрлеуі онсыз да 1-жаһан соғысында титықтаған патша өкіметін тығырыққа тіреген болатын. Яғни, ұлт-азаттық көтерілісті 1917 жылғы Ақпан революциясының алғышарты әрі құрамдас бөлігі тұрғысынан мәселенің жаңа әдіснамасы ретінде қарастыруға әбден болады.

Кеңестік кезеңде тақырыпты зерттеуде 1916 жылғы көтерілістің мақсаттары, сипаты және қозғаушы күштері туралы белгілі бір көзқарас қалыптасқан болатын. Әрине, ол түсінікті еді – оған себеп жетпіс жыл бойы үстемдік еткен кеңестік һәм коммунистік идеология мен қоғамды қанаушы (байлар) және қаналушы (кедейлер) деп екіге бөліп тастаған таптық принцип. Яғни, кеңестік кезеңдегі тоталитарлық биліктің жоғарыдан жасалатын маркстік-лениндік методологияға негізделген қатаң бақылауы болды. Патшалық Ресей империясы болсын немесе Кеңес өкіметі тарапынан болсын өзінің шет аймақтарында орналасқан Кавказ, Орта Азия мен Қазақстан, Сібір өлкесіндегі жүргізген отарлық саясатын ақтап алу мақсатында оны прогрестік құбылыс ретінде қарастырды. Мұндай пікір негізінен отаршылардың өзіне тиімді жақтарын көрсетуге бағытталған болатын. Шиеленіскен ұлтаралық қатынастарды айтуға қатаң тиым салынды. Ғылымда орыс пролетариатының революциялық қозғалыстардағы «жетекшілік» рөлін асыра бағалайтын пікір күштеп таңылды, қалыптастырылды. Сондықтан отаршылдықтың ықпалын зерттеу және талдауда Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде методологияның кеңінен таралған өркениеттілік және ұлттық негіздері басшылыққа алынды.

Тақырыпты терең зерттеуде ғылымда қолданылып жүрген әдіснаманың (методологияның) негізгі бағыттары болып саналатын тарихилық, объективтілік негіздегі ғылыми таным принциптері кеңінен қолданылғанын атап өтеміз. Аталған бағыттарға жататын жүйелеу, сыни талдау, баяндау, сипаттау, логикалық қорыту әдістерін (метод) қолдану арқылы Ілияс Жансүгіровтың тарихи тақырыптағы еңбектеріндегі мәліметтердің шынайылығына көз жеткізілді.

Талқылау

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі уақытта замануи көзқарастар мен тарихымыздағы «ақтаңдақ» тақырыптарды жою қажеттігі тұрғысынан қайта бағалау мен қарастыруды талап ететін қордаланған түйткілді мәселелердің бар екендігін шынайы өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Солардың ішінде ХХ ғасырдың бірінші ширегінде өлкеде қалыптасқан саяси ахуал және орын алған қым-қиғаш оқиғалар һәм 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қазақ қоғамында ерекше орын алды. Аталған мәселе туралы зерттеулер мен құжаттар жинағы жарияланды. Бірақ, солардың арасында құлагер ақын Ілиястың көтеріліске қатысты көрсетілген еңбектеріне назар аударған тарихшы-ғалымдардың арасында тек Ш. Тілеубаевтың «Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» (Тілеубаев, 2010: 125) атты тақырыптағы кандидаттық диссертациясын атап өтуімізге болады. Зерттеу жұмысында Ілияс Жансүгіровтың аталған «Жаркент оясында, «1916 жыл деректері», «Лепсі оясында» атты тарихи шығармаларына арнайы тоқталмаған. Көтеріліс тарихын ашуда ақын шығармаларындағы мәліметтерді дерек ретінде пайдалануға тырысқан.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контексінде» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында (жеке тіркеу нөмірі: АР 19680053) І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің бір топ ғалымдары кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Соның бір бағыты ретінде құлагер ақынның тарихи шығармаларын зерттеу және насихаттау, оның тарихшы болғандығын дәлелдеу болып табылады. Сол тұрғыда мақала авторының құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтың тарихи бағытта жазған «Жетісу өлкесін орыс алуы», «Ұзынағаш соғысы» атты шығармаларына көңіл аударып, зерттеуінде біршама кеңінен қарастырғанын атап өтуге болады. Ол «ХІХ ғасырдағы Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (І. Жансүгіров еңбектері негізінде)» деген тақырыппен әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің Хабаршысында жарияланды (Буланов, Кыяхметова, 2024: 19–29).

Тарихшы-ғалымдардың аталған мақаларға назар аудармауының тағы бір себебі, құлагер ақынның тарихи шығармаларының өзі тек ғылыми айналымға 2001 жылы қосылуы, «таралымы небәрі мың дана ғана болғандықтан және демеушілік жасаған Нидерландия Корольдігі елшілігінің кітапты сатуға рұқсат бермегендігі себепті бұл шығарма көпшілікке кең тарай алған жоқ» (Жансүгіров, 2006: 5).

Ал әдебиет саласының мамандары көп жағдайда Ілияс Жансүгіровтың лирик ақындығы, прозаик, сатирик, драматург болғандығы туралы (Иманғазин, 2025: 235), оның журналистік қырларына (Андас, 2019: 348), әдеби туындыларына көңіл аударған.

Әлбетте, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы кеңестік кезеңде де, тәуелсіздіктен кейін де көптеген еңбектер жазылды. Соларға аз-кем тоқталып өту артық етпейді. Солардың ішінде оқиға куәгерлері болған қазақтың көрнекті жазушысы Ж. Аймауытовтың «Қартқожа», қазақ кеңестік әдебиетінің классиктері болған жазушылар М. Әуезовтың «Қилы заман», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Ботагөз» шығармаларын атап өтеміз. Әрине, Жетісу өңіріндегі көтерілістің жан-жақты баяндалғаны М. Әуезовтың шығармасы болды. Бұлармен қатар сол уақыттағы аласапыран оқиғалардың куәсі болған, ал кейбірі тіпті сол көтерілістің бел ортасында жүрген, оқиғаға тікелей қатысқан тұлғалардың еңбектерінің де маңызы зор. Атап айтсақ, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Меңдешов. Олардың шығармаларының құндылығы сол, барлығы тоталитарлық жүйенің ықпалынан жапа шегіп, еңбектері ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымға енбей ұмыт қалған еді. Солардың қатарында І. Жансүгіровтың де осы тақырыпқа қатысты жазған еңбегі архив қойнауында қалып, қалың оқырман қауымға белгісіз болып келді.

Соғыстан кейінгі кезеңде мәселеге байланысты бірқатар құжаттар жинағы жарыққа шықты (Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы, 1947: 214; Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сборник документов, 1960: 792). Сондай-ақ көптеген зерттеу еңбектері де жазылды. Оларға тән ортақ кемшілік Жетісу өңіріндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты арнайы кандидаттық диссертация қорғаған тарихшы

Ш. Тлеубаев былай деп атап көрсетеді: «Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көтерілістің жергілікті ерекшеліктері толық ескерілмеді, сипатын, жетекшілері мен ұлттық қайраткерлердің қызметін, ұлтаралық қайшылықтарды түсіндіруде таптық, интернационализм принциптері тұрғысынан біржақты бағалауға жол беріліп, оқиғалардың нақты көрінісі күңгірттеу қалып отырды» (Тілеубаев, 2010: 4).

XX ғасырдың бірінші жартысында орын алған патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы саяси күреске шыққан Алаш қозғалысы тарихы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі кезеңдегі тоталитарлық жүйенің солақай саясаты мәселелеріне алғашқы болып көңіл аударған тарихшы-ғалымдар шоғыры қалыптасты. Олар қалыптасқан кеңестік қасаң идеологиядан тыс Тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа методологиясын, жаңашыл мектебін қалыптастырды. Нақ сол тарихшы-ғалымдарға М. Қозыбаевтың (Қозыбаев, 1994: 192), К. Нұрпейістің (Нұрпейіс, 1995: 256), М. Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 2004: 171–189) есімдерін ерекше ілтипатпен атап өтуге болады. Бұл жерде олардың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселесіне қатысты еңбектеріне сілтеме берілді.

Тарихшы-ғалым О.Х. Мұхатованың мәселеге қатысты тарихнамалық тұрғыда жазылған екі көлемді мақаласын ерекше атап өтуге болады. Онда Ресей империясының қазақ жерінде орын алған күшпен отарлау саясатына қарсы С. Датұлы, К. Қасымұлы бастаған және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістердің зерттелуі кешенді түрде қарастырылған. Бірінші мақалада XX ғасырдың 20–80 жж. қамтыған кеңестік тарихнамасы (Мұхатова, 2020: 19–27), екінші мақаласында 1992–2019 жж. посткеңестік кезеңдегі зерттелуіне көңіл бөлген (Мұхатова, 2020: 380–387).

Бұл жерде мына мәселеге көңіл аудару қажет, яғни тек І. Жансүгіровтың еңбектерінде қарастырылған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихнамасына қатысты зерттеу еңбектері мен тарихи негіздегі көркем шығармалар туралы сөз қозғалды. Ал құлагер ақынның нақ осы оқиғаға қатысты еңбектерін тарихи тұрғыда зерттеген, деректанулық және тарихнамалық тұрғыда зерделеген еңбектер жоқтың қасы деп айтуға болады.

Зерттеу нәтижелері

І. Жансүгіровтың «Жаркент оязында, «1916 жыл деректері», «Лепсі оязында» атты тарихи шығармаларында бірінші дүниежүзілік соғыс барысында отарлау саясатының күшеюі, 1916 жылғы ІІ Николай патшаның маусым жарлығына қатысты орын алған Жетісу өңіріндегі дүрбелеңге жан-жақты тоқталады. Сондықтан Ресей империясының қазақ жерін отарлау үрдісіне қысқаша тоқталып кетуді жөн санадық. Оны үш кезеңге бөлуге болады: әскери-казактық (әскери бекіністер мен әскери шептер салу, мұздай қаруланған әскер кіргізу, Сібір, Жетісу, Жайық және Орынбор казачествосын құру), одан кейін аграрлық (қазақ жерін Ресей империясының жеке меншігі деп жариялауы, орыс шаруаларын қазақтың шұрайлы жерлеріне жаппай көшіру һәм қоныстандыру) және рухани (тілінен, дінінен, ділінен, тарихынан айыру) тұрғыда. Әлбетте, атап көрсетілген кезеңдердегі жүргізілген отарлау саясатының ішінде XX ғасырдың басында басталған рухани отарлаудың зардабы өте ауыр еді. Яғни, тілінен, дінінен, ділінен айыру арқылы қазақ халқын ұлт ретінде жоюдың сұрқия саясатын жоспарлы түрде жүргізді. Мұнымен қоса Ресейдің 1-дүниежүзілік соғысқа араласуы да қанаудан титықтаған қазақ халқы үшін ауыр тиді. Қалыптасқан қиын жағдайдан туындаған халықтың ашу-ызасы 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығынан кейін сыртқа шығып, қарулы қарсылықтың бұрқ етіп басталуына алып келіп, одан ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Жарлықта Қазақстан, Орта Азия және ішінара Сібірдің 19 бен 43 жас аралығындағы «бұратана» халықтардың еркектерін тылдағы қара жұмысқа «Реквизициялау туралы» айтылды. Бұл жерде екі мәселеге назар аударғанымыз абзал. Біріншісі, тыл жұмыстары дегеніміз майдан шебіне жақын аймақтарда окоптар қазу, көпірлер салу, ағаш кесу, қатынас жолдарын салу, қорғаныс құрылыстарын тұрғызу және т.б. Бұл жерде тыл жұмысына алынған азаматтардың қолына қару беруге сенбей, қара жұмысқа салу арқылы оларды кемсітіп отырғандығын анық көреміз. Екіншісі, «реквизиция» деген сөздің мағынасы мүлікке, затқа байланысты айтылатын термин болғандығы. Ол «жұмылдыру», «әскерге шақыру» деген сөз

емес, қайта әңгіме бейнебір малды, мүлікті, затты алу, өткізу туралы болып отырған сияқты. Сондықтан жарлықтың өзі қазақ халқын «бұратана» деп бір кемсітсе, екіншіден, «реквизиция» деп затқа, дүние-мүлікке теңеп, бүкіл бір ұлтты екінші сортты деп кем санап отыруы халықтың ашу-ызасын тудырды.

Қазақтарды әскер қатарына алмай тыл жұмысына, қара жұмысқа алуының тағы бір себебі – патша билігі қазақтарға сенімсіздікпен қарады. Өйткен, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейін Ресейдің жоғарғы және жергілікті мемлекеттік басқару әкімшілігінде қазақтарды әскер қатарына алу туралы мәселе көтеріліп, қызу пікірталас жүрген. Нәтижесінде еркіндікке ұмтылып, талай мәрте көтеріліске шыққан қазақ халқына саяси жағынан сенімсіздік танытқан. Қазақтарды патша билігіне жаулық көзқарастағы Орта Азиядағы Қоқан, Хиуа, Бұхар мемлекеттерімен, сондай-ақ Қытайдағы мұсылмандармен көрші әрі діндес деп санап, кез-келген сәтте сатып кетеді деген тұжырым жасайды. Сондықтан көшпелі бұратана мұсылмандардан әр жыл сайын әскерге адам алу, қару-жарақ ұстауға және соғыс өнеріне үйрету – саяси тұрғыдан үлкен қателік деген шешімге келеді.

Маусым жарлығынан кейін ел ішінде басталған дүрбелең кезінде патша өкіметінің жергілікті қазақтарға ұстанған бұндай саясатын ел ағалары мен халықтың арасында беделі бар тұлғалар көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде билік өкілдерінің бетіне басып тұрып айтады. Мәселен, отаршыл жүйенің Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы әрі сенімді өкілі Поворковқа қарата Серікбай Қанайұлы былай деген: «... біздер ақ патшаға қарағалы 50–55 жыл шамасында болған екен. Содан бері патша оқу; өнер үйретпеді. Не әскер қызметіне алып, әскер білімін үйретпеді. Қараңғы, білімсіз болдық. Құр қол ұрысқа тас сына ма? Патшаның сұраған рабочиын бере алмаймыз – деді. Патша біздерді тәрбиелейді дейсің, біздер үшін салдырған мектебі, әртүрлі өнер-білім орындары қайсы? ...» (Тілеубаев, 2010: 50).

Патшаның маусым жарлығын және оны қазақ қалай қабылдағандығын Ілияс Жансүгіров былайша суреттеп жазды: ««25 июнь жарлығы» елдің төбесінен түскендей болды. Мұны бұрын жергілікті билеу мекемесіндегі өкімет қызметкерлері де білмеді. Өкімет қызметкерлері бұл жарлыққа ресми жағынан қарап «сөзсіз атқаруға тиіс» деген «үлкен жарлық» есебінде қарады» (Жансүгіров, 2001: 103). Жарлық бойынша Қазақстан мен Орта Азиядан барлығы 400 мың адам, аталған аймақ ішіндегі қазақтар мекендеген барлық облыстардан 240 мыңға жуық адам алуды жоспарлады (Қазақстан тарихы, 2002: 638), ал «Жетісудан алынатын жігіт саны 43 000 (қырық үш мың) жан еді» (Жансүгіров, 2001: 103), - деген мәлімет береді Ілияс Жансүгіров. Кейінгі зерттеу материалдарында Жетісу өңірінен қара жұмысқа алынатын адам саны 87 мың (Қозыбаев, 1994: 9) болған дейді. Сондықтан жергілікті жердегі патша өкіметінің әкімшілігі жоспарды орындау үшін оған сөзсіз орындауға тиіс үлкен жарлық деп қарады. Ал оның бұхара халықтың тарапынан болатын қарсылықтың міндетті түрде туындайтынын құлагер ақын былайша анық та айқын атап көрсетеді: «Жергілікті халықтың жан сырымен санасу, жарлық аяғының қандай халге соғатыны олардың (патша өкіметінің әкімшілігі – Е.Б.) есінде болған жоқ» (Жансүгіров, 2001: 103). Бұның өзі қазақтардың жаппай қарулы бас көтеруіне алып келген ұлт-азаттық көтеріліске алып келе жатты.

Көтеріліс қарсаңында Жетісу облысының әскери-губернаторы, құлагер ақынның сөзімен айтқанда «жандаралы» болып М.А. Фольбаум басқарып тұрды. Ол шілде айының басында Жетісу жерін мекендеген барлық қазақ, қырғыз, тараншы (ұйғыр), дүңген халықтарынан адам алу туралы шыққан ақ патшаның жарлығын орындау үшін үндеу жасайды және оны Ілияс Жансүгіров өз еңбегінде былай деп келтіреді: «Ешбір теріс ұғынушылар болмасын және кімде-кім бұл жарлыққа мойынсұнбағандық қылып, сөз таратса, тоқтаусыз ояздық (уездік – Е.Б.) начальниктердің қолына тапсырылсын. Біздің ісіміз ұлы патшаның жүрегі куанарлық жақсы болып шығуына сенемін. Мен солай ойлаймын. Неге десеніз де, монархымыздың атынан алғашқы шілдеде мен мұны өз аузымнан бәрін жинап алып жариялағанымда қазақтар, тараншылар және басқалар, болыстық правительдер менің бұйрығымды шын көңілмен қабылдаған ...» (Жансүгіров, 2001: 103–104). Ал шындығына келгенде патшаның маусым жарлығына қатысты өлкеде үш түрлі көзқарас қалыптасқан болатын. Біріншісі, жарлықты

жан-тәнімен орындауға мүдделі болған және оны жүзеге асыруға бел шеше атсалысқан патша әкімшілігінің шенеуніктері мен жергілікті бай-манаптар мен болыстар болды. Міне, Фольбаумның бұйрығының шын көңілден қабылдануының себебі осында жатыр. Бұлардың халқына, жұртына деген сатқындығын Ілияс Жансүгіров анық әрі нақты сипаттайды: «... дуан-дуандағы ояздық начальниктер (оларды) шақырып, жауапқа алып, жалына бастады. Майдалады. Кейбіріне «алғыс, өмірге бақ» уәде қылды. Тарту-таралғы бермек болды. Мұндай ақсақалдардың кейбіреулері «уада береміз»-ге қол қойды. Кейін көпшілікті тастап, не ұлықпен, не болыстармен жарасып, жалт берген ақсақалдар аз болмады» (Жансүгіров, 2001: 104–105).

Екінші топ, қара жұмысқа адам бермейміз, өлсек өз туған жерімізде өлеміз деген ұстанымдағы радикалды бағыттағы күрескерлер болды (Т. Бокин, Ә. Жангелдин, Т. Рысқұлов, С. Меңдешов және басқалар). Бұлар халықты қарулы көтеріліске шақырды және оған өздері де қатысып, басшылық етті.

Үшінші топ, «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. либерал-демократияшыл бағыттағы зиялылардың жетекшілері патша әкімшілігіне адам алуға асықпауға, қайта олардың әуелі дайындық шараларын жүргізуге көзін жеткізуге талай мәрте әрекет жасады. Сонымен бірге олар қарусыз халық көтеріліске шыққан жағдайда патша өкіметінің аяусыз жазалау шараларының құрбаны болады деп санап, жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды. Өйткені олар мәселенің мән-жайын терең әрі жақсы білді. Ал қанша жерден қарсылық көрсеткенімен екі тараптың күшінің тең еместігін, қарулы қарсылықтың қантөгіспен аяқталатынын жете түсінді. Сондықтан олар қарулы бас көтерудің алғашқы күндерінен бастап халықтың арасында көтеріліске шықпауға шақырған үгіт-насихат жүргізді. Шын мәнінде ұлттық зиялылардың айтқан бұндай пікірлері айна-қатесіз келді. Көтерілісшілерді, тіпті көтеріліске қатыспаған бейбіт тұрғындарды да биліктің жазалаушы әскері аяусыз қырды.

Сонымен патшаның жарлығы да, әскери-губернатор М.А. Фольбаумның үндеуі де, басқа да төменгі әкімшілік қызметкерлердің де түсіндіруі жұртқа тұңғыш әрі жұмбақ, түсініксіз жағы көп болды. Жергілікті халықтың арасында Кенесары көтерілісінен кейінгі уақыттан бері жаншылып келе жатқан қазақ рухы қайтадан лап етіп лаулаған болатын. Елде ыбыр-сыбыр көбейіп, қолдарына қару алып, халық «адам бермейміз» деп қарулы көтеріліске шықты.

Жетісу жеріндегі көтеріліс туралы егжей-тегжейлі жазған Ілияс Жансүгіровтың атап көрсетілген шығармаларын мұқият қарастыратын болсақ, патша жарлығына қарсылықтың мынадай түрлерін анық көреміз: қарулы бас көтеру һәм көтеріліс; шекаралас жерлердегі отырған қазақтар пісіп келе жатқан астығын, мекенін тастап, Қытайға көшіп кету; төмен ығысып, жазалаушы әскердің баруына қиындық тудыратын Балқаш көлінің маңына, оған құятын Ақсу, Лепсі, Іле, Қаратал өзендерінің төменгі ағысындағы құмды жерлерге көшіп кету; қалалы жерлерде тұратындар алыс ауылдарға қашу және т.б.

Қарулы көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздарды аяусыз басып-жаншу туралы Жетісу облысының әскери-губернаторы М.А. Фольбаумның, оның үстінен қарайтын Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткиннің неше түрлі қатыгез бұйрықтары мен нұсқаулары құлагер ақынның шығармасында көрініс тапқан. Мысалы, Куропаткин жандарал Фольбаумға берген жасырын нұсқаулары туралы І. Жансүгіров былай дейді: «Қазақ-қырғыз тәртіпсіздігін басуда Сіздің қайратыңыздың негізгі міндеті орыс халқының амандығын, мал-жанын сақтау болу керек. Осы ретте орыс халқын оқпен атылатын отты қарулармен және балта секілді қара қару-жарақпен де тісінен тырнағына шейін жарақтандырыңыз» (Жансүгіров, 2001: 127). Жоғары лауазымды басшылықтың өздері нұсқау беріп, рұқсат беріп тұрғаннан кейін орыс әскерлері ғана емес, орыс казактары мен орыс мұжықтары да қазақ пен қырғызға көрсеткен қатыгездігі мен жауыздығы шектен шықты. Ол туралы І. Жансүгіровтың мәліметін келтірсек: «Орыстардың қазақ-қырғыздарды топырлатып ата беретіні көпке созылды. Қаладан бір орыс мылтықпен шықса онымен жолыққаны қайда барасың десе, «екі аяқты киік атам» дейтін-ді. Албан ішіндегі казак-орыс әдейі ауызға алатын сөзі еді» (Жансүгіров, 2001: 132). Бұдан шығатын қорытынды қара жұмысқа адам

бермейміз деп қарулы көтеріліске шыққан қазақтарға қарсы патша билігі барлық ресурсты пайдаланғандығын көреміз. Тіпті ұлтаралық қақтығысқа айналғандығын пайымдауға болады. Бұл жерде нақ осы оқиғадан бір ғасыр уақыт өтсе де Ресей Федерациясының саясатының ешбір өзгермегендігін анық көреміз. Бүгінгі Ресей билігі тарапынан «Орыс әлемі» атты атаумен 2020 жылы қыркүйекте қабылданған доктринасы бойынша «Ресей Федерациясы шетелде тұратын отандастарының құқықтарын жүзеге асыруға, олардың мүдделері ресейлік мәдени ерекшеліктерін қорғауға, сақтауға қолдау көрсетеді» (Путин «Орыс әлеміне» негізделген жаңа сыртқы саяси доктринасын мақұлдады), - деп Ресей азаматтары мен орыс тілін әлемнің қай түкпірінде болмасын, қандай жолмен болмасын қорғайтынын айтады. Оның нақты мысалы ретінде Ресей-Украина арасындағы шиеленісті айтуымызға болады. Мәселен, 2014 жылы ақпан-наурыз айларында Ресейдің Украина территориясы болып табылатын Қырым түбегін аннексиялауы; 2014 жылы сәуірде Донецк пен Луганск облыстарын басып алуы нақ осы орыс мүддесін, орыс тілінің мүддесін қорғаймыз деген желеумен жүргізілген саясат еді. Сондықтан «Орыс әлемі» атты доктринаның мазмұнына терең үңілетін болсақ империялық, шовинистік мүдде жатқанын, орыстардың мүддесін қандай жолмен болса да қорғауға баратындығын тайға таңба басқандай етіп көрсетеді. Яғни, орыс шовинизмінің тарихы терең жатыр әрі оның айқын белгілерін І. Жансүгіровтың еңбектерін талдау барысында анық байқаймыз.

А.Н. Куропаткиннің өзге бір жіберген телеграммасында Фольбаумның намысын қайрап, жігерін жанып былай дейді: «Өзіңізді үлгі қылуға тырысыңыз. Бұдан 52 жыл бұрын өткен полковник Колпаковскийдің қимылын еске алыңыз. Ол осы күнгі Сіздің қолыңыздағы күштен әлдеқайда аз күшпен Алматыға шабатын қалың Қоқан қолына қарсы жүрегі айнымай шыққанын, Сіздің ұрысқалы отырған қазақ-қырғыздан ол уақыттағы Қоқан қолы әлдеқайда қарулы, жабдықты екенін, Колпаковский Қастек асуында оны талқандап жеңгендігін бір ойлап қойыңыз. Менің сұрауыммен майданнан Жетісуға казак-орыстың бір бригадасы және атты зеңбірегі жіберіледі» (Жансүгіров, 2001: 128–129). Осы жеделхаты арқылы Фольбаумның рухын көтергісі келді. Себебі, маусым жарлығынан кейін қалыптасқан көңіл-күй, тыл жұмысына адам бермейміз деген қарсылық күннен-күнге күшейген тұста Жетісу өңірінде әскер саны тым аз болатын. Оның басым бөлігі стратегиялық маңызы бар объектілерді күзетті. Куропаткиннің сұрауымен жіберілген әскер көтерілісті күшпен басып-жаншуға келе жатқан жазалаушы отрядтың алғашқы легі еді. І. Жансүгіров осы мәліметі арқылы патша билігі қазақтарды мұздай қаруланған әскердің күшімен және орыс мұжықтарын да қаруландыру арқылы жуасыту, қырып салу түкке тұрмайтын оқиға санағандығын ашып көрсетеді. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.Н. Куропаткин тұрақты қарулы күштерге берген бұйрығында көтерілісшілерді жасына, жынысына қарамай тұтастай қырып тастау туралы бұйрық берген. Ол бұйрықты орындауда казактар мен орыс шаруалары мен мұжықтары да қалыспады. Көптеген мұрағат құжаттарынан олардың тарапынан жасалған қатыгездік пен айуандықтың куәсі боламыз. Бұл дегеніміз қазақ халқына қарсы жасалған нағыз геноцид ұйымдастыру деген сөз болатын.

Орыстың тарапынан көрген құқайы мен қорлығы бір бөлек, Қытайға үріккен қазақтардың да жағдайы өте қиын әрі адам төзгісіз болды. Әсіресе, Нарынқол, Сүмбе шекарасынан қашып өткен ел қатты күйзелді. Қытайлар малын, дүние-мүлкін тартып алды. Ол туралы Ілияс Жансүгіров былайша баяндайды: «... қазақтар малдан әбден айырылып жаяу-жалпы Қытайдағы қазақ жеріне жетті. Онда ел баласын, қызын сатып бет-бетімен жан бағуға телім-телім болып тозып кетісті. Басын күйттеген қазақтар қытайдың Үрімжі деген қаласына шейін кетті. Қытай, қалмақ жазаны қамшымен өтейді. Көрінген қазақты күрсілдетіп сабап жатқаны. Бірі ұрмайды, бәрі ұрады. Ақырын ұрмайды, жалаңаштап, сойып салады. Кейбіреулері шіріген жара болып, жатып жазылды» (Жансүгіров, 2001: 130). Тарихи дерек мәліметтері бойынша патшаның жазалаушы әскерінен Қытайға қашқан қазақтардың ұзын саны 300 мың екендігін айтсақ, қаншама жанның тағдырдың тәлкегіне ұшырағанын көреміз. Бұл жерде қазақтардың малы, дүние-мүлкі туралы айтпағанның өзінде. «Малым жанымның садақасы, ...» деп санайтын қазақ халқының күн көріс, тіршілік көзі болған малынан айырылуының өзі де зардабы үлкен, өмір сүруін тығырыққа тірейтін нәубет болатын.

Оған кеңес өкіметінің тарапынан 1931–1932 жылдардағы қолдан жасалған жаппай ашаршылықтың өзі айқын дәлел бола алады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс салдарынан Жетісу өңірінен Қытайға қашқан босқын қазақтардың саны басқа өңірлерге қарағанда көп болды. Олардың саны 1918 жылы басталған азамат соғысы кезінде одан сайын арта түсті. Ал босқын қазақтардың туған жеріне оралуы мәселесі де күрделі мәселеге айналды. Әсіресе, шекара әскерінің тарапынан жасалған қиянат, қатыгездік шектен шығып жатты. «Қайда барса да Қорқыттың көрінін» кебін киген нақ осы жағдайға қатысты Е.И. Стамшалов мынадай мәлімет береді: «Шыңжаңдағы ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайдан, жұт, ашаршылық кесірінен кері қайтушы қазақ босқындары екі елдің шекара құрылымдарының құрсауына ілінді... Батыс Қытайдың аймақтарында босқындар комиссиясы жүргізген үгіт-насихат бойынша атамекеніне көшіп келе жатқан босқын шаруалар шекара қызметінің қысымына ұшырады. Шекара әскерінің босқындарға оқ атуы, өздерімен бірге алып келе жатқан көлік, тауарларын тәркілеу бойынша тергеу атүсті жүргізіліп, дау тек әскерилердің пайдасына шешіліп жатты. Қытай билігі мен Кеңестік шекара әскери басшылығының қазақ босқындарына қатысты ұстанымдарының ортақ белгілері байқалады» (Стамшалов, 2024: 448)

Жетісу өңірінде қарулы көтеріліске шыққандар орыс әскерінің оғы мен зеңбірегінен өлді, шейіт болды. Тұтқынға түскендері түрмеге қамалып, итжеккенге айдалды. Басын имеген, рухы мықтыларын дарға асты. Ал көнгендерін тізімге іліп, тыл жұмыстарына жіберді. Жалғыз ұлын қара жұмысқа күшпен әкетіп бара жатқанда, екі көзі соқыр кейуана шешесінің жоқтауы кезкелген адамның сай-сүйегін сырқыратады. Дәл осы оқиғаның Ілияс Жансүгіровтың еңбегінде суреттелуіне назар аударсақ: «Дәметкен Далабайдың шешесі. Далабай жалғыз. Өзі жарлы кемпір. Дәметкеннің екі көзі жоқ, су қараңғы кемпір. Ол Далабайын қапсыра құшақтап, шырқырағанда жер басып тұра алмады.

Дала жаным, жалғызым,

Су бойында жалбызым.

Маңдайдағы құндызым,

Аспандағы жұлдызым.

Жүзінді көріп қалуға

Ашылсыншы сұм көзім!..., - деп тыржиған қабағын жоғары-төмен көтергенде сәулесі

жоқ тұңғиық қара көзінен тамшылап жас шығады.

Жалғызым, жаным Далажан,

Тым болмаса екеу боп,

Артыңнан біреу ерсеші,

Тентекшіл, теріс қу құдай,

Зорлықшылды көрсеші.

Тым болмаса жар болып,

Жарқ етіп көзім ашылып,

Далаштың жүзін көрсемші,

Сылқ етіп, сүйіп өлсемші.

Тірі күйік тартқызбай

Қолыңнан мені көмсеңші.

Мейірім қана сүйейін,

Келсеңші, сәулем, келсеңші» (Жансүгіров, 2001: 118–119).

Қазақ даласында орын алған осынау дүрбелең кезеңде халықтың басына түскен қиыншылықты ашып көрсететін өлең-жырлар, әдеби шығармалар көптеп жарыққа шықты. Соның бірі Ілияс Жансүгіровтың келтірген нақ осы шығармасына ұқсас халық арасына кең тараған, кеңінен танымал ән – «Самал тау» немесе «Он алтының зары». Оның да сюжеті осыған ұқсас, яғни жас қазақ жігітінің күшпен тыл жұмысына алынуы, ауылында жасы келген кәрі әке-шешесінің қалғаны, Омбы қаласына дейін жаяу-жалпы кетіп бара жатқандығы баяндалады. Ән мылтықтың дүмімен, зорлықтың күшімен кетіп бара жатқан қазақ жігітінің сол сәттегі күйін бейнелейді.

Самал тау, қайран елім, шалқар көлім,
 Не болар солдат болып көрген күнім,
 Есіме қайта-қайта түсе бердің,
 Кір жуып, кіндік кескен қайран жерім ...

Қарулы қақтығыста өлгендер – шейіт болатындығы рас. Ал қолға түскендер мен олардың көрген қорлығы, қарулы көтеріліске қосылғаны бар, қосылмағаны бар қалың қазақтың орыстың жазалаушы әскерінен қалайша зәбір көргені, жапа шеккені Ілияс Жансүгіровтың еңбегінде жан-жақты баяндалады. «Қолға түсіп қорыққан қазақ «құтқарылады екем» деген оймен жазықтыны да, жазықсызды да, бірін-бірі көрсетеді. Солдатты ұрған жердегі сойыл салғандардың, мылтық, қылыш, киім-кешек алғандардың бәрінің де ауылы араланады ... Кейбірін жүктің артынан, кейбірін кебеженің ішінен, кейбірін үстіне қазан қап, тезек тастаған жерошақтың ішінен, кейбірін шөмеленің астынан тауып алады. Мұның бәрі де солдат ұрған, атқа таласқан жазықты болмағанымен, әйтеуір жасырынып жатқан соң «айыпты» саналады. Аяусыз ретте сабаларды. Мылтықтың дүмдерімен Мұқаш молдаларды түйіп жіберіп, өңменін үзе талдырып тастайды» (Жансүгіров, 2001: 150–151). Осыдан кейін елдің көбінің жығасы түсіп, жалындаған рухы жаншылып, көздеріндегі оты сөнгендей болды. Тарихтың өзі куә болғандындай кез келген билікке немесе отаршылдыққа қарсы қарсылық дәл осылай күшпен, қатыгездікпен басып жаншылып, аяусыз жазаланып отырды. Оған дәлел ретінде орыс әскері тарапынан жасалған қатыгездік пен зұлымдықтарды І. Жансүгіровтың «1916 жыл деректері» деген шығармасының «Менің есімдегі» деген бөлімінде көптеп келтіреді: «Шөмеленің астынан табылған Шүрегейдің Ербосының солдаттар киізше баурап тепкілеп, тіл-аузын қойдырады», «Буулы теңдерді тіліп, ішіндегі жарақты нәрсені алып алады», «Бөйжеткен қыз, келіншектердің кәмшәт камзолына қадалған асыл тас, күміс моншақтарын сыпырып үзіп, жанқалтаға салады», «Байсалды бәйбішелердің білегіндегі білезікті тізеге салып майыстырып жазып алып, сақиналарын саудыратып суырып әкетіседі», «жетпіске келіп жер таянған ақсақал Телібайды желкелеп, жаяу айдайды» (Жансүгіров, 2001: 151).

«Лепсі оязында» деген шығармасының «1916 жылғы оқиғада менің көргенім» (Жансүгіров, 2001: 160–166) деген екінші бөліміндегі баяндауы өте әсерлі әрі қызықты мәліметтерге толы. Онда құлагер ақын он сегізге енді толған Мырзахан баласы Нұрахмет деген жас жігіттің қара жұмысқа қалай алынғандығы, азапты ауыр жол жүргендігі, жеті ай жұмыс жасап елге оралғаны туралы басынан кешкен оқиғаларын өз аузынан жазып алғанын айтады. Оқиға желісі былайша өрбиді, жиналған жігіттерді Лепсіден Аягөзге, одан Семейге жеткізеді. Ол жерден пойызға отырғызып, 22 күн жүріп Петроградқа, одан Псковқа, соңғы аялдама Рига деген қаланың жанындағы Саламандра деген станциядан түсіріп, бес жүз кісіні жүзден отрядтарға бөліп жұмысқа салған. Айлық ақшасы 27 сом болған. Нақты қандай жұмыс жасағаны туралы былайша баяндайды: «... Таң ата – сағат алтыда айдайды. Сегіз-тоғызға шейін жұмыс қылып, қайтып, сағат он бір-он екіде зорға жатақ үйге келеміз. Қалың қарағайды қақ жарып, жол салдырып жатыр. Ағашты кесіп, бұтап, шауып, жолға алты ағашты ұзынынан салып, үстінен көлденең қатарлап ағаш қоямыз. Екі арба қатар өткендей болады» (Жансүгіров, 2001: 165). Міне, патшаның маусым жарлығындағы тыл жұмысының бір ғана көрінісі осындай.

Қара жұмысқа алынған Мырзахан баласы Нұрахметтің сегіз-тоғыз ай тыл жұмысынан елге қайтуға не себеп болғандығын, одан қайтар жолда қандай бағытта жүргендігін Ілияс Жансүгіров аталған шығармасында тәптіштеп көрсетеді: «Қыстың күні патша түсіпті дегенді естігеміз... 1917 жылы мамыр айы туған соң «қайтасындар» деген хабар алып, қуаныстық...

15 мамырда Баяразге деген станцияда пойызға міндік. 15 күн жүріп, Омбыдан пароходқа түсіп, су ішінде 11 күн жүріп, Семейге келдік. Арба жалдап Аягөзге шейін келдік...

Елге келдік, үйірге қосылдық. Жол көріп, ысылып қалдық. 17-жыл мен 20-жылдың арасында кісіге жүргенім жоқ. 20-жылы «балшебек» Лепсіні алды. Мен де коммунист партиясына кірдім. Содан кейін оқыдым, адам болдым» (Жансүгіров, 2001: 165–166).

Ал 18-ге енді толған, буыны қатпаған жас жігіттің сегіз-тоғыз ай бойына ауыр жұмыс істегені, ол жақтың ауа-райының ылғалды болуына байланысты түрлі ауырулардан аман-есен

елге орлауының өзі үлкен олжа. Себебі, «Қазақ» газетіндегі басылымдарында жарияланған мәліметтерден қара жұмысқа алынған жігіттер арасында жаппай ауырудың таралуы, одан өлгендердің де болғандығы белгілі. Ол туралы «Bylye Gody» журналының 2024 жылғы № 19(2) санында жарияланған ұжымдық мақаласында: «Лепсіден келген қазақтар Пермь қаласында жұмыс істеді, онда 50 адам ауырып қалды, содан кейін ауырғандардың саны 100-ден асты, онға жуығы қайтыс болды. 5 қаңтарға қарай ауырғандар 300 жетті» (Муканова, Тлеубаев, Конкабаева, 2024: 954), - деп жазады қазақстандық зерттеуші-ғалымдар.

Ілияс Жансүгіровтың шығармасынан қара жұмысқа алынған қазақтың он сегізге толған жас жігіті Мырзахан баласы Нұрахметтің басынан өткізген тағдырын жан-жақты көреміз. Бір қазақтың баласының басынан кешірген оқиғасынан тыл жұмысына алынған қаншама қазақ жігіттерінің тағыдырын көреуге болады. Міне, қара жұмысқа ауылдан күшпен алынған қазақ жастарының алдында тұрған тіл білмеу, медициналық көмек алу, тамақ мәселесі (шошқа етінің берілуі), намаз оқу және т.б. күрделі мәселелер тұрды. Майданға Қазақстан мен Орта Азиядан алынған түркі-мұсылман жұмысшы жігіттерге көмек көрсету үшін орталарына барып, оларға көрсеткен риясыз қызметі үшін Ә. Бөкейханов құрметке бөленді, «Алаштың Әлиханы» атанды. Әрине, сол жақта өлгені бар, денсаулығынан айырылып келгені бар, біз суреттеп отырған кейіпкер сияқты елге аман-есен оралғаны бар әр түрлі тағдыр иелері болды. Дегенмен, олардың ел көріп, жер көріп, сауаты ашылып келгенін ескерсек, қара жұмысқа барудың прогрессивті сипаты болғандығын атап өтуіміз керек. Алаш зиялыларынан тұратын либералды-демократиялық бағыттағы Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтарды 25 маусымдағы патша жарлығына қатысты ұстанған позицияларының әу бастан дұрыс екендігін уақыттың өзі көрсетті. Өйткені, көтеріліске шыққан қазақтардың патшаның жазалаушы әскері тарапынан босқа қырғынға ұшырайтындығы, ауылдардың талап-тоналатындығы, әйелдердің, бала-шағаның зорлық-зомбылыққа ұшырайтындығы туралы ескертулері айна-қатесіз болды.

Ресей империясының отаршылдық саясаты кезінде қаншама ұлт-азаттық көтерілістер мен қарулы қарсылықтар болғанын білеміз. Олардың барлығы қатыгездікпен басып жанышталды, жеңіліске ұшырады һәм басшылары өлтірілді. Сол сияқты Жетісу өңіріндегі көтеріліске басшылық еткен Ж. Мәмбетов, Ұ. Саурықов, Б. Әшекеев те азаттық жолында құрбан болды.

Албан руларының қарулы қарсылығының ошағы болған Қарқара көтерілісін басқарған Ж. Мәмбетов пен Ұ. Саурықов туралы құлагер ақынның мәліметтері өте құнды. Оны аталған екі тұлғамен бірге тұтқынға түсіп, орыс әскерилерінің түрмесінде болып, барлық қатыгездіктерді көзімен көрген Әубәкір Сұлтанбекұылының естелігін келтіре отырып, жан-жақты баяндайды. Осы арада Ә. Сұлтанбекұлы туралы қысқаша тоқталып өтсек. Ол 1916 жылғы Қарқара көтерілісі басшыларының бірі. Қаракөл (Прежевальск) түрмесіне қамалып, түрмеде орын алған қырғыннан аман құтылып, 1930 жылы күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру кезінде Қытай өтіп кетеді. Сол жылы Құлжа қаласында түрмеден қашқан кездегі алған жарақаты асқынып, содан қайтыс болады (Жетісу энциклопедия, 2004: 167). Тірі куәгер ретінде Жәмеңке мен Ұзақтың орыс әскерилері мен судьяларының сұрағына тайсалмай жауап бергені, Жәмеңке Мәмбетовты қалай өлтіргені туралы І. Жансүгіров «Жаркент оязында» атты атты шығармасының «Әубәкір Сұлтанбекұлының естегісі» деген бөлімінде жан-жақты баяндайды. Оқырманға түсінікті болуы үшін шығармадағы мәліметті қаз-қалпында берейік:

«Судья Жәмеңкені жауапқа алды.

- Бала бересің бе? – деді.

Жәмеңке:

- Жасым 75-тегі шалмын. Берем деп саған уада қылуға өз балама да билігім келмейді – деді.

Сот:

- Неге билігің келмейді? Жұртқа бергіз! – деді.

Жәмеңке:

- Билігің келмеді десең менің кәрі қ... осы жерде пісіріп же, берер балам жоқ – деді. Мұны тілмәш «перевод» қылып әбден түсіндірді. Сот ашуланып, үстелді тағы қойғылады.

Енді Ұзақты әкелді. Ұзақтан да «бала беремісің?» деді. Ұзақ Қарқарадағы ұлықтармен болған жайды айтып келіп, Жәмеңке екеуін мұнда Қарақолда қырғыз-қазақ бас қосады деп алдап әкелгенін айтып, «бала бер десең абақтыңнан шығарып, қырғыз адамдарымен басымызды қостыр, босат, бір жауап берелік» деді. Онда судья «сендерді босатуға бұйрық жоқ» деді.

- Ендеше менің абақтыда сендерге беруге жинап қойған балам жоқ, - деді.

Судья лапаттап боқтап, тақтайын тағы тепкіледі. Қайтып алты солдат айдап, абақтыға жапты.

Артынан іле-шала «Мына дәріні Жәмеңкенің ауруынан емденуге судья жіберді» деп деп құмырамен бір орыс дәрі әкелді. Мен (Ә. Сұлтанбекұлы – Е.Б.) «Жәке, ішпеңіз, бұл у» дедім. Ұзақ батыр: «Әзір бізге қастық қылмайды, домбытып («сес» көрсету мағынасында – Е.Б.) жүр ғой» деді. Жәмеңке де жанына батып отырған ауруға әлгі дәріні біраздан соң ішкісі келді де, ішті. Ішті де дөңбекшіп, талаурап барып, екіндіде Жәмеңке өліп кетті. Жәмеңкені өзіміз конвоймен жүріп, мұсылман қауымына апарып қойдық ...» (Жансүгіров, 2001: 71). Қарқара-Албан көтерілісіне басшылық жасаған, елді соңына ерте білген Ж. Мәмбетов, Ұ. Саурықов, Ә. Сұлтанбековты «Елді бүлдірді, патшаға қарсы қастандық жасауға тырысты» деген айып тағылған беделді адамдардың түрмеге түскен алғашқы тобы еді (Тәнекеев, 2002: 145) - деп жазады зерттеуші С. Тәнекеев өзінің «1916 жыл. Қарқара-Албан көтерілісі» атты еңбегінде. Көтеріліс басшылары мен көсемдерін орыс әкімшілігі тарапынан алдап-арбау арқылы тұтқынға түсіруі биліктің ұстанған ежелден келе жатқан саясаты тұғын. С. Датұлы бастаған көтерілістен бері орын алған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына көз жүгіртер болсақ, олардың басшылары мен ұйымдастырушыларының арасына жік салу, бір-біріне қарсы қою, бейтарап немес билікке бүйрегі бұрып тұрған топтардың күшімен һәм көмегімен басып-жаншуға тырысты. Сондықтан 1916 жылдың шілде айының 11-і мен 22-сінің арасында көтеріліс тарихында өзінше бір қобалжуға толы, бірақ оқ атылып, қан төгіле қоймаған әрі-сәрі уақытта орын алған уақытты пайдаланып, патша әкімшілігі көтеріліс басшыларын тұтқындаған болатын. Бұл да бір отаршыл биліктің зымияндығы, қулығына құрық бойламайтын әккілігі деп санаймыз. Толқулар басталған сәтте-ақ елдің бас көтерер беделді тұлғаларын тұтқынға алып, көздерін жою тактикасын қолданды.

Патшаның маусым жарлығына қатысты бас көтерген Албан-Қарқара көтерілісінің басшылары болған Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов ел арасында – Ұзақ батыр, Жәмеңке батыр деген атаққа ие болды. Бұның өзі сонау XVIII ғасырдан, яғни қазақ-жоңғар соғысы кезінде қалыптасқан батырлар институтының тарихи һәм заңды жалғасы деп санаймыз. Батыр дегеніміз тек қол бастап, жауға қарсы соғысу ғана емес «қазақ елшілері қатарында ... ашық диалогтар жүргізу, келіссөздер жүргізу қабілеті мен мемлекеттік деңгейде жауапкершілікке ие шешімдер қабылдау ісіндегі» (Сүлейменова, Дауытбекова, Құрманалина, 2025: 546) маңызды орын алатындығын атап өтеміз. Осы аталған қасиеттердің барлығы Албан-Қарқара көтерілісінің басшыларының бойынан табылды және батыр деген атаққа сай болды.

Патша жарлығына байланысты қара жұмысқа бала бермейміз деген ұранмен көтерілген Жетісу жеріндегі ұлт-азаттық көтерілісті баяндаған І. Жансүгіровтың шығармалары деректік әрі ғылыми-зерттеу тұрғысынан алып қарасақ кәсіби тарихшылардың еңбектерінен ешбір кем соқпайды. «Жаркент оязында» атты шығармасында оқиғаны баяндау, көтеріліске қатысқан куәгерлердің естеліктері, олардың өлең-жырлары, әр ояздағы мал, пішен, астық, орыстардың үй-ыбырларының (қаз, тауық т.б.) шығын есебінің статистикасы кесте (таблица) түрінде көрсетіліп, салыстырмалы талдаулар жасалынған. Және де құлагер ақын былай деп күйіне жазады: «Көтеріліс жасаған қазақ-қырғыздан қырылған қара басты кісінің есебі алынбаған да, Жетісудағы орыстың жоғалған қаз-тауығының да есебі қалмай алынған» (Жансүгіров, 2001: 96–100).

Әлбетте, аталған зерттеу мақаламыз Қазақстанның ұлан-байтақ жерін тұтастай қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық күрестің тарихын қарастыру емес. Біз бұл мәселеде мүмкіндігінше Жетісу өңірінде орын алған көтеріліс тарихын зерттеуге аз да болса үлес қосу және құлагер ақын І. Жансүгіровтың шығармасын тарихи тұрғыда қарастыру. Жалпы алғанда І. Жансүгіровтың тарихи бағытта жазған еңбектеріне кәсіби тарихшылардың назарын аударуына түрткі болып, ой салсақ деген ниет. Болашақта құлагер ақынның «Жетісу. 1730–1916» жинағына енген шығармалары тарихшылар тарапынан кешенді түрде зерттелсе нұр үстіне нұр болар еді.

Қорытынды

І. Жансүгіровтың «Жетісу. 1730–1916.» атты жинағына енген «Жаркент оясында», «1916 жыл деректері», «Лепсі оясында» деген тарихи шығармалары тарихи тұрғыда талданды. Оның шығармаларын талдау барысында Жетісу өңірінде орын алған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихы жүйелі әрі кешенді түрде қарастырылғанына көз жеткіздік. Маусым жарлығы жария етілген уақыттан соң жергілікті халықтың оған деген көзқарасы мен қалыптасқан көңіл-күйі, әу бастан стихиялы бас көтерулер болғандығы, толқулар мен қарулы қарсылық басталмай жатып елді бастар, елді соңына ертер тұлғаларды тұтқындағанын өзінің ой-тұжырымдары мен көзімен көрген куәгерлердің естеліктерімен дәлелді түрде баяндайды. Көтеріліс басшылары Ж. Мәмбетов пен Ұ. Саурықовтың түрмедегі тергеу барысында өздерінің бастарын имей абыроймен ұстағандығы, 19-ға толмаған қазақ жігітінің сонау Рига қаласының маңында тыл жұмысына барып келгені, Қарқара-Албан көтерілісі тегеурінді болғандығы жайында егжей-тегжейлі болғандығын көрсеткен. Патша билігінің жазалау шараларынан үріккен қазақтардың Қытай асқандығы, ол жақта қытай мен қалмақтан да зәбір-жапа шегіп, қорлық көргендігі де құлагер ақынның назарынан тыс қалмаған.

XVIII ғасырдың соңынан басталған Ресей империясының отарлау саясатына қарсы басталған ұлт-азаттық көтерілістер бүкіл XIX ғасырдың өн-бойында жалғасын тапты. 1916 жылғы Қазақ өлкесінде, соның ішінде Жетісу өңірінде орын алған ұлт-азаттық көтеріліс соның заңды жалғасы. Олардың барлығы күшпен басып жаншылды, басшыларының көзін әр түрлі жолдармен жойды. Ал оның тарихын жазған құлагер ақын І. Жансүгіров нақ сол Ресей империясының мұрагері кеңестік биліктің жазықсыз құрбаны болды. Халқымызда «Жақсының аты, ғалымның хаты» өлмейді деген қанатты сөз бар. Артына мол әдеби және тарихи мұра қалдырған құлагер ақын Ілиястың шығармалары болашақ ұрпақ үшін асыл қазына.

Сол тұрғыдан алғанда құлагер ақын Ілияс Жансүгіровты ақын, жазушы, журналист һәм қоғам қайраткері ретінде ғана емес, кәсіби тарихшы ретінде санауымызға әбден болады.

Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві.

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Әдебиеттер

Андас, 2019 — *Андас Қ., Андас М.* Қазақ журналистикасының жампозы. Мақалалар. Алматы: Баянжүрек, 2019. 348 б.

Әділбекұлы, 2022 — *Әділбекұлы А.* Путин «Орыс әлеміне» негізделген жаңа сыртқы саяси доктринасын мақұлдады, 2022. // URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/putin-orys-alemine-negizdelgen-zhana-syrtyky-sayasi-doktrinasyn-makuldady>.

Буланов, Кыяхметова, 2024 — *Буланов Е.О., Кыяхметова Ш.Ә.* XIX ғасырдағы Ресей империясының Жетісу өлкесін отарлауы (І. Жансүгіров еңбектері негізінде) // *Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы*, 2024. Т. 112. № 1. Б. 19–29.

Восстание 1916 года в Казахстане, 1947 — Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы. Составители: Ф.Н. Киреев, Ш.Я. Шафири. Под ред. Б.С. Сулейменова. Алма-Ата: Изд-ва АН КазССР, 1947. 214 с.

- Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане, 1960 — Восстание 1916 года в Казахстане. Сборник документов. Редкол.: А.В. Пясковский и др. Москва: АН СССР, 1960. 792 с.
- Жетісу. Энциклопедия, 2004 — Жетісу. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2004. 712 б.
- Жансүгіров, 2001 — *Жансүгіров І.* Жетісу. 1730–1916. Құрастырушы Әбілхан Әбіласан. Алматы: Ценные бумаги, 2001. 178 б.
- Жансүгіров, 2006 — *Жансүгіров І.* Құжаттар, хаттар, күнделіктер, дала хикаялары. Екі бөлімді. Алматы: Үш Қиян, 2006. 592 б.
- Қазақстан тарихы, 2002 — Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. Алматы: Атамұра, 2002. 768 б.
- Қозыбаев, 1994 — *Қозыбаев М.* Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.
- Қозыбаев, 1994 — *Қозыбаев М.* Тағы да Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы туралы // Жауды шаптым ту байлап. Алматы: Қазақстан, 1994. Б. 125–141.
- Қойгелдиев, 2004 — *Қойгелдиев М.* Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). Астана: Елорда, 2004. Б. 171–189.
- Мұхатова, 2020 — *Мұхатова О.* Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының кеңестік тарихнамасы (XX ғасырдың 20–80 жылдары) // Отан тарихы, 2020. № 1(89). Б. 17–29.
- Мұхатова, 2020 — *Мұхатова О.* Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының посткеңестік кезеңде зерттелуі (1992–2019 жж.) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы, 2020. № 2(22). Б. 378–389.
- Муқанова, т.б., 2024 — *Муқанова Г.К., Тлеубаев Ш.Б., Конкабаева А.Н.* Пацифизм и война: миссия мулл среди реквизируемых казахов 1916–1917 // *Bylye Gody*, 2024. № 19(2). Б. 946–958.
- Нұрпейіс, 1995 — *Нұрпейіс К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.
- Сүлейменова, Дауытбекова, Құрманалина, 2025 — *Сүлейменова Қ., Дауытбекова М., Құрманалина Н.* Қазақ батырларының дипломатиялық қатынастардағы орны (XVIII ғ.) // *Asian Journal “Steppe Panorama”*, 2025. № 12(2). Б. 543–558.
- Стамшалов, 2024 — *Стамшалов Е.И.* XX ғасырдың 20-жылдарындағы Қытай мен Кеңестік Ресей шекара қызметтері және қазақ босқындары // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы, 2024. № 11(2). Б. 447–461.
- Тәнекеев, 2002 — *Тәнекеев С.* 1916 жыл. Қарқара-Албан көтерілісі. Алматы: Экономика, 2002. 400 б.
- Тілеубаев, 2010 — *Тілеубаев Ш.* Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010. 125 б.

References

- Andas, 2019 — *Andas Q., Andas M.* Qazaq zhurnalistikasynyn zhampozy. Maqalalar [The strongest of Kazakh journalism. Articles]. Almaty: Bajanzhurek, 2019. 348 p. (In Kaz.).
- Adilbekuly, 2022 — *Adilbekuly A.* Putin “Orys alemine” negizdelgen zhana syrtqy sajasi doktrinasyn maquldady [Putin approves new foreign policy doctrine based on “Russian world”] // <https://inbusiness.kz/kz/news/putin-orys-alemine-negizdelgen-zhana-syrtyky-sayasi-doktrinasyn-makuldady>. (In Kaz.).
- Bulanov, Kyjmetova, 2024 — *Bulanov Ye., Kyjmetova Sh.* XIX gasyrdagy Resei imperjasynyñ Zhetisu olkesin otarlaу (I. Zhansugirov enbekteri negizinde) [The colonization of the Semirechye region by the Russian Empire in the XIX century (based on the works of I. Zhansugurov)] // *Al-Farabi atyndagy Qazaq UU Habarshysy. Tarih serijasy*, 2024. Vol. 112. No. 1. Pp. 19–29. (In Kaz.).
- Vosstanie 1916 goda v Kazakhstane, 1947 — Vosstanie 1916 goda v Kazakhstane. Dokumenty i materialy [The 1916 Uprising in Kazakhstan. Documents and materials]. Sostaviteli: F.N. Kireev, Sh.Ya. Shafiro. Pod red. B.S. Suleymenova. Alma-Ata: Izd-va AN KazSSR, 1947. 214 p. (In Russ.).
- Vosstanie 1916 goda v Srednei Azii i Kazakhstane, 1960 — Vosstanie 1916 goda v Srednei Azii i Kazakhstane. Sbornik dokumentov [The 1916 Uprising in Kazakhstan. Collection of Documents]. Redkol.: A.V. Pjaskovskii i dr. M.: AN SSSR, 1960. 792 p. (In Russ.).
- Zhetisu. Enciklopedija, 2004 — Zhetisu. Entsiklopedija [Zhetysu. Encyclopedia]. Almaty: Arys, 2004. 712 p. (In Kaz.).
- Zhansugirov, 2001 — *Zhansugirov I.* Zhetisu.1730–1916. [Zhetysu. 1730–1916.]. Qurastyrushy Abilhan Abilasan. Almaty: Tsennye bumagi. 178 p. (In Kaz.).
- Zhansugirov, 2006 — *Zhansugirov I.* Quzhattar, hattar, күndelikter, dala hikajalary. Eki bölimdi [Documents, letters, diaries, field stories. Two parts]. Almaty: Üsh Qijan. 592 p. (In Kaz.).
- Qazaqstan tarihy, 2002 — Qazaqstan tarihy (köne zamannan бүginge deiin). Bes tomdyq. 3-tom [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. Almaty: Atamura, 2002. 768 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1994 — *Qozybaev M.* Zhaudy shapтым tu bailap [I defeated the enemy and tied the flag]. Almaty: Qazaqstan, 1994.192 p. (In Kaz.).
- Qozybaev, 1994 — *Qozybaev M.* Tagy da Qazaqstandaғы 1916 zhylyғы ult-azattyq qozğalysy turaly [And again about the national liberation movement of 1916 in Kazakhstan] // *Jaudy shapтым tu bailap [I defeated the enemy and tied the flag]*. Almaty: Qazaqstan, 1994. Pp. 125–141. (In Kaz.).
- Qoigeldiev, 2004 — *Qoigeldiev M.* Zhetisudagy Resei biligi (XIX g. – 1917 zh.) [Russian rule in Zhetysu (XIX century – 1917)]. Astana: Elorda, 2004. Pp. 171–189. (In Kaz.).

Muhatova, 2020 — *Muhatova O.* Qazaq dalasyndagy ult-azattyq qozgalystar tarihyńyń keñestik tarihnamasy (XX gasyrdyn 20–80 zhyldary) [Soviet historiography of the history of national liberation movements in the Kazakh steppe (20–80 years of the XX century)] // *Otan tarihy*, 2020. No. 1(89). Pp. 17–29. (In Kaz.).

Muhatova, 2020 — *Muhatova O.* Qazaq dalasyndagy ult-azattyq qozgalystar tarihyńyń postkeñestik kezeńde zerttelui (1992–2019 zh.zh.) [Study of the history of national liberation movements in the Kazakh steppe in the post-Soviet period (1992–2019)] // “Edu.e-history.kz” jlektronдық gylimi zhurnaly, 2020. No. 2(22). Pp. 378–389. (In Kaz.).

Mukanova, et. al, 2024 — *Mukanova G., Tleubaev Sh., Konkabaeva A.* Pacifizm i voina: missija mull sredi rekvizirovannyh kazahov, 1916–17 [Pacifizm and War: the Mission of the Mullahs Among the Requisitioned Kazakhs, 1916–1917] // *Bylye Gody*, 2024. No. 19(2). Pp. 946–958. (In Russ.).

Nurpejis, 1995 — *Nurpejis K.* Alash häm Alashorda [Alash häm Alahsorda]. Almaty: Atatek, 1995. 256 p. (In Kaz.).

Suleimenova, et. al, 2025 — *Suleimenova Q., Dauytbekova M., Qurmanalina N.* Qazaq batyrlaryńyń diplomatiyalıq qatynastardagy orny (XYIII g.) [The place of Kazakh batyrs in diplomatic relations (XVIII century)] // *Asian Journal “Steppe Panorama”*, 2025. No. 12(2). Pp. 543–558. (In Kaz.).

Stamshalov, 2024 — *Stamshalov E.I.* XX gasyrdyń 20-zhuldaryndagy Qytai men Kenestik Resei shekara qyzmetteri zhane qazaq bosqyndary [Border Services of China and Soviet Russia and Kazakh refugees in the 20s of the XX century] // “Edu.e-history.kz”, 2024. No. 11 (2). Pp. 447–461. (In Kaz.).

Tanekeev, 2002 — *Tanekeev S.* 1916 zhyl. Qarqara-Alban köterilisi [1916 year. Karkara-Alban uprising]. Almaty: Ekonomika, 2002. 400 p. (In Kaz.).

Tileubaev, 2010 — *Tileubaev Sh.* Shetisu oblysyndagy qazaq zhane qyrgyz halyqtarynyn 1916 zhylygy ult-azattyq koterilisi [National liberation uprising of Kazakh and Kyrgyz peoples in the Zhetyzu region in 1916]. T.g.k. gylimi darezhesin alu ushin daiyndalğan dissertatsija. Almaty, 2010. 125 p. (In Kaz.).

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ / ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ /
HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Published in the Republic of Kazakhstan

Asian Journal “Steppe Panorama”

Has been issued as a journal since 2014

ISSN 2710-3994.

Vol. 12. Is. 3, pp. 650-661, 2025

Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.01.09

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_650-661

ISSUES OF NATIONAL IDENTIFICATION IN UZBEKALI ZHANIBEKOV'S SOCIAL
AND POLITICAL ACTIVITIES

Karimov Kasymkhan Smakhanovich^{1*}, *Gökçe Mustafa*², *Tursun Khazretali Makhanovich*³

¹International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi

(29, Sattarkhanova Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)

PhD Doctoral student

 <https://orcid.org/0009-0003-7221-2555>. E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

*Correspondent author

²Muğla Sitki Koçman University

(43/11, Mentеше, Marmaris Yolu Boulevard, Mugla, Republic of Turkey)

Professor, doctor

 <https://orcid.org/0000-0001-7685-7594>. E-mail: gokce17@gmail.com

³International Kazakh-Turkish university named after Khoja Ahmed Yasawi

(29, Sattarkhanova Str., 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan)

Professor of the Department of History

 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

© Ch.Ch.Valikhanov IHE, 2025

© Karimov K.S., Gökçe M., Tursun Kh.M., 2025

Abstract. *Introduction.* One of the research priorities in domestic historical science in recent times is personalistics. The personalization of historical events and phenomena through the historical figure's life and works allows us to draw new conclusions on complex issues of social development. Therefore, studying the life, socio-political activities and creativity of outstanding figures, who actively participated in the controversial socio-political life of their time and to a certain extent influenced the formation of public opinion, is considered one of the current topics. One of the historical figures who had a significant impact on the cultural and spiritual processes in the formation of the national identity of Kazakhstan was an outstanding statesman and public figure Uzbekali Zhanibekov. The article is devoted to the personalization of his life, socio-political and creative activities based on data. *Goals and objectives.* The main aim of the scientific work is the scientific reconstruction of U. Zhanibekov's life and socio-political activity based on data. Accordingly, the objective of the study is to assess the contribution of the outstanding figure to the development of social thought and his role in historical memory regarding the national identity formation through his socio-political activity and creativity. The scientific conclusions were made on scientific hypotheses of the topic. *Results.* U. Zhanibekov's life and socio-political activity have been scientifically reconstructed on a factual basis. An assessment is given of his active and creative work in the formation of national identity through the revival of Kazakh culture and art that takes a unique place in the Turkic civilization. *Conclusion.* The study proposed new conclusions about Uzbekali Zhanibekov's place and role in the formation of national identity.

Key words: Uzbekali Zhanibekov, personalization, national culture and identity, Turkic civilization
Acknowledgements. This article has been prepared within the framework of the project “Political and legal experience and directions of development of the formation of historical and cultural integration of Turkic-speaking states” funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (registration number: AP 19676634).

For citation: Karimov K.S., Gökçe M., Tursun Kh.M. Issues of national identification in Uzbekali Zhanibekov’s social and political activities // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 650–661. (In Eng.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_650-661

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕНТИФИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Каримов Қасымхан Смаханұлы^{1*}, Гокче Мустафа², Тұрсұн Хазретәлі Маханұлы³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
 (29-үй, Саттарханова көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
 PhD докторант

 <https://orcid.org/0009-0003-7221-2555>. E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Мугла Сыткы Кочман Университеті
 (43/11-үй, Ментеше, Мармарис Йолу даңғ., Мугла, Түркия Республикасы)
 Профессор, доктор

 <https://orcid.org/0000-0001-7685-7594>. E-mail: gokce17@gmail.com

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
 (29-үй, Саттарханова көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы)
 Тарих кафедрасының профессоры

 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Каримов Қ.С., Гокче М., Тұрсұн Х.М., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* Соңғы кездегі отандық тарих ғылымдағы зерттеулердің басым бағыттарының бірін тұлғатанулық зерттеулер құрайды. Тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі арқылы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды тұлғаландыру қоғамдық дамуда орын алған күрделі мәселелер бойынша тың тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Содан да өз заманының қарама-қайшылықты қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, қоғамдық ойдың қалыптасуыне белгілі дәрежеде ықпал еткен қайраткер тұлғалардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі және шығармашылығын зерттеу өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Еліміздің ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы мәдени-рухани процестерге елеулі ықпал еткен тарихи тұлғалардың бірі көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков болатын. Мақала осы аталған қайраткердің өмірі мен қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметін деректік негізде тұлғаландыруға арналады. *Мақсаты мен міндеттері.* Ғылыми жұмыстың басты мақсаты – Ө. Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін деректік негізде ғылыми қалпына келтіру. Соған сай зерттеу міндеті қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы арқылы ұлттық идентификация қалыптастыру мәселесіне қатысты қоғамдық ойды дамытуға қосқан үлесі мен тарихи жадтан алатын орнын бағалау болып белгіленді. Сонымен бірге тақырыптың ғылыми болжамдарына байланысты ғылыми қорытындылар жасау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің негізгі материалдардарын архивтік құжаттар мен естеліктер және баспасөз басылымдары құрайды. Басты зерттеу әдісі ретінде тұлғалардың өмірбаяны мен қызметін талдау мен бағалауға арналған биографиялық тәсіл қолданылды. *Нәтижелер.* Ө. Жәнібековтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі деректік

негізде ғылыми қалпына келтірілді. Оның түркі өркениетінде қайталанбас орны бар қазақ мәдениеті мен өнерін жаңғырту арқылы ұлттық идентификацияны орнықтырудағы қайраткерлік және шығармашылық қызметіне баға берілді. *Қорытынды.* Зерттеу барысында Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық идентификацияны орнықтырудағы орны мен ролі туралы тың тұжырымдар ұсынылды.

Түйін сөздер: Өзбекәлі Жәнібеков, тұлғатану, ұлттық мәдениет және идентификация, түркі өркениеті

Алғыс. Мақала ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігінің «Түркі тілдес мемлекеттердің тарихи-мәдени ықпалдастығын қалыптастырудың саяси, құқықтық тәжірибесі және даму бағыттары» (тіркеу номері: АР 19676634) гранттық жобасы аясында жүргізілді.

Дәйексөз үшін: Каримов Қ.С., Гокче М., Тұрсун Х.М. Өзбекәлі Жәнібековтың қоғамдық-саяси қызметіндегі ұлттық идентификация мәселелері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 650–661 бб. (Ағылш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_650-661

ВОПРОСЫ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА

Каримов Касымхан Смаханович^{1}, Гокче Мустафа², Турсун Хазретали Маханович³*

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (д. 29, ул. Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
PhD докторант

 <https://orcid.org/0009-0003-7221-2555>. E-mail: karimov_kasymkhan@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Мугла Сыткы Кочман Университет (д. 43/11, Ментеше, бульвар Мармарис Йолу, Мугла, Республика Түркия)
Профессор, доктор

 <https://orcid.org/0000-0001-7685-7594>. E-mail: gokce17@gmail.com

³Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави (д. 29, ул. Саттарханова, 161200 Туркестан, Республика Казахстан)
Профессор кафедры истории

 <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>. E-mail: khazretali.tursun@ayu.edu.kz

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Каримов К.С., Гокче М., Турсун Х.М., 2025

Аннотация. *Введение.* В последнее время одним из приоритетных направлений исследований в отечественной исторической науке является персоналистика. Персонализация исторических событий и явлений через жизнь и деятельность исторических личностей позволяет сделать новые выводы по сложным вопросам, имевшим место в общественном развитии. Поэтому изучение жизни, общественно-политической деятельности и творчества выдающихся деятелей, активно участвовавших в противоречивой общественно-политической жизни своего времени и в определенной степени влиявших на формирование общественного мнения, считается одной из актуальных тем. Одним из исторических личностей, оказавших значительное влияние на культурные и духовные процессы в формировании национальной идентичности нашей страны, был выдающийся государственный и общественный деятель Узбекали Жанибеков. Статья посвящена персонализации жизни, общественно-политической и творческой деятельности этого деятеля на фактической основе. *Цель и задачи.* Основной целью научной работы является научная реконструкция жизни и общественно-политической деятельности У. Жанибекова на фактической основе. Соответственно, задачей исследования поставлена оценка вклада деятеля в развитие общественной мысли и места, которое он

занимает в исторической памяти касательно к проблеме формирования национальной идентичности через его общественно-политическую деятельность и творчество. На основе научных гипотез темы были сделаны научные выводы. *Результаты.* Научно реконструированы жизнь и общественно-политическая деятельность У. Жанибекова на фактической основе. Дана оценка его активной и творческой деятельности в становлении национальной идентичности через возрождение казахской культуры и искусства, занимающего уникальное место в тюркской цивилизации. *Заключение.* В ходе исследования были предложены новые выводы о месте и роли У. Жанибекова в становлении национальной идентичности.

Ключевые слова: Узбекали Жанибеков, персонификация, национальная культура и идентичность, тюркская цивилизация

Благодарность. Статья выполнена в рамках грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Политико-правовой опыт и направления развития формирования историко-культурной интеграции тюркоязычных государств» (регистрационный номер: АП 19676634).

Для цитирования: Каримов К.С., Гокче М., Турсун Х.М. Вопросы национальной идентификации в общественно-политической деятельности Узбекали Жанибекова // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 650–661. (На Англ.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_650-661

Introduction

In modern domestic historiography, traditional theoretical concepts on the history of Kazakhstan formed under the influence of Soviet ideology are being revised. Along with theoretical concepts that require re-evaluation, there are a large number of studies aimed at identifying the scientific truth of the “blank spots” in our history. In connection with the independence of Kazakhstan the issue of forming an independent historical consciousness, set out in a historical document, (Kazakhstan, 1995) has become more relevant for scientific research and set as the main task for the social sciences. Personalisation of historical events and phenomena based on the outstanding figure’s life stories occupied a special place among the studies in this direction. After all, historical knowledge is updated through the recognition of individuals, who had an impact on socio-political development by their activities and creativity.

U. Zhanibekov’s all career ladders in social and political life were the result of the party-state nomenclature system, which was the mechanism of the Soviet government for the education and development of personnel. The main characteristic of civil servants who underwent this party-ideological education was a sincere belief in the communist idea, loyalty to the authorities, et al. We know that the key feature that distinguished U. Zhanibekov from hundreds of his colleagues in the higher echelons of power was his ability to serve national interests in state and political service, while being truly devoted to the communist idea. In their memoirs his contemporaries mention Uzbekali Zhanibekov along with the outstanding figures as Temirbek Zhurgenov and Ilyas Omarov, who served national interests, occupying such a high position. As a result of the analysis of U. Zhanibekov’s multifaceted socio-political activity and creativity, we evaluate the main point of his personality as a “scientist-activist”. Political courage and scientific innovation must go hand in hand in a person who combines activity with science. Guided by this principle, we consider that the political will of U. Zhanibekov, who came forward with the initiative to revive traditional national values and innovation in scientific thought by creating a strategic direction for preserving and popularizing cultural heritage and implementing it in concrete practice, characterize his personality vividly.

In this context, the scientific reconstruction of political and scientific activity of the prominent statesman and public figure, ethnologist Uzbekali Zhanibekov in the modernization of national identity on a factual basis is considered one of the current research topics in the field of modern social sciences.

Materials and methods

U. Zhanibekov’s monographic works of historical and ethnographic nature, materials published in central and local socio-political, national periodicals, orders, decrees, reports, annual reviews, reports, statistical data of authorized bodies and public associations for the period under study; essays on Kazakh history, public education, folk ethnography, field materials, memoirs, written information are in his personal archive. Considering that “state archives accept personal genealogical documents generated during the lifetime of individuals, in particular, scientists, writers, composers, journalists” (Medvedeva, 2022: 1100–1103), U. Zhanibekov’s documentary heritage is collected in the personal genealogical fund of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan. The formation of personal genealogical funds in this archive has been carried out since the second half of the last century. The special personal genealogical fund of U. Zhanibekov, who was in public service since the 60s of the last century, was created in 1996–1997 (CSA RK. F. 2238., L. 1., P. 5). The founders of the fund, who gave the personal materials to the archive, are his children Bauyrzhan Zhanibekov and granddaughter Azel Zhanibekova. Currently, the documents of the fund are available to researchers and readers.

The fund contains original documents about the activities and works of the cultural scientist, historian-ethnologist, state and public figure Uzbekali Zhanibekov in his personal genealogical fund. It is undeniable that the documentary basis of such authentic documents is considered very valuable.

Documents and various information of U. Zhanibekov’s personal genealogical fund constitute the main historical data on his life and socio-political activities. The fund contains the following documents and their parts:

- Documents related to the autobiography of the figure;
- Creative heritage (including books, scientific and educational articles, creative materials and information about the scientific projects, various drawings and tables. Sketches and other documents of the International Kazakh Center that was planned to be built in Almaty by order of the government after the World Kurultai of Kazakhs, drawings related to the ethnography of the Kazakh people, et al.);
- Documents related to his social and political activities in different years;
- film-photo-phono documents (photos with his family, colleagues, friends, foreign guests, with D.A. Konaev, Yu. Gagarin, G. Titov, P. Belyaev, N. Nazarbayev, O. Suleimenov, B. Tulegenova, M. Aitkozhiba, E. Serkebaev and other famous people);
- memoirs, various letters, telegrams (letters, telegrams, greeting cards). The letters are mainly presented in alphabetical order. This section can be divided into 3: The first includes letters addressed to U. Zhanibekov (CSA RK. F. 2238., Inv. 2., C. 13., P. 15). The second group includes the letters written by U. Zhanibekov. Among the documents there are letters written to D.A. Kunaev about restoration work on the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi and materials related to the letter (CSA RK. F. 2238., Inv. 1., C. 179., P. 51).
- documents concerning various items and property, as well as household appliances and other tools.

Documents and materials in the course of U. Zhanibekov’s activity and work or created on the basis of his actions are the most important historical data on this topic. The number of documents in this fund related to his life and work is about 4 thousand (CSA RK. F. 2238., Inv. 1., C. 5., P. 17).

There is no doubt that such archival documents are considered valuable as historical data for writing the history of a personality. These official reports and summaries allow us to scientifically reconstruct an outstanding figure’s daily life. Personal documents can be a way of better understanding the past. The reason for this is their subjectivity: a person makes fateful decisions based on his own view, which is erroneous and has nothing to do with reality. But this is precisely what forms the basis of events that determine the course of history.

In accordance with the subject matter, a biographical approach has been used in the personalization of the scientist-activist. Meanwhile, it was precisely the disagreements over the relationship of personal history (or “new biographical history”) to “history in general” formed the basis for the formation of two versions in domestic historiography (“social” and “existential”),

or personal history platforms that focus on fundamentally different research strategies. Within the first direction, the reconstruction of historical individual's personal life is considered both as the main aim of the study and as one of the necessary prerequisites for understanding the historical society that included them (i.e., not only as personal history, but more broadly – as history through personality).....The second version of personal history, emphasizing the “autonomy and intrinsic value of the historical personality”, places the study of his psychological characteristics at the center of attention and deliberately limits itself to “non-social” types of biographism” (Repina, 2005: 12–13)

The next method in the study is scientific reconstruction. The difficulty of scientific reconstruction is the subject of study for historians-methodologists. A.Ya. Gurevich says: “We are not given the opportunity to restore the fragment of the past that we are studying in all its fullness and infinite diversity, in all its countless connections and interweaving. What we, historians, study is precisely the subject” and offers the following conclusion: “historical reconstruction is a historian's construction that he builds from a complex alloy of source messages and his own ideas about the historical process” (Gurevich, 2005: 437). In accordance with such methodological principles, we are considering not a complete scientific reconstruction of the history of U. Zhanibekov's socio-political activity, but only the identification and assessment of his activities, and his influence on the formation of national identity through the development of traditional culture.

Discussion

U. Zhanibekov's life, socio-political activity and creativity were not the subject of study in Soviet historiography. Research works on the topic were undertaken from the last period of the last century in connection with the glorification of national values. In the early period, the memoirs of contemporaries and publications in the media about the scientist-activist were published. In studying the historical figure's biography in connection with the socio-political development of the country in domestic historical science, special attention was paid, first of all, to the members of Alash. In accordance with the requirement of public opinion to determine and evaluate the place and role of historical figures in the formation of the national state, researchers began to pay attention to the study of U. Zhanibekov's personality.

One of the first to give a scientific assessment of the outstanding figure's historical activity was the famous ethnologist Khalel Argynbaev. In his research, he came to the conclusion that U. Zhanibekov's creativity, personal qualities, and works in the scientific process, or more precisely, the relevance of folk traditions and ethnological ideas, were relevant. Kh. Argynbaev is the scientist who was the first to analyze the publicistic and scientific-educational works of the scientist-activist and expressed his opinion (Argynbaev, 2005:10). Through these studies, we can say that he laid the foundation for the scientific direction of Zhanibekov studies.

The research of B. Adyrbek (Adyrbek, 2009: 15–21), who studied the socio-political activity and scientific heritage of statesman in his dissertation that became a reference point for subsequent research. Researchers of the figure's historical path mainly rely on his own works (memoirs and works). Z. Zhakisheva's works (Zhakisheva, 2021) contain new information about U. Zhanibekov's establishing contacts with the international cultural organizations of UNESCO on issues of historical relics and monuments in Kazakhstan and his active participation in including the Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi in the World Heritage List as a historical, cultural and architectural monument. The research work, guided by the principles of personalisation, considers the figure's activities the civil service from a historical aspect.

An outstanding writers and statesmen as A. Kekilbayuly (Kekilbayuly, 1998) and Sh. Murtaza (Murtaza, 1998), academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, literary scholar S. Kirabayev (Kirabayev, 2001), K. Ergobek (Kulbek Ergobek...), historian G. Oten (Oten, 2015), professor, museologist M. Kozha (Kozha, 2023), S. Kerimbay (Kerimbay...) and other scientists, statesmen, public figures, and literary scholars devoted their research about the scientist-activist from various scientific points.

айналуы және оның қол астындағы территориялардың (Еділ бойы, Қырым, Солтүстік Қара теңіз) маңызды сауда жүйесіне енуі – Венеция мен Генуя көпестерінің мүддесіне сай келді. Бірқатар зерттеушілер, Жошы ұрпақтары үшін бұл серіктестік екіжақты тиімді болды дейді: біріншіден, сыртқы саудадан түсетін салықтық табыс артты, екіншіден, шеткі нарықтарға (Еуропа, Жерорта теңізі) тауар жеткізуге жол ашылды (Шамильоглу, 2009, б. 287–288). Сонымен қатар Қара теңіз бойындағы қалалар (Кафа, Судак, Азак/Тана) мен оларды қоршаған аймақтардың формалды түрде Алтын Орда билігіне қарап, іс жүзінде итальян колонияларының салыстырмалы автономды сипатқа ие болуы – Жошы ұрпақтарының сауданы дамыту жолындағы икемді саясат жүргізгенін көрсетеді. Зерттеуші Чокилтанның пайымдауынша, Алтын Орда билеушілерінің Қара теңіз өңіріндегі басты мақсаттарының бірі итальян сауда республикаларымен әріптестікті нығайту болса, екіншісі – Босфор бұғазындағы сауда байланыстарының ашықтығын қамтамасыз ету (Cioçiltan, 2012: 141). Ал Ди Космо болса бұл саясат бұрынғы көне көшпелі мемлекеттердің сауда тәжірибесінен бастау алған. Алтын Орда да батыстан итальяндық (Венеция, Генуя), шығыстан Қытай, Ұйғыр және Орта Азия көпестерімен алыс-берісті күшейту арқылы Жерорта мен Еуразия құрлығын жалғастыратын ірі сауда желілерін қолдады (Di Cosmo, 2010: 90). Бірқатар зерттеушілер, Венецияның Византияға қарсы латындарды қолдап, Латын империясын орнауына (1204) көрсеткен көмегі үшін Константинополь мен оған іргелес аймақтарда экономикалық артықшылыққа ие болғанын атап өткен. Сонымен қатар, Қара теңізге тікелей шығу құқығына ие болған Венеция көпестерінің Солтүстік Қара теңізде сауда факторияларын ашуына жол ашты дейді. 1204 жылы төртінші крест жорығына қатысушылар Византия империясының астанасы Константинопольді басып алып, оның орнына Латын империясының негізін қалаған соң, Византияны өзара бөлісу туралы *Partitio Romaniae* келісім жасасқаны белгілі. Осы құжатқа сәйкес, төртінші крест жорығына қатысқан крестшілерге қолдау көрсеткен Венеция көпестері Қара теңізге шығу құқығына ие болды (Арсланов, 2015: 101). Көптеген зерттеушілер осы кезеңдегі Венецияның сауда монополиясының қалыптасуына ықпал еткен факторлар туралы айтып өткен. Алайда, 1261 жылы Византия империясының қайта қалпына келуі және Нимфей келісімі (1261) бойынша Михаил VIII Палеологтың Генуямен одақ құруы нәтижесінде Венецияның Қара теңізге кіру мүмкіндігі шектелгенін атап көрсеткен (Curtin, 1984: 138). Соған қарамастан, Венеция сауда байланыстарын мүлде үзген жоқ: 1320–1332 жылдар аралығында Өзбек ханмен жүргізілген келіссөздер арқылы Азак (Тана) қаласының маңында тұрақты сауда факториясын ашты (Арсланов, 2015: 104). Венеция үшін Қара теңіз аймағы бір жағынан астық, балық, тұз секілді күнделікті тұтыну тауарларын жеткізу көзі болса, екінші жағынан Еуразиялық даламен транзиттік сауда жасауға мүмкіндік беретін қақпа ретінде қызмет атқарды. Венецияның толыққанды бекініп үлгермеуіне Генуямен болған соғыстар (1350–1355) мен Алтын Орда тарапынан туындаған саяси қақтығыстар әсер еткенімен (Phillips, 1998: 96–114), олардың аймақтағы экономикалық рөлі біржола жойылмады. Генуя – XIII–XIV ғғ. Қара теңіздегі ең ықпалды итальян сауда республикасы саналды. Михаил VIII Палеологпен жасалған одақ нәтижесінде (1261) Венецияны ығыстыра отырып, Қара теңіздегі сауда жолдарын бақылауға барынша ұмтылды. Мөңке-Темір билігі тұсында (1266–1280) генуялықтарға Кафада (Феодосия), Судакта (Солдайя), Танада және кейіннен басқа да пункттерде консулдықтар мен факториялар ашуға рұқсат берілді (Сафарғалиев, 1960: 63). Каффа – Генуяда өңірлік сауда орталығы ретінде қалыптасып, өз дәуірінде Солтүстік Қара теңіздегі сауданың «жүрегі» қызметін атқарды. Ди Космонь пайымдауынша, генуялық факториялардың пайда болуы бастапқыда моңғолдардың жаулап алу саясатының тікелей нәтижесі болмаса да, кейінірек Моңғолдардың еркін сауда аймағын құруы, Алтын Орда мен Ильхан мемлекеті арасындағы соғыстар, Византиядағы саяси өзгерістер, сондай-ақ, Жерорта теңізінен Қара теңізге бет алған итальяндық саудагерлердің белсенділігі бұл аймақтағы генуялық колониялардың дамуына серпін берді (Di Cosmo, 2010: 83–84). Генуяның Алтын Орданың ішкі істеріне араласуы (бірде Орда хандарымен одақтасып, бірде қақтығысуы) және жергілікті билік құрылымдарымен жан-жақты келісімдер жүргізе алуы – олардың өңірдегі саяси ықпалын арттырды. Қара теңіз жағалауындағы генуялық

бекіністер XV ғасырға дейін сақталып, тек Осман империясының күшеюі ғана Генуядағы ықпалын түбегейлі әлсіретті (Di Cosmo, 2010: 93).

Зерттеушілердің басым көпшілігі XIII–XIV ғғ. Қара теңіз аймағындағы трансконтиненталдық сауда-саттық жүйесінде Алтын Орданы – құрлықтағы қуатты держава ретінде қарастырса, Венеция мен Генуяны – теңіз сауда державалары ретінде қарастырған. Сонымен қатар, Алтын Орда-Венеция және Алтын Орда-Генуя серіктестік қатынастарының арқасында Солтүстік Қара теңіз аймағы Жібек жолының құрлықтық сауда жолдарымен тікелей байланысып, Еуразиядағы транзиттік сауда желісінің маңызды бөлігіне айналғанын атап өткен (Siociltan, 2012: 336). Жошы ұрпақтарының Қара теңіз аймағын бақылауы – жағалаудағы қалалар үшін қауіпсіздік пен салыстырмалы саяси тұрақтылықты қамтамасыз етсе, итальяндық көпестер бұл аймақты Еуропаға астық, балық, тұз, құл және т.б. тауарларды жеткізу форпостына айналдырды (Шамильоглу, 2009: 289). Бірқатар, зерттеушілер үш мемлекеттің өз мүдделерін қорғауда әскери күшке, дипломатиялық келісімдерге және экономикалық тетіктерге сүйенгенін айтып өткен. Мысалы, Алтын Орда ханы Жәнібек тұсында (1342–1357) Тана (Азов) мен Кафа қалаларын қоршау, жергілікті итальян саудагерлерімен болған қақтығыстар – хан билігі мен итальян колонияларының егеменді құқықтарын түйістірген даулы мәселелер екенін атап өткен (Скржинская, 1971: 34). Алайда мұндай қақтығыстар аймақтағы сауданы түбегейлі тоқтатқан жоқ. Керісінше, зерттеушілер уақытша үзілістерден соң қос тараптардың экономикалық ынтымақтастықты қайта жаңғыртуға мүдделі болғанын айтып өткен. Осылайша, үш тараптың өзара бәсекелестігі мен серіктестік байланыстары Солтүстік Қара теңізді Еуразиялық трансконтиненталдық сауданың басты тораптарының бірі еткенін айтып өткен.

Жалпы алғанда, Қара теңіз аймағындағы XIII–XIV ғасырлардағы сауда қатынастары шетелдік тарихнамада жан-жақты қарастырылған. Дегенмен, тақырыпты терең зерттеген батыс ғалымдарының басым көпшілігі итальяндық сауда республикаларының (Венеция мен Генуяның) рөліне ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, Дж.Р.С. Филлипс (Phillips, 1998) бұл кезеңдегі сауда дамуын негізінен еуропалық державалардың сыртқы экономикалық экспансиясы тұрғысынан түсіндіре отырып, итальян сауда республикаларының белсенділігін айрықша атап көрсеткен. Ол өз еңбегінде Венеция мен Генуяда орын алған экономикалық серпілісті сипаттап, Қара теңізге бағытталған еуропалық экономикалық экспансияға назар аударады. Алайда, Алтын Орданың Қара теңіз аймағындағы сауда инфрақұрылымын қалыптастырудағы стратегиялық рөліне және Жошы ұрпақтарының саудаға қатысты жүргізген саясатына терең тоқталмайды. Ал Ди Космо (Di Cosmo, 2010) өз мақаласында Венеция мен Генуяның Қара теңіз аймағындағы бәсекелестігі мен әріптестігін және моңғолдардың саудаға жалпы ықпалын кеңінен сипаттайды. Ол «Моңғол тыныштығы» (Pax Mongolica) кезінде, сауда жолдарының қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, итальяндық факториялардың дамуына жағдай жасалғанын атап өтеді. Алайда, Алтын Орда хандарының нақты сауда стратегиялары мен ұзақ мерзімді мақсаттары — мысалы, шетелдік көпестермен келісімшарттық қатынастар, салықтық жүйе мен қауіпсіздік кепілдіктерін орнату сияқты аспектілер — жүйелі түрде ашылмай қалған. Осыған байланысты, әлемдік тарихнамада да Жошы ұрпақтарының Қара теңіз аймағындағы сауда қызметіне қатысты мәселелер жеткілікті түрде талданбаған. Сонымен қатар, отандық тарихнамада бұл тақырып жүйелі әрі кешенді түрде арнайы зерттеу нысаны болмаған. Зерттеушілердің көпшілігі Алтын Орданың сауда қатынастарының жекелеген қырларын ғана қарастырумен шектелген. Қара теңіз сауда желісінің Алтын Орда экономикасындағы орны, сауда инфрақұрылымын құрудағы Жошы ұрпақтарының бастамалары арнайы әрі кешенді ғылыми зерттеудің тақырыбы болмаған. Осыған орай, XIII–XIV ғасырлардағы Қара теңіз аймағында Алтын Орданың рөлін итальяндық теңіз республикаларымен өзара байланыстар аясында кешенді түрде қарастыру бүгінгі күні де өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

XIII–XIV ғасырларда Қара теңіз аймағындағы трансконтиненталдық сауданың қарқынды дамуына, негізінен, Венеция мен Генуя сияқты италияндық сауда республикаларының коммерциялық қызметтері және Жошы ұрпақтарының саудаға қатысты саясаты тікелей ықпал етті. Венеция мен Генуя сияқты италиян теңіз сауда республикаларының экономикалық экспанциясының күшеюі ең алдымен Византия империясының саясатымен тығыз байланысты болды. XIII ғасырға дейін Жерорта және Қара теңіз аймағындағы коммерциялық белсенділіктің артуы мен бәсеңдеуі көбінесе Босфор және Дарданелл бұғаздарын бақылаған Византия империясының саяси жағдайымен тікелей байланысты болды (Sheard, 2021: 8–10). Дарданелл мен Босфор бұғаздарын бақылауға алған Византия империясы Жерорта теңізіне шығатын сауда жолдарын қатаң бақылап, Қара теңіздің бай табиғи және адам ресурстары – құлдар, дәмдеуіштер мен экзотикалық тауарлар – тек византиялық делдалдар арқылы өтетін болды. Дегенмен, XII ғасырдың соңына қарай Византия империясы әлсіреп, шетелдік көпестерге экономикалық тұрғыдан тәуелді бола бастады. Бұрын тек Византияның ішкі экономикасына қызмет еткен бұл аймақ енді италияндық көпестер үшін ашық сауда кеңістігіне айналды. Бірақ бұл тек бастапқы қадам болған еді. Генуя мен Венеция көпестері Жерорта теңізінен асып, шалғай Азияға бағыт алуға деген үлкен жоспарлары болды. Олардың мақсаты тек жаңа нарықтарды бағындыру ғана емес, сонымен қатар, тұрақты сауда желісін қалыптастыру арқылы экономикалық үстемдікке қол жеткізу болды. 1169 жылы генуэздік көпестер Византия императоры Мануил Комниннен Босфор мен Дарданелл бұғаздары арқылы еркін жүзіп өту мен Қара теңіз жағалауына баруға ресми түрде рұқсат алды. Бұл келісім 1198 жылы қайта расталып, генуэздіктердің барлық құқықтары сақталып қалды (Арсланов, 2014: 126). Дегенмен, 1204 жылы күтпеген оқиға орын алды: Венецияның тікелей қолдауына сүйенген төртінші крест жорығының қатысушылары Константинопольді басып алып, Латын империясын құрды. Бұл оқиғаның салдарынан Византия империясы ыдырап, Жерорта теңізіндегі ғасырлар бойғы сауда монополиясы күйреді. Византияның әлсіреуіне байланысты Генуя да бірқатар артықшылықтарынан айырылды. Ал Венеция крестшілерге қолдау көрсеткені үшін жаңадан құрылған Латын империясымен келісім жасасып (Partitio Romaniae пактісі), Босфор және Дарданелл бұғаздарынан еркін өтуге, Қара теңізге кедергісіз кіруге ресми құқық алды. Осылайша, Венеция Қара теңіз бен Жерорта теңізі арасындағы сауда байланыстарын бақылауға мүмкіндік иеленді. Венеция көпестері Солтүстік Қара теңіз аймағындағы алғашқы сауда базасы Судак (Солдайя) қаласы болды. 1206 жылы Константинополь қаласында Венеция көпестері Захарио Стагнорио мен Пьетро Феррагудо арасында жасалған сауда келісім-шартында Солдайя (Судак) сауда операциясының соңғы бағыты ретінде көрсетілген (Lombardo, 1940: 478–479, 511, 662). Сонымен қатар, Марко Поло да Қырымдағы венециандықтардың сауда-саттық қызметі туралы айтып өткен. Оның айтуынша, Латын империясының соңғы императоры Балдуин билігі кезеңінде, яғни 1260 жылы, ағайынды Пололар (Николо Поло (Марко Полоның әкесі) мен Маффео Поло), Венециядан тауарларымен келгені айтылады. Олар кеңесе келе, Қара теңізге сапар шегіп, табыс табуға шешім қабылдап, түрлі асыл тастар сатып алып, Константинопольден Солдайяға аттанғаны айтылған (Марко Поло, 2005: 250).

1261 жылдар аралығында, яғни венециялықтар Қара теңіз бұғаздарын бақылаған жарты ғасырдан астам уақытта, бұл аймақтың стратегиялық маңыздылығы артты. Алдымен италияндық теңіз республикаларының көпестері, кейіннен католик миссионерлері Қара теңіздің стратегиялық маңызын түсінді. 1253 жылы Гильом де Рубрук Солдайяға (Қырым) саяхат жасап, осында еуропалық сауда орталықтарының белсенді жұмыс істегенін растады. 1232 жылы Константинопольде жасалған венециялық сауда келісімінде «бүкіл үлкен теңізде» (per totam marem majorem) жүргізілген сауда туралы айтылған, бұл кезде Қара теңіз италиялықтар үшін толық зерттелген аймаққа айналған еді. Венеция көпестері Қара теңіз аймағында сауда монополиясын орнатып жатқан кезеңде, 1223 жылы моңғол шапқыншылығына тап болды. Жебе мен Сүбедей басқарған моңғол әскері аймақтағы стратегиялық маңызы жоғары сауда орталықтарын талқандады. Бұл кезеңде 1206 жылы

Шыңғыс хан құрған қуатты Моңғол империясы батысқа кеңейе түсті. Бұл – жай ғана жаулап алу емес, сонымен қатар, жаңа жаһандық экономикалық жүйенің қалыптасуы болды. Шыңғысхан және оның ұрпақтары жаулаушылық жорықтар арқасында Азия мен Еуропаны байланыстыратын басты сауда жолдарын өз бақылауына алды. Ал XIII ғасырдың 60–70-ші жылдарында моңғол шапқыншылықтарының қарқыны басылған соң Шыңғыс хан ұрпақтары Тынық мұхиттан Шығыс Еуропаға, Батыс Сібірден Парсы түбегіне дейінгі ұлан-байтақ аймақта еркін сауда аймағын” құрды (Қинаятұлы, 2010: 578). Шыңғысхан ұрпақтарының Ресейде, Иранда немесе Қытайда билік жүргізгеніне қарамастан, олардың сауда-экономикалық қатынастарға қатысты ортақ моңғол заңдары жүйесін енгізуі, сауда-саттықты дамытуға бағытталған саясаты және сауда жолдарының қауіпсіздігін бірлесіп қамтамасыз етуі нәтижесінде сауда байланыстары мен көлемі бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Бұл кезеңде моңғол билеушілері Жібек жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, саудагерлердің еркін қатынасуына мүмкіндік берді. Ди Космо айтып өткендей, моңғол билеушілері Қара теңіз арқылы Жерорта теңізі нарықтарына шығудың пайдасын тек Понтикалық аймақ үшін ғана емес, бүкіл Азияға маңызды екенін жақсы түсінген (Di Cosmo, 2010: 90–91). Зерттеуші Ди Космонь пікірінше, тіпті 1260 жылдан кейін Моңғол империясының төрт мемлекетке ыдырауына қарамастан бастапқы империя кезеңіндегі байланыстар мен бұл экономикалық интеграциялық жүйе өз күшінде қалды және моңғолдар құрған байланыс желісі сақталып, саудагерлер үшін Қара теңізден оңтүстігінде Үндістанға дейін және шығысында Қытайға дейін салыстырмалы түрде қауіпсіздіктері қамтамасыз етіліп, оңай өтуге мүмкіндік берілді (Di Cosmo, 2010: 94). Бастапқыда, Шыңғыс хан ұрпақтары тіпті Жерорта теңізі саудасын да бақылауға алып, әлемдік саудадағы ықпалын кеңейтуді мақсат тұтқаны байқалады. Бұл тек Жібек жолымен шектелмей, Еуропада сұранысқа ие дәмдеуіштер, інжу-маржан және басқа да құнды тауарлардың ағымын басқаруды қамтитын еді. Алайда, 1260 жылғы Айн-Жалут шайқасындағы моңғол әскерінің жеңілісі және Таяу Шығыстағы саяси тұрақсыздық, мәмлүктердің қарсылығы, сондай-ақ Моңғол империясының ішіндегі билік үшін талас-тартыстар, Жошы ұрпақтары мен Хулагу әулеті арасындағы соғыстар бұл жоспарлардың жүзеге асуына кедергі келтірді. Дегенмен, Жерорта теңізі нарығына шығудағы кедергілер Алтын Орданың Қара теңіз аймағындағы рөлін нығайтты. Қара теңіз аймағында сауда-саттық байланыстарын дамытуға Жошы ұрпақтары ерекше қызығушылық танытты. Себебі тауар айналымының үзіліссіз жүзеге асуы олардың экономикалық саясатының басты бағыттарының бірі болды. Алтын Орда хандарының кедендік баж салықтарының мөлшерін азайтуы сауданың дамуына айтарлықтай ықпал етті.



1-сурет. XIII–XIV ғасырлардағы Қара теңіз аймағы (Ciociltan, 2012: 336)
[Fig. 1. The Black Sea region in the XIII–XIV centuries (Ciociltan, 2012: 336)]

Көптеген зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, кедендік баж салығы тауар құнының шамамен 3–5 пайызын ғана құраған (Ciocîltan, 2012: 21; Favereau, 2021: 248; Di Cosmo, 2010: 83–108, 97–98). Ал Мысыр мәмлүк сұлтандары бұл кезеңде Қызыл теңіз бен Ніл арқылы жеткізілген тауарларға бұдан бірнеше есе жоғары баж салығын салған (Ciocîltan, 2012: 21). Дон өзенінің сағасында орналасқан Тана қаласы Қара теңізді Орталық Азия және Қытаймен құрлық арқылы байланыстыратын маңызды сауда жолының соңғы нүктесі саналды. Бұл қалада кедендік баж салығы ешқашан тауар құнының 3 пайыз шамасында болған. Тек Жәнібек ханның билігі кезінде ғана бұл мөлшерде өзгеріс орын алған. Жәнібек хан мен венециялық көпестер арасындағы әскери қақтығыс нәтижесінде жасалған жаңа келісім нәтижесінде, венециялықтарға Тана (Азов) қаласына қайта қоныстануға рұқсат беріліп, баж салығының мөлшері 5 пайызға дейін ұлғайтылған (Ciocîltan, 2012: 21). Сондай-ақ, сауданың дамуына Жошы ұрпақтарының өз иеліктеріндегі шетелдік көпестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы «Ұлы жасақ» заңының қатаң ұстануы да үлкен ықпал еткені айқын. Отандық зерттеуші З. Қинаятұлының айтуынша, мемлекеттің маңызды қаржы көзі саналатын сауда мен саудагерлер «Ұлы жасақ» заңы негізінде үкіметтің қатаң бақылауында және қорғауында болған. Бұл заңда: «Саудагерлерді жан-жақты қорғау керек. Олар алғаш рет ұтылса – көмектесу, екінші рет ұтылса – ұтылғанын өтету, үшінші рет ұтылса – басы алынсын», - деп нақты жазылған. Бұл нормалар Шыңғыс хан қарамағындағы билеуші элитаның үкімет бюджетінің табыс көздерінен құралатынын жақсы түсінгендігін көрсетеді (Қинаятұлы, 2010: 250).

1240–1241 жылдары Батудың Еуропаға жасаған жойқын жорықтарынан кейін, Алтын Орда Батыс Дешті Қыпшақ, Шығыс Еуропаның біршама бөлігін өз бақылауына алды. Алтын Орда осы кезеңнен бастап, Моңғол империясынан тәуелсіз түрде саясаты жүргізіп, Сарай қаласын (Еділ өзенінің бойында) өзінің астанасына айналдырды. Солтүстік Қара теңіз, Қырым және Еділ бойы аумақтары Алтын Орданың құрамына өткен соң, бұл аймақтағы сауда-саттық қатынастары қарқынды дами бастады. Сонымен қатар, Қара теңіздің саудадағы жаңа рөлін анықтаған бірнеше тарихи оқиғалар болды: 1258 жылы Акр қаласының құлауы – бұл Шығыс Жерорта теңізіндегі Генуя гегемониясының аяқталуына әкелді. 1258 жылы Хулагу ханның Таяу Шығысқа жасаған жорықтары және 1260 жылы Айн-Жалут шайқасында моңғолдардың жеңілісі – бұл Жібек жолының Жерорта теңізіне дейінгі бөлігін бақылау әрекетінің сәтсіздікке ұшырауына себеп болды. Крест жорықтарының толық күйреуі және Папа билігінің Мысырмен сауда жасауға салған тыйымы Еуропа мен Шығыс елдері арасындағы экономикалық байланыстарды әлсіретті. Осы геосаяси өзгерістердің аясында, Алтын Орда империясының күшеюі және аймақтағы саяси тұрақтылықтың орнауы мен Венеция мен Генуя көпестерінің коммерциялық белсенді қызметі Солтүстік Қара теңіз аймағы арқылы сауда жолдарын қайта жандандыруға тиімді жағдай жасады. Италиян сауда республикалары Қара теңіз аймағындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортына (астық, тұз, кептірілген балық және тұрмыстық тауарлар) үстемдік етті. Нәтижесінде Венеция Солтүстік Қара теңіз саудасында монополияға ие болып, солтүстік Италияға астық жеткізудің басты орталығына айналды (Шамильоглу, 2009: 289). Алтын Орда кезеңінде Қара теңіз аймағы халықаралық сауда мен қолөнердің ірі орталығына айналды. Археологиялық деректер арқылы зерттеушілер Солхат, Азак және Аккерман сияқты қалалардың ірі сауда-өндіріс орталықтары болғанын айғақтайды (Kramarovsky, 2017: 437–438). Бұған қоса, Жошы ұрпақтары ақша жүйесін реформалап, ақша айналымын біріздендірді. Бұл реформа әсіресе Тоқта ханның билігі тұсында (1310–1311 жж.) жүзеге асырылды (Недашковский, 2009: 279).

Генуя, трансконтиненталдық саудадағы қалыптасқан жаңа жағдайды тез түсініп, өзінің стратегиясын өзгертті. Венециямен бәсекелесе отырып, ол Қара теңіздегі өз позициясын күшейту үшін Византиямен одақ құруға шешім қабылдады. Византия империясы бұл кезде Никейде (Никеяда) қуғында жүрсе де, Константинопольді қайта басып алуға талпынып жатқан еді. Бұл мақсатқа жету үшін қуатты флот қажет болды. Осылайша, император Михаил VIII Палеолог Генуямен стратегиялық келісім жасады. Бұл келісім 1261 жылы 13 наурызда Нимфейде жасалды. Осы одақтың арқасында және Михаил VIII Палеологтың

батыл саясатының арқасында Византия 1261 жылы Константинопольді латындардан әскери күшпен қайтарып алып, ал Генуя Қара теңіздегі өзінің сауда аймақтарын кеңейтіп, аймақтың басты ойыншысына айналды. 1261 жылы Нимфей келісіміне қол қойылғанда, бұл жай ғана екі мемлекет арасындағы шарт емес еді. Бұл мәміле «Леванттың бүкіл саяси және сауда картасын» өзгертті (Роберто Саббатини Лопес). Генуя бұл келісім арқылы Византия империясында толық сауда еркіндігіне ие болып, барлық италиялық бәсекелестерін (Пиза көпестері ғана ішінара сақталды) және тіпті грек саудагерлерін Қара теңізден ығыстырып шығарды. Бұдан былай бұл теңізде тек империялық кемелер мен олардың жүктеріне ғана жүзуге рұқсат берілді. Осылайша, Генуя Қара теңіздегі саудагерлерінің артықшылықты мәртебесінің негізін қалады. Сонымен қатар, осы кезеңде Қара теңіз аймағын бақылауға алған Алтын Орда билігінің негізгі табыс көздерінің бірі Еуразия саудасынан алынатын кедендік алымдар еді. Моңғол билеушілері бұл сауда ағындарын өз аумағы арқылы өткізуге барынша тырысты. Генуялық көпестерге осы стратегиялық нүктелерде орналасуға рұқсат берілді, бұл өз кезегінде Алтын Орданың экономикалық мүдделеріне сай келді. Жошы ұрпақтары италиян көпестеріне (әсіресе генуялықтарға) сауда факторияларын ашуға, инфрақұрылымдарын дамытуға рұқсат беріп, өз аумақтарында қауіпсіздікке кепілдік жасады. Генуялықтардың басты орталығы ретінде Қырымдағы Кафа (Феодосия) қаласы танылды. Қала іс жүзінде генуялықтардың әкімшілік-басқару жүйесіне өткеніне қарамастан, Алтын Орда хандары ондағы салық жинауды, қала халқының жалпы заңға бағынуын қадағалап отырды (Арсланов, 2015: 128). Генуялықтар Кафаға қоса Судак (Солдайя), Балаклава (Чемболо) және Керч (Воспоро) сияқты маңызды пункттерге бекіністер салып, сауда бекеттерін дамытуға үлес қосты. XIV ғасырда Қара теңіз бен Азов теңізінің жағалауларында 30-дан астам италияндық фактория жұмыс істеді (Арсланов, 2015: 133–134). Олар балық, уылдырық, аң терілері, жүн, астық, бал, балауыз, күміс сынды тауарларды Еуропаға тасып, өз кезегінде маталар, қару-жарақ, қант және басқа да өнеркәсіп өнімдерін Алтын Ордаға жеткізді (Хромов, 2004: 8). Осы мәмілелерден түсетін салық Алтын Орда экономикасының тұрақты табыс көзіне айналып, хандықтың Батыс нарықтарына шығуына да жол ашты (Сафарғалиев, 1960: 63). Генуялықтардың Қара теңіздегі ең маңызды автономиялық орталықтары: Чилия (Дунай сағасында), Ақкере (Цетатя Албэ, Днестр сағасында), Каффа (Қырымда), Тана (Дон өзенінің Азов теңізіне құятын жерінде). Генуяның басты мақсаты – Қара теңіз саудасын толығымен өз бақылауына алу және Жерорта теңізімен сауда байланыстарын күшейту болды. Сондықтан олар аймақтағы барлық сауда ағындарын өздерінің автономды және егемен сауда орталықтарына шоғырландыруға тырысты. Қара теңіздегі сауда орталықтары, әсіресе Дунай сағасы мен Қырым аймақтары, астық (негізінен Византия және Жерорта теңізінің түрлі порттарына экспортталған), бал, балық өнімдері сияқты жергілікті тауарларды жеткізетін негізгі пункттер болды. Алайда, ең табысты және даулы сауда түрі құл саудасы еді. Генуялықтар құлдарды Египетке сатып, оларды Мәмлүк әскерінің жауынгерлері ретінде немесе Италияның бай отбасылары үшін үй қызметшілері ретінде пайдалануға жіберді. Сонымен қатар, Азиядан, әсіресе Қытайдан әкелінетін негізгі тауарлардың бірі – жібек болды. Ең сапалы жібек Каспий теңізіне жақын Гилян аймағынан жеткізілді. Генуялықтар Трабзон арқылы Орталық Азия мен Парсы шығанағынан келген дәмдеуіштерді, бұрышты және бағалы тастарды сатып алды. Олар сондай-ақ Кіші Азиядан алюминий тотығын, Италияда қарқынды дамып келе жатқан тоқыма өнеркәсібі үшін қажетті шикізатты импорттады. Генуялық көпестердің көпшілігі сауданы тек Қара теңіз порттарында жүргізсе, кейбірі Азияның ішкі аймақтарына еніп, тауарларды тікелей арзан бағада сатып алып, пайдасын арттыруға тырысты. Олар Жібек жолының ең тиімді бағыттарын анықтап, сауда жолдарының карталарын жасады. XIV ғасырдың басында италиялық көпес Франческо Бальдуччи Пеголотти «La pratica della mercatura» атты саудагерлерге арналған нұсқаулық жазды. Бұл кітапта: Алтын Орда аумағы арқылы Қытайға дейінгі жолдар, көлік шығындары, жолдағы қауіп-қатерлер мен олардан сақтану әдістері егжей-тегжейлі сипатталған (Pegolotti, 1936). Қызығы, Пеголоттидің өзі флоренциялық болса да, оның өлшем бірліктері генуялық стандарттарға негізделген, бұл оның негізгі аудиториясының лигуриялық көпестер болғанын көрсетеді.

Бұл кезеңде Генуяның басты бәсекелесі Венецияның бұл кезеңде Қара теңізге кіру құқықтары шектеліп, біраз уақыт Солтүстік Қара теңіздегі монополиялық позициясынан айырылды. Константинополь қайта Византияның бақылауына өтетін кезде, Венеция көпестері жаңа бағыттарды іздей бастады. Олардың ішінде Николо және Маттео Поло да болды – кейінірек Марко Полоның әкесі мен ағасы ретінде танылған бұл саудагерлер Қара теңіз арқылы Азияға жол ашу мақсатында Солдаяға (қазіргі Судак) аттанды. Тіпті, Венеция амалсыздан Трапезунд пен Тебриз арқылы балама сауда бағыттарын іздеуге кірісті (Скржинская, 1971: 21). Бұл кезеңде Алтын Орда, Византия және Трабзон империясы Генуяның күшеюіне алаңдай бастады. Сонымен қатар, Генуяның басты бәсекелесі – Венеция да бұл жағдаймен келіспей, Қара теңіздегі сауда соғысына араласты. Генуялықтардың Қара теңіздегі үстемдігі Византия үшін қауіпті факторға айналды. 1261 жылы Нимфей келісімі арқылы олар басымдық алғанымен, Византия императоры Михаил VIII Палеолог 1268 жылы бұл теңгерімді өзгертуді көздеді. Ол венециялықтарға Қара теңіздегі саудаға кіруге рұқсат берді, осылайша Генуяға тәуелділігін азайтқысы келді. Ал Алтын Ордада Өзбек хан (1313–1341) кезінде венециялықтарға Азак (Тана) қаласына жақын аймақтан жер беріп, бірқатар жеңілдіктер ұсынды (Карпов, 1990: 96). Осылайша, Алтын Орда мен Венецияның қарым-қатынасы бірде шиеленісіп, бірде жақындасқанымен, өзара тиімді сипаттан айныған жоқ (Арсланов, 2015: 103–104). 1292 жылы Венеция Сенаты Қара теңіз бен Византия аумағынан шығыс тауарларын еркін сатып алуға рұқсат берді. Сонымен қатар, олар Алтын Орда билеушісімен және Трабзон патшасымен келіссөздер жүргізе бастады. Бұл генуялықтардың мүддесіне қауіп төндірді. Олар өзінің бұрынғы артықшылықтарын сақтап қалу үшін әскери күш қолдануға мәжбүр болды. Венеция мен Генуя арасындағы бұл сауда бәсекелестігі кең көлемді қарулы қақтығыстарға ұласты. Бірінші шайқастар Жерорта теңізінде болды, онда Венеция флоты ауыр шығынға ұшырады. Кейін бұл қақтығыс Қара теңізге – Босфор, Қырым, Каффаға (Генуяның ең бай сауда орталығы) дейін жетті. 1298 жылы Адриатика теңізіндегі Курцола шайқасында Генуя түбегейлі жеңіске жетті. Тек, 1299 жылы Милан бейбіт келісімі жасалып, Венецияның Қара теңіздегі саудасы айтарлықтай шектелді. Екі онжылдық бойы Венеция бұл аймақта өз сауда орталықтарын қайта құруға тырыспады. 1299 жылы Милан келісімі Венецияны Қара теңізден уақытша ығыстырған кезде, Генуя өз сауда билігін толық орнату мүмкіндігін алды. Бұл гегемония Генуяның үш басты сауда орталығында – Пера, Каффа және Трабзонда айқын көрінді. Каффадағы генуялықтар Перадағы отандастарының үлгісін алып, қаланы қорғаныс қабырғаларымен қоршады. Бұл іс-шара Алтын Орданың билеушісі Тоқта ханның алаңдаушылығын тудырды. Генуяның күшейгенін қауіпті санап, хан Каффаға әскери жорық ұйымдастырып, қаланың қабырғаларын жермен-жерсен етті. Алайда, әскери күш әрқашан сауданың қуатына төтеп бере алмады. Генуялықтар Алтын Орда аумағына сауда эмбаргосын (devetum) жариялады. Бұл қадам Тоқта ханға ауыр экономикалық соққы болып тиді. Ақырында, Алтын Орда Генуяның шарттарына келісуге мәжбүр болды, және Каффа қайтадан бекініске айналды, ол енді Қара теңіздің солтүстігіндегі басты сауда торабына айналды. 1316 жылы Генуя Каффада жаңа сауда жарғысын бекітті, оған сәйкес: Қара теңіздің солтүстік бөлігінде жүзетін барлық кемелер кемінде бір күн Каффа айлағында аялдауға міндеттелді. Бұл талап генуялықтардың Қара теңіздегі саудаға толық бақылау орнатуына көмектесті. Трабзонда да Генуя дәл осындай саясат жүргізуге тырысты. Алайда, бірнеше рет келіссөздер мен қарулы қақтығыстардан кейін ғана олар қалада өз сауда колониясын құру құқығына ие болды, бірақ олар үшін ең маңыздысы – салықтық жеңілдіктерді ала алмады. Генуяның Қара теңіздегі монополиялық саясатына Венеция қарсы шықты. XIV ғасырдың басында Венеция қайтадан кейбір Қара теңіз аймақтарында сауда жүргізе бастады, бұл Генуя үшін айтарлықтай қауіп төндірді. Бірақ 1343 жылы Алтын Ордадағы жағдай шиеленісе түсті: Каффадан Генуялықтарды қуып шығу үшін Алтын Орда хандары әскери жорықтар ұйымдастырды. Бұл шабуыл бірте-бірте тек генуялықтарға ғана емес, барлық латындықтарға қарсы ұйымдастырылған әрекетке айналды. Осылайша, біраз уақытқа Генуя мен Венеция арасындағы қақтығыс бәсеңсіді. 1347 жылы венециялықтар Тана (Дон өзенінің Азов теңізіне

құяр жеріндегі порт) қаласына қайта оралуға рұқсат алды. Бұл Қара теңіздегі Венецияның сауда позициясын күшейтіп, Генуяның гегемониясына үлкен қауіп төндірді. Бұл оқиға Генуяда қатты наразылық тудырды. Генуялықтар өздерін бұрынғыдан да батыл ұстауға көшті және Венецияның бұл әрекетіне әскери жауап қайтаруға шешім қабылдады. 1347 жылы басталған соғыс бес жылға созылды. Бұл шайқастар бастапқыда Қара теңіздегі бақылау үшін жүрсе, кейіннен Жерорта теңізіне де таралды. Соғыс 1355 жылы бейбіт келісіммен аяқталды. Бұл келісімнің нәтижесінде: Генуя Қара теңіздегі сауда гегемониясын толықтай қайта қалпына келтірді. Венеция Қара теңізден іс жүзінде шеттетілді. Осылайша, XIV ғасырдың ортасына қарай Қара теңіз толықтай Генуяның сауда монополиясына айналды. Бұл теңіз аймағы Генуя үшін тек шикізат көзі ғана емес, бүкіл еуразиялық сауда жүйесінің «айналмалы нүктесі» болды. Генуяның бұл үстемдігі XV ғасырға дейін жалғасты, бірақ Осман империясының күшеюімен бірге Қара теңіздегі сауда билігі түбегейлі өзгерді.

Генуя мен Венецияның Қара теңіз жағалауында сауда факторияларын құруы Жерорта теңізі мен Еуразия құрлығы арасындағы тауар айналымын жандандырып, аймақтың жаһандық экономикалық жүйедегі маңызын арттырды. Жошы ұрпақтарының сыртқы саудаға ашық жүргізген саясаты да бұл үрдіске оң ықпал етті. Нәтижесінде Солтүстік Қара теңіз өңірі XIII–XIV ғасырларда дүниежүзілік сауданың негізгі тораптарының біріне айналды. Дегенмен, Жәнібек хан (1342–1357) тұсында Алтын Орда мен итальян сауда республикалары арасындағы қатынастар шиеленісе бастады. Бұған Қырымдағы Кафа (Феодосия) мен Азовтағы (Тана) венециялықтардың іс жүзінде толық дербестікке ұмтылып, Алтын Орда заңдарына номиналды түрде бағынуымен ғана шектелуі себеп болды. 1343 жылы Азовта орын алған қақтығыста еуропалық көпес Андреоло Чиврано Алтын Орда көпесі Қожа Омарды өлтіріп, жергілікті халық шетелдіктерден кек алған соң, көптеген итальяндық көпестер қашуға мәжбүр болды (Скржинская, 1971: 34; Хеллер, 2002: 118–119). Жәнібек хан венециялықтарды Тана қаласынан бес жылға шығарып жіберуге бұйрық беріп, Порто-Пизаноны да ойрандатып тастады. Кейінірек венециялықтар Алтын Орданың билеушісімен бейбіт мәмілеге келуге тырысып, 1344 жылы Жәнібек хан оларға жартылай кешірім бергенімен, хан итальяндықтардың өзара одақтасып (Венеция мен Генуя) Алтын Ордаға қарсы шығу мүмкіндігінен сақтанды. 1344 жылдың ақпанында Жәнібек хан Кафаға әскер аттандырып, қаланы қоршауға алғанымен, бұл әрекеті сәтсіз аяқталды. Жәнібек хан осы кезде Балаклава (Чембало) қаласын басып алды. Венециялықтар ханмен тікелей қақтығыстан гөрі келіссөздерді артық көрді, ал Генуя Кафа қаласының экономикалық күш-қуатын күшейтіп, өз позициясын нығайтуды жалғастырды (Скржинская, 1971: 34). Әскери қақтығыстар Шығыс пен Батыс арасындағы басты сауда жолдарына кері әсерін тигізіп, еуропалық көпестерді едәуір шығынға ұшыратты. Еуропада астық, балық, жібек, дәмдеуіштер сияқты тауарлардың бағасы бірден өсіп кетті. Сауда-саттықтағы қиындықтар Венеция мен Генуяны Жәнібек ханмен қайта ымыраға келуге мәжбүрледі. 1347 жылдың желтоқсанында венециялықтар Азовта бейбіт келісімге қол жеткізіп, Тана қаласында шектеулі болса да сауда жасауға мүмкіндік алды. Ал Жәнібектен кейін таққа отырған Бердібек хан (1357–1359) тұсында Венеция мен Генуя бұрынғы жеңілдіктерін қайта растауға тырысты (Арсланов, 2015: 88). XIV ғасырдың ортасында Венеция мен Генуя арасында жүрген соғыс қимылдары (1350–1355) да Солтүстік Қара теңіздегі транзиттік сауда айналымын айтарлықтай әлсіретті. Қақтығыс біткен соң да (1355) екі тарапқа үш жылға дейін Азовта сауда жасауға тыйым салынды (Арсланов, 2015: 88). Нәтижесінде тауар айналымы қысқарып, аймақтағы экономикалық бәсекелестікте басымдық көбіне Генуя жағына ауды. Сонымен қатар, XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің жорықтары (1395 жылы Тана мен Қырым қалаларына жасаған шабуылы) инфрақұрылымды күйретіп, халықаралық сауда қатынастарын күрт әлсіретті. Венециялық сарай адамы Джосафат Барбароның мәліметіне сай, Тана қайта салына бастағанымен, бұрынғыдай ірі транзиттік орталық деңгейіне көтеріле алмады, ал аса құнды шығыс тауарлары Сирия айлақтарына бағыттала бастады (Skrzinskaia, 1968: 40; Di Cosmo, 2010: 83–84). Қара теңіздегі итальян колониялары жергілікті шикізат пен азық-түлік тауарларын (тері, жүн, астық, уылдырық, шарап, құлдар) экспорттауға иек артқан күйі біраз

уақыт өмір сүрді. Дегенмен, Жошы ұрпақтары билеген кезеңдегі «жібек пен дәмдеуіш» тасымалы ішінара тоқырап, бірте-бірте тарих сахнасынан кете бастады.

XIII–XIV ғасырларда Алтын Орда аумағы арқылы өткен трансконтиненталдық сауда-саттық, бір жағынан, моңғол шапқыншылығынан кейін орнаған саяси тұрақтылық пен Жошы әулетінің сыртқы саудаға ашық саясатының нәтижесінде өркендесе, екінші жағынан, Алтын Орда билеушілері мен итальян сауда республикаларының арасындағы тайталасты бәсеке мен әскери қақтығыстарға тәуелді болды. Италияндықтардың ірі порт-қалалар мен бекініс-факториялар құрып, Еуразия кеңістігіндегі сауда әлеуетін күшейтуі Қара теңізді әлемдік сауданың маңызды буындарының біріне айналдырды. Алайда аймақтағы саяси тұрақсыздық, бір-біріне қарсы әскери жорықтар және ішкі қырқыстар уақыт өте келе транзиттік сауданың қарқын алуына кедергі жасап, оның аясының тарылуына алып келді. Соған қарамастан, Венеция мен Генуя сияқты теңіз республикаларының әрекеті және Алтын Орда билеушілерінің іскер ұстанымы ортағасырлық Еуразияның сауда-экономикалық дамуында ерекше із қалдырды.

Қорытынды

XIII–XIV ғасырларда Қара теңіз аймағы Жібек жолының маңызды транзиттік бөлігіне айналып, Еуразиядағы халықаралық сауда қатынастарының дамуына елеулі үлес қосты. Бұл кезеңде Қара теңіз тек аймақтық экономикалық кеңістік қана емес, бүкіл Еуразиялық сауда жүйесінің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Венеция мен Генуя сияқты итальяндық теңіз сауда республикаларының белсенділігі, Алтын Орданың сыртқы сауда-саттықты дамытуға бағытталған прагматикалық саясаты және еуразиялық қауіпсіз сауда кеңістігі Қара теңіздегі трансконтиненталдық сауда желілерінің қарқынды дамуына ықпал етті. Венеция мен Генуяның Қара теңіз арқылы Шығыспен тікелей сауда байланыстарын орнатуға деген ұмтылысы бұл өңірдің экономикалық дамуын тездетті. Алтын Орда билеушілері шетелдік көпестерге салық жеңілдіктері мен сауда еркіндігін ұсыну арқылы аймақтағы сауда айналымының ұлғаюына жол ашты. Сауда бағыттары Қара теңіз арқылы Жерорта теңізі нарығымен байланыстырды. Кафа (Феодосия), Азак (Тана), Судак (Солдайя) сияқты маңызды сауда орталықтары қалыптасты, бұл қалалар тек жергілікті емес, бүкіл халықаралық сауда жүйесінің тораптарына айналды. Жерорта теңізінен Қытайға дейінгі аралықтағы тауар айналымы едәуір ұлғайып, Қара теңіз өңірі арқылы өтетін сауда ағымдары Еуразияның ішкі экономикалық байланыстарын нығайтты. Шығыстан әкелінген жібек, дәмдеуіштер, қымбат тастар, ал Еуразия даласынан жеткізілген астық, тері, тұз, балық сияқты тауарлар Еуропалық нарықтарға тұрақты жеткізіліп отырды. Дегенмен, бұл экономикалық өрлеу ұзақ мерзімді бола алмады. XIV ғасырдың соңына қарай Алтын Ордада орын алған ішкі саяси тұрақсыздықтар, билік үшін күрестер және Әмір Темірдің жойқын жорықтары Қара теңіз аймағындағы сауда инфрақұрылымына ауыр соққы берді. 1395 жылы Әмір Темірдің Тана мен Қырым қалаларына жасаған шабуылдары нәтижесінде көптеген сауда орталықтары күйреп, Қара теңіз арқылы өтетін негізгі транзиттік маршруттар әлсіреді. Бұл өзгерістердің салдарынан Еуразиядағы сауда бағыттарының бір бөлігі Сирия аймақтары арқылы жүзеге аса бастады, ал Қара теңіздегі сауда көлемі біршама қысқарды. XV ғасырда Қара теңіздегі сауда жүйесіне ең үлкен қауіп Осман империясының күшеюімен байланысты болды. 1453 жылы Осман түріктерінің Константинопольді басып алуы итальян сауда республикаларының Қара теңізге еркін шығу мүмкіндігін айтарлықтай шектеді. Генуялықтар біраз уақытқа дейін Кафа мен басқа да бекіністерін сақтап қалуға тырысқанымен, 1475 жылы Осман империясы Қырым түбегіндегі барлық генуялық факторияларды бағындырып, Қара теңіздегі еуропалық сауда монополиясын түбегейлі жойды. Бұл оқиға Қара теңіз аймағының Еуразиялық сауда жүйесіндегі бұрынғы жетекші рөлінің аяқталғанын білдірді.

Қорытындылай келе, XIII–XIV ғасырлар Қара теңіз аймағының әлемдік сауда тарихындағы ең жарқын әрі ерекше кезеңдерінің бірі болды. Алтын Орданың саяси ықпалы мен прагматикалық саясаты, итальяндық теңіз державаларының экономикалық белсенділігі, Шығыс пен Батыс арасындағы сауда ықпалдастығы Қара теңізді ортағасырлық дүниежүзілік

сауда картасындағы басты тораптардың біріне айналдырды. XIII–XIV ғасырларда Қара теңіз аймағы тек аймақтық емес, тұтас Еуразиялық сауда желісіндегі шешуші рөлді атқарып, әлемдік экономикалық дамуға серпін берді. Бұл тарихи тәжірибе Еуразия құрлығындағы сауда процестерінің, халықаралық қатынастардың, экономикалық интеграцияның және мәдени алмасудың дамуына орасан зор ықпал етті. Қара теңіз аймағының бұл кезеңдегі дамуы ортағасырлық жаһандану процесінің жарқын көрінісі болды деуге толық негіз бар.

Әдебиеттер

- Арсланов, 2015 — *Арсланов А.М.* Торгово-экономические связи Улуса Джучи (Золотой Орды) со странами Запада: (вторая половина XIII–XIV вв.). Дисс. канд. ист. наук. Казань, 2015. 230 с.
- Карпов, 1990 — *Карпов С.П.* Итальянские морские республики и Южное Причерноморье в XIII–XV вв.: проблемы торговли. М.: Изд-во МГУ, 1990. 336 с.
- Қинаятұлы, 2010 — *Қинаятұлы З.* Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық ғылыми зерттеу (Монография). Алматы: Тарих тағылымы, 2010. 728 б.
- Марко Поло, 2005 — *Марко Поло.* Книга о разнообразии мира / Пер. И. Минаева. М.: ЭКСМО, 2005. 250 с.
- Недашковский, 2009 — *Недашковский Л.Ф.* Международная и внутренняя торговля // Золотая Орда в мировой истории. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. С. 608–615.
- Сафаргалиев, 1960 — *Сафаргалиев М.Г.* Распад Золотой Орды. Саранск: Мордовское книжное издательство, 1960. 279 с.
- Скржинская, 1971 — *Скржинская Е.Ч.* Барбаро и Контарини о России: К истории итало-русских связей XV в. Ленинград: Наука, 1971. 275 с.
- Хеллер, 2002 — *Хеллер К.* Золотая Орда и торговля с Западом // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223–1556. Казань, 2002. С. 111–128.
- Хромов, 2004 — *Хромов К.К.* Новое в изучении медных генуэзско-татарских монет города Каффы XV века // Труды III Международной нумизматической конференции «Монеты и денежное обращение в Монгольских государствах XIII–XV вв.». Старый Крым, 2004. С. 6–15.
- Шамильоглу, 2009 — *Шамильоглу Ю.* Торговля Улуса Джучи со странами Средиземноморья // История татар. Т. III. Улус Джучи (Золотая Орда). XIII – середина XV в. Казань: Институт истории АН РТ, 2009. С. 287–294.
- Abu-Lughod, 1989 — *Abu-Lughod J.* Before European Hegemony: The World System A.D. 1250–1350. Oxford University Press, 1989. 464 p.
- Balard, 1983 — *Balard M.* Gênes et la mer Noire (XIII^e–XV^e siècles) // *Revue Historique*, 270, 1983. Pp. 31–52. (In Fr.).
- Bounegru, 2014 — *Bounegru O.* The Black Sea Area in the Trade System of the Roman Empire // *Euxeinus: Governance & Culture in the Black Sea Region*, 2014. Pp. 8–16.
- Brătianu, 1944 — *Brătianu G.I.* La mer Noire, plaque tournante du trafic international à la fin du Moyen Age // *Revue historique du Sud-Est européen*, 1944. Pp. 36–69. (In Fr.).
- Burstein, 2006 — *Burstein S.M.* The Greek Cities of the Black Sea // *A Companion to the Classical Greek World*, 2006. Pp. 137–152.
- Ciociltan, 2012 — *Ciociltan V.* The Mongols and the Black Sea trade in the thirteenth and fourteenth centuries. Vol. 20. Leiden, Boston: Brill, 2012. 322 p.
- Curtin, 1984 — *Curtin P.* Cross-Cultural Trade in World History. Cambridge University Press, 1984. 293 p.
- Di Cosmo, 2010 — *Di Cosmo N.* Black Sea Emporia and the Mongol Empire: A Reassessment of the Pax Mongolica // *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 53(1-2), 2010. Pp. 83–108.
- Favereau, 2021 — *Favereau M.* The Horde: How the Mongols Changed the World. Cambridge, Massachusetts: Harvard University, 2021. 377 p.
- Kramarovsky, 2017 — *Kramarovsky M.* The Golden Horde as a civilisation (Based on archaeological materials) // *The Golden Horde in World History: A Multi-authored Monograph*. Kazan: Sh. Marjani Institute of History of the Tatarstan Academy of Sciences, 2017. Pp. 427–441.
- Liebermann, 1993 — *Liebermann V.* Abu-Lughod’s Egalitarian World Order // *Comparative Studies in Society and History*, 1993. Pp. 544–550.
- Lombardo, 1940 — *Lombardo A.* Documenti del commercio veneziano nei secoli XI–XIII // A. Lombardo, R. Morozzo della Rocca. Torino, 1940. Vol. II. Pp. 478–479, 511, 662.
- Pegolotti, 1936 — *Pegolotti F.B.* La Pratica della mercatura (1310–1340) / Edited by A. Evans. Cambridge, Massachusetts: Mediaeval Academy of America, 1936. 443 p. (In It.).
- Phillips, 1998 — *Phillips J.R.S.* The Medieval Expansion of Europe (2nd ed.). Oxford University Press, 1998. Pp. 96–114.
- Sheard, 2021 — *Sheard J.* Byzantium and the Black Sea, c. 1000–1204. PhD diss., Royal Holloway, University of London, 2021. 267 p.

Tsetskhladze, 1998 — *Tsetskhladze G.R.* Greek colonization of the Black Sea area: stages, models, and native population // *Historia. Einzelschriften*, 1998. Pp. 7–330.

References

- Abu-Lughod, 1989 — *Abu-Lughod J.* Before European Hegemony: The World System A.D. 1250–1350. Oxford University Press, 1989. 464 p.
- Arslanov, 2015 — *Arslanov A.M.* Torgovo-ekonomicheskie svyazi Ulusa Djuchi (Zolotoi Ordy) so stranami Zapada: (vtoraya polovina XIII–XIV vv.) [Trade and economic relations of the Jochi Ulus (Golden Horde) with Western countries: (second half of the 13th–14th centuries)]. Diss. kand. ist. nauk. Kazan, 2015. 230 p. (In Russ.).
- Balard, 1983 — *Balard M.* Gênes et la mer Noire (XIII^e–XV^e siècles) // *Revue Historique*, 270, 1983. Pp. 31–52. (In Fr.).
- Bounegru, 2014 — *Bounegru O.* The Black Sea Area in the Trade System of the Roman Empire // *Euxeinos: Governance & Culture in the Black Sea Region*, 2014. Pp. 8–16.
- Brătianu, 1944 — *Brătianu G.I.* La mer Noire, plaque tournante du trafic international à la fin du Moyen Age // *Revue historique du Sud-Est européen*, 1944. Pp. 36–69. (In Fr.).
- Burstein, 2006 — *Burstein S.M.* The Greek Cities of the Black Sea // *A Companion to the Classical Greek World*, 2006. Pp. 137–152.
- Ciociltan, 2012 — *Ciociltan V.* The Mongols and the Black Sea trade in the thirteenth and fourteenth centuries. Vol. 20. Leiden, Boston: Brill, 2012. 322 p.
- Curtin, 1984 — *Curtin P.* Cross-Cultural Trade in World History. Cambridge University Press, 1984. 293 p.
- Di Cosmo, 2010 — *Di Cosmo N.* Black Sea Emporia and the Mongol Empire: A Reassessment of the Pax Mongolica // *Journal of the Economic and Social History of the Orient*, 53(1-2), 2010. Pp. 83–108.
- Favereau, 2021 — *Favereau M.* The Horde: How the Mongols Changed the World. Cambridge, Massachusetts: Harvard University, 2021. 377 p.
- Karpov, 1990 — *Karpov S.P.* Italiyanskiye morskoye respubliki i Yuzhnoye Prichernomoe v XIII–XV vv.: problemy torgovli [Italian Maritime Republics and the Southern Black Sea Region in the 13th–15th centuries: problems of trade]. Moskva: Izd-vo MGU, 1990. 336 p. (In Russ.).
- Kheller, 2002 — *Kheller K.* Zolotaya Orda i torgovlya s Zapadom [The Golden Horde and trade with the West] // *Istchnikovedenie istorii Ulusa Djuchi (Zolotoi Ordy). Ot Kalki do Astrakhani. 1223–1556.* Kazan, 2002. Pp. 111–128. (In Russ.).
- Khromov, 2004 — *Khromov K.K.* Novoe v izuchenii mednykh genuezsko-tatarskikh monet goroda Kaffa XV veka [New in the study of copper Genoese-Tatar coins of the 15th century Kaffa] // *Trudy III Mezhdunarodnoi numizmaticheskoi konferentsii “Monety i denezhnoye obrashchenie v Mongol’skikh gosudarstvakh XIII–XV vv.”.* Staryi Krym, 2004. Pp. 6–15. (In Russ.).
- Kramarovsky, 2017 — *Kramarovsky M.* The Golden Horde as a civilisation (Based on archaeological materials) // *The Golden Horde in World History: A Multi-authored Monograph.* Kazan: Sh. Marjani Institute of History of the Tatarstan Academy of Sciences, 2017. Pp. 427–441.
- Liebermann, 1993 — *Liebermann V.* Abu-Lughod’s Egalitarian World Order // *Comparative Studies in Society and History*, 1993. Pp. 544–550.
- Lombardo, 1940 — *Lombardo A.* Documenti del commercio veneziano nei secoli XI–XIII // *A. Lombardo, R. Morozzo della Rocca.* Torino, 1940. Vol. II. Pp. 478–479, 511, 662.
- Marko Polo, 2005 — *Marko Polo.* Kniga o raznoobrazii mira [A book about the diversity of the world] / Per. I. Minaeva. Moskva: EKSMO, 2005. 250 p. (In Russ.).
- Nedashkovskiy, 2009 — *Nedashkovskiy L.F.* Mezhdunarodnaya i vnutrennyaya torgovlya [International and domestic trade] // *Zolotaya Orda v mirovoy istorii.* Kazan’: Institut istorii im. Sh. Marzhani AN RT, 2016. Pp. 608–615. (In Russ.).
- Pegolotti, 1936 — *Pegolotti F.B.* La Pratica della mercatura (1310–1340) / Edited by A. Evans. Cambridge, Massachusetts: Mediaeval Academy of America, 1936. 443 p. (In It.).
- Phillips, 1998 — *Phillips J.R.S.* The Medieval Expansion of Europe (2nd ed.). Oxford University Press, 1998. Pp. 96–114.
- Qinaiatuly, 2010 — *Qinaiatuly Z.* Shyñgys khan jáne Qazaq memleketi. Eki tomdyq gylymi zertteu (Monografiya) [Genghis Khan and the Kazakh state. A two-volume scientific study (monograph)]. Almaty: Tarikh tağylymy, 2010. 728 p. (In Kaz.).
- Safargaliev, 1960 — *Safargaliev M. G.* Raspad Zolotoi Ordy. Saransk: Mordovskoe knizhnoye izdatel’stvo, 1960. 279 p. (In Russ.).
- Shamiloglu, 2009 — *Shamiloglu Yu.* Torgovlya Ulusa Djuchi so stranami Sredizemnomorya [Trade of the Jochi Ulus with the Mediterranean countries] // *Istoriya tatar. T. III. Ulus Djuchi (Zolotaya Orda). XIII – seredina XV v.* Kazan: Institut istorii AN RT, 2009. Pp. 287–294. (In Russ.).
- Sheard, 2021 — *Sheard J.* Byzantium and the Black Sea, c. 1000–1204. PhD diss., Royal Holloway, University of London, 2021. 267 p.
- Skrzhinskaya, 1971 — *Skrzhinskaya E.Ch.* Barbaro i Kontarini o Rossii: K istorii italo-russkikh svyazei XV v. [Barbaro and Contarini on Russia: Towards the history of Italian-Russian relations in the 15th century.]. Leningrad: Nauka, 1971. 275 p. (In Russ.).
- Tsetskhladze, 1998 — *Tsetskhladze G.R.* Greek colonization of the Black Sea area: stages, models, and native population // *Historia. Einzelschriften*, 1998. Pp. 7–330.


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 679-695, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


ҒТАХР / МРҒТИ / IRSTI 03.20
УДК 930.24
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_679-695

SMALL TOWNS OF THE NORTH KAZAKHSTAN REGION: HISTORY AND ANALYSIS OF THE CURRENT SITUATION

*Abuov Nurbolat Askerovich*¹, *Ilyassova Gaukhar Saporbekovna*², *Ualiyeva Saule Kabdumalikovna*^{3*}

¹Branch of the Institute of History and Ethnology named after Ch.Valikhanov in Petropavlovsk (86, Pushkin Str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, the Head of the Branch
 <https://orcid.org/0000-0002-5843-3365>. E-mail: abuovnur@mail.ru

²M. Kozybaev North Kazakhstan University (86, Pushkin Str., 150000 Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan)
Master of Humanities, Head of the Department of “History of Kazakhstan and Law”
 <https://orcid.org/0000-0002-7161-1808>. E-mail: gauhartas81@mail.ru

³Asfendiyarov Kazakh National Medical University (94, Tole bi Str., 050012 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0009-0003-0157-2844>. E-mail: ualieva.s@kaznmu.kz

*Corresponding author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Abuov N.A., Ilyassova G.S., Ualiyeva S.K., 2025

Abstract. Introduction. The article considers the history of formation of small towns of the North Kazakhstan region, specifics of their economic growth and population, development of socio-economic infrastructure, their importance in the system of the Soviet planned economy. The source study basis of the article is the materials of the population censuses of Kazakhstan in 1989, 1999, 2009 and 2021, as well as statistical data presented in the Passports of small towns and reports of akims of the cities of Bulaevo, Mamlyutka, Sergeevka and Taiynsha and state documents. The purpose of the study is to analyze the history of small towns of the Northern region in the Soviet period, to identify the features of the socio-economic development of the cities of Bulaevo, Mamlyutka, Sergeevka and Taiynsha and to determine their key problems at the present time. The article identifies the main trends in the development of small towns in a market economy, determines state support and the activities of local authorities to improve the quality of life of citizens. In general, the development of small towns in the North Kazakhstan region depends on the work of government agencies, investments from large businesses, and banks, which will develop and implement a comprehensive program for the socio-economic development of small towns, taking into account their history and regional characteristics.


Keywords: History of small towns, North Kazakhstan region, demographic processes, economic processes


Acknowledgements. The article was written within the framework of the implementation of the State Fund AP23488712 “Everyday life of small and single-industry towns of Independent Kazakhstan (on the example of the Eastern region)” with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

- Булаевские маслоделы..., эл. ресурс — *Булаевские маслоделы* намерены расширить производство. [Электронный ресурс]. URL: <https://dairynews.today/kz/news/bulaevskie-maslodely-namereny-rasshiryat-proizvods.html> (дата обращения: 08.04.2025).
- Изтелеуов, 2016 — *Изтелеуов Д.Ж.* Формирование малых городов в Казахстане // «E-history», 2016. [Электронный ресурс]. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3848> (дата обращения: 08.04.2025).
- Искалиев, 2021 — *Искалиев Д.Ж.* Тенденции развития городов Казахстана в постсоветский период // Многообразие городских миров: история, теория, практика: сб. науч. тр. всеросс. науч. конф. с международным участием, посвященной 90-летию со дня рождения профессора Е.Н. Перцика. М., 2021. С. 67–78.
- История городской повседневности, 2017 — *История городской повседневности* Центрального Казахстана в 1946–1991 годы (с сюжетами демографической и социальной истории): Монография / Под общ. ред. З.Г. Сактагановой. Караганда: «Гласир», 2017. 456 с.
- История г. Мамлютка, эл. ресурс — *История г. Мамлютка*. Сайт Мамлютской центральной районной библиотеки. [Электронный ресурс]. URL: https://crbmamlutka2006.narod.ru/History/History_Mamlutka.htm (дата обращения: 28.03.2025).
- История моей малой Родины, 2018 — *История моей малой Родины*. Нурабаев А., 2018. [Электронный ресурс]. URL: <https://proza.ru/2018/11/02/1026>
- Конобрицкая, 1954 — *Конобрицкая Е.М.* Карагандинская область (экономико-географическая характеристика). Алма-Ата: издательство Академии наук Казахской ССР, 1954. 253 с.
- Кошанов, 1992 — *Кошанов, А.К. Айдарханов М.Х.* Малые города при переходе к рынку (проблемы и приоритеты). Алматы: Гылым, 1992. 115 с.
- Отчет акима, 2012 — *Отчет акима* г. Сергеевка за 2011 // Новатор, 2012. № 1.
- Отчет акима, 2013а — *Отчет акима* г. Мамлютка за 2012 г. // Знамя труда, 2013. № 1.
- Отчет акима, 2013б — *Отчет акима* г. Булаево за 2012 // Вести № 4 спецвыпуск, 2013.
- Отчет акима, 2014 — *Отчет акима* г. Мамлютка за 2013 г. // Знамя труда, 2014. № 1.
- Отчет акима, 2015 — *Отчет акима* г. Сергеевка за 2014 // Новатор, 2015. № 2.
- Отчет акима, 2016 — *Отчет акима* г. Булаево за 2015 // Вести, 2016. № 1.
- О стратегии... эл. ресурс — *О стратегии* территориального развития Республики Казахстан до 2015 года: Указ Президента Республики Казахстан. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000167> (дата обращения: 18.04.2025).
- Программа развития малых городов.. эл. ресурс — *Программа развития малых городов* на 2004–2006 годы. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030001389> (дата обращения: 13.04.2025).
- Программа развития моногородов, 2012 — *Программа развития моногородов* на 2012–2020 года. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000683> (дата обращения: 16.04.2025).
- Самаркин, 2010 — Самаркин С.В. Социально-демографические процессы в Северном Казахстане в конце XIX – первой четверти XX века. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Караганда, 2010. 180 с.
- Северо-Казахстанская область, 2006* — *Северо-Казахстанская область: энциклопедия* 2-е изд. Алматы: Арыс, 2006. 672 с.
- Уалтаева, 2014 — *Уалтаева А.* Малые города Казахстана: информационно-исторический аспект. Т. 1. Алматы: Елтаным, 2014. 312 с.
- Указ Президента Республики Казахстан: эл. ресурс — *Указ Президента Республики Казахстан* от 2 мая 1997 года N 3482. [Электронный ресурс]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U970003482> (дата обращения: 20.03.2025).
- Хавин, 1951 — *Хавин А.Ф.* Караганда - третья угольная база СССР. М. – Л., 1951. 204 с.
- Численность населения... эл. ресурс — Численность населения Республики Казахстан по полу и типу местности (на начало 2025 г.). [Электронный ресурс]. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/281558/> (дата обращения: 15.02.2025).
- Шахаман, 2002 — *Шахаман З.Б.* Социально-демографическое развитие населения Северного Казахстана в 1959–1989 гг. Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук, Алматы, 2002. 136 с.
- Эксперты обсудили ... эл. ресурс — *Эксперты обсудили* вопросы развития моногородов Казахстана. [Электронный ресурс]. URL: https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=5292/arch=2022_10 (дата обращения: 10.02.2025).

Ualtayeva, et al., 2024 — *Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Apendiyev T.A., Berkinbayev O.U., Sain E.D.* Urbanization and the Emergence of Small Towns: Rural Urban Transformations and the Formation of Urban Vernacular Settlements in East Kazakhstan, 2024. Vol. 11. Iss. 6. [Электронный ресурс] ISVS e-journal: https://isvshome.com/pdf/ISVS_11-06/ISVSej_11.06.06.pdf (data obrashcheniya: 15.03.2025).

Uskelenova, Nikiforova, 2024 — *Uskelenova A.T., Nikiforova N.* Regional development of Kazakhstan: Theoretical premises and reality. [Электронный ресурс] Regional Science Policy & Practice Volume 16, Issue 3, March 2024, 12616 URL <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S175778022400146X> (data obrashcheniya: 15.03.2025)

References

Alekseenko, Aubakirova, 2020 — *Alekseenko A.N., Aubakirova Zh.S.* Naselenie Kazakhstana v konce XX veka: etnodemograficheskie evolyucii i stanovlenie suverennoj demograficheskoy sistemy [Population of Kazakhstan at the end of the 20th century: ethno-demographic evolution and emergence of a sovereign demographic system] // Vestnik KazNPU. Seriya istoricheskie i social'no-politicheskie nauki, 2020. No. 4(67). Pp. 15-20. (In Russ.).

Alekseenko, Aubakirova, 2021 — *Alekseenko A.N., Aubakirova Zh.S., Stolyarova E. O., Omyrzak T.E.* Gorodskoe naselenie Kazakhstana: osobennosti stanovleniya i razvitiya [Urban population of Kazakhstan: peculiarities of development] // Voprosy istorii, 2021. No. 10 (2). Pp. 61-73. (In Russ.).

Altaev, et. al, 2014 — *Altaev A.Sh., Adil'baeva A.S., Bakytzhanova A.B., Kaipbaeva A.T., Chakenova B.A.* Gradovedenie v Kazakhstane: istoriya stanovleniya i razvitiya [Agriculture in Kazakhstan: history of development] б 2014. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gradovedenie-v-kazakhstane-istoriya-stanovleniya-i-razvitiya/viewer> (In Russ.).

Ualtayeva, et. al, 2024 — *Ualtayeva A.S., Margulan A.S., Apendiyev T.A., Berkinbayev O.U., Sain E.D.* Urbanization and the Emergence of Small Towns: Rural Urban Transformations and the Formation of Urban Vernacular Settlements in East Kazakhstan. [Elektronnyj resurs] ISVS e-journal, 2024. Vol. 11. Issue 6. URL: https://isvshome.com/pdf/ISVS_11-06/ISVSej_11.06.06.pdf (data obrashcheniya: 15.03.2025)

Uskelenova, Nikiforova, 2024 — *Uskelenova A.T., Nikiforova N.* Regional development of Kazakhstan: Theoretical premises and reality. [Elektronnyj resurs] Regional Science Policy & Practice Volume 16, Issue 3, March 2024, 12616. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S175778022400146X> (data obrashcheniya: 15.03.2025)

Asylbekov, 1969 — *Asylbekov M.H.* Razvitie seti zheleznyh dorog Kazakhstana v konce XIX – nachale HH veka [Development of the network of railways in Kazakhstan at the end of XIX – beginning of XX century] // Kazakhstan v kanun Oktyabrya. [Development of the network of railways in Kazakhstan at the end of XIX – beginning of XX century]. Alma-Ata, 1969. Pp. 77–120 (In Russ.).

Asylbekov, Kozina, 1995 — *Asylbekov M.H., Kozina V.V.* Demograficheskie processy sovremennogo Kazakhstana. [Demographic processes of modern Kazakhstan]. Almaty: Atamyra, 1995. 128 p. (In Russ.).

Bajsalbaeva, 2012 — *Bajsalbaeva T.M.* Regional'nye osobennosti formirovaniya malyh gorodov Kazakhstana [Regional features of the formation of small cities in Kazakhstan] // Yaroslavskij pedagogicheskij vestnik, 2012. No. 2. Vol. I (Gumanitarnye nauki). Pp. 80–83. (In Russ.).

Bajsalbaeva, 2003 — *Bajsalbaeva T.M.* Social'no-ekonomicheskoe razvitie malyh gorodov Kazakhstana (1959–2000 gg.). Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk. [Social and economic development of small cities of Kazakhstan (1959–2000). Dissertation on the application for the degree of a candidate of historical sciences]. Almaty, 2003. 128 p. (In Russ.).

Barag, 1950 — *Barag T.Ya.* Gosizdat arhitektury i gradostroitel'stva. [Gosizdat architecture and urban development]. Moscow, 1950. 64 p. (In Russ.).

Bulaevskie maslodely, 2015 — *Bulaevskie maslodely namereny rasshiryat' proizvodstvo.* [Elektronnyj resurs] [Bulaev oil mills intend to expand production]. DairyNews.today, 2015. URL: <https://dairynews.today/kz/news/bulaevskie-maslodely-namereny-rasshiryat-proizvodst.html> (data obrashcheniya: 08.04.2025). (In Russ.).

Chislennost' naseleniya... [Elektronnyj resurs] — *Chislennost' naseleniya Respubliki Kazahstan po polu i tipu mestnosti (na nachalo 2025g.)* [Population of the Republic of Kazakhstan by sex and type of area (at the beginning of 2025)]. [Elektronnyj resurs] URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/demography/publications/281558/> (data obrashcheniya: 15.02.2025). (In Russ.).

Eksperty obsudili... [Elektronnyj resurs] — *Eksperty obsudili voprosy razvitiya monogorodov Kazakhstana.* [Elektronnyj resurs] [Experts discussed the development of single-city towns in Kazakhstan]. URL: https://eri.kz/ru/Novosti_instituta/id=5292/arch=2022_10 (data obrashcheniya: 10.02.2025) (In Russ.).

Havin, 1951 — *Havin A.F.* Karaganda — tret'ya ugol'naya baza SSSR. [Karaganda is the third coal base of the USSR.] M. - L., 1951. 204 p. (In Russ.).

Izteleuov, 2016 — *Izteleuov D.Zh.* Formirovanie malyh gorodov v Kazakhstane [Formation of small cities in Kazakhstan] // E-history, 2016. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/3848> (data obrashcheniya: 08.04.2025). (In Russ.).

Iskaliev, 2021 — *Iskaliev D.Zh.* Tendencii razvitiya gorodov Kazahstana v postsovetskij period [Trends in urban development of Kazakhstan in the post-Soviet period] // *Mnogoobrazie gorodskih mirov: istoriya, teoriya, praktika: sb. nauch. tr. vseross. nauch. konf. s mezhdunarodnym uchastiem, posvyashchennoj 90-letiyu so dnya rozhdeniya professora E.N. Percika. M., 2021. Pp. 67–78. (In Russ.).*

Istoriya gorodskoj povsednevnosti, 2017 — *Istoriya gorodskoj povsednevnosti* Central'nogo Kazahstana v 1946–1991 gody (s syuzhetami demograficheskoj i social'noj istorii): Monografiya / Pod obshch. red. Z.G. Saktaganovoj [History of urban daily life in Central Kazakhstan in 1946–1991 (with subjects of demographic and social history): Monograph/ Under the general. ed. Z. G. Saktaganova]. Karaganda: Glasir, 2017. 456 p. (In Russ.).

Istoriya g. Mamlyutka, 2006 — *Istoriya g. Mamlyutka*. Sajt Mamlyutskoj central'noj rajonnoj biblioteki [The history of St. Mamlyutka. Site of the Mamlyutka Central District Library], 2006. [Elektronnyj resurs]. URL: https://crbmamlutka2006.narod.ru/History/History_Mamlutka.htm. (data obrashcheniya: 28.03.2025). (In Russ.).

Konobrickaya, 1954 — *Konobrickaya E.M.* Karagandinskaya oblast' (ekonomiko-geograficheskaya harakteristika) [Karaganda region (economic and geographical characteristics)]. Alma-Ata: izdatel'stvo Akademii nauk Kazahskoj SSR, 1954. 253 p. (In Russ.).

Koshanov, 1992 — *Koshanov, A.K. Ajdarhanov M.H.* Malye goroda pri perekhode k rynku (problemy i priority). [Small cities in the transition to the market (problems and priorities)]. Almaty: Gylym, 1992. 115 p. (In Russ.).

Istoriya moej maloj Rodiny, 2018 — *Istoriya moej maloj Rodiny*. Nurabaev A. [History of my small Motherland], 2018. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://proza.ru/2018/11/02/1026> (In Russ.).

Otchet akima, 2011 — *Otchet akima* goroda Sergeevka za 2011 [Report of the Governor of Sergeevka for 2011] // *Novator*, 2012. No. 1. (In Russ.).

Otchet akima, 2012 — *Otchet akima* g. Mamlyutka za 2012 g. [Report of the Akim of Mamlyutka for 2012] // *Znamya Truda*, 2013. No. 1. (In Russ.).

Otchet akima, 2012 — *Otchet akima* goroda Bulaevo za 2012 [Report of the Mayor of Bulaevo for 2012] // *Vesti* No. 4 specvypusk, 2013. (In Russ.).

Otchet akima, 2013 — *Otchet akima* g. Mamlyutka za 2013 g. // *Znamya truda* [Report of the Akim of Mamlyutka for 2013// Labor flag], 2014. No. 1. (In Russ.).

Otchet akima, 2014 — *Otchet akima* goroda Sergeevka za 2014 [Report of the Governor's office for 2014] // *Novator*, 2015. No. 2. (In Russ.).

Otchet akima, 2015 — *Otchet akima* goroda Bulaevo za 2015 [Report of the akim of Bulayevo city for 2015] // *Vesti*, 2016. No. 1. (In Russ.).

O strategii..., 2025 — *O strategii* territorial'nogo razvitiya Respubliki Kazahstan do 2015 goda: Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan. [Elektronnyj resurs] [On the strategy of territorial development of the Republic of Kazakhstan until 2015: Decree of the President of the Republic of Kazakhstan]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U060000167> (data obrashcheniya: 18.04.2025). (In Russ.).

Programma razvitiya malyh gorodov, 2025 — *Programma razvitiya malyh gorodov* na 2004–2006 gody. [Small Cities Development Programme 2004–2006]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P030001389> (data obrashcheniya: 13.04.2025). (In Russ.).

Programma razvitiya monogorodov, 2025 — *Programma razvitiya monogorodov* na 2012–2020 goda. [Program for the development of monorails for 2012–2020]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000683> (data obrashcheniya: 16.04.2025). (In Russ.).

Samarkin, 2010 — *Samarkin S.V.* Social'no-demograficheskie processy v Severnom Kazahstane v konce XIX – pervoj chetverti HH veka. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk [Socio-demographic processes in Northern Kazakhstan at the end of XIX – first quarter of XX century. Thesis for the application of the degree of candidate of historical sciences]. Karaganda, 2010. 180 s. (In Russ.).

Severo-Kazahstanskaya oblast', 2006 — *Severo-Kazahstanskaya oblast'*: enciklopediya 2-e izd. [North-Kazakhstan region: encyclopedia 2nd edition]. Almaty: Arys, 2006. 672 p. (In Russ.).

Shahaman, 2002 — *Shahaman Z.B.* Social'no-demograficheskoe razvitie naseleniya Severnogo Kazahstana v 1959–1989 gg. Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata istoricheskikh nauk [Social and demographic development of population of Northern Kazakhstan in 1959–1989. The study is based on the results of a survey conducted by the Ministry of Education and Science. Thesis for the application of the degree of a candidate of historical sciences]. Almaty, 2002. 136 p. (In Russ.).

Ualtaeva, 2014 — *Ualtaeva A.* Malye goroda Kazahstana: informacionno-istoricheskij aspekt [Small cities of Kazakhstan: information-historical aspect]. Almaty: Eltanym, 2014. Vol. 1. 312 p. (In Russ.).

Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan, 1997 — *Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 2 maya 1997 goda N 3482* [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan of 2 May 1997 N 3482]. [Elektronnyj resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U970003482> (data obrashcheniya: 20.03.2025). (In Russ.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 696-708, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_696-708

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.09


THE ROLE OF RELIGION IN RELATIONS BETWEEN THE GOLDEN HORDE AND THE MAMLUK STATE

Abylov Tungysh Talgatuly¹, Mutaliyev Meirbol Khadyruly^{2}, Kazmukhanov Rinat Mukhituly³*

¹Abai Kazakh National Pedagogical University
(13, Dostyk Aven., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Senior Lecturer of the Faculty of History and Law, PhD
 <https://orcid.org/0000-0002-7152-1802>. E-mail: abylovtt@gmail.com

²Ankara University
(Hacettepe, 06100, Sıhhiye Kavshagi, 06430 Altindag/Ankara, Turkey)
PhD Candidate of the Department of General Turkish History
 <https://orcid.org/0000-0002-5022-5799>. E-mail: meirbols9293@gmail.com

*Corresponding author

³Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture
(73, Al-Farabi Aven., 050060 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Senior Lecturer of the Faculty of Islamic Studies, PhD
 <https://orcid.org/0000-0003-2656-6670>. E-mail: rinatmk81@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025

© Abylov T.T., Mutaliyev M.Kh., Kazmukhanov R.M., 2025

Abstract. *Introduction.* From its inception, the Golden Horde actively established political relations with other states. Among these, its relationship with the Ilkhanate was particularly tense. At the heart of this conflict were territorial disputes over the South Caucasus, lands bequeathed to the Jochid lineage according to Genghis Khan’s testament. The Ilkhanate’s military campaigns against Muslim states and its alliances with the Christian world prompted the Golden Horde to draw closer to other Muslim powers, most notably the Mamluk Sultanate. *Purpose and Objectives of the Study.* The main purpose of this study is to demonstrate that the relations between the Golden Horde and the Mamluk Sultanate during the 13th–14th centuries were grounded in shared religious interests. The study aims to: Analyze the causes of the conflict between the Golden Horde and the Ilkhanate; Identify the diplomatic ties between Khan Berke and Sultan Baybars; Highlight the role of Islam in the foreign policies of both states; Describe the counteractions against the Ilkhanid alliance with the Christian world. *Materials and Methods.* The research is based on medieval written sources, historical chronicles, and contemporary scholarly works. A comparative analysis method and historical analysis approach were employed to examine the political and religious relations between the Golden Horde and the Mamluk Sultanate. *Results.* The study revealed that religion played a decisive role in the formation of the alliance between the Golden Horde and the Mamluk Sultanate. Sultan Baybars’ initiative to forge an alliance with Khan Berke to defend the Muslim world, and the Ilkhanid’s


rapprochement with the Christian world, had a direct impact on the internal political structure of the Islamic world during this period. *Conclusion.* In medieval international relations, religion was not merely an internal ideological element but also a crucial tool of foreign policy. The religiously motivated cooperation between the Golden Horde and the Mamluk Sultanate served as a strategic means of resisting the Ilkhanids. This case highlights the historical roots of unity and mutual support among Muslim states in the Islamic world.


Key words: Golden Horde, mamluks, ilkhanids, policy, diplomacy, religion, arabic sources

For citation: Abylov T.T., Mutaliyev M.Kh., Kazmukhanov R.M. The role of religion in relations between the Golden horde and the Mamluk state // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 696–708. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_696-708


АЛТЫН ОРДА МЕН МӘМЛҮК МЕМЛЕКЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ДІННІҢ РӨЛІ

Абылов Тұңғыш Талғатұлы¹, Муталиев Мейірбол Қадырұлы^{2*}, Қазмұханов Ринат Мұхитұлы³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(13-үй, Достық даңғ., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих және құқық факультетінің аға оқытушысы, PhD доктор
 <https://orcid.org/0000-0002-7152-1802>. E-mail: abylovtt@gmail.com

²Анкара университеті
(Nacettepe, 06100, Sıhhiye Аяқ жол айрығы, 06430 Алтындаг/Анкара, Түркия)
Жалпы түркі тарихы кафедрасының PhD докторанты
 <https://orcid.org/0000-0002-5022-5799>. E-mail: meiirbols9293@gmail.com

*Автор-корреспондент

³Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
(73-үй, Әл-Фараби даңғ., 050060 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Ислам ілімдері факультетінің аға оқытушысы, PhD доктор
 <https://orcid.org/0000-0003-2656-6670>. E-mail: rinatmk81@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Абылов Т.Т., Муталиев М.Қ., Қазмұханов Р.М., 2025


Аңдатпа. *Kipicne.* Алтын Орда мемлекеті құрылған алғашқы кезеңінен бастап өзге мемлекеттермен белсенді саяси байланыстар орнатты. Солардың ішінде Илханилермен қарым-қатынас ерекше шиеленісті сипатқа ие болды. Бұл қақтығыстың негізінде шынғыс ханның өсиетімен Жошы ұрпақтарына берілген Оңтүстік Кавказ жеріне қатысты келіспеушіліктер жатты. Илханилердің мұсылман елдеріне жасаған жорықтары және олардың христиан әлемімен одақтасуы мұсылман мемлекеттерімен, атап айтқанда, Мәмлүк сұлтандығымен Алтын Орданың жақындасуына себеп болды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Бұл зерттеудің басты мақсаты XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеттері арасындағы қарым-қатынастардың діндегі ортақ мүдделерге негізделгенін көрсету. Зерттеу барысында келесі міндеттер қойылады: Алтын Орда мен Илханилер арасындағы қақтығыстың себептерін талдау; Берке хан мен Байбарыс сұлтан арасындағы дипломатиялық байланыстарды анықтау; Ислам дінінің осы екі мемлекеттің сыртқы саясатындағы рөлін көрсету; Хулагу әулетінің христиан әлемімен байланысына қарсы әрекеттерді сипаттау. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу негізіне ортағасырлық жазба деректер, тарихи шежірелер мен заманауи ғылыми еңбектер алынды. Салыстырмалы талдау әдісі мен тарихи-анализ тәсілдер арқылы Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеттері арасындағы саяси-діни байланыстар сараланды. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижесінде Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеттері арасындағы одақтастықтың қалыптасуына діни фактордың шешуші


әсер еткені анықталды. Мәмлүк сұлтаны Байбарыстың мұсылман әлемін қорғау мақсатында Берке ханмен одақ құруы, ал Хулагу әулетінің христиандармен жақындасуы – осы кезеңдегі ислам әлемінің ішкі саяси құрылымына тікелей әсер етті. *Қорытындылар.* Орта ғасырдағы халықаралық қатынастарда дін тек ішкі идеология емес, сонымен қатар сыртқы саясаттың маңызды құралы болған. Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеттері арасындағы діни негіздегі ынтымақтастық Илханилерге қарсы тұрудың маңызды стратегиялық жолы ретінде қолданылды. Бұл жағдай ислам әлеміндегі мемлекеттердің бірлігі мен өзара қолдау принциптерінің тарихи тамырларын көрсетеді.

Түйін сөздер: Алтын Орда, мәмлүктер, илханилер, саясат, дипломатия, дін, араб дереккөздері
Дәйексөз үшін: Абылов Т.Т., Муталиев М.Қ., Қазмұханов Р.М. Алтын орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы қарым-қатынастардағы діннің рөлі // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 696–708 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_696-708


РОЛЬ РЕЛИГИИ В ОТНОШЕНИЯХ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ И МАМЛЮКСКОГО ГОСУДАРСТВА

Абылов Тунғыш Талғатович¹, Муталиев Мейірбол Кадирович^{2}, Казмұханов Ринат Мухитович³*

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
 (д. 13, просп. Достық, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
 Старший преподаватель факультета истории и права, доктор PhD
 <https://orcid.org/0000-0002-7152-1802>. E-mail: abylovtt@gmail.com

²Университет Анкара
 (Насеттере, 06100, перекресток Сыххие, 06430 Алтындаг/Анкара, Турция)
 Докторант кафедры общей истории тюркских народов
 <https://orcid.org/0000-0002-5022-5799>. E-mail: meiirbols9293@gmail.com

*Автор-корреспондент

³Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак
 (д. 73, просп. Аль-Фараби 050060 Алматы, Республика Казахстан)
 Старший преподаватель факультета исламских наук, доктор PhD
 <https://orcid.org/0000-0003-2656-6670>. E-mail: rinatmk81@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Абылов Т.Т., Муталиев М.К., Казмұханов Р.М., 2025

Аннотация. *Введение.* С самого начала своего существования Золотая Орда активно устанавливала политические отношения с другими государствами. Среди них особенно напряжённым было взаимодействие с государством Ильханов. В основе этого конфликта лежали разногласия по поводу территории Южного Кавказа, переданной потомкам Жошы согласно завещанию Чингисхана. Походы Ильханов на мусульманские государства и их союз с христианским миром способствовали сближению Золотой Орды с мусульманскими державами, в частности, с Мамлюкским султанатом. *Цель и задачи исследования.* Главная цель данного исследования — показать, что отношения между Золотой Ордой и государством мамлюков в XIII–XIV веках основывались на общих религиозных интересах. В рамках исследования ставятся следующие задачи: Проанализировать причины конфликта между Золотой Ордой и Ильханами; Выявить дипломатические связи между ханом Берке и султаном Бейбарсом; Показать роль ислама во внешней политике обоих государств; Охарактеризовать действия, направленные против сближения династии Хулагу с христианским миром. *Материалы и методы.* В основу исследования легли средневековые письменные источники,

исторические летописи и современные научные труды. Сравнительный анализ и методы исторического исследования использовались для изучения политико-религиозных отношений между Золотой Ордой и Мамлюкским султанатом. *Результаты.* В результате исследования было установлено, что религиозный фактор сыграл решающую роль в формировании союза между Золотой Ордой и Мамлюкским султанатом. Союз султана Бейбарса с ханом Берке, заключённый с целью защиты мусульманского мира, а также сближение династии Хулагу с христианами оказали прямое влияние на внутреннюю политическую структуру исламского мира того периода. *Выводы.* В международных отношениях средневековья религия выступала не только как внутренняя идеология, но и как важный инструмент внешней политики. Союз между Золотой Ордой и Мамлюкским султанатом, основанный на религиозной общности, стал стратегическим способом противостояния Ильханам. Этот случай отражает исторические корни единства и взаимной поддержки между государствами исламского мира

Ключевые слова: Золотая Орда, мамлюки, ильханиды, политика, дипломатия, религия, арабские источники

Для цитирования: Абылов Т.Т., Муталиев М.К., Казмуханов Р.М. Роль религии в отношениях Золотой орды и Мамлюкского государства // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 696–708. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_696-708

Кіріспе

XIII ғасыр Ислам әлемі үшін аса күрделі әрі сындарлы кезең болды. Бұл уақытта мұсылман елдері Батыстан крест жорықтарының қысымынан толық айығып үлгермей жатып, Шығыстан жаңа қауіп, моңғол шапқыншылығына ұшырады. Бұл қауіп өзінің ауқымы мен қатыгездігі жағынан бұрын-соңды болмаған зұлмат әкелді. Белгілі мұсылман тарихшысы Ибн әл-Асир моңғолдардың шабуылын Ислам әлемінің ең үлкен қасіреті деп бағалап: «Мен мұндай апатты айтқым келмейді... бірақ шындықты айту — міндет» деп жазды (Ibn al-Athīr, 2003: 339). Моңғолдардың Таяу Шығысқа жасаған жорықтары Ұлы хан Мөңке тұсында шарықтау шегіне жетті. Ол өзінің інісі Хулагу ханды аса қуатты армиямен Иран мен Иракты жаулап алуға аттандырды. 1258 жылы Бағдатты басып алған Хулагу әскері Аббаси халифатын жойып, халифа әл-Мустағсимді өлім жазасына кесті. Бұл оқиға ислам тарихында ерекше орны бар рухани орталықтың күйреуіне әкеліп, күллі мұсылман әлеміне қатты соққы болды.

Бағдатты алғаннан кейін Хулагу әскерлері Сирия мен Мысырға бет алды. Мұсылман әлемінің батысындағы ең ірі әрі қуатты мемлекет — Мәмлүк сұлтанаты моңғолдардың келесі нысанасына айналды. Алайда 1260 жылы 3 қыркүйекте (25 рамазан 658 хижра жылы) Палестина жеріндегі Айн Жалут шайқасында мәмлүктер тарихи бетбұрыс жасаған жеңіске қол жеткізді. Кетбұға ноян басқарған моңғол әскері Сұлтан Құтұз бен әмір Байбарыс басшылығындағы мәмлүк әскерінен күйрей жеңілді (Rukn al-Dīn Baibars al-Manṣūrī al-Dāwadār, 1998: 51). Бұл жеңіс тек әскери жетістік емес, сонымен бірге моңғолдардың «жеңілмейтін» деген мифін жоққа шығарған шешуші оқиға болды. Мәмлүк сұлтандығы бұл жеңістен кейін Ислам әлеміндегі беделін арттырып, «мұсылмандардың қорғаушысы» ретіндегі тарихи рөлін иеленді. Алайда жеңіске қарамастан, Хулагу мен оның мұрагерлері Сирия аумағына үнемі шабуыл жасап отырды. Әсіресе Илханилердің христиан әлемімен жақындасуы, крест жорықтарының жаңғыру қаупін арттырды. Бұл жағдай Мысырдағы мәмлүк билеушілерін тұрақты әрі сенімді одақтас іздеуге итермеледі. Осы кезеңде Алтын Орда мен Илханилер арасындағы қатынас шиеленісіп тұрды. Шыңғыс ханның өсиетіне сәйкес, Жошы ұлысына тиесілі деп саналатын Оңтүстік Кавказ бен Азербайжан аймағын Илханилердің басып алуы Берке хан мен оның мұрагерлерінің наразылығын туғызды. Бұл келіспеушіліктер Алтын Орда мен Хулагу мемлекетінің арасындағы тікелей жаулық қатынастарға ұласты. Дәл осы жағдайда мәмлүк сұлтаны аз-Заһир Байбарыс (1260–1277) мен Алтын Орда ханы Берке арасында дипломатиялық байланыс орнай бастады.

Берке ханның исламды қабылдауы мен дінді сыртқы саясаттың басты құралы ретінде пайдалануы мәмлүктермен одақтасуға қолайлы алғышарттар қалыптастырды. Бұл екі мұсылман мемлекетінің Хулагу мемлекетіне қарсы ортақ майдан құруы – Орта ғасырлардағы

ислам әлемінде діни ынтымақтастық пен геосаяси мүдделердің тоғысуының айқын мысалына айналды.

Осы зерттеудің негізгі мақсаты – XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен Мәмлүк сұлтандығы арасындағы қарым-қатынастарды жан-жақты талдау, олардың діни, саяси және әскери ынтымақтастығының негіздерін ашу. Сондай-ақ ислам діні бұл кезеңде тек рухани құндылық емес, сонымен бірге халықаралық саясатта стратегиялық фактор болғанын көрсету көзделеді.

Материалдар мен әдістер

Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясатының ерекшеліктерін салыстыру үшін салыстырмалы-тарихи әдіске, зерттелетін мәселенің құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін когнитивті әдіске сүйендік. Зерттеу тақырыбы бойынша мәліметтер түрлі дереккөздерде болғандықтан, оларды талдап, қолда бар басқа деректермен салыстыру үшін герменевтикалық әдіс қолданылды. Бұл – Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясатындағы діннің рөлін көрсетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ мақалада салыстырмалы және жүйелік талдау, синтез, аналогия және тарихи салыстырмалы зерттеулер әдістері қолданылды.

Талқылау

Бұл мақалада XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы мен оның ислам әлеміне тигізген әсері және осы кезеңдегі Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеттерінің әскери-саяси одағы қарастырылды. Мақалада көрсетілгендей, моңғолдардың Шығыс мұсылман мемлекеттеріне жасаған жорықтары ислам әлемінің ірі сынақтарының бірі болды. Алайда, Мәмлүк мемлекетінің Айн Жалут шайқасындағы жеңісі мен олардың ұйымдастырушылық және әскери қабілеті арқасында моңғолдардың Таяу Шығысқа толыққанды енуі тоқтатылды. Сонымен қатар, Алтын Орда билеушісі Беркенің исламды қабылдауы мен оның Мәмлүк сұлтаны Байбарысқа әскери-саяси одақ құруға шақыруы екі мемлекеттің бірлесіп моңғолдарға қарсы тұруын қамтамасыз етті.

Бұл одақтың ерекшелігі – діни фактордың сыртқы саясаттағы маңызды рөл атқаруы болды. Мәмлүк пен Алтын Орда арасындағы хат алмасулар мен келіссөздер мұсылмандық идеология негізінде жүріп, жиһад ұғымы мен діннің қорғаушысы ретінде өзара қолдау идеясы басым болды. Осы тұрғыда, исламның саяси-идеологиялық күш ретінде қолданылуы екі мемлекеттің моңғолдарға қарсы біріккен күресін нығайтты.

Нәтижесінде, Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық Таяу Шығыстағы моңғолдардың ықпалын шектеуге ықпал етіп, ислам әлемінің тұрақтылығы мен бірлігіне үлес қосты. Бұл одақ моңғол дәуіріндегі мұсылман мемлекеттерінің сыртқы саясатындағы дін мен саяси мүдденің өзара үйлесімінің айқын мысалы ретінде қарастырылуы тиіс.

Мақалада тақырып аясында қарастырылып отырған мәселелерге қатысты негізгі әдебиеттер тізімінде көрсетілген, зерттеушілердің еңбектерінде ғылыми тұрғыда сараланып, тиісті түрде пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

1257 жылы Алтын Орда тағына моңғол ақсүйектері мен мұсылман (саудагерлер) қауымының қолдауымен Жошының ұлы Берке отырған болатын

(Rukn al-Dīn Baibars al-Manṣūrī al-Dāwadār, 1998: 14). Бұл кезеңде Алтын Орда билеушісіне мемлекеттің шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және геосаясаттағы мақсаттарына қол жеткізу үшін сыртқы саясатын жандандыру аса маңызды міндеттердің бірі болды.

Хулагудың Шам аймағына жасаған шабуылдарына қарсы тұра алу үшін сұлтан Байбарыс алғаш болып, Алтын Орда ханына әскери-саяси одақ құру туралы ұсыныс жасайды. Сұлтан Байбарыс Берке ханға алғашқы хатын алан текті сенімді бір саудагер арқылы жібереді.

Сондықтан, аталмыш хат жіберілген жылды, яғни һижраның 569 жылын (1260/1261 ж.) Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың басталған уақыты деуге болады (Rukn al-Dīn Baibars al-Manṣūrī al-Dāwadār, 1998: 70).

Берке хан бұл кезеңде империядағы Құбылай мен Арық Бұға арасындағы қақтығыс салдарынан туындаған саяси жағдайды өз мүддесі үшін шебер пайдаланып, өзінің сыртқы саясатын дербес жүргізуге мүмкіндік алды. Сондай-ақ Берке исламды қабылдап, ислам мәдениетімен танысқан алғашқы моңғол билеушісі болды. Беркенің исламды қабылдауы Алтын Орданың сыртқы саясатындағы маңызды оқиғалардың бірі болды дей аламыз. Өйткені осыдан кейін елдің сыртқы саясаты мұсылман елдерімен одақтас болуға бағытталды.

Ал Беркенің исламды қабылдауын сол заманның мұсылман авторлары «хақ діннің жеңісі» деп бағалады. Ибн Кәсир Мәмлүк мемлекетінің мүддесі тұрғысынан Беркемен одақтастықтың тарихи маңыздылығын былайша түсіндіреді: “Оның [Беркенің – Т.А.] жасаған үлкен істерінің бірі Хулагуды жеңіп, әскерін талқандауы болды. Ол әл-Мәлик әз-Заһирмен [Байбарыспен – Т.А.] дос болып, оны құрметпен, елшілерін қарсы алып, оларға үлкен сыйлықтар беруді жалғастырды” (Ibn Kathīr, 1988: 249).

Ибн Абдуззаһир берген мәліметке қарағанда, Байбарыстың Беркеге жазған хатында Хулагуға қарсы соғысудың қасиетті парыз екенін, егер шынайы мұсылман болса, өз әулетінен болса да кәпірлерге қарсы тұрып, соғысу керектігін айтқан. Бұған Мұхаммед пайғамбардың исламға дұшпандық еткен өз туыстарына қарсы шығып, Құрайыш тайпасымен соғысқанын мысал ретінде келтірген. Байбарыс хатын мынадай сөздермен аяқтайды: “Ислам тек сөзден тұрмайды және жиһад оның тіректерінің бірі.” (Muḥyī al-Dīn ibn Abd az-Zāhir, 1976: 89). Осылайша Ибн Абдуззаһир екі мемлекеттің қарым-қатынасында діни факторды бірінші орынға қояды. Бұл хат Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы дипломатиялық келісімдер кезінде Беркені Хулагуға қарсы соғысқа итермелейтін идеологиялық құрал ретінде пайдаланылды. Мұндай мәндегі хаттар кейінгі кезеңдерде де жолданды.

Ибн Абдуззаһирдің сұлтан Байбарыстың хатшысы болғанын ескерсек, оның бұл мәселеде нақты әрі шынайы мәлімет беру ықтималдығы жоғары екендігін айта кеткеніміз жөн. Өйткені Ибн Абдуззаһир өз дәуірінің маңызды тарихи оқиғаларын жазған еңбегінде мемлекеттік деңгейдегі маңызды құжаттарды пайдаланған, өзі де көптеген саяси оқиғалар мен маңызды келісімдерге куә болған.

Ибн Абдуззаһирдің айтуынша, сұлтан Байбарыс өзінің ресми елшілерін Алтын Ордаға екінші рет һижри 661 жылы мұхаррам айында (15 қараша – 14 желтоқсан 1262 жыл) жіберген. Сұлтан елшілерге «кәпірлерге» қарсы күресте Беркеге жан-жақты көмек көрсетуге уәде бергенін және онымен бірге әрекет етуге дайын екенін айтуды бұйырған. Сонымен қатар сұлтан өз хатында Беркеге жиһадтың қажеттілігін тағы да еске салып, әскерінің күшін түсіндіріп, мұсылман және христиан билеушілерінен өзіне кімдердің бағынғанын, кімдермен жау, кімдермен достық қарым-қатынаста екенін, кімдерге сыйлықтар жіберіп, кімдермен бітімге келгенін егжей-тегжейлі айтқан. Сондай-ақ, елшілерге өзінің қуатты мемлекеттің билеушісі екенін мақтанышпен айтуларын тапсырған (Muḥyī al-Dīn ibn ‘Abd az-Zāhir, 1976: 139–140).

Екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың орнауына әсер еткен басқа маңызды себептердің бірі де Байбарыстың Қыпшақ даласында дүниеге келуі болса керек. Моңғолдардың Қыпшақ даласына жасаған жорықтары кезінде қолға түскендердің Шам мен Мысырға құл ретінде сатылғаны белгілі. Кейіннен Мысырда билікке қол жеткізген мәмлүктердің бірі болған Байбарыс пен одан кейін сұлтан болған Қалауын да Қыпшақ даласынан шыққан еді. Ал әл-Омаридің айтуынша, сол кезеңде Мысыр әскерінің басым бөлігін осы қыпшақ мәмлүктері құраған (Ibn Faḍl Allāh al-‘Umarī, 1971: 146).

Мәмлүк мемлекетімен әскери-саяси одақ құру Алтын Орда үшін де өте тиімді болатын. Өйткені Алтын Орданың ақырында Хулагу мемлекетімен Оңтүстік Кавказ жерлері үшін соғысатыны анық еді. Алтын Орданың Мәмлүк мемлекетімен қарым-қатынасына зерттеу жүргізген Салих Зәкіровтың айтуынша, Берке өзімен соғысқан Хулагуды мұсылмандар алдында кәпір, ал моңғолдар алдында Шыңғыс ясасын бұзды деп айыптаған еді (Zakirov, 1966:

15–16). Беркеден кейін де билік құрған Жошы ұрпақтары Оңтүстік Кавказдан аймағынан бас тартпай, мәмлүктермен одақтастықты жалғастырған.

Хулагумен соғыспақшы болған Берке, моңғолдардың Таяу Шығыс жорығына дайындық жасап жатқан Хулагу әскеріндегі өзіне бағынышты сарбаздардың Алтын Ордаға қайтып оралуын, егер мұны істей алмаса Мысырға өтуін бұйырады. Нәтижеде екі жүз атты сарбаз отбасымен Хулагудың әскерін тастап, Шамға қарай бет алады. Сұлтан Байбарыстың адамдары оларды Дамаскіде қарсы алып, Мысырға жеткізеді. Сұлтан сарбаздарды қонақ еткен соң, өз әскеріне олардың арасынан (көбінесе қыпшақтар болса керек) адам алады. Ислам дінін қабылдағаннан кейін бұл жауынгерлер мәмлүктердің барлық артықшылықтарына ие болып, қызметтерін атқарып, өз орындарына ие болды (Тақи al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 544–545). Мақризидің айтуынша, мәмлүктерге Алтын Ордалық жауынгерлер осыдан кейін де келген. Мысалы олардың 1300 сарбаздан тұратын ең үлкен тобы сұлтан әскеріне 1263 жылы қазан айында келіп қосылған (Тақи al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 560).

Ибн Кәсир хижри 660 (1261/1262) жылы Берке хан мен Хулагу арасында соғыс басталғаннан кейін Берке хан Хулагуға қарсы бірлесіп әрекет ету үшін мәмлүк сұлтаны Байбарыспен хат алыса бастағанын айтады (Ibn Kathīr, 1988: 249). Соның нәтижесінде Берке мен Байбарыстың арасында тұрақты қарым-қатынас орнап, елшілер келіп-кетіп, хат алмасқан. Хаттарында Берке Байбарысқа өзінің ислам дініне адал әрі Алла жолында соғысуға дайын екендігін жеткізеді (Ibn Kathīr, 1988: 238).

Хижри 661 жылдың 1 ражабында (1263 жылы 11 мамырда) Беркенің елшілері әмір Жәлалуддин ибн Қади мен шейх Нұруддин Алиді сарбаздарымен бірге Мысырға аттандырады. Берке елшілерді жоғары лауазымды тұлғалардан таңдап, оларға сұлтанға жазылған хатын табыстайды. Берке хатында сұлтанның амандығын сұрағаннан кейін өз ризашылығын білдіріп, хақ діннің жақтаушысы ретінде мұсылмандардың кек алуы үшін Хулагумен алғашқы соғысы туралы әңгімелейді. Ол Хулагуға екі жақтан қысым көрсету үшін мәмлүк сұлтанынан бір уақытта жорыққа шығуын сұрайды. Рукнәддин Байбарыс берген мәліметке қарағанда, Беркенің әмір Жәлалуддин ибн Қади мен шейх Нұруддин Али бастаған елшілері Мысырға хижри 661 (1262/63) жылы келген. Автордың айтуынша, Алтын Орда ханы жазған хатында өзінің исламға бет бұрғанын былайша түсіндіреді: “Сұлтан менің Алланың сөзін ұлықтау үшін және Исламды берік ұстанғаным үшін қандасым Хулагумен соғысып жатқанымды білсін. Өйткені ол (Хулагу) қарсы шығушы, ал қарсы шығушылар Аллаға және Оның Елшісіне иман келтірмейді” (Rukn al-Dīn Baibars al-Mansūri al-Dāwadār, 1998: 82).

Осылайша екі мемлекет арасында әскери-саяси одақ құрылып, тұрақты қарым-қатынас орнады. Бұл қарым-қатынастардың бір ерекшелігі екі мемлекет билеушілерінің бір-біріне бағалы сыйлықтар жіберуі болды. Әрине, Мәмлүк мемлекеті сый-сияпатының алуан түрлілігі жағынан Алтын Ордадан асып түсті. Ең бастысы, Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар Берке мен Хулагу арасындағы әскери қақтығыстар күшейіп, Алтын Орда әскері жеңіске жеткен кезеңге тұспа-тұс келді. Ал Беркенің жеңістері Мәмлүк мемлекетінің Алтын Ордамен одан әрі тығыз қарым-қатынас орнатуына себепші болды. Сұлтан Байбарыстың бұйрығымен Мекке, Мәдина, Құдыс мешіттерінде Беркенің құрметіне рәсімдер өткізілді, жұма хұтпаларында Беркенің аты аталып, дұғалар оқылды (Muḥyī al-Dīn ibn ‘Abd az-Zāhir, 1976: 174)., (Тақи al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 559).

Елшілер Мысырда болған уақытында сұлтан ұйымдастырған түрлі ойын-сауықтарға қатысып, әр кездесуден кейін мәмлүк сұлтанынан бағалы сыйлықтар алып отырды. Олар қайтып келе жатқанда, елшілер жолға дайындалып, сұлтан олармен бірге әмір Фарисуддин Акуш әл-Масуди мен Шариф Имадуддин әл-Һашимимен бастаған елшілік делегациясын қосып жіберді. Елшілерді шығарып салу алдында халифа уағыз тындауға шақырып, рәсімнен кейін оларға бағалы киімдер кигізді. Сондай-ақ халифа сұлтанның елшілеріне Берке ханға Байбарыстың тақуалығын, жеңістерін, қалың әскерін, даналығын, әділдігін айтуды тапсырды. Алтын Орда ханына жіберілген елшілер мен бағалы сыйлықтарды тиеу үшін арнайы кеме дайындалып, оған теңіз қарақшыларының шабуылынан қорғайтын әскер қосып берілді. Бұл жолы Байбарыс Беркеге халифа Осман тұсында жазылған Құран кітабын жібереді. Бұл

қасиетті кітап алтынмен кестеленген қызыл атласпен қапталып, жібекпен қапталған қара былғары құтыға салынады. Елшілерге Алтын Орда ханы Беркеге жеткізу үшін сұлтан Байбарыстың хатшысы Ибн Абдуззаһирдің қолымен жазылған хат та беріледі. Хатта Құрандағы жиһад туралы аяттар, Мәмлүк мемлекетінің қуаттылығы, Пайғамбар жолымен жүрудің қажеттілігі, мұсылмандардың қажылық орындары, Мысыр әскерлерінің күші және басқа да жайттар баяндалады (Muḥyī al-Dīn ibn ‘Abd az-Zāhir, 1976: 170–174). Елшілік сапары кезінде қажет болатын бір жылдық азық-түлік пен керек-жарақтар дайындалады. Елшілер Мысырдан 661 жылы 17 рамазанда (1263 жылы 27 шілдеде) жөнелтіледі, ал һижри 662 жылдың рамазан айында (27 маусым – 26 шілде 1264 жыл) Сұлтан Байбарыс елшілерді Византия императоры Михаил Палеолог тұтқынға алғаны туралы хабар алады (Muḥyī al-Dīn ibn ‘Abd az-Zāhir, 1976: 174). Алайда көп ұзамай Ноғай бастаған Алтын Орда сарбаздарының араласуымен тұтқыннан босатылған елшілер аман-есен Қырымға жетіп, ол жерден Еділдің төменгі ағысындағы Беркенің сарайына барады (Muḥyī al-Dīn ibn ‘Abd az-Zāhir, 1976: 214–215).

Берке һижри 664 (1266) жылы Илханилермен қақтығыс қызып тұрған кезде қайтыс болды. Беркеден кейін Алтын Орда тағына оның немере бауыры Мөңке Темір отырды. һижри 666 (1267/1268) жылы сұлтан Байбарыс Меңгу Темірге Беркенің қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, таққа отыруымен құттықтады. Сондай-ақ Хулагуге қарсы бірігіп соғысуға шақыруды ұмытпайды (Badr al-Dīn al-‘Aynī, 2010: 18). Мөңке Темір таққа отырғаннан кейін Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар жалғасын тапты. Осы кезеңдегі саяси-дипломатиялық қарым-қатынастардың белсенді түрде жалғасуы екі мемлекеттің де қалыптасқан саяси жағдайға байланысты қуатты одақтасынан айрылғысы келмеуімен байланысты болса керек. Айнидің айтуынша, Мөңке Темір ханның елшілері Мәмлүк сұлтанына һижри 667 (1268/69) жылы келген (Badr al-Dīn al-‘Aynī, 2010: 39). Мөңке Темір хан екінші рет жіберген елшілер туралы көптеген авторлар әр түрлі мәліметтер келтірген. Бұл мәселеге қатысты Муфаддал қалдырған деректерге қарағанда, елшілер һижри 670 (1271/1272) жылы сұлтан Дамаскіде болған кезде келген (Al-Mufaḍḍal ibn Abi al-Faḍā’il, 2017: 190). Зәһәби Мөңке Темірдің елші жіберудегі мақсатын былай деп түсіндіреді: «Тоғанның ұлы Мөңке Темір Абақаны жеңу үшін сұлтаннан көмек сұрады» (Shams al-Dīn al-Dhahabī, 1999: 65). Муфаддалдың айтуынша, Мөңке Темір ханның елшілері әкелген хатта Илханилер басып алған барлық мұсылман жерлері көрсетіліп, оларды қайтарып алу үшін сұлтаннан Илханилерге қарсы соғысуға көмектесуі сұралған (Al-Mufaḍḍal ibn Abi al-Faḍā’il, 2017: 190). Осылайша, Мөңке Темір хан Беркенің сыртқы саясатын жалғастырып, Беркенің уәдесін орындайтынын мәлімдеп, сұлтанға бұл жерлер әлі де мұсылмандардың қолында емес екенін, шешуші әрекет жасау қажет екенін айтады. Сұлтан Байбарыс 671 / 1272–1273 жылы елшілері арқылы Алтын Орда ханы Мөңке Темірге өз жауабын жолдаған. Сонымен қатар, сұлтан Байбарыс Мөңке Темірге арнайы дайындаған сыйлықтарын жібереді (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 82) Мысыр тарихшыларының деректерінде сұлтан Байбарыстан кейінгі кезеңде Мөңке Темірдің жіберген елшілері туралы айтылмаған, бірақ Мақризи қалдырған дерекке қарағанда, һижри 674 (1275/1276) жылы Мәмлүк сұлтаны әмір Иззуддин Айбек әл-Фахридің жетекшілігінде өз елшілерін Алтын Ордаға жіберген. Бұл жолы да сұлтан әдеттегідей елшілері арқылы Алтын Орда ханына түрлі сыйлықтар жібереді (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 94). 1277 жылы Байбарыс сұлтан қайтыс болып, орнына ұлы Береке хан (1277–1279) отырды. Бұдан кейін жіберілген елшілер туралы мәліметтерде сұлтанның өз елшілері Шәмсуддин Сұңқар әл-Ғутми мен Сәйфуддин Балабанды һижри жылы 679 (1280) жылы раби әл-әууәл айында теңіз арқылы жібергені ғана айтылады (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 129). Елшілер һижри 680 жылы (17 қыркүйек – 15 қазан 1281 жылы) жумади әл-ахир айында Алтын Ордаға келгенде Мөңке Темір қайтыс болады. Сондықтан сұлтан жіберген сыйлықтар таққа енді ғана отырған Туда Мөңкеге беріледі. Туда Мөңке хан сұлтанның жіберген сыйлықтар мен хатын әкелген елшілерді жақсы қарсы алады (Rukn al-Dīn Baibars al-Manṣūri al-Dāwadār, 1998: 228) 681 жылдың рамазан айында әмір Шәмсуддин Сұңқар әл-Ғутми бастаған елшілік делегациясы Мысырға оралады (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 162).

Туда Мөңке билікке келгеннен кейін көп ұзамай Мысырға елшілерін жібереді. Елшілер ханның моңғол тілінде жазылған хатын сұлтанға жеткізеді. Хатта Туда Мөңке һижри 682 жылы (1283/1284) таққа отырғанын және исламды қабылдағанын хабарлайды. Хатында хан Мысыр сұлтанынан өзіне мұсылмандық есім беруді және дін дұшпандарына қарсы жорықта қолдану үшін халифа мен сұлтанның туын беруін сұрайды (Тақи al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 174–175). Сондай-ақ Туда Мөңке сұлтанның елшілерінің қажылыққа баруына көмектесуін сұрайды, мәмлүк сұлтаны да бұл өтінішті орындады. Сұлтанның жомарттығының арқасында елшілер Меккеге барып, қажылық парызын өтейді. Олар қажылықтан оралған соң, мәмлүк сұлтаны Туда Мөңке ханға хат жазып, үлкен құрметпен Алтын Ордаға елшілерді аттандырады (Rukn al-Dīn Baibars al-Mansūri al-Dāwadār, 1998: 234), (Тақи al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 175). Рукнуддин Байбарыстың айтуынша, мәмлүк сұлтаны Қалауын дәл сол жылы Алтын Ордаға Сәйфуддин Балабан әл-Халәби әл-Кәбир мен Музаффаруддин Мұса ибн Нәмриш бастаған елшілік делегациясын жіберген (Rukn al-Dīn Baibars al-Mansūri al-Dāwadār, 1998: 239).

686 (1287–1288) жылы Мамлюк сұлтаны Қалауын Қырымда мешіт салуға 2 мың динар ақша мен бағалы сыйлықтар жібереді. Тіпті, осы мешітті салу үшін арнайы шеберлерді де жіберген (Тақи al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 200). Дәл осы жылы Алтын Орда тағына Туда Мөңке ханның немере інісі Төле Боға отырды. Төле Боғаның тұсында (1287/1288) Алтын Орда мен Мысыр арасында елшілік қарым-қатынастар болмаған сияқты. Өйткені екі тараптың бір-біріне елші жібергені туралы қолда бар дереккөздерде ешқандай мәлімет жоқ.

Төле Боғаның орнына Ноғайдың көмегімен таққа отырған Тоқта ханның (1290–1312) алғашқы 14 жылында (1290–1304) да Мысыр мен Алтын Орда арасында өзара елшілер жіберу де, хат алмасу да болмаған сияқты. Өйткені бұл кезеңдегі қарым-қатынастар туралы тарихи деректерде ешқандай мәлімет кездеспейді. Мәмлүк мемлекетімен ұзақ уақыт бойы (17 жыл, 1287–1304 жылдар аралығы) дипломатиялық қатынастың болмау себебін Ноғай өлгенше (1299/1300 ж.) созылған Алтын Ордадағы таққа таластары мен ішкі қақтығыстарының кері әсері деп есептеуге болады. Алайда екі мемлекет арасында саяси қарым-қатынастың жоқтығына қарамастан, Мәмлүк сұлтандары Алтын Ордадағы саяси оқиғалардан үнемі хабардар болып отырған. Мысыр тарихшылары Алтын Орданың ішкі тұрақсыздыққа қатысты оқиғалар туралы құнды деректер келтірген. Рукнеддин Байбарыс әсіресе Алтын Орда ханы мен Ноғай арасындағы күрес туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді жазып қалдырған (Rukn al-Dīn Baibars al-Mansūri al-Dāwadār, 1998: 285–286). Тарихи деректерде келтірілген мәліметтерді салыстыра отырып қарасақ, Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың біршама уақытқа үзілуі екі мемлекет арасындағы орын алған қандай да бір мәселелерден емес, Алтын Ордадағы тақ таласынан туындаған деп айтуға болады. Сондықтан Алтын Ордадағы ішкі қақтығыстар аяқталғаннан кейін Мысырмен дипломатиялық қатынастар қайта жанданған.

Сондай-ақ осы кезеңдегі Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың идеологиялық ерекшеліктеріне де біршама назар аудару қажет. Екі мемлекет одақ құруға бірдей күш салды. Осы кезеңге дейін екі мемлекет арасындағы хаттарында ислам бірлігі идеясын алға тартылды, бір-бірін кәпірлерге, яғни Илханилерге қарсы жиһад жасауға шақырды. Бұл түсінікті, өйткені одақтас мемлекеттердің билеушілері ислам дінін ұстанушы еді, ал олардың жаулары Илханилер мұсылман емес еді. XIII ғасырдың аяғы мен XIV ғасырдың басында бұл жағдай өзгерді. 1295 жылы Хулагу әулетінен Илханилер тағына отырған Ғазан мұсылман болды. Осылайша, жиһад жасауға шақыру өзінің маңыздылығын жоғалтып, одақтастардың Илханилерге қарсы қолданатын негізгі идеологиялық құралы болудан қалды.

Алтын Ордадағы тақ таласында жеңіске жеткен Тоқта хан билікті өз қолына алғаннан кейін мемлекеттің сыртқы істерімен айналыса бастайды. 1303 жылы Тоқта хан Илханилер билеушісі Ғазан ханнан Азербайжан мен Арран аймағынан толығымен өзіне беруін талап етіп, елшілерін жібереді. Ғазан хан бұған келіспейді. Осыған байланысты Тоқта хан өзінің ескі одақтасы Мәмлүк сұлтанына жүгінуді ұйғарады. Муфаддал қалдырған деректерге қарағанда,

Тоқта ханның елшілері бағалы сыйлықтар мен құлдарды алып, хижри 704 (1304/1305) жылы теңіз арқылы Александрияға жеткен. Тоқта хан сұлтанға жазған хатында Илханилер билеушісі Олжайтудан Хорасаннан Тебризге дейінгі жерлерді беруін талап еткенін, әйтпесе оларға қарсы соғысуға аттанатынын айтқанын баяндайды. Тоқта хан хатында: «Сіз бен біз оны (Олжайтуды – Т.А.) сол жерден қуу үшін бірігейік. Аттарыңыз жеткен жерлерді сіздер алыңыздар, біз алған жерлер біздікі болсын», – дейді (Al-Mufaddal ibn Abi al-Faḍā'il, 2017: 443). Алайда Мәмлүк сұлтаны әл-Малик ән-Насыр Мұхаммед ибн Қалауын Тоқта ханға арнайы сыйлықтар жіберіп, Алтын Орда ханының Илханилерге қарсы бірігіп шабуыл жасау туралы ұсынысынан бас тартады. Мұның себебін ол «бұрынғы жауларымен бітімге келгендіктерімен» деп түсіндіреді (Taḳī al-Dīn al-Maḳḡīzī, 1997: 379).

Мәмлүк сұлтаны Алтын Ордамен бірігіп, Илханилерге қарсы соғысудан бас тартса да, белгілі бір уақыттан кейін, яғни хижри 708 (1308/1309) жылы ол өз шешімін өзгертуге мәжбүр болады. Өйткені Мәмлүк барлаушылары Дамаск аймағында Илханилер өз әскерін шоғырландырып жатқанын байқайды. Сондықтан сұлтан олар қарсы тұру үшін соғысқа дайындық жасай бастайды. Алайда бұл кезде Илханилер Алтын Орда әскерімен соғысып, жеңіліске ұшырағандықтан Шам аймағына жорығын тоқтатуға мәжбүр болады (Zakirov, 1966: 70). Осылайша, Мәмлүк мемлекеті екі моңғол мемлекеті арасындағы соғыстың арқасында шабуылдан құтылады. Алтын Орда мен Илханилер арасындағы бұл соғыс хижри 708 жылы раби әл-ахир айында (1308 жылдың 18 қыркүйек – 16 қазан арасы) болған (Rukn al-Dīn Baibars al-Manṣūri al-Dāwadār, 1998: 402).

Мәмлүк сұлтаны хижри 714 (1313/1314) жылы Тоқта хан қайтыс болып, оның орнына Өзбек хан отырғаны жайлы хабарды алады (Taḳī al-Dīn al-Maḳḡīzī, 1997: 496–497). Сол кезеңдегі мәмлүк тарихшылары Алтын Орданың жаңа ханы Өзбекке көп тоқталып, оның мұсылман билеушісі ретіндегі жеке қасиеттері мен істерін мақтанышпен жазып қалдырған. Өзбек хан алдымен ішкі саясатта бүлік тудырған адамдарды жазалап, мемлекеттің ішкі жағдайын жақсартқаннан кейін Мәмлүк мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынасын жандандыруды қолға ала бастайды.

Ән-Нуэйридің айтуынша, Алтын Орда елшілері хижри 713 жылдың зулхиджа айында (19 наурыз – 16 сәуір 1314) Мәмлүк сұлтаны әл-Мәлик ән-Насыр Мұхаммед ибн Қалауынның сарайына келген және сұлтанға көптеген сыйлықтар әкелген. Өзбек хан хатында өзінің Алтын Орда тағына отырғанын және исламды қабылдамаған кейбір қарсыластарын жойып, кейбіреулерін құлдыққа түсіргенін баяндайды. Сондай-ақ Мәмлүк сұлтанына ислам дінінің Қытайдан Батыс мемлекеттерінің шекарасына дейін тарағанын қуанышпен хабарлайды (Shihāb al-Dīn al-Nuwayrī, 2004: 253).

715 жылдың 3 жумади әл-ахирада (1315 жыл 4 қыркүйекте) Өзбек ханның елшілері Мысырға қайта келеді. Мәмлүк сұлтаны оларды қарсы алып, үлкен құрмет көрсетеді. Алтын Орда елшілері қайтатын кезде Мәмлүк сұлтаны өз елшілерін оларға қосып жібереді (Taḳī al-Dīn al-Maḳḡīzī, 1997: 503).

716 (1316/1317 ж.) жылы Мәмлүк сұлтанының сарайына әр түрлі мемлекеттерден сегіз түрлі елшілік делегациясы келеді, олардың арасында Өзбек ханның елшілері де болған. Әл-Мақризиді мұндай оқиғаның түрік мемлекеттерінде бұрын соңды болмағанын айтады (Taḳī al-Dīn al-Maḳḡīzī, 1997: 517). Сол жылы Мәмлүк сұлтанның Алааддин Айдоғду әл-Хорезми бастаған елшілері Алтын Ордаға жіберіледі. Алтын Ордаға жіберілген Мәмлүк сұлтанының елшілері 717 жылдың рамазан айында (1317 жылдың қараша-желтоқсан айлары) Өзбек ханның елшілерімен бірге оралады (Taḳī al-Dīn al-Maḳḡīzī, 1997: 525).

Бұл кезеңде Алтын Орда мен мәмлүктердің қарым-қатынасы әр салада дамыды. Алтын Орда мен мәмлүктердің ұзақ жылдарға созылған қарым-қатынасы туыстық қатынасқа ұласты. Өзбек хан басқа елдердің билеушілерімен туыстық қатынас арқылы одақ құру саясатын ұстанған еді. Ибн Баттутаның айтуынша, Өзбек ханның әйелдерінің бірі Византия билеушісінің қызы болған (Ibn Baṭṭūta, 1987: 342). Алтын Орданың хан әулетімен туыстық қатынас құру туралы ұсынысты Мәмлүк сұлтаны жасағанда Өзбек хан мұны құптайтынын және қолдайтынын мәлімдейді. 1319 жылы қалыңдық Тулунбия және онымен бірге арнайы

елшілік делегациясы Мысырға аттанады. Делегация хижри 720 жылы раби әл-әууәл айында (1320 жылдың 11 сәуір – 10 мамыр айлары) хан әулетінің қызын Мәмлүк сұлтанына аман-есен жеткізеді (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 25, Т:3). Мәмлүк мемлекеті Тулунбияны ханшаны салтанатпен қарсы алады. Келінге арнайы үй тігіліп, сый-сияпат жасалды. Неке рәсімі жасалады. Өзбек ханның елшілері өздеріне жүктелген міндетті толық орындап, сұлтанның бағалы сыйлықтарын алып Алтын Ордаға оралады (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 26, Т:3).

1321 жылы Өзбек хан сұлтанға хат жолдап, оған илханилерге қарсы соғыста өз жағында қатысуды ұсынады. Өзбек хан сұлтаннан бұл күресте өз мақсатына жетуге көмектесуін сұрайды, тіпті талап етеді. Алай Мәмлүк сұлтаны бұл ұсынысқа немқұрайлы қарайды (Al-Ramzī, 2002: 508). Өйткені бұл кезеңде Мәмлүк сұлтаны бір жағынан Жошы әулетімен туыстық қатынас орнату арқылы достық байланысын нығайтуға тырысса, екінші жағынан сол кезде исламды қабылдаған илханилер билеушісі Әбу Саидпен сауда келісімдерін жасаған болатын.

Мәмлүк сұлтаны әл-Малик ан-Насирдің Өзбек ханға әскери көмек көрсетпеуінің нақты себептерін айту қиын. Сонымен қатар, Мысыр сұлтанының бұл саяси қадамы сол кездегі сұлтандық үшін ішкі қайшылықтар салдарынан әлсіреген Илханилер мемлекетінің Мәмлүк мемлекетіне аса үлкен қауіп төндіреуімен байланысты екенін ескермеуге болмайды.

Мәмлүк тарапы Алтын Ордаға әскери көмек көрсетпеу себебін Илханилер билеушісінің исламды қабылдауымен түсіндірді. Билеушілердің бір-біріне жазған хаттарынан Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың салқындағанын, әскери-саяси одақтың маңызының төмендегенін аңғаруға болады. Мұның ең маңызды себебі – Мәмлүк, Алтын Орда және Илханилер үштігі арасындағы ескі жағдайлардың өзгеруі. Өйткені Әбу Саид қайтыс болғаннан кейін (736 ж. / 1335 ж.) Илханилер мемлекеті іс жүзінде өмір сүруін тоқтатқан болатын.

Өзбек хан хижри 742 жылы (1341/1342) дүниеден өткен соң, ұлы Жәнібек таққа отырғанда Мысырға өз елшілерін жібереді. Қара Бахадур бастаған елшілер хижри 743 (м. 1342/1343) жылы Мысырға келеді. Жәнібек хан Мәмлүк сұлтанына бейбіт келісім жасауды ұсынған хатын жібереді (Al-Ramzī, 2002: 526). Жәнібек ханның бұл «бейбіт келісім ұсынысының» мақсаты не екені белгісіз. Жәнібек хан тұсында Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасында Берке мен Өзбек хандар заманындағыдай белсенді дипломатиялық қатынас болған жоқ. Мұның себебін илханилердің әлсіреуі мен ыдырауымен түсіндіруге болады. Сонымен қатар 1346–1353 жылдар аралығында Батыс пен Шығыс халықтарына үлкен шығын әкелген оба індетінің таралуы да бұл қарым-қатынасқа әсер етті деп айтуға болады. Қауіпті індет Алтын Орда мемлекетінің басқа елдермен қарым-қатынас орнатуына белгілі бір дәрежеде кедергі болса керек.

Жошы ұрпақтарының ең басыннан бері армандап, өз иеліктеріне Әзірбайжан жерін қосып алу тілегі Жәнібек ханның тұсында жүзеге асты. 1357 жылы Жәнібек хан Әзірбайжанға жорық ұйымдастырып, Тебризді басып алады. Алтын Орда ханы бұл хабарды Мәмлүк сұлтанына дереу жеткізеді. Хабарды жеткізу үшін сұлтанға жіберілген елшілік 758 (1357) жылы жазда Мысырға жетеді. Жәнібек хан хатында Әзірбайжан билеушісі әл-Мәлик әл-Әшрәфты жеңіп, елшілері арқылы сұлтанға құлдар мен бағалы сыйлықтар жібергенін айтады. Алтын Орда елшілерін Мәмлүк сұлтаны үлкен құрметпен және салтанатпен қарсы алды, ал мәмлүк әмірлерінің сарбаздары тіпті елшілерді қарсы алу үшін үлкен салтанатты қарсы алу рәсімін ұйымдастырады (Тақі al-Dīn al-Maqrīzī, 1997: 231–232).

Мәмлүк сұлтаны елшілер арқылы Алтын Орда ханына болған кейбір жағымсыз оқиғаларды ұмытып, достық қарым-қатынасты жандандыруды ұсынады. Бірақ бұл ұсынысқа Жәнібек ханның жауап беруге мүмкіндігі болмады. Ауыр дертке шалдыққан Жәнібек хан баласы Бердібекті Тебризге өкіл етіп тағайындап, Алтын Ордаға оралғаннан кейін қайтыс болады (Al-Ramzī, 2002: 532). Жәнібек хан қайтыс болғаннан кейін Мәмлүк мемлекетімен қарым-қатынас ұзақ уақытқа үзілді. Өйткені, осы кезеңде Алтын Ордада 20 жылға созылған ішкі соғыстар орын алды. Алтын Ордадағы саяси аласапыранда мемлекеттің басқа елдермен қарым-қатынасы оның сыртқы саясатындағы екінші кезектегі маңызды мәселе болып, бұл

қатынастар кейінге қалдырылғаны белгілі. Бұл кезеңде ішкі алауыздықтан әлсіреген Алтын Орда мемлекеті Таяу Шығыстағы үлкен саясатқа араласып, Мәмлүк мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас орнататын жағдайда емес еді (Zakirov, 1966: 92).

Саяси аласапыран заманында үзілген саяси-дипломатиялық қарым-қатынастар Тоқтамыс хан Алтын Орда тағына отырған кезеңде қайта жалғасты. 1384–1386 жылдар аралығында Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекетінің арасында бірнеше елшілік делегациялары келіп-кетіп тұрды. Бұл кезеңде Тоқтамыс хан Мәмлүк сұлтанына Әмір Темірге қарсы әскери одақ құруды ұсынады (Al-Ramzī, 2002: 557–559). Алайда бұл мәселе бойынша жасалған әрекеттер нәтижелі болмады.

Қорытынды

Алтын Орда мен Мысыр Мәмлүк мемлекеті ұзақ жылдар бойы әскери-саяси одақ құрып, бір-бірімен үнемі байланыста болуына көптеген факторлар түрткі болды. Біріншіден, екі елдің де ортақ саяси жаулары болды. Беркеден бастап екі ел илханилерге қарсы бірігіп, күрес жүргізді. Бұл жерде айта кететін жайт, орта ғасырларда идеологиялық саясатта діннің рөлі үлкен болды. Хулагуға қарсы тұру үшін мәмлүк сұлтандары «жиһадқа шақыру» сияқты тиімді идеологиялық әдісті қолданып, Алтын Орда хандарын бірігіп күресуге шақырды. Алайда, Хулагу әулетінен шыққан билеушілер XIV ғасырдың басында исламды қабылдағаннан кейін соғыстың идеологиялық негіздемесі өзгерді. Осылайша Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасындағы әскери одақтастық илханилер исламды қабылдағанға дейін жалғасты. Демек, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынаста дін факторының қаншалықты маңызды екенін осы жағдайдан-ақ түсінуге болады. Илханилер мемлекеті ыдырап, әскери одақтастық тоқтағанымен Алтын Орда мен Мәмлүк мемлекеті арасында ұзақ жылдар бойы дипломатиялық және сауда байланыстары үзілмеді, әр кезеңде қарым-қатынастарды жандандыруға әрекеттер жасалды.

Әдебиеттер тізімі

- ابن الأثير. الكامل في التاريخ. بيروت: دار الكتب العلمية، 2003. ج 10. - ص.
 ركن الدين بيبرس المنصوري الدوادار. زبدة الفكرة في تاريخ الهجرة. بيروت، 1998. - 488 ص.
 ابن كثير. البداية والنهاية. بيروت: مكتبة المعارف، 1988. ج 13. - 371 ص.
 محيي الدين بن عبد الظاهر. الروض الزاهر في سيرة الملك الظاهر. الرياض، 1976. - 519 ص.
 ابن فضل الله العمري. مسالك الأبصار في ممالك الأمصار. بيروت: دار الكتب العلمية، 1971. ج 3. - ص.
 تقي الدين المقرئ. السلوك لمعرفة دول الملوك. بيروت: دار الكتب العلمية، 1997. ج 1. - 566 ص.
 بدر الدين العيني. عقد الجمان في تاريخ أهل الزمان. القاهرة: دار الكتب والوثائق القومية، 2010. ج 2. - 415 ص.
 المفضل بن أبي الفضائل. النهج السديد والدر الفريد فيما بعد تاريخ ابن العميد. دمشق: دار سعد الدين، 2017. 912 ص.
 شمس الدين الذهبي، تاريخ الإسلام ووفيات المشاهير والأعلام. بيروت: دار الكتاب العربي، 1999. ج 49. - 442 ص.
 تقي الدين المقرئ. السلوك لمعرفة دول الملوك. بيروت: دار الكتب العلمية، 1997. ج 2. - 533 ص.
 شهاب الدين النويري. نهاية الإرب في فنون الأدب. بيروت: دار الكتب العلمية، 2004. ج 27. - 303 ص.
 ابن بطوطة. رحلة ابن بطوطة تحفة النظر في غرائب الأمصار وعجائب الأسفار. - بيروت: دار إحياء العلوم، 1987. - 799 ص.
 تقي الدين المقرئ. السلوك لمعرفة دول الملوك. بيروت: دار الكتب العلمية، 1997. ج 3. - 432 ص.
 م.م الرمزي. تليفق الأخبار وتلقيح الآثار في وقائع قازان وبلغار وملوك التتار. بيروت: دار الكتب العلمية، 2002. ج 1. - 736 ص.
 تقي الدين المقرئ. السلوك لمعرفة دول الملوك. بيروت: دار الكتب العلمية، 1997. ج 4. - 398 ص.

Закиров, 1966 — *Закиров С.* Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом (XIII–XIV вв.). Москва, Издательство «Наука», Главная редакция восточной литературы, 1966. 160 с.

References

- Abd az-Zāhir, 1976 — *Muhyī al-Dīn ibn Abd az-Zāhir*. al-Rawḍ al-zāhir fī sirāt al-Malik al-Zāhir [The Garden of the Visible in the Biography of al-Malik al-Zahir]. Riyadh, 1976. 519 p. (In Arabic).
 Al-Maqrīzī, 1997 — *Taqī al-Dīn al-Maqrīzī*. al-Sulūk li-Maʿrifat Duwal al-Mulūk [The Path to Knowledge of Dynasties and Kings]. Beirūt: Dār al-kutub al-ʿIlmīyah, 1997. Vol. 1. 566 p. (In Arabic).
 Al-Maqrīzī, 1997 — *Taqī al-Dīn al-Maqrīzī*. al-Sulūk li-Maʿrifat Duwal al-Mulūk [The Path to Knowledge of Dynasties and Kings]. Beirūt: Dār al-kutub al-ʿIlmīyah, 1997. Vol. 2. 566 p. (In Arabic).
 Al-Maqrīzī, 1997 — *Taqī al-Dīn al-Maqrīzī*. al-Sulūk li-Maʿrifat Duwal al-Mulūk [The Path to Knowledge of Dynasties and Kings]. Beirūt: Dār al-kutub al-ʿIlmīyah, 1997. Vol. 3. 566 p. (In Arabic).
 Al-Maqrīzī, 1997 — *Taqī al-Dīn al-Maqrīzī*. al-Sulūk li-Maʿrifat Duwal al-Mulūk [The Path to Knowledge of Dynasties and Kings]. Beirūt: Dār al-kutub al-ʿIlmīyah, 1997. Vol. 4. 566 p. (In Arabic).
 Al-Mufaḍḍal, 2017 — *Al-Mufaḍḍal ibn Abi al-Faḍāʿil*. al-Nahdj al-saḍīd wa-l-durr al-farīd fimā baʿd Taʾrīkh Ibn

al-Amīd [The sound approach and the unique insight into the history of Ibn al-Ameed]. Damascus: Dār Sa'd al-Dīn, 2017. 912 p (In Arabic).

Al-Nuwayrī, 2004 — Shihāb al-Dīn al-Nuwayrī. Nihāyat al-arab fī funūn al-adab [The Ultimate Ambition in the Arts of Erudition]. Beirūt: Dār al-kutub al-‘Ilmīyah, 2004. Vol. 27. 303 p. (In Arabic).

Al-Ramzī, 2002 — M.M Al-Ramzī. Talfīq al-akhbār wa-talqīh al-āthār fī waqā’i’ Qāzān wa-Bulghār wa-mulūk al-Tatār [Collection of information from past events of Kazan, Bulgar and Tatar kings]. Beirūt: Dār al-kutub al-‘Ilmīyah, 2002. Vol. 1. 736 p. (In Arabic).

Al-Umarī — *Ibn Faḍl Allāh al-Umarī*. Masālik al-abṣār fī mamalik al-amṣār [Path of views across states with major cities]. Beirūt: Dār al-kutub al-‘Ilmīyah, 1971. Vol. 3. (In Arabic).

Athīr, 2003 — Ibn al-Athīr. al-Kāmil fī t-tārīkh [The Complete History]. Beirut: Dār al-kutub al-‘Ilmīyah, 2003. Vol. 10. (In Arabic).

Aynī, 2010 — *Badr al-Dīn al-‘Aynī*. ‘Iqd al-jumān fī tārīkh ahl al-zamān [(A Pearl Necklace in the History of the People of the Time)]. Cairo: Dār al-kutub wā al-wathā’iq al-qawmīyah, 2010. Vol. 2. 415 p. (In Arabic).

Baṭṭūta, 1987 — *Ibn Baṭṭūta*. Riḥlat Ibn Baṭṭūta. Tuḥfat an-Nuzzār fī Gharā’ib al-Amṣār wa ‘Ajā’ib al-Asfār [The Travels of Ibn Battuta. A Masterpiece to Those Who Contemplate the Wonders of Cities and the Marvels of Travelling]. – Beirut: Dār Iḥyā’ al-‘Ulūm, 1987. 799 p. (In Arabic).

Kathīr, 1988 — *Ibn Kathīr*. Al-Bidāya wā l-nihāya [The Beginning and the End]. Beirut: Maktabat al-Ma‘ārif, 1988. Vol. 13. 371 p. (In Arabic).

Rukn al-Dīn Baibars, 1998 — *Rukn al-Dīn Baibars al-Manṣūri al-Dāwadār*. Zubdat al-fikra fī tārīkh al-hijra [Cream of thought concerning the history according to the Hijra]. Beirut, 1998. 448 p. (In Arabic).

Shams, 1999 — *Shams al-Dīn al-Dhahabī*. Tārīkh al-Islām wa-wafayāt al-mashāhīr wa-al-a'lām [The history of Islam and the deaths of famous figures]. Beirūt: Dār al-kitāb al-‘Arabī, 1999. Vol. 49. 442 p. (In Arabic).

Zakirov, 1966 — *Zakirov S.* Diplomaticcheskie otnoshenija Zolotoj Ordy s Egiptom (XIII–XIV vv.) [Diplomatic relations of the Golden Horde with Egypt (XIII–XIV centuries)]. M.: Izdatel'stvo «Nauka», Glavnaja redakcija vostochnoj literatury, 1966. 160 p. (In Russ.).


ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 709-726, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_709-726

**ARCHIVAL MATERIALS AS A SOURCE FOR STUDYING LAND CONFLICTS
IN NORTHERN KAZAKHSTAN IN THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES (BASED
ON DOCUMENTS FROM THE CENTRAL STATE ARCHIVES OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN)**

Baigabatova Nazgul Kazhimuratovna¹, Ishkalova Gulbanu Ismagulovna^{2*}

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov
(187A, Zhansugurov Str., 040000 Taldykorgan, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor (Docent)
 <https://orcid.org/0000-0001-6228-4043>. E-mail: bnk1606@mail.ru

²Zhetysu University named after I. Zhansugurov
(187A, Zhansugurov Str., 040000 Taldykorgan, Republic of Kazakhstan)
PhD
 <https://orcid.org/0000-0001-5135-0893>. E-mail: ishkalova0703@mail.ru

*Corresponding Author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Baigabatova N.K., Ishkalova G.I., 2025

Abstract. *Introduction.* Land relations in Northern Kazakhstan in the late 19th and early 20th centuries represent a complex issue in the political and socio-economic history of Kazakhstan during the colonial period. The resettlement policy and administrative reforms carried out by the Tsarist government disrupted the traditional Kazakh system of land use. In the context of current geopolitical conditions, where territorial integrity and land ownership have become matters of both domestic and foreign policy, the study of land relations gains particular relevance. *Purpose and Objectives of the Study.* Scientific analysis of the features of colonial land relations and legal restrictions in Northern Kazakhstan in the late 19th and early 20th centuries based on documents from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, as well as the introduction of these documents into scientific circulation. *Materials and Methods.* This article applies both general scientific and specific historical methods. In particular, the historical-comparative method, systematic analysis, and text analysis techniques enable a comprehensive understanding of the legal and social aspects of land relations under colonial conditions. In processing the data, archival research, historical-legal analysis, and economic analysis were employed. *Results.* During the study, various types of archival documents related to land relations were identified: legislative acts of the Tsarist government on land issues; documents on land leasing, land disputes, and settlement of migrants; materials on geographical names; documents reflecting the Kazakhs' attitude towards land policies and the leasing of plots for the extraction of mineral resources. These data demonstrate that the Russian Empire viewed Kazakh lands not only as a military and resettlement resource but also as a strategic space for the exploitation of natural wealth. The intensification of land conflicts led to the Kazakhs becoming not a people “without land”, but rather a people “without the right to land”.

Nevertheless, their efforts to preserve traditional land rights through filing complaints and expressing disagreement with administrative decisions are evident. *Conclusion.* The Central State Archive of the Republic of Kazakhstan holds valuable documents for a comprehensive study of land relations in Northern Kazakhstan during the colonial period, forming a source-based foundation for future historical and legal research.


Keywords: Northern Kazakhstan, land relations, archival documents, leasing, resettlement, colonial policy, land use


Acknowledgements. Source of financing: The article was supported by the program-targeted funding of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the project BR24993047 “Modern Challenges in the Regulation of Land Relations: Historical and Legal Analysis” (contract number 418-PTF-24–26).

For citation: Baigabatova N.K., Ishkalova G.I. Archival materials as a source for studying land conflicts in Northern Kazakhstan in the 19th – early 20th centuries (based on documents from the CSA RK) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 709–726. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_709-726

XIX–XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫН ЗЕРТТЕУДЕ АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ ДЕРЕК РЕТІНДЕ (ҚР ОМА ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Байғабатова Назгуль Кажимурадовна¹, Ишкалова Гульбану Исмагуловна^{2*}

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(187А-үй, Жансүгіров көш., 040000 Талдықорған, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)
 <https://orcid.org/0000-0001-6228-4043>. E-mail: bnk1606@mail.ru

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(187А-үй, Жансүгіров көш., 040000 Талдықорған, Қазақстан Республикасы)
PhD
 <https://orcid.org/0000-0001-5135-0893>. E-mail: ishkalova0703@mail.ru

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Байғабатова Н.К., Ишкалова Г.И., 2025

Аңдатпа. *Kipicne.* XIX–XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастары – Қазақстанның отарлық кезеңдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихының күрделі мәселесі болып табылады. Патша үкіметінің жүргізген қоныс аудару саясаты мен әкімшілік қайта құрулары қазақ дәстүрлі жер пайдалану жүйесін бұзды. Қазіргі геосаяси ақиқатта аймақтық тұтастық, ішкі және сыртқы саясатта жерге иелік ету басты нысан болған жағдайда жер қатынастарын зерттеу маңызды. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.* Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар негізінде XIX–XX ғасырдың басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарының отарлық сипатын талдау және оларды ғылыми айналымға енгізу. *Материалдар мен әдіс-тәсілдері.* Мақалада жалпығылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылған. Атап айтсақ, тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау және мәтіндерді талдау әдістері жер қатынастарының отарлық сипаттағы құқықтық және әлеуметтік аспектілерін толық ашуға мүмкіндік береді. Деректерді өңдеуде архивтік зерттеу, тарихи-құқықтық талдау, экономикалық талдау қамтылған. *Нәтижелер.* Зерттеу барысында жер қатынастары бойынша архив құжаттарының түрлері анықталды: патшалықтың жерге қатысты заңдық актілері; жалға беру, жер даулары, қоныс аударушыларды жерге орналастыру бойынша, жер-су атауларына қатысты, қазақтардың жер саясатына қатынасы және пайдалы қазбаларды игеру үшін жалға беру туралы құжаттар. Осы

деректер Ресей империясының қазақ жерлерін әскери мақсат және қоныс аудару үшін ғана емес, сонымен қатар табиғи ресурстар көзі ретінде де стратегиялық кеңістікке айналдыруын дәлелдейді. Жер қатынастарының шиеленісуі нәтижесінде қазақ «жері жоқ» емес, «жерге құқығы жоқ» халыққа айналғанын көрсетті. Дегенмен қазақтардың шағым жазу, әкімшілік шешімдерге қарсылық білдіру арқылы жерге деген дәстүрлі құқықтарын сақтап қалуға ұмтылысы байқалады. *Қорытынды.* Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві Солтүстік Қазақстандағы отарлық кезеңдегі жер қатынастарын кешенді зерттеуде құнды мәліметтерге ие және болашақ тарихи-құқықтық зерттеулер үшін деректік негіз қалыптастырады.


Түйін сөздер: Солтүстік Қазақстан, жер қатынастары, архив құжаттары, қоныс аудару, отарлау саясаты, жер пайдалану


Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жер қатынастарын реттеудегі заманауи сын-қатерлер: тарихи-құқықтық талдау» тақырыбындағы BR24993047 бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруды іске асыру шеңберінде орындалды (келісімшарт № 418-МҚБ-24–26).

Дәйексөз үшін: Байгабатова Н.К., Ишкалова Г.И. XIX–XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарын зерттеуде архив материалдары дерек ретінде (ҚР ОМА құжаттары негізінде) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 709–726 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_709-726

АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ КАК ИСТОЧНИК ИЗУЧЕНИЯ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ В XIX – НАЧАЛЕ XX В. (НА ОСНОВЕ ДОКУМЕНТОВ ЦГА РК)

Байгабатова Назгуль Кажимуратовна¹, Ишкалова Гульбану Исмагуловна^{2}*

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(д. 187А, ул. Жансугурова, 040000 Талдықорган, Республика Казахстан)
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент)
 <https://orcid.org/0000-0001-6228-4043>. E-mail: bnk1606@mail.ru

²Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(д. 187А, ул. Жансугурова, 040000 Талдықорган, Республика Казахстан)
PhD
 <https://orcid.org/0000-0001-5135-0893>. E-mail: ishkalova0703@mail.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Байгабатова Н.К., Ишкалова Г.И., 2025

Аннотация. *Введение.* Земельные отношения в Северном Казахстане в конце XIX – начале XX века представляют собой сложную проблему политической, социально-экономической истории Казахстана в период колонизации. Переселенческая политика и административные реформы, проводимые царским правительством, разрушили традиционную систему землепользования казахов. В современных геополитических условиях, когда территориальная целостность, владение землей становятся предметом внутренней и внешней политики изучение земельных отношений приобретает особую значимость. *Цель и задачи исследования.* Научный анализ особенностей земельных отношений колониального характера, правовых ограничений в Северном Казахстане конца XIX – начала XX века на основе документов Центрального государственного архива Республики Казахстан, а также введение этих документов в научный оборот. *Материалы и методы.* В статье использованы как общенаучные, так и специальные исторические методы. В частности, историко-сравнительный, системный анализ и методы анализа текстов позволяют полноценно раскрыть

правовые и социальные аспекты земельных отношений в колониальном контексте. При обработке данных применялись архивные исследования, историко-правовой и экономической анализ. *Результаты.* В ходе исследования были выявлены виды архивных документов, связанных с земельными отношениями: законодательные акты царского правительства по земельным вопросам; документы о земельной аренде, земельных спорах, размещении переселенцев; материалы о географических названиях; документы, отражающие отношение казахов к земельной политике и аренде участков для добычи полезных ископаемых. Эти данные доказывают, что Российская империя рассматривала казахские земли не только как военный и переселенческий ресурс, но и как стратегическое пространство для использования природных богатств. Обострение земельных конфликтов привело к тому, что казахи стали народом не «без земли», а «без права на землю». Тем не менее, заметны их попытки сохранить традиционные земельные права через подачу жалоб и выражение несогласия с административными решениями. *Заключение.* Центральный государственный архив Республики Казахстан содержит ценными документами для комплексного изучения земельных отношений в Северном Казахстане в период колонизации, формируя источниковедческую базу для будущих историко-правовых исследований.

Ключевые слова: Северный Казахстан, земельные отношения, архивные документы, аренда, переселение, колониальная политика, землепользование

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проектно-целевого финансирования BR24993047 «Современные вызовы в регулировании земельных отношений: историко-правовой анализ» Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (договор № 418-ПЦФ-24-26).

Для цитирования: Байгабатова Н.К., Ишкалова Г.И. Архивные материалы как источник изучения земельных отношений в Северном Казахстане в XIX – начале XX в. (на основе документов ЦГА РК) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 709–726. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_709-726

Кіріспе

XIX–XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарын зерттеу аймақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихында маңызды аспектіні құрайды. Жер қатынастары империялық озбыр саясаттың ықпалынан туындаған құқықтық, экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстардың күрделі кешенді құбылысы. Қазіргі күнгі сын-қатерлер мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басымдықтарын ескерсек жер қатынастары өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Жер дәстүрлі түрде қазақ қоғамының шаруашылық қызметінің және әлеуметтік ұйымдасуының негізі болды. Ал, империялық экспансия кезеңінде бұл дәстүр бұзылып, отарлық тұрғыдан игеру мен реттеуге ұшырады. Отарлау процестері, қоныс аудару және дәстүрлі жерге иелік етудің өзгеріске ұшырауы себептерінен жер дауы туындап, жерді пайдалану жүйесі өзгеріп, жергілікті қазақтардың өміріне айтарлықтай әсер етті. Осы мәселелер статистикалық мәліметтер, есептер, хаттар және т.б. құжаттар түрінде архивтік материалдарда негізделіп, ол деректер арқылы жер қатынастарын, туындаған жер дауларының себептері мен зардаптарын тереңірек түсіну және қазақ қоғамына әсерін зерттеу мүмкіндігі бар. Патша үкіметінің қазақ жерлеріне қатысты қабылдаған заңдары, реформалары, қоныс аудару құжаттары, жалпы жерге қатысты шешімдері мәселені зерделеуде ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл аталған құжаттарды талдау қарастырылған кезеңде Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарының тарихи бейнесін толыққанды қалыптастыруға және динамикасын түсінуге көмектеседі.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланы жазу барысында Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастары бойынша негізгі деректерді құрайтын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві құжаттары алынды. Атап айтсақ, 8, 11, 25, 29, 64, 317, 345, 369, 479, 486, 518, 643-қорларда сақталған жер

қатынастарына қатысты заңдық актілер, статистикалық мәліметтер, қоныс аудару мекемелерінің құжаттары мен әкімшілік есептер негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. 8-қор құжаттарында Ақмола, Семей облыстары бойынша мемлекеттік мүлік Басқармасының жерге орналастыру, егіншілік, қазба байлықтарын пайдалану, кен орындарын ашуға рұқсат беру, қоныс аударушыларды жерге орналастыру, жер бөліп беру куәліктері кездеседі. Жер шаруашылығы және мемлекеттік мүлік министрлігінің жергілікті қазақтардың пайдалануындағы жерді алтын өндіру үшін беру туралы бұйрықтар, қаулылар 9-қорда бар. 25 және 29-қорларда қоныс аударушыларды орналастыру, арнайы жер белгілеу мен қазақтардың олардың қоныстануына наразылықтары туралы мәліметтер келтірілген. Дала генерал-губернаторлығының канцеляриясы құжаттары жинақталған 64-қорда аграрлық саясат, жерді тартып алу және бөліп беру туралы есептер бар. Көкшетау және Петропавл уездеріне орыс шаруаларын қоныстандыру, қазақтарға шөп шабу мен мал бағу үшін жайылымдық жерлерді беру құжаттары 317-қорда сақталған.

Жоғарыда көрсетілген қорлардың ішінде 345, 369 қорлар ерекше маңызды болып табылады. Өйткені, оларда жергілікті қазақтардың жер таршылығына ұшырауы және олардың сұраныстарына қатысты шешімдер орын алған. Солтүстік Қазақстан қазақтарының қоныс аударушылармен туындаған жер дауы, жері жоқ қазақтарды отырықшылыққа көшіру, қазақтардың көші-қоны жайлы қызығушылық тудыратын мағлұматтар 345-қор құжаттарында кездеседі. 369-қорда Петропавл уезі қазақтарының жерден ығыстырылуы, отарлау саясатының нәтижесінде қазақ даласындағы өзгерістер, орыстарға бөлінген жерлердің тізімі, отырықшы ауылдардың пайда болуы, жерге байланысты статистикалық зерттеулер жинақталған. Павлодар уезіне қатысты мәліметтер 479-қорда, Сібір қазақтарына жер телімдерін бөлу туралы деректер 486-қорда, қазақтарға егіншілікпен айналысу үшін жер беру туралы шешімдер 518-қор және Ақмола облысына қоныс аударушыларды орналастыру мен қазақтардың жағдайы жайлы құжаттар топтастырылған.

Отарлық жағдайда жер қатынастарын архив құжаттары негізінде зерттеуде бірқатар шетелдік теорияларға сүйенуге болады. Постколониалдық теория мен аграрлы-саяси мектеп өкілдерінің пікірлері мақаланың зерттеу тақырыбын ашуда маңызды. Алғашқы теорияға сәйкес әртүрлі архив деректері негізінде отарлық үкіметтің қазақ жерінде орнығуын, басқару тәжірибесін және жергілікті халыққа қатынасы айқындалады. Яғни, архив құжаттарын толығымен «объективті» тарихи шындық түрінде емес, отарлық үкіметтің өнімі ретінде де қарау маңызды (Said, 1978). Себебі, кейбір архив құжаттарында қазақтардың жағдайы бұрмаланып, империялық биліктің репрезентациясы түрінде болды: құжаттарда қазақ жерлері «иесіз», «бос» немесе «игерілмеген» деп, қазақтар жерді «тиімді» пайдалануды білмейтін көшпелі халық ретінде түсіндірілді (Сариева, 2002; Мырзахметова, 2007). Ал, аграрлы-тарихи мектеп іліміне сәйкес жер қатынастарын тек экономикалық қана емес, әлеуметтік иерархияны өзгеріске ұшырау түрі ретінде, яғни жерге иелік ету формаларының өзгеруі көшпелі шаруашылықты бұзды және қазақтар әкімшілік құрылымға тәуелді болып қалды.

Мақалада жалпығылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылған. Атап айтсақ, тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау және мәтіндерді талдау әдістері жер қатынастарының отарлық сипаттағы құқықтық және әлеуметтік аспектілерін толық ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу пәнаралық тұрғыдан жүргізіліп, жер қатынастарының дамуын, жерді пайдаланудың құқықтық нормасы мен тәжірибесін анықтауда тарихи-сараптамалық әдіс қолданылды. Көрсетілген деректерді өңдеу барысында архивтік зерттеу, тарихи-құқықтық талдау, экономикалық талдау қамтылды. Ғылыми әдістер тарихилық принципті сақтай отырып, негізгі тақырыпты ашуға мүмкіндік берді.

Талқылау

XIX–XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастары тарихы отандық тарихнамада маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл мәселені зерттеу тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады: патшалық Ресей кезеңінде зерттелуі; кеңестік тарихнама және отандық тарихнама.

Патша үкіметі ХІХ ғасырдың ортасынан жаңа отарының жер аумағын, жергілікті халықтың жерді пайдалану қатынастары мен ерекшеліктерін, сонымен қатар «артық жерлерді» анықтауға тырысты. Нәтижеде 1896–1903 жж. қазақ даласына Ф. Щербина басшылығымен арнайы экспедиция ұйымдастырылып, Дала генерал-губернаторлығының 12 уезді қамтылы және оның материалдары аймақтың жер қатынастарын зерттеуде құнды дерек болып табылады (Материалы, 1896). Экспедиция барысында жергілікті қазақтардың жер пайдалану жүйесі зерттеліп, «артық» жерлер анықталып, шын мәнінде Солтүстік Қазақстанды экономикалық отарлаудың негізі салынды.

А.А. Кауфман Торғай облысында жерді алу «қырғыздардан сұрамай, ережеде көрсетелгендей, әкімшілік тәртіппен жүзеге асқанын » жазады (Кауфман, 1897: 3–4). Торғай облысы Қостанай уезі қазақтарының жерге орналасуы бойынша келесі мәліметтер П. Новоселовтың мақаласында келтіріледі: «Ақмола облысы қазақтарында көшпелі мал шаурашылығы өлу үстінде. Бірақ бұл тұтастай бір тайпаның жоғалуына әкелмейді. Олар тез бейімделгіш...Ақмола облысының жер байлығын отарлау мақсатында кең көлемде пайдалану тек бір жағдайда ғана мүмкін – ол қазақтарға түсінікті, қарапайым әрі заңға негізделген жер бөлу жүйесіне сүйенген жағдайда жүзеге асырылады және байырғы тұрғындар үшін жермен қамтамасыз етудің белгілі бір ең төменгі мөлшерін нақты кепілдікпен сақтау шартымен ғана іске асырылуы тиіс. Сонда ғана жерге оналастыруды шешуге болады», - дейді (Новоселов, 1908:108). Яғни, бұл жазба жерді ресурс ретінде қарап отырған отаршыл биліктің ұстанымын білдіреді.

Еуропалық Ресейдегі санақтардың нәтижесі ретінде П. Хворостанскийдің очеркі жарияланады. Ол Торғай облысының зерттей келе: «ХІХ ғ.аяғы-ХХғ. басында қазақтарда алысқа көшіп-қону тоқтаған. Түйе өсіру сиырмен ауысқан. Ақсақал «сиырмен көше алмайсың» деп мұңмен айтты. Бірақ көшудің тоқтауы сиырмен байланысты ма, жоқ па оны ақсақал айтпады», - деп, қазақ даласының кеңдігін былайша жеткізеді: «Торғай облысының аумағы Пруссиядан үлкен», деп қорытындылайды (Хворостанский, 1915: 206). Очеркте дала қазағының шаруашылығы, өмірі, кәсібі жайлы мәліметтер келтірілген.

1917 жылға дейінгі жер қатынастарын зерттеушілер осы кезеңде тарихнамада өзіндік патшалық-шенеуніктік тұжырымдама қалыптасты деп есептейді. Аталған тұжырымдаманың мәнін зерттей келе, «табиғи» номад-көшпелі ретінде «қазақ халқы» өздігінше дами алмайды, сондықтан «еуропалық мәдениетті алып келу қажет», - деп түсіндіреді (Мұхатова, 2002: 139).

Дегенмен, қазақтардың құндылықтары, көшпелі шаруашылығы, өмір салты жайлы оң баға берген зерттеушілер де болды. Олардың қатарында Т.И. Седельников бар. Ол: «Қырғыздаланың еркін баласы. Оны орыс халқы дұрыс танымайды. Олар көршілес елдерден жерді тартып алып, малын жайылымдық жермен қамтамасыз етті. Ал, казактік отарлау нәтижесінде жер тырылды, осындай жағдайда қырғызға тек 2 жол қалды: алдымен кедейлену, сосын отырықшы егіншілікке көшу» (Седельников, 1907: 5). Жалпы, автор көшпелі өмірді, қазақтардың орыс шаруаларының келуіне дейін-ақ егіншілікпен айналысқанын және көшпелі қазақта жер мәселесі неден туындағанын түсінуге тырысады. Қазақтардың жақтасы болған келесі автордың бірі – Н.Л. Скалозубов. Ол жарамды жерлердің әбден шаршағанын, өнімнің жоқтығын жазады (Белоус, 2019: 74).

Патшалықтың отарлау саясаты және жерге орналастырудың салдары қазақ зиялыларының еңбектерінде де орын алды. Атап айтсақ, Ә. Бөкейханов (Бөкейхан, 1995), М. Дулатов (Дулатов, 1911), Р. Мәрсеков (Мәрсеков, 1912) және Ж. Сейдалин (Сейдалин, 1912) өз еңбектерінде патшалықтың отарлау саясатын сынға алды. Бұл көзқарас кеңестік кезеңде С. Сәдуақасов, Т. Шонанұлы, А. Ермеков, М. Шоқай, С. Асфендияров және т.б. тарапынан жер қатынастары мәселесі көтерілді. Ол еңбектерде патша үкіметінің қазақтардан жерді тартып алумен айналысқанын басып айтылды. Ал, И.В. Ларин, С.П. Швецов, М. Сириус, В.С. Черников Қазақстанда жерге орналастыру әдістерін зерттеді. Олар табиғи-климаттық факторды ескеріп, қазақ жері көшпелі мал шаруашылығына бейім екенін ескерді. Кеңестік тарихнамада аграрлық және демографиялық мәселелерді зерттеуде А.Б. Турсунбаевтың еңбегі ерекше (Турсунбаев, 1950). ХІХ ғ. соңғы ширегі – ХХғ. басындағы аграрлық мәселе

Б. Сулейменовтың монографиясында орын алды. Ғалым «патшалықтың отарлау саясаты басыбайлы шаруалар мен орыс буржуазиясының мүддесіне жауап берді. Қазақстан толығымен отарға айналып, метрополия үшін шикізат көзі болды», - деп қорытындылайды (Сулейменов, 1963: 367).

1966 жылы кандидаттық диссертация қорғаған В.С. Черников алғашқылардың бірі болып патша үкіметінің отарлау саясатын сыни баға берді (Черников, 1966). Автор Ресейдің аграрлық саясатын зерттей келе, Солтүстік Қазақстанның жергілікті халқына қатысты патшалық бюрократияның өрескел бұзушылықтарын айқындаған.

Қазіргі зерттеулерге келетін болсақ, алғашқы топта Солтүстік Қазақстан халқының этникалық құрылымында орын алған өзгерістерге арналған этнодемографиялық бағыттағы зерттеулерді атауға болады. К.С. Шалгимбекова Қостанай облысы мысалында аймақтың көпұлттық халқының қалыптасуын тарихи көзқарас тұрғысынан қарайды (Шалгимбекова, 2012). А.М. Жаркенованың мақаласы XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстанның полиэтникалық халқының тарихи ерекшеліктеріне арналып, қоныс аудару саясатының салдарын атап көрсетеді (Жаркенова, 2018: 67).

Ресей империясының отарлау саясатын аймақтық аспектіде зерттеуде ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі – Р.Х. Сариева. Ол ҚР ОМА 4-қорының материалдарына сүйене отырып, Торғай облысының Ресей империясының орталық билігіне бағыну механизмін, жер қатынастары мен қазақтардың жерге иелік құқығының өзгеруін, отарлық саясаттың көшпелі өмір салтына әсерін және жергілікті халықтың отарлық қайта құруларға наразылығын талдаған (Сариева, 2002). Аталған қорда патша үкіметінің Дала өлкесіндегі әкімшілік, шаруашылық және құқықтық қызметіне қатысты мағлұматтар сақталған.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанға қоныс аудару қозғалысын орыс шаруалары мен жергілікті халықтың қарым-қатынасын қарастырып, мәселені зерттеуде патша шенеуніктері, қазақ тарихшылары еңбектеріне сүйеніп, ҚР ОМА 385-қорының материалдарын Е.С. Сыздыкова талдаған. Автор архив құжаттарында сақталған мәліметтерге негіздеп шетелдік компаниялардың қазақ жерлерінде жеміс ағаштары мен құмды жерлерде сексеуілдің есепсіз кесілуі туралы айтып, патша үкіметінің отарлау саясатын зерделейді және «қоныстандыру саясаты мен шетелдік капиталдың енуі күрделі экологиялық жағдайға алып келгенін» атап өтеді (Сыздыкова, 2005: 220). Бұл да өз кезегінде жергілікті халықтың жерді пайдалану жүйесін бұзып, келімсектердің пайдасына шешілуінің айғағы болып табылады.

2007 жылы А.Ж. Мырзахметова XIX ғ. аяғы – XX ғ. басында Қазақстандағы Қоныс аудару басқармасының қызметіне қатысты кандидаттық диссертация қорғап, осы саясатты жүзеге асыруда құқықтық негізді құрайтын заңдық және нормативтік актілерді пайдаланған. ҚР ОМА және аймақтық архив құжаттары арқылы қоныс аудару саясатын жүзеге асыру механизмі мен қазақ қоғамына әсерін талдаған (Мырзахметова, 2007). «Нормативно-правовая база переселенческой политики в Казахстане во второй половине XIX – начала XX века» атты мақаласында: «Қазақстан үшін маңызды болған жер мәселесі сол күйі шешілмеді. Қабылданған ережелер үкіметтік бағытқа жұмыс істеп, қазақ халқының мүддесі ескерусіз қалды», - деп пікірін білдіреді (Мырзахметова, 2010.)

Н.Н. Сорока Ресейдің орталық губернияларынан Дала өлкесіне орыс шаруаларының жаппай көшуін, қоныстандыру саясаты салдарынан қазақ көшпелі өмірінің экономикасындағы өзгерістер, қоныс аударушылар мен қазақтардың қарым-қатынасы, қоныстандыру саясатының қазақтардың дәстүрлі салтын өзгеріске ұшыратудағы ролін ҚР ОМА және Ресей мемлекеттік тарихи архивінің құжаттары негізінде талдау жасаған (Сорока, 2009).

Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарын зерттеуде Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры З. Кабульдиновтың «Северный Казахстан всегда был казахской землей» атты мақаласы ерекше маңызды. Автор Ресей империясының картографиясы мәліметтері, архив материалдары, статистикалық мәліметтер және т.б. деректерге сүйене отырып, Солтүстік Қазақстан қашанда қазақтың жері болғанын дәлелдеп, «7500 шақырымға созылған шекарада әртүрлі жалған ақпараттарды тоқтату керек», - деп тұжырымдайды (Кабульдинов, 2022). Сонымен қатар, автор келесі бір

мақаласында ХХ ғасырдың басында қазақтарда жер мәселесінің ушығауын арқау еткен (Кабульдинов, 2025).

ХІХ–ХХғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарының өзгерісіне қатысты іргелі зерттеулердің авторларының бірі – К.Ж. Нурбаев болып табылады. Ол Ресей империясының отарлық және аграрлық саясатын терең зерттеп, тарихнамалық шолу жасап, архивтік деректерді пайдалануға негізделген зерттеулердің жеткіліксіз екенін атап өткен (Нурбаев, 2006). Зерттеуші «Дала генерал-губернаторы канцеляриясы» (64-қор), «Ақмола облыстық басқармасы» (25-қор) және «Қоныстандыру басқармасы» (374-қор) құжаттарын ғылыми айналымға енгізіп, қазақ жерлерін ресейлік отарлаудың тарихи-географиялық және аймақтық ерекшеліктерін айқындаған.

К. Нурбаев Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарының дамуына бірнеше ғылыми еңбектерін арнап, «Проблема развития земельных отношений в северном Казахстане во второй четверти ХІХ – 50–60-х годах ХХ веков: историографический анализ» атты ұжымдық мақалада архив құжаттары негізінде қазақтар мен қоныс аударушылар арасында жерді жалға беру және жерді бөлу процестерін қарастырған. Мақала авторлары ХІХ ғ. 2-жартысында қазақтар әкімшілік реформалар нәтижесінде жерді пайдалану құқығында шектеліп, қазақ жері «Ресей империясының мемлекеттік меншігінде мемлекетті құрайтын басты фактор» болды деп тұжырымдайды (Нурбай, и др., 2023).

Ресей империясының қазақ жерлеріне жүргізген аграрлық саясатын зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан еңбектердің бірі – М.К. Чуркин мен Б.С. Токмурзаевтың ұжымдық монографиясы болып табылады. Авторлар қоныс аудару саясатының экономикалық аспектісін ғана емес, идеологиялық және әкімшілік негіздемелерін ашып, аграрлық саясатты империялық жобаның бір бөлігі ретінде баға береді (Чуркин, Токмурзаев, 2019). Алайда зерттеушілер негізінен Омбы облысының мемлекеттік тарихи архиві материалдарына сүйенген.

ХІХ ғ. Аяғы – ХХғ. басындағы аграрлық мәселе С.Г. Белоустың докторлық диссертациясында қаралды. Жас ғалым архив материалдары негізінде Солтүстік Қазақстанның жер мәселесін зерттеп, «қазақтардың жерге байланысты қызығушылықтары қорғалмады, ешқандай кепілдік болмады» деп тұжырымдайды (Белоус, 2019: 56).

Сонымен, революцияға дейінгі авторлар Т.И. Седельников пен Н.Л. Скалзубовты қоспағанда, патша үкіметінің «даланың мәдениетін жақсарту» ретінде ұйымдастырылған отарлық саясатын қолдады. Ал, кеңестік кезеңде шаруалардың қазақ қоғамына әсері, көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауы мен қоныс аударушылардың осы үрдістегі ролі қарастырылды. Тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеушілер тарапынан бұл мәселе тарихи, құқықтық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық көзқарас тұрғысынан зерттелді.

Зерттеу нәтижелері

Мақалада Солтүстік Қазақстан деген түсінікте ХІХ–ХХ ғ. басында әкімшілік тұрғыдан сол кезеңде бірнеше әкімшілік-территориялық құрылымдар құрамына енген аумақтар – Тобыл губерниясы, Ақмола, Семей және Орал облыстарының, кейінірек – Ақмола, Көкшетау, Қостанай және Петропавл уездері территориясы қабылданады. Ол жерлер қазіргі күні еліміздің негізінен Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай және жартылай Павлодар облыстарының шегіне кіреді. Осы аймақты зерттеу бірнеше себептермен негізделді: біріншіден, қоныс аударушылардың шоғырлануы (1860-жылдан бастап Солтүстік Қазақстан орыс шаруалары мен украиндардың жаппай қоныстану аумағына айналды); екіншіден, көшпелі жер пайдалану бойынша ерекше тығыздылығымен ерекшеленді (бұл аумақтар о бастан қазақ руларының маңызды қыстаулары мен көші-қон бағытын құрады, нәтижеде жер қатынастары бойынша шиеленіс пен дау тудырды); үшіншіден, аумаққа байланысты ҚР ОМА құжаттар көптеп сақталған.

Қазақ тарихында ХІХ ғасырда қабылданған реформалар жер қатынастарына қатысты үлкен өзгерістер енгізгені мәлім. 1867–1868 жылдардағы әкімшілік реформалар қазақ жеріне империялық бақылауды күшейтіп, оны жүзеге асыру бойынша патшалық жоспарлы жұмыстар жүргізгені де белгілі. 1868 жылғы 21 қазандағы Орал, Торғай және Семей облыстарын басқару

туралы уақытша Ереженің IV бөлімінің № 230-бабында «Қырғыз көшпелілері иеленген жерлер мемлекеттік меншік болып жарияланады» делінді (Материалы по истории политического строя Казахстана, 1960: 337). Бұл көшпелі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан үлкен соққы болды.

XIX ғасырда қазақ даласына өз еркімен келген шаруалар көбейді. Олар жер телімдерін алу құқықтары болмағандықтан ауқатты шаруаларға жалданды немесе жергілікті қазақтардан жерді жалға алды. Осы кезеңге дейін қазақ қоғамында жерді пайдалану рулық-қауымдық сипатта болды. Алайда, отарлық саясаттың нәтижесінде жерінен айрылған қазақтар қалған жерлерін жалға бере бастады. Бұл Ақмола, Семей және Торғай облыстарында кең таралды. Келімсектерге, казак әскерлеріне және шенеуніктерге жерді жалға беру арқылы қазақтар бір жағынан табыс тапса, екінші жағынан өз жерінде отыру құқығын сақтап қалуға тырысты. Бұл ресми түрде де құжатталған болатын: «қазақтар қыстауы есебінен 30 жылға жерді жалға беруге рұқсат етілді» (Материалы, 1999: 247). Дегенмен, тарихи тәжірибе патшалық үкіметтің жерді жалға беруді жерді тартып алуды заңдастыру және отарлауды күшейтудің жолы ретінде қарастырғанын көрсетті. Екінші жағынан, жерді жалға беру/алу қалыптасқан далалық экономиканың өзгеріске ұшырауының бастауы еді. Дәстүрлі қоғам сырттан енгізілген жаңа жүйенің талаптарына әлеуметтік тұрғыдан ыңғайлануының көрінісі еді.

Міне, осындай жалға алу туралы құжаттар 25-қорда «Торғай облысының қырғыздарынан жалға алған және орыс поселкелеріндегі қоныс аударушылар мен жалға берушілердің жағдайы туралы» бірнеше істер кездеседі (ҚР ОМА. 25-қ., 1-т., 1502, 1504, 1505, 1506, 1508-істер). Қазақтар жерді жалға беруде негізінен уезд басшысы арқылы заңдастыруы қажет болатын. Бірақ олар көбіне еш заңды мекемемен бекітпеген. Бұл туралы А.Б. Турсунбаев та атап өтеді (Турсунбаев, 1950:49). Мысалы, бір құжатта былай делінген: «Қостанай уезіне қарасты Кеңарал болысының қырғыздары өз жерлерін ерікті қоныс аударушыларға берген. Бұл қоныс аударушыларға аталған жерді пайдаланып, кейін өздері иеленген жерден қуып шығу мүмкін болмайтынын білдіреді» (ҚР ОМА. 25-қ., 1-т., 2693. 117-п.). Яғни, қазақтар бастапқыда келген қоныс аударушыларға өз еркімен, ешқандай заңдық күші жоқ, құжатсыз жерді жалға берген, ал уақыт өте келе ол жерінен айрылып қалған. Қоныстанушылар иеленіп алған жерлерін жергілікті халыққа қайтару туралы тіпті ойламаған. Осы жағдай кейін қазақ интеллигенциясының еңбектерінде де көтерілді. Ұлт зиялысы Әлихан Бөкейханов: «Кадет партиясы жер адамға меншікті болып берілсе де жөн дейді. Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, бір аз жылда сыпырылып, жалаңаш шыға келеді», - деп, «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген мақаласында жерге қатысты пікірін білдіреді (Бөкейханов, 1994: 268). Ұлт көшбасшысының бұл айтқаны қазақтардың өз бетінше жерді жалға беріп, кейін ол жерге иелігін жоғалтуын айқындай түседі.

Ресей империясының отарлау саясаты мен жерді пайдалану жүйесін өзгертуге қатысты жүргізген реформаларына Ақмола облысы Көкшетау уезінің тумасы Мәмбетәлі Сердалин де өз пікірін білдірді. Ол 1900 жылы Санкт-Петербургте өткен «Ресей өнеркәсібі мен саудасын қолдау қоғамының» отырысына қатысып, «Батыс Сібір даласын мал шаруашылық мәдениет арқылы пайдалану туралы» атты тақырыпта баяндама жасайды. Өз сөзінде Батыс Сібірді басқаруды жақсарту, дала ресурстарын пайдалану туралы айтып, Ресейден орыс шаруаларын қоныстандыруды тоқтатуды талап етеді. Ұлт зиялысы Қазақстанды отарлауды Англияның Солтүстік Американы жаулап алуымен салыстыра зерттеп: «Қазақстандағы империялық саясат бұл – ерекше құбылыс емес, кең көлемдегі әлемдік процестердің бір бөлігі. Қоныс аударушылар жергілікті халықтың тілін білмегеннен, екінші жағынан даланың табиғатын түсінбегеннен, орындаушылар болашақта қазақ даласының шөлге айналуы мүмкін әрекеттер жасауда. Бөгде отырықшы немесе өнеркәсіптік мәдениетті күштеп енгізу даланы жояды. Орыс шаруаларының жерді тартып алуы жергілікті әлеуметтік және экономикалық ландшафтыны өзгеріске ұшыратады. Қоныс аударушыларға жерді қайдан алуға болады. Қазақ жері көшпелі мал шаруашылығына бейімделген, егіншілікпен айналысу үшін құнарлы топырақ пен тұщы су жетіспейді, ал ол біздің даламызда жоқ», - деп, көшпелі қоғам негіздерін сақтау қажеттігін ескертті (Ыбырай, 2024: 42).

Қазақтардың жерді жалға беруі Қазақстанның басқа аймақтарында да орын алған. Мысалы, Батыс Қазақстанда жерді жалға берудің кеңінен таралуы жайлы Д.Я. Фризен атап өтеді. Оның пікірінше: «Көптеген қоныс аударушылар жалға алу арқылы сол жерде берік орнығып, өз шаруашылығын құру тәсілі деп түсінген... Кейбір шаруалар тапқан жеріне орнығып, шаруашылығын азды-көпті күшейтіп алған соң, сол аймаққа ол қонысаударушылардың туыстары немесе ауылдастары көшіп келіп, ірі қонысқа айналдарған» (Фризен, 2016:119).

Ресейдің орталық аудандарынан қоныс аударған шаруалар өз еркімен қазақ жеріне көшіп келген соң, жергілікті биліктен қазақтан жерді жалға алуда көмек беруді сұраған кездері кездескен. Мұндай құжаттар 25-қордың 1-тізбесіндегі 1866–1918 жж. аралығындағы «Қоныс аударушыларды жерге орналастыру бойынша хаталмасулар» түрінде сақталған. Мысалы, Қостанай уезі шаруалары Торғай губернаторына Кеңарал болысы қазақтарынан жерді жалға алуға көмектесуін сұраған: «Қазір қырғыздар жерді жалға беруден бас тартады. Бізге олардың жерді жалға беруін ұсына аласыз ба, немесе бізді экономикалық жұтаудан құтқарып, біз иеленген жерді қоныс аудару учаскесіне енгізесіз бе», - деп сұраныс түсірген (ҚР ОМА. 25-қ., 1-т., 2693-іс, 117-п.).

1868 жылғы Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша Ережеде: «Қауымдағы немесе жекелеген қырғыздар жерлерін өз еркімен орыстарға пайдалануға беруге құқы бар. Ол келісім уездік басқарма тарапынан куәландырылуы тиіс» деп көрсетілген. Яғни, жоғарыда атап өткеніміздей, қазақтар орыстарға жерді пайдалануға беру барысында рәсімдеуі маңызды (Материалы по истории политического строя Казахстана, 1960: 337).

Жер қатынастарына қатысты материалдарды зерттеу барысында бөлінген жерге орналасқан қоныс аударушылардың ол жерге қанағаттанбай, егістік және шөп шабу үшін тағы да жер учаскелерін беру туралы арыздары кездеседі. Мысалы, 1883 жылы Атбасар уезіндегі Мариинск, Байжігіт және Покровск селоларының шаруалары егіншілікке жарамды және шабындық жерлердің тапшылығына байланысты уезд басшылығына шағым түсірген. Архивтік құжатта: «Мариинск селосының шаруаларының егіншілікке жарамды жерлері түгел өңделіп қойған, қазіргі таңда олар қырғыздардан 300 десятина жерді жалға алуда, алайда бұл жалға алу 1884 жылы тоқтайды, себебі қырғыздар бұдан әрі жерді жалға бермейді...», - деп көрсетілген. Шаруаларға қосымша жер беру ұсынысы айтылып, Мариинскке – 1000 десятина, Байжігітке – 240 десятина, ал Покров селосына – 270 десятина сұралған (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 194-іс., 4–7-пп.). Бұл құжат сол кезеңдегі жер тапшылығының тереңдігін және қазақ даласында орын алған жерді жалға алу тәжірибесін, сондай-ақ қазақтар мен орыс шаруалары арасындағы жер қатынастарын көрсететін маңызды мысал болып табылады.

Архивте кездесетін қазақтар мен қоныстанушылар арасындағы жер қақтығыстарын Александровка мысалында келтірейік. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының далалық өлкедегі отарлық аграрлық саясаты қазақ халқының дәстүрлі жер қатынастарын түбегейлі өзгеріске ұшыратты. Қазақтардың маусымдық көшіп-қонуға негізделген жер иелену жүйесі жаңа әкімшілік және құқықтық өлшемдерге сәйкес келмейтіндіктен, қоныстанушылардың пайдасына қарай қайта межеленді. Бұл үрдістің айқын мысалдарының бірі жоғарыда аталған Александровка деревнясына қатысты 1892 жылғы архивтік жазба. Мұнда қазақ қыстауларының отарлық жолмен ығыстырылуы нақты құжаттық тілмен сипатталады: «Александровка (Бабатай жайлауында) және басқа да деревнялардағы жер телімдерін қарап, Ақмола қаласына келген соң халықты тексеріп оралған соң, мен 20 шілде күні (14 шілдеде жолданған) Дала генерал-губернатордың келесі мазмұндағы жеделхатын алдым: «Александровка деревнясындағы, Бабатай жайлауындағы межелеуді арнайы бұйрыққа дейін кейінге қалдыру ұсынылады.

Александровка айналасындағы жерлерді аралау барысында анықталғаны: Ишим өзенінің оң жағалауында, деревняның екі жағына қарай қазақтардың қысқы қоныстары орналасқан. Осы деревняға жақын орналасқан қазақ қыстауларының шабындықтары мен егістік алқаптары александровтық шаруалар тарапынан басып алынған. Деревняда 14 шаруа

отбасы тұрады, бұл отбасыларда 76 ер адам есептелген. Сонымен қатар, уезд бастығының бұйрығымен осы деревняға тіркелген 5 отбасы Акмолинск қаласында тұрып жатыр, олардың тұрғын үйі бар. Тағы 4 отбасы деревняда тіркеусіз тұрып жатыр, бірақ 1892 жылғы 23 сәуірдегі Жоғары мәртебелі әмірге сәйкес, олар мемлекеттік жерден үлес алып, қоныстануға құқықты.

Жоғарыда айтылғандарды баяндап, Мемлекеттік мүлік басқармасына Александровка деревнясын құрған шаруаларға (17 отбасы) иеленіп отырған жерлерін қалдыру туралы және оларды 76 ер адамның үлесіне жермен қамтамасыз ету туралы өтініш жасауыңызды сұраймын. Бұл жер телімі Ишим өзенінің екі жағынан: өзен бойымен ені 2 верста, оң жағалауында ұзындығы 2,5 верста, ал сол жағалауында ені өзгермей, ұзындығы сәйкесінше шамамен 1140 десятина жер болатындай бөлінсін. Сонымен қатар, Ишим өзенінің жағалауында 2 верста қашықтықта орналасқан қазақ қыстаулары бұл учаскенің шекарасынан шығарылып, басқа қазақ қыстауларының арасына жылжытылсын» (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 194-іс., 67–68-пп.).

Келтірілген мағлұмат отарлық әкімшіліктің нақты әрекет ету механизмдерін ашып көрсетеді. Олар, атап айтқанда, біріншіден, жер бөлу шарасы – шаруалар пайдасына шешілген біржақты үрдіс болған. Қазақтардың сол маңдағы қысқы қоныстары, шабындық және егістік жерлері болғанына қарамастан, олар жер иесі ретінде қарастырылмаған; екіншіден, қазақ ауылдарының шектерінің күшпен қысқаруы және жерлерінің біртіндеп тартып алынуы Ресей империясының ішкі қоныстандыру саясатының басым сипаттарының бірі болғанын дәлелдейді. Көрсетілген жағдай империялық саясат нәтижесінде «жер жоқ» емес, жергілікті қазақтың «жерге құқығы жоқ» қалыпқа түсуінің көрінісі. Сонымен қатар осы құжат арқылы қазақтар мен қоныс аударушылар арасындағы жер сипатында көрінген кеңістіктік бәсекенің отарлық сипатта болғанын одан әрі айқындап, ал архив деректері әділетсіздік түрлерін құжатпен дәлелдеуге болатынын айғақтайды. Осындай себептерден ҚР ОМА-де сақталған құжаттарды зерттеу – қазақ даласындағы отарлық жер қатынастарының шынайы бейнесін қалпына келтіру үшін аса маңызды. Тағы да ескерерлік жайт негізі 1889 жылы қаланған село 2007 жылға дейін Александровка деп аталып келген. Кейін Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешіміне сәйкес Александровка селосы Жібек жолы болып атауы өзгертілген және бүгінгі күні Ақмола облысы Аршалы ауданына қарайды (Ақкөл, 2007). Ал, құжатта айтылған Бабатай жайлауы атауы қазіргі күні жайлау ретінде емес, Бабатай станциясы деп сақталған.

Келесі бір архивтік құжат қатысты ерекше қызығушылық тудырады. Мұны қазақтар мен қоныс аударушылар арасындағы жер даулары ретінде қарап, қазіргі Ақмола облысындағы «Айдабол көліне өту үшін Зеренді қазақтары мен Лосевка шаруалары арасындағы жер дауы» деп атауға тұрарлық мәлімет (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 195-іс). Дело об отводе земельного участка крестьян сел. Викторовского Кокчетавского уезда). Яғни, біз қарастырған хронологиялық шекте қоныстанушылардың келуімен бірге қазақтар мен ресейлік шаруалар арасында шабындық, жайылым, мал айдау жолдары үшін күрделі жер даулары орын алды. Әсіресе, көшпенділер үшін маусымдық су көздеріне (өзен, көл) қол жеткізу мәселесі өмірлік маңызға ие болған. Және де қоныстанушыларға жер телімдерін бөлу барысында қазақтардың ғасырлар бойғы дәстүрлі мал бағу жолдары, суаттарға, шабындықтарға және көшіп-қону жолдары назардан тыс қалды. Мұндай саясаттың нәтижесінде қазақтар өзіне және малына қажет табиғи ресурс көздерінен – ең алдымен, суаттардан – ығыстырыла бастады. Бұл жағдай 1893 жылғы 16 шілдеде Зеренді болысының қырғыз (қазақ) қауымдастығы тарапынан айтылған ресми шағымда көрініс тапқан. 1893 жылы Зеренді қазақтарының шағымын келтірсек: «1893 жылғы 16 шілде, №563 Батыс Сібірдегі қоныстанушы учаскелерін құру және оларды қоныстанушыларға бөліп беру ісі бойынша отряд бастықтарының басшысы – М.Г.И. Г. Корсаков мырзаға, жұмысты жүргізуші ретінде...Көкшетау уезінің Зеренді болысындағы қырғыздар – Ұлтап Талабаев бастаған 12 киіз үй иесінің Ақмола губернаторының атына жазған шағымына байланысты, олар 1891 жылы Лосевское селосының шаруаларына жер телімі бөлінген кезде, Айдабол көліне мал суаруға баратын жол бойындағы жерлердің межеленіп, шаруаларға берілгенін мәлімдеген. Соның салдарынан, қырғыздар көкке мал айдап апарып суару мүмкіндігінен айырылған.

Осыған байланысты, Сіздің Жоғары Құрметіңізден аталған жерді тікелей барып тексеріп, шағымның қаншалықты негізді екенін анықтап, Лосевское селосының тұрғындарынан қажетті мал айдау жолын бөліп, қырғыздардың Айдабол көліне мал айдап апару мүмкіндігін қалпына келтіруді тапсырамын. Осыдан кейін қабылданған шаралар туралы маған баяндауды сұраймын» (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 195-іс., 16-п. Дело об отводе земельного участка крестьян сел. Викторовского Кокчетавского уезда).

Келтірілген мәлімет отарлық аграрлық саясаттың алғашқы кезеңдеріндегі шиеленісті белгілерінің бірі. Шаруаларға жер үлестірілген сәттен бастап, жергілікті тұрғындар жолдан, судан, жайылымнан шеттетілу басталған. Зеренді қазақтарының бұл шағымы Айдабол көліне жету мүмкіндігінен айырылу фактісін көрсетеді және өз кезегінде мал шаруашылығына тікелей қауіп төндіретін себеп екенін атап өтуге болады.

Бұл өтініш ресми тіркеліп, қарауға алынғанымен, кейінгі 1894 жылғы протокол (алдыңғы бөлім) көрсеткендей, қазақтар үшін жол салуға рұқсат берілгенімен, ол белгілі бір шарттармен (мысалы, өздері жолды жыртып беруі тиіс) жүзеге асырылған. Мұның өзі құқықтық теңсіздіктің заңдастырылған көрінісі болды.

Бұл жағдайды дәл сипаттайтын маңызды мысал – Айдабол көліне мал айдау жолына қатысты 1894 жылғы хаттама. Үзінді келтіретін болсақ: «1894 жылғы 11 тамызда Көкшетау уезінің бастығы, кеңесші Коновалов және Батыс-Сібір қоныстандыру отрядының жұмыстары бойынша Дала генерал-губернаторының қарамағында тұрған титуляр кеңесші Корсаков төмендегідей хаттаманы бекітті:

Лосевское селосының шаруалары мен Зеренді болысының көрші қырғыздары арасында Айдабол көліне мал айдап апару жолына байланысты туындаған дауды шешу мақсатында, хаттамада келесідей шешім қабылданды:

Шаруалар жерінің сызбасына Айдабол көліне қарай мал айдау жолын салу қажет, жолдың ені – 50 сажень (шамамен 106 метр). Бұл жол аталған мақсат үшін қолайлы жерден өтуі тиіс және қырғыздардың көлге өтуіне мүмкіндік беруі керек. Бұрынғы қыстауларын уезд бастығының рұқсатымен шаруалар жерінен тыс жерге көшірген қырғыздарға осы жол арқылы мал суаратын көлге жету еркіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

Сондай-ақ, жолды жыртып (тазалап) белгілеу жұмыстары үшін, Ұлтап Танабаев бастаған 12 киіз үй иесі қырғыздардан жұмыс күші ретінде адамдар мен соқаға жегілген өгіздерді беру талап етіледі» (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 195-іс., 14-п.).

Бұдан туындайтыны – көшпелі қазақ ауылдарының өз тарихи аймақтарында еркін қозғалу мүмкіндігінен шектелген. Қоныстанушыларға бөлінген жерлер кесінді тәрізді құрылып, маусымдық суаттарға жолдарды шектеу арқылы жергілікті халықтың шаруашылық еркіндігін тікелей тежеген. Хаттамада жол берілуі керек делінгенімен, бұл рұқсат қосымша талаптармен (соқа, адам күші беру) шартталды. Яғни ресми түрде рұқсат беру – іс жүзінде жаңа тәуелділік түрін қалыптастырғанын аңғартады.

Бұл мысал қазақ даласындағы отарлық жер кеңістігінің институционалдық түрде қалыптасуын көрсетеді. Ғасырлар бойы қалыптасқан су көздеріне еркін жету – дәстүрлі мал шаруашылығының негізі болып, қазақ рулары арасында бекітілген еді. Алайда әкімшілік шешімдер бұл қажеттілікті жер иесінің келісіміне тәуелді ету арқылы саяси-экономикалық қысымға айналдырды.

Ресей империясы қазақ жерлерін әскери мақсат және қоныс аудару үшін, сонымен қатар табиғи ресурстар көзі ретінде де стратегиялық кеңістікке айналдырды. Мысалы, демалысқа шыққан шенеуніктер қазақ даласының табиғи ресурстарын жақсы білгендіктен, оны иемденіп, жеке меншікке айналдырып, кен орнын ашуға тырысқан. Солардың бірін шенеунік Н.М. Суриннің өтінішінен байқауға болады: «1898 жылдың 4 мамырында мен Көкшетау уезінің Қотыркөл болысындағы Ораз-Үлкенсор тұзды көліне келіп, көлден 12 сажень қашықтықта қазық қақтым. Ағаш қазықтың алдына үш тас салып, қазыққа: «Бұл жер 1898 жылғы 4 мамырда Н.М. Сурин тарапынан иеленуге жарияланды» деп жаздым. Мен аталған көлде глаубер тұзын өндіруді жоспарлап отырмын. Бұл туралы Батыс Сібірдің Мемлекеттік мүлік басқармасын және Томск тау басқармасын тау уставының 637, 638,

640 баптарына сүйене отырып хабардар еттім. Бұл жерлер Көкшетау уезінің Қотыркөл болысы қырғыздарына (қазақтарға), Ермұхан И. және оның ауылдастарына қарайды. Қыстаулары белгіленген қазықтан 1,5 верст оңтүстікке қарай орналасқан. Жартысор көлінде мен қазған бірнеше сынама ұңғымаларда глаубер тұзы табылды» (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 221-іс., 3-п.).

Келтірілген бұл дерек отарлау үкіметінің кез келген өкілінің жергілікті халықтың келісімінсіз, ол жердің қазақ ауылдарына тиесілі екендігіне қарамастан, өз ата-бабасының жері секілді жеке меншікке айналдырып, табиғи ресурсты пайдалануға құқықты қиындықсыз ала алатынын білдіреді. Патша үкіметінің ресурстарға иелік ету саясаты жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылық және экологиялық құқықтарын айналып өтіп, империялық заңнамаға сүйене отырып заңдастырылған отарлық тәртіп қалыптастырды.

Патшалық үкімет қазақ жерлерін отарлау барысында жергілікті жер-су атауларын өзгерткені мәлім. Бұл туралы З. Кабульдинов былай дейді: «Шаруалардың жаппай қоныстануының айқын нәтижелерінің бірі көне түркі-қазақ топонимикасының өзгеруі болды. Мысалы, 1908 жылғы мұрағат құжаттарының бірінде Ақмола облысы Омбы уезі аумағында патша өкіметі тартып алған кейбір жер телімдерінің тізімі берілген. Онда жаңа қоныстанушы деревнялардың атаулары, бұрынғы қазақша жер атаулары және олардың қай жылы тартып алынғаны көрсетілген», - деп, 76 елді-мекен атауының өзгерген тізімін береді (Кабульдинов, 2025: 10).

Осы жағдай ресми әкімшілік құжаттармен толықтай сәйкес келеді. Олардың бірінде: «Қоныс аудару аймақтарында жаңадан пайда болып жатқан көптеген орыс поселкелері алғашқы қоныстанушылардың қалауы бойынша ауыл атауларын алады. Бұл шешім ауыл жиынының қаулысына сәйкес рәсімделіп, қоныстану әкімшілігімен бекітіледі. Кейбір жаңа учаскелерге жергілікті әкімшілік басшыларының, орталық ведомство шенеуніктерінің есімдерімен атау берілуі Мемлекеттік Дума тарапынан сынға ұшырады. Ең қолайлы атаулар ретінде учаскенің географиялық немесе шаруашылық сипатын білдіретін (өзен, көл, өсімдік атауы), діни (әулие есімдері), мерекелер атауы, халық батырларының есімдері мен ескі орыс қалаларының атаулары ұсынылады. Жат әрі қиын естілетін «бұратана» атауларды немесе заманауи жазушылардың есімдерін қолдануға жол берілмейді» (ҚР ОМА. 29-қ., 1-т., 158-іс., 2-п.).

Бұл құжат отарлық кеңістікті бірыңғайлау мен мәдени үстемдікті бекіту ретінде қабылданады. Қазақ даласындағы атаулар ғасырлар бойы этникалық, ландшафттық және тарихи жадының көрінісі болып келді. Оларды өзгерту, отарлық тілмен атау – ұлттық жадыны өшіру және отарлық империялық көзқарасты орнықтыру қадамын білдіреді. Осындай құжаттар отарлық саясаттың қаншалықты жүйелі, жоспарлы түрде жүргізілгенін дәлелдей түседі.

Сонымен, XIX–XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастары бойынша Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві материалдарын зерттей келе, құжаттардың мынадай түрлері айқындалды: 1) патшалықтың жерге қатысты заңдық актілері (8-қ., 1-т., 199-іс. Қоныстандыруға арналған қазыналық жерлер туралы мәліметтер; 15-қ., 1-т., 246-іс. Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Уақытша ереже; 25-қ., 1-т., 319-іс. 1868 жыл 21 қазандағы қырғыздар туралы ережені енгізу жөніндегі ұйымдастыру комиссиясының қызметі туралы; 25-қ., 1-т., 1818-іс. Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Ереже; 25-қ., 1-т., 1900-іс. Далалық облыстардағы өзгерістер мен құрамы туралы); 2) қазақтардың орыс шаруаларына жерді жалға беруі туралы құжаттар (25-қ., 1-т., 1502, 1504, 1505, 1506, 1508, 1669-істер. Торғай облысындағы орыс қоныстарындағы және қырғыздардан жалға алынған жерлердегі қоныс аударушылар мен жалға алушылардың қазіргі жағдайы туралы; 317-қ., 6-т., 67-іс. Петропавл уезі Петропавл болысындағы сатылуға арналған «Тамамбай» жер телімі туралы іс; 317-қ., 6-т., 93-іс. № 2 «Арғанаты» телімін сату туралы іс); 3) жер даулары жайлы құжаттар (8-қ., 1-т., 195-іс. Көкшетау уезі Викторовка ауылы шаруаларына жер телімін беру туралы іс; 369-қ., 1-т., 8506-іс. 1893 жылдан бергі даулы жерлердің тізімі; 369-қ., 1-т., 8527-іс. Ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған кен орындарына бөлінген жерлерді қырғыздарға

иеленуге тыйым салу туралы іс; 369-қ., 1-т., 8612-іс. Петропавл уезінің Полтава селосы маңындағы үш қазақ қыстауын басқа жерге көшіру туралы іс; 369-қ., 1-т., 8845-іс. Шаруалар мен қазақтардың жер даулары, қоныс үшін жер телімдерін бөлу және жаңа жерлерге көшіру туралы шағымдары мен өтініштері бойынша іс; 369-қ., 1-т., 9092-іс. Көкшетау уезі Жыланды болысы № 6 ауылының 203 киіз үй иесінің атынан сенімді өкілдер Байтлеов пен Чаловтың қоныс аудару учаскесі ретінде жобаланған Ақсуран қонысына пайдалану құқығын сақтау туралы өтінішіне байланысты хат алмасу; 369-қ., 1-т., 9173-іс. Қызылкөл және Столыпин болыстары арасындағы шекараны белгілеу және осы болыстардың қазақтары арасындағы «Қыпшақ» пен «Қара-Құс» қоныстарына байланысты жер дауы туралы іс); 4) қоныс аударушыларды жерге орналастыру бойынша құжаттар (ҚР ОМА. 8-қ., 1-т., 222-іс. Ақмола облысының әскери губернаторы, шаруалар істері жөніндегі шенеунікпен қоныс аударушыларға жер телімдерін бөлу, олардың жоспарлары мен сызбаларын ұсыну туралы хат алмасу; 8-қ., 1-т., 297-іс. Қоныс аудару учаскелерін ұйымдастыру, оларды орналастыру және Ақмола облысындағы межелеу жұмыстары туралы отряд бастығының есептерінің көшірмелері; 29-қ., 1-т., 3-іс. 1899 жылы Торғай облысының Қостанай уезінде құрылған қоныс аудару учаскелерінің тізімі; 29-қ., 1-т., 4-іс. Қостанай уезінің солтүстік бөлігінде қоныс аудару учаскелерін ұйымдастыру жұмыстарының басталуы туралы Мемлекеттік жер мүлкі департаментінің нұсқаулық хатының көшірмесі; 29-қ., 1-т., 158-іс. Қазақтар мен ескі дін ұстанушыларға жер телімдерін бөлу, сондай-ақ қоныс аудару учаскелерін жалға беру туралы Ішкі істер министрлігі мен Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының нұсқаулық хаттары; 317-қ., 5-т., 2-іс. Петропавл уезіндегі қоныс аудару учаскелерінің жобалық жоспарлары; 317-қ., 5-т., 3-іс. Петропавл уезіндегі қоныс аудару учаскелерінің жобалық жоспарлары; 317-қ., 5-т., 24-іс. Петропавл уезіндегі қоныс аудару учаскелерінің түсіндірмелері; 317-қ., 5-т., 25-іс. Ақмола облысы Атбасар уезіндегі қоныс аудару учаскелерінің жоспарлары мен планшеттері; 317-қ., 5-т., 26-іс. Ақмола облысы Ақмола уезіндегі қоныс аудару учаскелерінің жоспарлары мен планшеттері; 317-қ., 5-т., 27-іс. Ақмола облысы Көкшетау уезіндегі қоныс аудару учаскелерінің жоспарлары мен планшеттері; 369-қ., 1-т., 6390-іс. «Қазақ даласында отырықшы елді мекендерді ұйымдастыру туралы іс; 369-қ., 1-т., 8505-іс. Отырықшы елді мекендер үшін бос жер телімдерінің тізімдері; 369-қ., 1-т., 8539-іс. Ақмола облысына қоныс аударушыларды орналастыру туралы уезд бастықтарының мәліметтері; 369-қ., 1-т., 9008-іс. 1908 жылы Ақмола облысы бойынша қазынаға берілген қазақ жерлері, қоныс аудару және қордағы учаскелерінің тізімі); 5) жер-су атауларына қатысты құжаттар (29-қ., 1-т., 158-іс. Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасының қазақтар мен ескі дін ұстанушыларға жер телімдерін бөлу, қоныс аудару учаскелерін жалға беру және басқа да мәселелер туралы мәліметтері); 6) қазақтардың патшалықтың жер саясатына қатынасы туралы құжаттар (25-қ., 1-т., 328-іс. Қостанай уезі қырғыздарының көңіл-күйі туралы; 369-қ., 1-т., 8502-іс. Павлодар уезі қазақтарының Ақмола уезіне басып кіруі туралы хат алмасу) 7) пайдалы қазбаларда игеру үшін жерді жалға беру туралы құжаттар (8-қ., 1-т., 218-іс. «Атбасар уезінде мыс кенін өндіруге рұқсат куәлігін беру туралы іс; 8-қ., 1-т., 221-іс. Көкшетау уезінде глаубер тұзы мен темір кенін өндіру үшін Суринге рұқсат куәлігін беру туралы іс; 8-қ., 1-т., 227-іс. Ақмола, Семей және Жетісу облыстарында пайдалы қазбаларды өндіруге рұқсат куәліктерін беру туралы жеке тұлғалардың өтініштері және Томск кен басқармасымен хат алмасу; 25-қ., 3-т., 3-іс. Алтын өндіру кәсіптерін ашу үшін Жітіқара болысының жер телімдерін жалға беру туралы жалпы жиналыс отырыстарының журналдары; 369-қ., 1-т., 9089-іс. Атбасар станицасының казагі А.Г. Беловқа Айтұран-Тын, Қазған-Кұдық, Тас-Кұдық және басқа да жерлерді пайдалы қазбаларды өндіру үшін жалға беру туралы іс; 369-қ., 1-т., 9130-іс. Атбасар станицасының казагі Александр Беловтың өтініші бойынша Атбасар уезі Ұлытау болысындағы Ешкі-Өлместі кен өндіру мақсатында жалға беру туралы іс).

Ұсынылған құжаттар жер қатынастарының түрі мен құқықтық статусы бойынша қазақтар алғашында жалға беруші ретінде болса, кейін патшалық әкімшілік жерге орналастырушы болғанын айғақтайды. Қазақ жеріне шаруалардың қоныс аударуы

қазақтардың жерді пайдалану жүйесін өзгертті және жер жетіспеушілігі салдарынан жер дауы туындап, жергілікті халықтың наразылығы артты.

Қорытынды

Зерттеуді қорытындылай келсек, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві қорында сақталған құжаттар XIX–XX ғ. басындағы Солтүстік Қазақстандағы жер қатынастарын зерттеуде аса құнды дерек болып табылады. Архивтік құжаттар негізінде жерді пайдаланудың құқықтық және әлеуметтік нормаларын, олардың қалыптасуымен байланыстыра отырып, кешенді тарихи үрдістер айқындалады. Жоғарыда келтірілген материалдар сол кезеңнің тарихи және әлеуметтік ерекшеліктерін жан-жақты ашып, жер қатынастарының дамуындағы күрделі үрдістерді кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді. Патшалықтың отарлық аграрлық саясатының мәнін ашып, дәстүрлі көшпелі өмір салтының өзгеріске ұшырауын кезең-кезеңмен айқындауға көмектеседі. Сонымен қатар, архивтік деректерді зерттеу арқылы біз қазақтардың өз құқықтарын қорғау бағытындағы әрекеттерін де байқаймыз. Олар шағым жазу, әкімшілік шешімдерге қарсылық білдіру арқылы жерге деген дәстүрлі құқықтарын сақтап қалуға ұмтылды.

Патша үкіметі әскери мақсатта және шаруаларды жермен қамтамасыз ету үшін қазақтардан жерді тартып алу саясатын жоспарлы түрде жүргізді. Жер тек экономикалық қана емес, саяси бағытты құрады. Жер саясаты арқылы империя қазақтардың қозғалысы мен әлеуметтік жағдайын бақылауда ұстап, отырықшылық пен тәуелділіктің жаңа түрлерін енгізді. Архив материалдары империяның жер мәселесіне байланысты саясатының жасырын тетіктерін де ашуға көмектеседі. Ал, қазақтардың жайлау мен қыстақтарынан айрылғаны туралы арыздары ескерусіз қалуы тәуелді халықтың үніне құлақ аспау еді.

Сондықтан болашақта архивтің жекелеген құжат түрлерін зерттеуді негізге алып, атап айтқанда, жер телімдерін бөлу мен тіркеу актілері, жерді пайдалану және жалға алу шарттары, жерге қатысты туындаған даулар мен сот істерінің материалдарын, жерінен айрылған қазақтардың арыздарын қарастыру маңызды. Өйткені бұл құжаттар аймақтағы жер қатынастарының құқықтық жүйесін, әкімшілік рәсімдерін, жер иеленушілер мен пайдаланушылар арасындағы қатынастарды айқындауға негіз болады. Бұл бағытта зерттеулерді жүргізу тарихи сананы қалыптастыру және қажет жағдайда жер мәселесі бойынша ғылыми негізделген шешімдер қабылдау үшін маңызды.

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan

Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві

References

O pereimenovanii nekotoryh naselennyh, 2007 — O pereimenovanii nekotoryh naselennyh punktov Akmolinskoj oblasti po Akkol'skomu, Erejmentauskomu, Arshalynskomu, Celinogradskomu rajonam i rajonu Birzhan sal [On the Renaming of Some Settlements in the Akmola Region According to Akkol, Erejmentau, Arshaly, Tselinograd Districts, and Birzhan Sal District], 2007. // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V07B0003236/compare> (Data obrashcheniya: 02.04.2025).

Belous, 2019 — *Belous S.G.* Agrarnyj vopros v Kazahstane v konce XIX – nachale XX vekov i ego otrazhenie v kurse “Istoriya Kazahstana” [The Agrarian Question in Kazakhstan in the Late 19th and Early 20th Centuries and Its Reflection in the Course “History of Kazakhstan”]. Diss.na soisk.stepeni doktora PhD. Almaty, 2019. 211 p. (In Russ.).

Bokejhanov, 1994 — *Bokejhanov A.* Shygarmalar [Works]. Almaty: Kazakhstan, 1994. 384 p. (In Kaz.).

Bokejhan, 1995 — *Bokejhan A.* Tandamaly [Selected]. Almaty, 1995. 477 p. (In Kaz.).

Dulatov, 1911 — *Dulatov M.* Zher maselesi [Land issue] // *Ajkap*, 1911. No. 11. Pp. 8–10. (In Kaz.).

Zharkenova, 2018 — *Zharkenova A.M.* Polietnicheskij sostav naseleniya Severnogo Kazahstana v konce XIX – nachale XX vekov istoricheskie osobennosti, sovremennye tendencii i perspektivy [The Ethno-Political Composition of the Population of Northern Kazakhstan in the Late 19th and Early 21st Centuries: Historical Features, Contemporary Trends, and Prospects] // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya “Istoriya. Filosofiya”*, 2018. No. 4(92). Pp. 60–69. (In Russ.).

- Kabul'dinov, 2022 — *Kabul'dinov Z.* Severnyj Kazahstan vseгда byl kazahskoj zemlej [Northern Kazakhstan has always been Kazakh land], 2022 // URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/33811> (In Russ.).
- Kabul'dinov, 2025 — *Kabul'dinov Z.E.* Obostrenie zemel'nyh problem kazahov v usloviyah massovoj krest'yanskoj kolonizacii v nachale HKH veka [The Escalation of Land Issues for Kazakhs in the Context of Mass Peasant Colonization in the Early 20th Century] // *Otan tarihy.* 2025. No. 1. Pp. 5–17. (In Russ.).
- Kaufman, 1897 — *Kaufman A.A.* Pereselency – arendatory Turgajskoj oblasti [Settler – Tenants of the Turgay Region]. Spb., 1897. 350 p. (In Russ.).
- Materialy, 1960 — *Materialy* po istorii politicheskogo stroya Kazahstana [Materials on Kyrgyz Land Use, Collected and Developed by the Expedition for Surveying the Steppe Regions. Under the Supervision of F.A. Shcherbina]. Alma-Ata, 1960. Vol. 1. 442 p. (In Russ.).
- Materialy, 1999 — *Materialy* po vvedeniyu russkoj politicheskoy sistemy upravleniya v Kazahstane [Materials on the Introduction of the Russian Political System of Governance in Kazakhstan]. Almaty, 1999. 255 p. (In Russ.).
- Marsekov, 1912 — *Marsekov R.* Kazak kajtse zherge ie bolady? [How the Kazakhs Will Acquire Land] // *Ajkap*, 1912. No. 1. Pp. 5–7.
- Muhatova, 2002 — *Muhatova O.H.* XIX–XX gasyrlardagy Kazahstan tarihnamasy. Almaty, 2002. 152 p. (In Kaz.).
- Myrzahmetova, 2007 — *Myrzahmetova A.Zh.* Istoriya obrazovaniya i deyatelnosti organov Pereselencheskogo upravleniya v Kazahstane v konce XIX – nachala XX veka [The History of the Formation and Activities of the Resettlement Administration in Kazakhstan in the Late 19th and Early 20th Centuries]: aftoref. diss. na sois.kand. ist.nauk. Karaganda, 2007. 30 p. (In Russ.).
- Myrzahmetova, 2010 — *Myrzahmetova A.Zh.* Normativno-pravovaya baza pereselencheskoj politiki v Kazahstane vo vtoroj polovine XIX – nachala XX veka [The Legal Framework of Resettlement Policy in Kazakhstan in the Second Half of the 19th and Early 20th Centuries] // *Vestnik KarGU.* 2010. No. 2. Pp. 37–47. (In Russ.).
- Novoselov, 1908 — *Novoselov P.* Zemleotvodnoe delo v Kirgizskoj stepi i neobhodimost' zemleustrojstva kirgiz; Ch. Vopros o zemleustrojstve Kirgiz [Land Allocation in the Kyrgyz Steppe and the Need for Land Management of the Kyrgyz] // *Voprosy kolonizacii.* 1908. No. 3. Pp. 108–120. (In Russ.).
- Nurbaev, 2006 — *Nurbaev K.ZH.* Kolonizaciya Severo-Central'nogo Kazahstana (XIX – nachala XX vv. istoriko-geografiyacheskaya problema [Colonization of Northern-Central Kazakhstan (18th – First Half of the 19th Century): A Historical-Geographical Problem] // *Diss. na sois.uchenoj stepeni doktora istoricheskikh nauk.* Almaty, 2006. 319 p. (In Russ.).
- Nurbaj, et. al, 2023 — *Nurbaj K., Alpsybaeva G., Aubakirova H.* Problema razvitiya zemel'nyh otnoshenij v severnom Kazahstane vo vtoroj chetverti XIX – 50–60 godah XIX vekov: istoriograficheskij analiz [The Problem of the Development of Land Relations in Northern Kazakhstan in the Second Quarter of the 19th and 50–60s of the 20th Centuries: A Historiographical Analysis] // *Vestnik ENU im. L. Gumileva. Seriya: istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie,* 2023. Vol. 145. No. 4. Pp. 110–127. (In Russ.).
- Sedel'nikov, 1907 — *Sedel'nikov T.I.* Bor'ba za zemlyu v kirgizskoj stepi (Kirgizskij zemel'nyj vopros i kolonizacionnaya politika pravitel'stva) [The Struggle for Land in the Kyrgyz Steppe (The Kyrgyz Land Question and the Government's Colonization Policy)]. SPb.: Elektropechatnya tva “Delo, kazachij per. No. 9”, 1907. 79 p. (In Russ.).
- Sejdalin, 1912 — *Sejdalin ZH.* ZHer zhajnyan bir-eki auyz sozi [A Few Words on Land Issues] // *Ajkap*, 1912. No. 10. Pp. 12–23. (In Kaz.).
- Sarieva, 2002 — *Sarieva R.H.* Kolonial'naya politika carizma v Kazahstane: na primere Turgajskoj oblasti (1868–1914 gg.) [Tsarist Colonial Policy in Kazakhstan: The Case of the Turgay Region (1868–1914)]: aftoref. diss. na soisk. kand. ist. nauk. Almaty, 2002. 33 p. (In Russ.).
- Soroka, 2009 — *Soroka N.N.* Krest'yanskije pereseleniya i ih vliyanie na ekonomiku kazakhkogo kochevogo aula Stepnogo kraya vtoroj poloviny XIX – nachala XX vv. [Peasant Resettlements and Their Impact on the Economy of the Kazakh Nomadic Aul in the Steppe Region in the Second Half of the 19th and Early 20th Centuries]. Omsk, 2009. 35 p. (In Russ.).
- Sulejmenov, 1963 — *Sulejmenov B.* agrarnyj vopros v Kazahstane v poslednej treti XIX – nachala XX vv. [The Agrarian Issue in Kazakhstan in the Late 19th – Early 20th Century]. Alma-Ata, 1963. 411 p. (In Russ.).
- Syzdykova, 2005 — *Syzdykova E.S.* Russkaya kolonizaciya i vzaimootnosheniya pereselencev s mestnym naseleniem [Russian Colonization and the Relations Between Settlers and the Local Population] // *Rossijskie voennye i Kazahstan.* M., 2005. Pp. 214–241. (In Russ.).
- Tursunbaev, 1950 — *Tursunbaev A.B.* Iz istorii krest'yanskogo pereseleniya v Kazahstan [The History of Peasant Migration to Kazakhstan]. Alma-Ata: AN Kazahskoj SSR, 1950. 102 p. (In Russ.).
- Hvorostanskij, 1915 — *Hvorostanskij P.* Evolyuciya kirgizskogo hozyajstva v Turgajskoj oblasti Voprosy kolonizacii [The Evolution of Kyrgyz Economy in the Turgai Region], 1915. No. 18. Pp. 158–206. (In Russ.).
- Chernikov, 1966 — *Chernikov V.S.* Krest'yanskaya kolonizaciya Severnogo Kazahstana v konce XIX – nachala XX vv. i ee social'no-ekonomicheskie poledstviya [Peasant Colonization of Northern Kazakhstan in the Late 19th – Early 20th Century and Its Socio-Economic Consequences] // *Diss. kandidata istroicheskikh nauk.* M., 1966. 215 p. (In Russ.).
- Frizen, 2016 — *Frizen D.Ya.* Vzaimootnosheniya mezhdru kazahami i krest'yanami-pereselencami Zapadnogo Kazahstana v XIX – nachala XX vv. [Relations Between Kazakhs and Peasant Settlers of Western Kazakhstan in the 19th – Early 20th Century] // *Samarskij nauchnyj vestnik.* 2016. No. 4. Pp. 117–121. (In Russ.).

Churkin, Tokmurzaev, 2019 — *Churkin M.K., Tokmurzaev B.S.* Agrarnaya kolonizaciya Stepnogo kraja: obshchestvenno-politicheskij diskurs i imperskie praktiki vtoroj poloviny XIX – nachala XX vv. [Agrarian Colonization of the Steppe Region: Socio-Political Discourse and Imperial Practices of the Late 19th – Early 20th Centuries]. Omsk, 2019. 262 p. (In Russ.).

Shalgimbekova, 2012 — *Shalgimbekova K.S.* Istoriya formirovaniya poliyazychnogo naseleniya Severnogo Kazakhstana (na primere Kostanajskoj oblasti) [The History of the Formation of Multilingual Population in Northern Kazakhstan (The Case of Kostanay Region)] // Vestnik CHelyabinskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya Filologiya. Iskusstvovedenie, 2012. No. 5(259). Vol. 63. Pp. 173–175. (In Russ.).

Ybyraj, 2024 — *Ybyraj S.B.* Mambetali Serdalin o vliyaniy zemel'nyh reform na traditsionnyj ukhad hozjyastv naseleniya severnogo Kazakhstana v konce XIX – nachala XX vv. [Mambetali Serdalin on the Influence of Land Reforms on the Traditional Way of Life and Economy of the Population of Northern Kazakhstan in the Late 19th – Early 20th Century] // Severnyj region: nauka, obrazovanie, kul'tura, 2024. Vol. 25. No. 4. Pp. 37–47. (In Russ.).

Said, 1978 — *Said E.W.* Orientalizm. New York, 1978. 369 p.

James, 1998 — *James C. Scott.* Seeing Like a State. Yale University Press, 1998. 464 p.

Әдебиеттер

Аққол, 2007 — Аққол, Ерейментау, Аршалы, Целиноград аудандары және Біржан сал ауданы бойынша Ақмола облысының кейбір елді мекендерінің атауларын өзгерту туралы, 2007. // URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V07B0003236/compare> (қаралған уақыты: 02.04.2025).

Белоус, 2019 — *Белоус С.Г.* Аграрный вопрос в Казахстане в конце XIX – начале XX веков и его отражение в курсе «История Казахстана». Дисс. на соиск. степени доктора PhD. Алматы, 2019. 211 с.

Бөкейханов, 1994 — *Бөкейханов Ә.* Шығармалар. Алматы: «Қазақстан», 1994. 384 б.

Бөкейхан, 1995 — *Бөкейхан Ә.* Таңдамалы. Алматы, 1995. 477 б.

Дулатов, 1911 — *Дулатов М.* Жер мәселесі // Айқап, 1911. № 11. Б. 8–10.

Жаркенова, 2018 — *Жаркенова А.М.* Полиэтнический состав населения Северного Казахстана в конце XIX – начале XXI вв.: исторические особенности, современные тенденции и перспективы // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия», 2018. № 4(92). С. 60–69.

Кабульдинов, 2022 — *Кабульдинов З.* Северный Казахстан всегда был казахской землей, 2022 // URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/33811>

Кабульдинов, 2025 — *Кабульдинов З.Е.* Обострение земельных проблем казахов в условиях массовой крестьянской колонизации в начале XX века // Отан тарихы, 2025. № 1. С. 5–17.

Кауфман, 1897 — *Кауфман А.А.* Переселенцы-арендаторы Тургайской области. Спб., 1897. 350 с.

Материалы, 1960 — *Материалы* по истории политического строя Казахстана. Алма-Ата, 1960. Т. 1. 442 с.

Материалы, 1896 — *Материалы* по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по обследованию степных областей. Под руководством Ф.А. Щербины. СПб., 1896–1908 гг. В 27-ти томах.

Материалы, 1999 — *Материалы* по введению русской политической системы управления в Казахстане. Алматы, 1999. 255 с.

Мәрсеков, 1912 — *Мәрсеков Р.* Қазақ қайтсе жерге ие болады? // Айқап, 1912. № 1. Б. 5–7.

Мұхатова, 2002 — *Мұхатова О.Х.* XIX–XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы. Алматы, 2002. 152 б.

Мырзахметова, 2007 — *Мырзахметова А.Ж.* История образования и деятельности органов Переселенческого управления в Казахстане в конце XIX – начале XX вв.: автореф. дисс. на соиск. канд. ист. наук. Караганда, 2007. 30 с.

Мырзахметова, 2010 — *Мырзахметова А.Ж.* Нормативно-правовая база переселенческой политики в Казахстане во второй половине XIX – начала XX века // Вестник КарГУ, 2010. № 2. С. 37–47.

Новоселов, 1908 — *Новоселов П.* Землеотводное дело в Киргизской степи и необходимость землеустройства киргиз; Ч. Вопрос о землеустройстве киргиз // Вопросы колонизации, 1908. № 3. С. 108–120.

Нурбаев, 2006 — *Нурбаев К.Ж.* Колонизация Северо-Центрального Казахстана (XVIII – первая половина XIX века): историко-географическая проблема // Дисс. на соиск. ученой степени доктора исторических наук. Алматы, 2006. 319 с.

Нурбай және т.б., 2023 — *Нурбай К., Алтысбаева Г., Аубакирова Х.* Проблема развития земельных отношений в северном Казахстане во второй четверти XIX – 50-х годах XX веков: историографический анализ // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева. Серия: исторические науки. Философия. Религиоведение, 2023. Т. 145. № 4. С. 110–127.

Седельников, 1907 — *Седельников Т.И.* Борьба за землю в киргизской степи (Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства). СПб.: Электротпечатня тва «Дело, казачий пер. № 9», 1907. 79 с.

Сейдалиев, 1912 — *Сейдалиев Ж.* Жер жайынан бір-екі ауыз сөзі // Айқап, 1911. № 10. Б. 12–23.

Сариева, 2002 — *Сариева Р.Х.* Колониальная политика царизма в Казахстане: на примере Тургайской области (1868–1914 гг.): автореф. дисс. на соиск. канд. ист. наук. Алматы, 2002. 33 с.

Сорока, 2009 — *Сорока Н.Н.* Крестьянские переселения и их влияние на экономику казахского кочевого аула Степного края второй половины XIX – начала XX вв. Омск, 2009. 35 с.

- Сулейменов, 1963 — *Сулейменов Б.* Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети XIX – начала XX в. Алма-Ата, 1963. 411 с.
- Сыздыкова, 2005 — *Сыздыкова Е.С.* Русская колонизация и взаимоотношения переселенцев с местным населением // *Российские военные и Казахстан.* М., 2005. С. 214–241.
- Турсунбаев, 1950 — *Турсунбаев А.Б.* Из истории крестьянского переселения в Казахстан. Алма-Ата: АН Казахской ССР, 1950. 102 с.
- Фризен, 2016 — *Фризен Д.Я.* Взаимоотношения между казахами и крестьянами-переселенцами Западного Казахстана в XIX – начале XX века // *Самарский научный вестник*, 2016. № 4. С. 117–121.
- Хворостанский, 1915 — *Хворостанский П.* Эволюция киргизского хозяйства в Тургайской области Вопросы колонизации, 1915. № 18. С. 158–206.
- Черников, 1966 — *Черников В.С.* Крестьянская колонизация Северного Казахстана в конце XIX – начале XX века и ее социально-экономические последствия. Дисс...кандидата исторических наук. М., 1966. 215 с.
- Чуркин, Токмурзаев, 2019 — *Чуркин М.К., Токмурзаев Б.С.* Аграрная колонизация Степного края: общественно-политический дискурс и имперские практики второй половины XIX – начала XX вв. Омск, 2019. 262 с.
- Шалгимбекова, 2012 — *Шалгимбекова К.С.* История формирования полиязычного населения Северного Казахстана (на примере Костанайской области) // *Вестник Челябинского государственного университета. Серия Филология. Искусствоведение*, 2012. № 5(259), Вып. 63. С. 173–175.
- Ыбырай, 2024 — *Ыбырай С.Б.* Мамбетали Сердалин о влиянии земельных реформ на традиционный уклад хозяйств населения северного Казахстана в конце XIX – начале XX веков // *Северный регион: наука, образование, культура*, 2024. Т. 25. № 4. С. 37–47.
- Said, 1978 — *Said E.W.* Orientalism. New York, 1978. 369 p.
- James, 1998 — *James C. Scott.* Seeing Like a State. Yale University Press, 1998. 464 p.

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 727-742, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_727-742

LEGALITY AS IDEOLOGY AND EXCLUSION AS PRACTICE: THE “PUNISHED PEOPLES” IN THE SYSTEM OF SPECIAL SETTLEMENTS (1948–1953)

*Bolatkhan Aliya*¹

¹University of Zurich
(8050 Zurich, Switzerland)
Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-4594-4545>. E-mail: aliya.bolatkhan@uzh.ch

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Bolatkhan A., 2025

Abstract. *Introduction.* This paper examines the experiences of members of the so-called “punished peoples” who were placed in the Soviet system of special settlements on the territory of the Kazakh SSR – one of the largest resettlement zones in the postwar period within the USSR. The analysis focuses on the legal foundations of their status and the everyday consequences for their social inclusion and life opportunities. *Aims and Objectives.* The aim of the study is to analyze the legal status of special settlers, identify which rights and freedoms were restricted, and explore how their status differed from that of other Soviet citizens. The objectives include examining the legal framework, administrative practices, and individual case studies that reflect life under the special settlement regime. *Findings.* The analysis of sources reveals that special settlers systematically faced restrictions on basic rights – such as freedom of residence, movement, and employment, access to education, the right to family reunification. These limitations were institutionally embedded and enforced through routine mechanisms of administrative control. *Original contribution.* The paper introduces the concept of the “ideology of legality” as an analytical tool for understanding the Soviet legal rhetoric that concealed a practice of mass exclusion. *Conclusion.* The special settlement system functioned as a sustained mechanism of legal exclusion, concealed beneath a facade of formal legality. It stood in direct contradiction to the principles proclaimed in the Soviet Constitution and effectively undermined fundamental human rights.

Keywords: Special settlers, special settlement system, punished peoples, human rights, Kazakh SSR
For citation: Bolatkhan A. Legality as ideology and exclusion as practice: the “punished peoples” in the system of special settlements (1948–1953) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 727–742. (In Russ.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_727-742

ЗАҢДЫЛЫҚ – ИДЕОЛОГИЯ, ШЕТТЕТУ – ТӘЖІРИБЕ: КҮШТЕП ҚОНЫС АУДАРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ «ЖАЗАЛАНҒАН ХАЛЫҚТАР» (1948–1953)*Болатхан Әлия¹*¹Цюрих университеті
(8050, Цюрих, Швейцария)

Зерттеуші

 <https://orcid.org/0000-0002-4594-4545>. E-mail: aliya.bolatkhan@uzh.ch

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Болатхан Ә., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақала күштеп қоныс аудару жүйесіндегі «жазаланған халықтардың» тәжірибесін талдауға арналған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Қазақ КСР территориясы сталиндік репрессиялық саясат аясында күштеп қоныс аударылған континенттер шоғырланған ең ірі аймақ болды. Бұл зерттеу күштеп қоныс аудару жүйесіндегі «жазаланған халықтардың» құқықтық жағдайы негіздеріне және оның күнделікті өмірдегі мүмкіндіктерге тигізген әсеріне ерекше назар аударады. *Мақсаты мен міндеттері.* Зерттеудің мақсаты — күштеп қоныс аударылғандардың қандай құқықтары мен бостандықтары шектелгенін және олардың КСРО-ның басқа азаматтарының жағдайынан қалай ерекшеленгенін талдау. Міндеттерге нормативтік-құқықтық базаны, әкімшілік тәжірибелерді және күштеп қоныс аудару жүйесі жағдайындағы өмір тәжірибені сипаттайтын жеке іс үлгілерін талдау кіреді. *Нәтижелер.* Дереккөздерді талдау нәтижесінде күштеп қоныс аударылғандардың тұрғылықты жерді таңдау, еркін жүру және еңбек ету, білім алу және отбасымен қайта қосылу құқықтарының жүйелі түрде шектелуін көрсетті. Бұл шектеулер институционалдық сипатта болып, әкімшілік бақылаудың күнделікті жұмыс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылған. *Ғылыми жаңалығы.* Зерттеуде кеңестік құқықтық риториканың жаппай шеттету практикасын жасыру үшін қолданылған «заңдылық идеологиясы» ұғымы аналитикалық түсінік ретінде енгізіледі. *Қорытынды.* Күштеп қоныс аудару жүйесі формалды нормалардың сақталуын көрсеткенімен, іс жүзінде құқықтық шеттетудің тұрақты тетігі ретінде жұмыс істеген. Бұл жүйе КСРО Конституциясында жарияланған қағидаттарға да, әмбебап адам құқықтарына да қайшы келген.

Түйін сөздер: Күштеп қоныс аударылғандар, күштеп қоныс аудару жүйесі, жазаланған халықтар, адам құқықтары, Қазақ КСР

Дәйексөз үшін: Болатхан Ә. Заңдылық – идеология, шеттету – тәжірибе: күштеп қоныс аудару жүйесіндегі «жазаланған халықтар» (1948–1953 жж.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 727–742 бб. (Орысш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_727-742

ИДЕОЛОГИЯ ЗАКОННОСТИ И ПРАКТИКА ИСКЛЮЧЕНИЯ: «НАКАЗАННЫЕ НАРОДЫ» В СИСТЕМЕ СПЕЦПОСЕЛЕНИЙ (1948–1953 ГГ.)*Болатхан Алия¹*¹Цюрихский университет
(8050, Цюрих, Швейцария)

Исследователь

 <https://orcid.org/0000-0002-4594-4545>. E-mail: aliya.bolatkhan@uzh.ch

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Болатхан А., 2025

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена анализу опыта представителей «наказанных народов», размещённых в системе спецпоселений на территории Казахской ССР – одного из крупнейших регионов расселения спецпоселенцев в послевоенный период в СССР. Особое внимание уделяется правовым основаниям их статуса и повседневным последствиям для социальной включённости и жизненных возможностей спецпоселенцев. *Цели и задачи.* Цель исследования – проанализировать положение спецпоселенцев с акцентом на то, какие права и свободы были для них ограничены, и в чём их статус отличался от положения остальных граждан СССР. Задачи включают анализ нормативной базы, административных практик и индивидуальных кейсов, отражающих опыт жизни в условиях спецпоселения. *Результаты.* Анализ источников показал, что спецпоселенцы систематически сталкивались с ограничениями прав – на выбор места жительства, свободу передвижения и труда, право на образование и воссоединение с членами семьи. Эти ограничения имели институциональную основу и реализовывались через повседневные механизмы административного контроля. *Научная новизна.* В исследовании вводится понятие «идеология законности» как аналитическая рамка для описания советской правовой риторики, прикрывавшей практику массового исключения. *Вывод.* Система спецпоселений действовала как устойчивый механизм правового исключения, замаскированный под соблюдение формальных норм. Она противоречила провозглашённым принципам Конституции СССР и подрывала универсальные права человека.

Ключевые слова: Спецпоселенцы, система спецпоселений, наказанные народы, права человека, Казахская ССР

Для цитирования: Болатхан А. Идеология законности и практика исключения: «наказанные народы» в системе спецпоселений (1948–1953 гг.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 727–742. (На Русс.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_727-742

Введение

Сталинские репрессии, охватывающие период с конца 1920-х до начала 1950-х годов, реализовывались в различных формах и через разветвлённую систему институциональных механизмов. Одним из ключевых её элементов стала система спецпоселений, основанная на административном контроле и надзоре за различными категориями принудительно переселённых лиц. После принятия решения о высылке определённых групп населения они направлялись в специально отведённые районы, где им присваивался статус спецпоселенцев. С этого момента их хозяйственное устройство, трудовое распределение и повседневная жизнь находились под постоянным контролем со стороны спецкомендатур. Иными словами, система спецпоселений выступала важным инструментом изоляции, подавления и управления теми, кто рассматривался как «неблагонадёжный» или «враждебный» по отношению к советской власти.

Формирование системы спецпоселений восходит к практике «кулацкой ссылки» 1930-х годов. В дальнейшем её административный аппарат был выведен из структуры ОИТК НКВД и преобразован в самостоятельный Отдел спецпоселений НКВД СССР 17 августа 1944 года. С 1946 года данная структура функционировала в рамках МГБ–МВД и представляла собой автономную систему, ориентированную на административное управление, оперативный учёт и надзор за спецпереселенцами. К началу 1953 года система спецпоселений достигла своего пика, охватывая около трёх миллионов человек, значительную часть которых составляли представители народов, насильственно выселённых по национальному признаку: немцы, карачаевцы, чеченцы, ингуши, балкарцы, калмыки, крымские татары и другие. Период 1948–1953 годов стал временем институционального укрепления системы, что делает этот этап особенно показательным для изучения репрессивного характера государственной политики в отношении данной категории населения (Болатхан и Калыбекова, 2024: 928–929).

Обсуждение

Решение советского руководства во главе со Сталиным о массовом выселении целых народов в годы Второй мировой войны было продиктовано множеством взаимосвязанных факторов и до сих пор остается предметом оживленных дискуссий. Хотя официально депортации обосновывались обвинениями в коллективной измене, неблагонадежности и угрозе государственной безопасности, на практике они выступали инструментом реализации идеологических, политических и экономических задач. В этой логике автор статьи полагает, что решающую роль играли устойчивые этнические стереотипы и исторически закрепившийся образ отдельных народов как «ненадежных».

Одним из трёх ключевых объяснений массовых этнических чисток в Советском Союзе, по мнению Терри Мартина, является фактор устойчивой этнической враждебности. Т. Мартин отмечает, что некоторые этнические группы, такие как чеченцы, ингуши, балкарцы и карачаевцы, сталкивались с острыми этническими конфликтами как в царский период, так и в начальные годы советской власти. При этом он допускает наличие исключений, упоминая калмыков, чья история, по его мнению, не характеризуется аналогичным уровнем сопротивления и межэтнической напряжённости. Вместе с тем он обращает внимание на дагестанцев, которые, несмотря на участие в множественных этнических конфликтах, депортации не подверглись (Martin, 1998: 859).

Однако если рассматривать причины депортации не только через призму участия в межэтнических конфликтах, но и в контексте исторически сложившегося недоверия, включая враждебность, сопротивление и восприятие политической ненадежности, то депортация калмыков не представляет собой исключение. Напротив, она служит дополнительным примером того, как распространённая этническая враждебность могла стать фактором, повлиявшим на инициирование советской этнической чистки. Исторически закрепившееся представление о калмыках как о «ненадежном и нелояльном народе», сформировавшееся ещё в царский период, вполне могло сыграть значительную роль в принятии решения об их депортации в советское время.

Abstract. Introduction. The article analyzes Kazakh-Bukhara relations in the period from the 30s of the 17th century to the first quarter of the 18th century. One of the key directions of the Kazakh Khanate's foreign policy was the development of relations with the Bukhara state, which had significant geostrategic significance. During this period, the ties between the Kazakh Khanate and the Bukhara Khanate were strengthened through diplomatic negotiations and military alliances. Trade, economic, social, cultural and religious ties have developed between the two countries. Kazakh-Bukhara relations played an important role not only in shaping the political situation of the two states, but also in shaping the political landscape of the entire Central Asian region. The history of Kazakh-Bukhara relations is not only a reflection of the past, but also the foundation of interstate relations with deep historical roots and the common heritage of the two peoples. These relations are a complex and multifaceted process that contributes to the peaceful development of the geopolitical situation in the Central Asian region in the future. In this context, the historical study of Kazakh-Bukharian relations using new scientific approaches focused on national interests is an urgent task of modern historical knowledge. *Goals and objectives of the study* – A comprehensive analysis of the political, economic and cultural ties of Kazakh-Bukhara relations in the 30s of the 17th century and the first quarter of the 18th century; a study of the development of Kazakh-Bukhara relations in the 30s of the 17th century; a study of military cooperation between Kazakhstan and Bukhara in the 50s of the 17th century; identification of the features of mutual relations between the Kazakh Khanate and Bukhara Khanate in the first quarter of the XVIII century. *Results.* The article examines the directions, character, features and development of Kazakh-Bukharian relations based on oriental written sources and records of Russian ambassadors. The political, economic, social, trade, economic, cultural and spiritual ties in Kazakh-Bukhara relations of the period under review are analyzed. The course, development, nature and historical significance of relations between the Kazakh Khanate and

the Bukhara state are assessed. *Conclusions.* Kazakh-Bukhara relations in the 30s of the 17th century and the first quarter of the 18th century cover an important period from a historical, political and cultural point of view. During this period, the relations between the Kazakh Khanate and the Bukhara Khanate acquired a complex character. Political interests, trade relations, military cooperation and conflicts, as well as diplomatic negotiations have played a significant role in the history of the two peoples. In addition, cultural exchange and religious influences have also become an important component of these relations. The study of Kazakh-Bukhari relations of the period under review opens the way to understanding the historical continuity and development of peaceful relations between the modern Republic of Kazakhstan and the Republic of Uzbekistan.

Keywords: Kazakh Khanate, Khan Jangir, Khan Tauke, foreign policy, interrelations, Central Asia, Bukhara Khanate, Balkh, diplomacy

For citation: Doskarayeva A.A., Mukhatova O.Kh. Kazakh-bukhara relations in the 30s of the 17th century and the first quarter of the 18th century (the political aspect) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 743–759. (In Kaz.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_743-759


XVII ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ – XVIII ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ҚАЗАҚ-БҰХАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (САЯСИ АСПЕКТ)

Доскараева Айжан Асхатқызы¹, Мұхатова Оразгүл Хасенқызы^{2*}

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)


Кіші ғылыми қызметкер,

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 2 курс докторанты

 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: doskaraeva@gmail.com

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Доскараева А.А., Мұхатова О.Х., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Мақалада XVII ғасырдың 30-жылдары – XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ-бұхар қатынастары талданады. Қазақ хандығының сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі – Бұхар мемлекетімен қарым-қатынастарды дамыту геостратегиялық маңызға ие болды. Бұл кезеңде Қазақ хандығы мен Бұхар хандығы арасындағы байланыстар дипломатиялық келіссөздер мен әскери одақтар арқылы нығайды. Екі мемлекет арасында сауда-саттық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және діни байланыстардың дамуы байқалды. Қазақ-бұхар қатынастары тек осы екі мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия өңірінің саяси жағдайын қалыптастыруда да маңызды рөл атқарды. Қазақ-бұхар қарым-қатынастарының тарихы – бұл тек өткеннің көрінісі ғана емес, сонымен қатар екі мемлекеттің ортақ тарихы мен терең тамырлары бар мемлекетаралық байланыстардың негізі. Бұл байланыстар болашақта Орталық Азия аймағының геосаяси ахуалының бейбіт дамуына ықпал ететін күрделі және көпқырлы процесс болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ-бұхар қарым-қатынастарын тарихи тұрғыдан зерттеп, ұлттық мүддеге сәйкес жаңа ғылыми көзқараспен қайта қарастыруды қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі. *Мақсаты мен міндеттері* – XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қарым-қатынастарын саяси, экономикалық және мәдени байланыстарын жан-жақты талдау; XVII ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ-

бұхар қарым-қатынастарының дамуын зерттеу; XVII ғасырдың 50-жылдарындағы қазақ-бұхар әскери одақтастығын зерделеу; XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығы мен Бұхар хандығының өзара қарым-қатынасының ерекшеліктерін айқындау. *Нәтижелер.* Мақалада шығыс жазба деректері мен орыс елшілерінің жазбаларының негізінде қазақ-бұхар қарым-қатынастарының бағыты, сипаты, ерекшеліктері мен дамуы зерттелді. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ-бұхар қарым-қатынастарының саяси, экономикалық, әлеуметтік, сауда, шаруашылық, мәдени-рухани байланыстары талданды. Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетінің қарым-қатынастарының барысы, дамуы, сипаты мен тарихи маңызына баға берілді. *Қорытынды.* XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қарым-қатынастары тарихи, саяси және мәдени аспектілер тұрғысынан маңызды кезеңді қамтыды. Бұл кезеңде Қазақ хандығы мен Бұхар хандығы арасындағы байланыстар күрделі сипатқа ие болды. Саяси мүдделер, сауда қатынастары, әскери одақтастық пен қақтығыстар, дипломатиялық келіссөздер екі халықтың тарихында маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, мәдени алмасу мен діни ықпалдар да бұл қарым-қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі болды. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ-бұхар қарым-қатынастарының зерттелуі қазіргі Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы бейбіт байланыстардың тарихи сабақтастығы мен дамуын түсінуге жол ашады.


Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Жәңгір хан, Тәуке хан, сыртқы саясат, қарым-қатынас, Орталық Азия, Бұхар хандығы, Балх, дипломатия


Дәйексөз үшін: Доскараева А.А., Мұхатова О.Х. XVII ғасырдың 30-жылдары – XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қарым-қатынастары (саяси аспект) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 743–759 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_743-759

КАЗАХСКО-БУХАРСКИЕ ВЗАИМОТНОШЕНИЯ В 30-Х ГОДАХ XVII ВЕКА – ПЕРВОЙ ЧЕТВЕРТИ XVIII ВЕКА (ПОЛИТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)

Доскараева Айжан Асхатовна¹, Мухатова Оразгуль Хасеновна^{2}*

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
Младший научный сотрудник,
докторант 2 курса Казахского национального университета имени Аль-Фараби
 <https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>. E-mail: doskaraeva@gmail.com

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
(д. 28, ул. Шевченко, 050010 г. Алматы, Республика Казахстан)
Доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник
 <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>. E-mail: Orazgul7@rambler.ru

*Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025
© Доскараева А.А., Мухатова О.Х., 2025

Аннотация. *Введение.* В статье анализируются казахско-бухарские отношения в период с 30-х годов XVII века до первой четверти XVIII века. Одним из ключевых направлений внешней политики Казахского ханства являлось развитие отношений с Бухарским государством, что имело значительное геостратегическое значение. В указанный период связи между Казахским ханством и Бухарским ханством укреплялись посредством дипломатических переговоров и военных союзов. Между двумя государствами наблюдалось развитие торговых, экономических, социальных, культурных и религиозных связей. Казахско-бухарские отношения играли важную роль не только в формировании политической

ситуации двух государств, но и в становлении политического ландшафта всего региона Центральной Азии. История казахско-бухарских взаимоотношений представляет собой не только отражение прошлого, но и фундамент межгосударственных связей с глубокими историческими корнями и общим наследием двух народов. Данные отношения выступают сложным и многогранным процессом, способствующим мирному развитию геополитической обстановки в Центральноазиатском регионе в будущем. В этом контексте историческое исследование казахско-бухарских отношений с применением новых научных подходов, ориентированных на национальные интересы, является актуальной задачей современного исторического знания. *Цель и задачи исследования* – Комплексный анализ политических, экономических и культурных связей казахско-бухарских отношений в 30-х годах XVII века и первой четверти XVIII века; исследование развития казахско-бухарских отношений в 30-х годах XVII века; изучение военного сотрудничества между Казахским ханством и Бухарой в 50-х годах XVII века; определение особенностей взаимных отношений между Казахским ханством и Бухарским ханством в первой четверти XVIII века. *Результаты.* В статье на основе восточных письменных источников и записей русских послов исследуются направления, характер, особенности и развитие казахско-бухарских отношений. Анализируются политические, экономические, социальные, торговые, хозяйственные и культурно-духовные связи в казахско-бухарских отношениях рассматриваемого периода. Оцениваются ход, развитие, характер и историческое значение отношений между Казахским ханством и Бухарским государством. *Выводы.* Казахско-бухарские отношения в 30-х годах XVII века и первой четверти XVIII века охватывают важный период с исторической, политической и культурной точек зрения. В этот период связи между Казахским ханством и Бухарским ханством приобрели сложный характер. Политические интересы, торговые отношения, военное сотрудничество и конфликты, а также дипломатические переговоры сыграли значительную роль в истории двух народов. Кроме того, культурный обмен и религиозные влияния также стали важной составляющей этих отношений. Изучение казахско-бухарских отношений рассматриваемого периода открывает путь к пониманию исторической преемственности и развития мирных связей между современными Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан.

Ключевые слова: Казахское ханство, хан Жангир, хан Тауке, внешняя политика, взаимосвязь, Центральная Азия, Бухарское ханство, Балх, дипломатия

Для цитирования: Доскараева А.А., Мухатова О.Х. Казахско-бухарские взаимоотношения в 30-х годах XVII века – первой четверти XVIII века (политический аспект) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 743–759. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_743-759

Кіріспе

XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қарым-қатынасы отандық тарих ғылымында арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Отандық тарихшылар Шайбани әулетінің билігі кезеңіндегі қазақ-бұхар байланыстарын жазба деректер негізінде талдады. Алайда, XVII ғасырдың 30-жылдарынан кейінгі кезеңдегі Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекеті арасындағы саяси байланыстар тарихшы ғалымдардың назарынан тыс қалды. Себебі XVII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Қазақ хандығына Жоңғар мемлекеті тарапынан қауіп төнді. Қазақ хандығының саяси қуаты жоңғар агрессиясына тойтарыс беруге жұмсалды. Осы кезеңдегі қазақ ауыз әдебиетінің деректері мен жазба деректерде қазақтардың жоңғарлармен жүргізген күрестері кеңінен баяндалды. Сәйкесінше Қазақ хандығының Жоңғар мемлекетімен жүргізген соғыстары ғылыми ортада басымдыққа ие болып, зерттеушілердің назарын аударды. Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекеті арасындағы саяси қатынастардың ерекшеліктері мен динамикасы жеткілікті дәрежеде зерттелмеді. Тек XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-бұхар қатынастары зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапты. Осылайша, бір ғасырдан астам уақыт аралығындағы қазақ-бұхар қатынастары ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде зерделенбеген. Оның өзіндік себептері

бар. Біріншіден, осы кезеңдегі қазақ-бұхар қарым-қатынастарына байланысты жазба деректерінің аз болуы. Екіншіден, тарихшы ғалымдар қазақ-жоңғар, орыс-қазақ, қазақ-қытай қарым-қатынастарын зерттеуге басымдық берді. Үшіншіден, совет үкіметі тұсында қазақ мемлекеттілігінің тарихын зерттеу, Қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстарын, түркі халықтарының өзара қарым-қатынастарын және олардың тарихының бірегейлігін зерттеу Совет Одағының идеологиясына қайшы деп танылды. Төртіншіден, Қазақ хандығының тарихына қатысты бірқатар мәселелер бұрмаланып, отарлық саясаттың мүддесіне сай, советтік идеология мен маркстік-лениндік методологияға сай, таптық бағытта зерттелді. Бесіншіден, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ мемлекеттілігінің тарихы, әсіресе Қазақ хандығының құрылуы мен атақты қазақ хандарының билігі, қазақ шежіресі сияқты тақырыптар тарихшылардың зерттеу нысанына айналды.

Қазіргі уақытта Қазақ хандығының тарихын жан-жақты зерттеу мемлекетіміздің болашағы үшін маңызды. Қазақ мемлекетінің іргелес елдермен қарым-қатынасы, соның ішінде XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қарым-қатынасының тарих ғылымында зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі. Аталған тақырыпты зерттеу – Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің өзара бейбіт қарым-қатынастарының тарихи сабақтастығын айқындайды. Қазіргі кезеңдегі Орталық Азиядағы ынтымақтастық пен халықаралық қатынастардың бейбіт дамуына әсер етеді. Бұл өз кезегінде Орталық Азиядағы интеграциялық процестерді тереңірек түсінуге және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Жоғарыда келтірілген дәйектер негізінде Қазақ хандығының сыртқы саясатының ажырамас бөлігі ретінде қазақ-бұхар қарым-қатынастарының тарихын ұлттық мүддеге сай, жаңа ғылыми көзқарастар тұрғысынан зерттеу өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер

XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қарым-қатынасы зерттеуде негізгі деректер – шығыс жазба деректері, орыс елшілерінің есептері, қазақтың ауызша тарихи деректері болып табылады. Қазақ-бұхар қарым-қатынастары жайында баяндалатын еңбектердің бірі – Махмуд бен Әмір Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» атты еңбегі. Деректе XVI–XVII ғасырлардағы қазақ-бұхар қарым-қатынастары, екі елдің саяси жағдайы туралы қазақ хандары мен сұлтандары туралы мәліметтер бар. Қожамқұл-Бек Балхидің «Тарих-и Қыпшақи» атты тарихи еңбегінде Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетіне қатысты, әскери одақ, елшілік қатынастар жөнінде мәліметтер жазылған. Мир Мұхаммед Амине Бұхаридің «Убайдаллах-наме» еңбегінде XVIII ғасырлардағы Бұхар хандығының ішкі саяси жағдайымен қатар қазақтарға қатысты мәліметтер де кездеседі. Сонымен қатар жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы кезіндегі қазақ-бұхар әскери одақтастығы, елшілік қатынастар, әлеуметтік, экономикалық байланыстар туралы баяндалған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларындағы ауызша тарихи деректердің де маңызы зор.

Жоңғар хандығына, Иран арқылы Балх, Хиуа және Бұхар аймақтарына елшілік қызметпен барған орыс елшілері К. Енбаев, К. Терлеметев, Д. Копылов, Г. Ильин, К. Кучеев, А. Грибов, Г.В. Булгаков, Ф. Беневенидің есептерінде қалмақтар мен қазақтар арасындағы әскери қақтығыстары кезінде Бұхар тарапынан көрсетілген әскери көмек, сондай-ақ бұхар-үнді соғысындағы қазақ-бұхар әскери одағы, саяси байланыстары туралы құнды мәліметтер қамтылған.

Зерттеу барысында талдау, салыстыру, сыни талдау, ретроспективтілік, баяндау, сипаттау, қорыту әдістері қолданылды. Бұл әдістер мәселені жан-жақты зерттеуге, тұжырым жасауға ықпал етті. Талдау әдісі арқылы зерттелетін тақырыптың негізгі компоненттері мен элементтерін бөліп, олардың өзара байланыстары зерделенді. Салыстыру әдісі жазба және ауызша деректердегі тарихи оқиғалар туралы мәліметтерді өзара салыстыра отырып, тарихи фактілердің шынайылығын айқындау үшін қолданылды. Сыни талдау әдісі арқылы тарихи деректердің шынайылығы және олардың зерттеу тақырыбына қатысты құндылығы

анықталды. Ретроспективтілік әдісі қазақ-бұхар қарым-қатынастарының дамуын сол кезеңдегі тарихи оқиғалар ауқымында қарастыруға мүмкіндік берді. қолданылды. Баяндау әдісі тарихи оқиғаларды, зерттеу нәтижелерін жүйелі түрде жеткізуге септігін тигізді. Қорыту әдісі алынған нәтижелерді жинақтап, зерттеудің негізгі тұжырымдарын қалыптастыруға мүмкіндік берді. Осылайша, аталған әдістердің кешенді қолданылуы мәселені жан-жақты зерттеуге және тұжырым жасауға ықпал етті.

Талқылау

Отандық және шетелдік тарихнамада XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты, дәлірек айтар болсақ, қазақ-бұхар қарым-қатынастарын зерттеуге арналған ғылыми жұмыстар аз. Бұл мәселені тереңірек қарастыратын арнайы іргелі еңбектер әлі күнге дейін жарық көрмеген. Қазақ халқының тарихы мен Қазақ хандығының тарихын зерттеу негізінде жазылған еңбектерде қазақ-бұхар қатынастары да айтылады. Солардың бірі – М. Тынышбаевтың «Қазақ-қырғыз халқының тарихына қатысты материалдар» атты еңбегі (Тынышбаев, 1925). Еңбекте қазақ-бұхар қарым-қатынастары XV–XVI ғасырлардағы қазақ мемлекетінің Мәуреннахрдағы Шайбани әулетінің билігі тұсындағы қарым-қатынастары негізінде зерттелді. М. Вяткиннің қазақ тарихы туралы еңбегінде Хақназар ханнан бастап Тәуекел ханның билігі тұсындағы, яғни XVI ғасырдың 50-жылдарынан 1598 жылға дейінгі қазақ-бұхар қарым-қатынастары қысқаша берілген (Вяткин, 1941). Сонымен қатар, К.А. Пищулина өз мақаласында Қазақ хандығына қатысты жекелеген мәселелер аясында қазақтардың Сыр бойындағы қалалар үшін Шайбани әулетімен жүргізген саясаты, сауда байланыстары, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқы мен Орталық Азияның отырықшы халықтарының өзара қарым-қатынастары Сыр бойындағы қалалар арқылы жүзеге асты және берік шаруашылық байланыс орнады деген қорытынды айтты (Пищулина:156, 1969). П.П. Иванов (Иванов, 1958), Б.А. Ахмедов (Ахмедов, 1982) еңбектерінде Бұхар хандығы мен Балх аймағының ішкі және сыртқы саясатының тарихын зерттеу аясында қазақ-бұхар қарым-қатынастары туралы қысқаша айтып өткен. Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген «Казakhstan летопись трех тысячелетии» еңбегінде Қазақ хандығының құрылған кезеңінен бастап XVI ғасырдың 30-жылдары дейінгі қазақ-бұхар қатынастары талданған (Кляшторный, Султанов). М.Х. Абусейтованың монографиясында (М. Абусейтова, 1985, 2002) Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекеті арасындағы қарым-қатынастарының тарихы Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінен бастап XVII ғасырдың 30-жылдарына дейінгі кезеңді қамтиды. Монографияда автор шығыс жазба деректеріндегі мәліметтер негізінде XVI ғасырда Қазақ хандығы Орталық Азия аумағында халықаралық деңгейде ықпалға ие болып, Хақназар, Шығай, Тәуекел және Есім хандар тұсында Қазақ хандығының сыртқы саясаттағы позициясы күшейіп, қанат жайды деген тұжырым жасайды. Б.Б. Кәрібаевтың ғылыми еңбектерінде қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясатын зерттеу барысында қазақ-бұхар қарым-қатынастары да аталады (Кәрібаев, 2019). Ж.М. Тулебаева XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан мен Бұхар хандығын арасындағы қарым-қатынасты зерттеді. XVIII ғасырда қазақ хандары мен Бұхар әмірлерінің арасындағы қарым-қатынас экономикалық және стратегиялық маңызды Сыр бойындағы қалалар үшін күрес негізінде құрылды деген тұжырым жасады (Тулебаева, 2001). Н.А. Атыгаевтың (Атыгаев, 2023) еңбектерінде Қазақ хандығының сыртқы саяси бағыттарының бірі ретінде Бұхар хандығымен қарым-қатынастар да қамтылған. Еңбекте Қазақ хандығының құрылған кезеңінен бастап XVIII ғасырдың 20-шы жылдарына дейінгі қазақ-бұхар қарым-қатынастары сипатталады. XV–XVII ғасырларда Қазақ хандығы Орталық Азияның саяси өмірінде маңызды рөл ойнады. Қазақ хандығының сыртқы саясатының мақсатын қазақ билеушілері анықтады. Қазақ хандары көрші мемлекеттермен бейбіт, достық қарым-қатынастарды ұстанды. Бірақ тарихтың кейбір кезеңдерінде мемлекеттің мүддесі үшін соғыс жүргізуге мәжбүр болған деген қорытындыға келеді. Шетелдік ғалым К.А. Алексеев (Алексеев, 2006) Аштархан әулетінің тарихын зерттеу барысында қазақ-бұхар қатынастарына да тоқталды. Монографияда XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басындағы Шайбани

әулетінің Ташкент, Ферғана, Түркістан аймақтары үшін Тәуекел хан мен қазақ сұлтандарына қарсы соғыстары, Шайбани әулеті мен Аштархан әулетінің билік үшін күресі, XVI ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың соңына дейінгі Аштархан әулетінің тарихы, Бұхар хандығының жүргізген ішкі және сыртқы саясаты, Қазақ хандығымен қарым-қатынастары баяндалады. Зерттеуде XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ-бұхар қатынастары Бұхар мемлекетінің сыртқы саяси контекстінде ғана қарастырылған. А. Саидов (Саидов, 2007) Бұхар хандығының саяси тарихын зерттеу барысында қазақ-бұхар қарым-қатынасына қысқаша ғана тоқталды.

Жоғарыда аталған еңбектерде қарастырылып отырған мәселе зерттеу тақырыбының тек бір аспект ретінде ғана талданған. Арнайы зерттеу нысаны ретінде терең зерделенбеген. Сол себепті арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастыруды, кешенді зерттеуді және жаңа көзқарастар мен тұжырымдар жасауды қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері

XVII ғасырдың 30-жылдары мен XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатындағы шиеленістер екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың бейбіт түрде дамуына ықпал етті. Осы кезеңде қазақ-бұхар ынтымақтастығы Орталық Азияның геосаяси жағдайына және екі елдің сыртқы саясатына оң әсерін тигізді. Қазақ-бұхар қарым-қатынасы Орталық Азия аймағындағы саяси және экономика, әскери одақ, дипломатия, туыстық қарым-қатынас, сауда-саттық, керуен жолдарының қауіпсіздігі, шаруашылық, діни-рухани, мәдени және әлеуметтік мәселелер негізде құрылды.

XVII ғасырдың 30-жылдары Қазақ хандығында ішкі саяси өзгерістер орын алды. Бұған 1628 жылы Есім ханның қайтыс болуы негіз болды. Есім ханнан кейін Қазақ хандығының ішкі саяси тұрақсыздығы, сұлтандар арасындағы алауыздық елдің сыртқы саяси бағытын қалыптастырды. Есім хан тұсында қол жеткізілген келісімдер мен бейбіт қазақ-бұхар қатынастары күшін жойып, саяси шиеленістер орын алды. Қазақ сұлтандары арасындағы саяси тартысты Бұхар билеушілері тиімді пайдалануға тырысты. Яғни Бұхар хандығының территориясын солтүстік-шығысқа қарай кеңейтуді көздеді. Бұхар әмірлері Сыр өңірі мен Ташкент аумағына қайта үстемдік орнатуға бағытталған саясат ұстанды. Бұл саясат қазақ-бұхар әскери қақтығыстарына алып келді. Қазақ-бұхар билеушілері арасында Ташкент мәселесі қайта өршіді. Бұхар ханы Ташкент аймағын қайтару үшін Ташкентке қалың әскер жіберді. Имамқұл ханның әскері 1628–1629 жылдары Ташкент түбінде жеңіске жетіп, қаланың билеушісі болып Аштархан әулетінің сұлтандарының бірі тағайындалады (Кляшторный, Султанов, 1992: 303). Ташкентті басқару Баки-Мұхамедтің ұлы Абдаллах сұлтанға берілді, ал оның аталығы Бек Мұхамед болды (Алексеев, 2006: 124). Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Есім ханнан кейін қазақ жүдеубас болды. Тәшкеннен айырылып қалды. Тақ Түркістанда қалды», – деп жазған (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 2008: 274). Яғни, Қазақ хандығының ішкі саяси тұрақсыздығының негізі – қазақ сұлтандарының арасында бірліктің болмауы. «Тақ Түркістанда қалды» деген факті қазақ билеушілері Ташкентті басқару құқығынан айырылып қалғандығын көрсетеді. XVII ғасырдың 30-жылдары қазақ-бұхар қарым-қатынастарының басты шиеленісі Ташкент аймағы болғанына қарамастан, қазақ ханы Жәнібектің таққа отыруымен бұл мәселе бейбіт түрде шешілді. Осылайша Жәнібек ханның тұсында Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетінің арасында саяси қарым-қатынастар бейбіт арнаға түсті. Екі елдің қарым-қатынастарының жақсаруына Жоңғар хандығының батыс бағыттағы сыртқы саясатының күшеуі әсер етті. Сонымен қатар уақытша болса да қазақ-бұхар арасындағы даулы мәселелердің шешімі табылды.

Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекеті арасындағы бейбіт қарым-қатынастарға қарамастан әскери қақтығыстар орын алып тұрды. Екі елдің арасындағы шиеленістің басты себебі Ташкент аймағына қатысты болды. Ташкент мәселесіне қатысты бейбіт келісімдерге қарамастан екі ел де Ташкент аймағына билік жүргізуге ұмтылды. Мәселен 1634 жылы күзде қазақ билеушілері Жәңгір, Назар сұлтан, Махмуд-Йар сұлтан Ташкентті қоршауға алды.

Бірақ жорық сәтсіз болып, қазақ билеушілері әскерімен кейін шегінді (Султанов, 2001: 223). Яғни, XVII ғасырдың басындағы қазақ-бұхар әскери қақтығыстармен салыстыратын болсақ, екі ел арасындағы жорықтар қысқа әрі тек бір реттік сипатта болды. Жорықтардың бұндай сипаты жоңғар факторымен байланысты, себебі, Ташкент қаласын қоршауда ұстап тұру алдымен ұзақ мерзімді және әскерді қамтамасыз ету үшін қаражат пен азық-түліктің жеткілікті болуын қажет етті. Бұған қоса 1635 жылы Жәңгір ойраттармен соғыста тұтқынға түсті (Султанов, 2001:223). Жәңгірдің Ташкентті қоршауда ұстап тұрғанын естіген жоңғар тайшылары Қазақ хандығына жорық ұйымдастырды. Елді жоңғарлардың шабуылынан қорғау мақсатында қазақ сұлтандары кейін шегінуге мәжбүр болды. Осы жайында 1635 жылы шілде айында елшілер К. Енбаев пен К. Терлеметевтің Абак князге берген есебінде: «...Абак князге бағынышты қара қалмақтар бізге Талай тайшы, контайшы Кужи және Тоургоча тайшы барлық қара қалмақтармен бірге осы қысты Қазақ Ордасына жорық жасады деп хабарлады. Қазақ Ордасы мен қара қалмақтардың шайқасы кезінде қазақ ханзадасы Есімұлы Жәңгір тұтқынға түсіп, қазақтар жеңілді. Ал, Есім Қазақ Ордасының ханы және Қара қалмақтардың ханзадасы болды» (ИКРИ 2005: 330), – деп жазылған. Аталған деректегі мәліметтер қалмақтардың қыс кезінде Қазақ хандығына жорық ұйымдастырғандығын, екі елдің арасында жойқын шайқастың орын алғандығын дәйектейді. Жәңгір сұлтанның Ташкентке жорығы 1635 жылдың күз айында ұйымдастырылса, қалмақ тайшыларының қазақ жеріне шабуылы сол жылдың қыс айларында орын алған. Жәңгірдің Ташкентке жорығы өз мақсатына жетпеді. Қазақ әскері кейін шегінуге мәжбүр болды. Осы оқиға туралы 1635 жылдың 6 шілде мен 2 желтоқсан аралығындағы Том казактарының атаманы Д. Копылов: «Осы жылы қырғыздардан қара қалмақтар мен Қазақ Ордасының арасында шайқас болғанын білдік. Алғашында Қазақ Ордасының жасағы қара қалмақтарды жеңген. Кейін қара қалмақтар қайта жасақталып, Қазақ Ордасын жеңіп, Жәңгір ханзаданы тірідей тұтқындағанын Кашиктің өз құлағымен естігенін бізге, яғни Сіздің малайларыңызға хабарлады», – деп мәлімдеген (ИКРИ 2005: 331). Мәлімет қара қалмақтардың 1635 жылы қазақ жеріне екі рет жорық ұйымдастырғаны туралы хабарлайды. Жаз айларындағы жорықта Қазақ Ордасы қалмақтарды жеңген. Шығыстан қауіптің келмейтініне сенімді болған Жәңгір бастаған қазақ қолы Ташкентке күз айында жорықты ұйымдастырды. Бірақ Ташкент жорығы барысында қалмақ әскері күш жинап, қыс айында қайта Қазақ хандығына шабуылдады. Қыс айындағы қалмақ шабуылы кезінде қазақ әскері жеңіліп, Жәңгір тұтқынға түсті. Жәңгірдің қалмақ тұтқынына түскен уақыты да Ташкент жорығынан кейін болғандығын растайды. Қазақ әскерінің екі жақтан, яғни Бұхар хандығы және қалмақпен қатар соғысты жүргізуге әлеуеті жетпеді. 1635 жылдың ішінде қазақ әскері 3 рет жорыққа қатысып, әлсірегенін аңғартады. Қазақ қолының әлсіреуінің салдарынан Жәңгір тұтқынға түсті. Жәңгірдің Ташкент түбінен кейін шегінуге жоңғарлардың жорықтары негіз болды. Қазақ хандығына қалмақ әскерінің дамылсыз жорықтары туралы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Бұл кезде (Жәңгір ханның билігі тұсында – авт.) қалмақ қонтажысы күшейіп, қазаққа дамыл бермеген, қысқа күнде қырық шапқан», – деп жазды (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, 2008: 275). Яғни қалмақтардың жасаған жорықтарының жиілігі, қазақ билеушілерін мемлекеттің сыртқы саясатын жоңғар басқыншылығына қарсы бұруға мәжбүр етті. Қалмақтардың шабуылдары қазақ қоғамының әскери-саяси стратегиясын қайта қарауға, ресурстарды тиімді пайдалануға және әскери күштерді ұйымдастыруға мәжбүр етті. Сонымен қатар, қазақ билеушілерінің әскери тактикасын қайта қарау мен жаңа стратегиялық бағыттарды іздестіруге итермеледі, бұл өз кезегінде Қазақ хандығының ұзақ мерзімді саяси және әскери тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шара қолдануға итермеледі. Аталған фактор Қазақ хандығының Ташкент жорығынан кейін шегінуінің себебін дәйектейді.

XVII ғасырдың 30-жылдарындағы Орталық Азиядағы, Шығыстағы саяси жағдайлардың өзгеруі қазақ-бұхар қарым-қатынастарына жағымды ықпал етіп, екі ел арасындағы тарихи қалыптасқан байланыстардың жаңа кезеңін ашты. Ендігі кезекте екі ел арасында әскери қақтығыстар, саяси шиеленістерден гөрі ынтымақтастық пен саяси одақ негізінде, бейбіт түрде дамыды. Жәңгір хан да өзіне дейінгі қазақ билеушілері сияқты Сыр бойындағы қалаларға

үстемдік етіп, аймақтағы Қазақ хандығының саяси ықпалын бейбіт жолмен ұстап тұруға тырысты. Екі елдің әскери одақтастығының негізінде 1643 жылы Орбұлақ шайқасы кезінде Бұхар хандығы қазақ жасағына көмек ретінде 20.000 әскер жібереді. Бұхар әскерін Жалаңтөс баһадүр қолбасшылық етті. Осы оқиға туралы тоболдық әскербасы (воевод) Григорий Куракинның жазбасында жазылған. Жазба Г. Ильин мен К. Кучеевтың есептері негізінде дайындалған. Орыс елшілері Г. Ильин мен К. Кучеев 1644 жылы 16 ақпан мен 9 мамыр айлары аралығында қонтайшы Ерден Батырдың ордасында тұрақтаған (ИКРИ 2005: 348–350). Елшілер қазақ пен қалмақтар арасындағы әскери қақтығыстар туралы естіген. Кейініректен елшілік есептерінде осы оқиға туралы баяндаған. Жазбада Жәңгір сұлтан мен Жалаңтөс баһадүрдің есімдері қатар келтіріледі. Бұл Жәңгір мен Жалаңтөстің арасындағы әскери одақтың берік болғандығы мен Бұхар және Қазақ хандығының арасындағы өзара қарым-қатынастың жағымды сипатынан хабар береді.

Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекеті арасындағы әскери одақтастық бұхар-үнді соғысы кезінде де өз пайдасын тигізді. XVII ғасырдың 40-шы жылдары Бұхар хандығына Ұлы Моғолдар империясы тарапынан қауіп төнеді. Осы кезде Бұхар хандығы қазақ сұлтандарының көмегіне жүгінеді. Қазақ-әскери одағы үнді әскеріне қарсы соғыс қимылдарын ұйымдастырды. Бұл туралы «Тарих-и Қыпшақи» «...Ялантуш (Жалаңтөс) аталық пен Өзбек патшалары Мәуреннахрдың әмірі Әбділәзиз ханның алдына барды. Кеңестен кейін Қазақ пен Қарақалпақ сұлтандарының қатысуынсыз бұл мәселенің шешім таппайтыны аңғарылды. Әбділәзиз хан Өзбек (Бұхар хандығы – авт.) барлық сардарымен Ташкентке барып, бір жарым жыл сонда тұрды (Қожамқұл-Бек Балхи, 2016: 645–647), – деп баяндайды. Осы кезеңдегі қазақ-бұхар хандығының арасындағы ынтымақтастық қатынастар беки түсті. Екі ел алма кезек бір-біріне әскери көмек беруге ынталы болды. Мәселен, Жалаңтөс баһадүр Әбділәзиз ханға қазақ жасағымен бірігуді кеңес берді. Әбділәзиз Ташкентке барып, 6 ай көлемінде қазақ билеушілерімен Ұлы Моғолдар империясымен болған соғыста әскери көмек беру туралы келіссөздер жүргізді (Алексеев, 2003: 57–58). Нәтижесінде оған 200.000 әскер көмекке берілген. Келтірілген тарихи фактілер қарастырып отырған кезеңде қазақ-бұхар қарым-қатынасы екі елдің сыртқы саяси жағдайының күрделі болуына қарамастан біріне-бірі әскери қолдау көрсетуден бас тартпағандығын дәйектейді.

XVII ғасырдың 40-жылдары Әбділәзиз ханмен бірге қазақтың 300 төрезадасы 2 ләк атты әскерімен Балхқа жол тартты. Бұл оқиғалар Шах Жахан патшаның құлағына жетіп, бір істің боларын білді. ...1057 жылы (1647 жылы 12 маусымда) екі жақтың яки Тұран мен Үндістан әскерлері (бетпе-бет) сап түзеді. Тұран сарбаздары майданға шығып, (жекпе-жекке) шақырды. Қалай болғанда да 50 күнге жуық күндіз-түні дамылсыз соғыс болып тұрды (Қожамқұл-Бек Балхи, 2016: 645–647), – деп жазылған. Қазақ әскерінің Аштархандармен одақтасып соғысқа келе жатқанын естіген үнділер Жахан шахтан қосымша күш сұратқан. Қазақ-өзбек әскерлерінің сәтті әскері тактикасының нәтижесінде шах Жаханның әскері кері шегініп, Балх жері Аштарханидтерге қайтарылып, бейбіт келісім жасалды (Тулибаева, 2012: 57–58). Мұның өзі қазақ-бұхар қатынастарының анағұрлым берік болғанын көрсетеді. Бұл факті тек «Тарихи Қыпшақ-ханиде» ғана келтіріледі, өзге шығыс деректерінде айтылмайды.

1648 жылғы біріккен қазақ-өзбек әскері Балх пен Үндістанды байланыстыратын жолдарға тосқауыл қойып, Жахан шахтың Балхтағы өкілі Аурангзеб орталықтан әскери, азық-түлік, ақшалай көмек алудан қол үзді. Балх қазақ-өзбек әскерінің қоршауында қалып, қалада аштық жайлады. Қыстың таяған уақытында Аурагзеб Жахан шахтан Балхты тастап, Үндістанға кетуге рұқсат сұрады. Нәтижесінде қазақ әскерінің көмегімен Бұхар хандығы Балхты өз иелігіне қайтарады.

Балх түбіндегі қазақ-өзбек әскерінің Үндістанның басқыншылығына қарсы жорығы туралы 1646–1647 жылдары Иранда болған Г.В. Булгаков те баяндаған. «...Міне енді Әбділәзиз хан мен Жалаңтөс әмір Балх түбінде үнді әскерімен соғысып жатқанда хабар келді. Хабарда Бұхар жеріне Ташкунс (Ташкент – авт.) қаласынан Қазақ Ордасының ханзадасы Жәңгір қалың әскермен келе жатқаны айтылған. Сол кезде Бұхар ханы Әбділәзиз Балх түбіндегі әскерін екіге бөлді. Бір бөлігін Балх түбінде Жалаңтөс әмірмен қалдырып, екінші бөлігін өзі бастап Бұхарға

Қазақ Ордасының ханзадасы Жәңгірмен айқасуға бағыттады. Ханзада Жәңгірмен кездесіп, бейбіт келісім жасады» (Шорохов, Красуцкий, 2024: 15–16) деген деректегі ақпарат тарихи оқиғалардан хабар береді. Қазақ ханы Жәңгір қалың қазақ қолымен Бұхар хандығына жорыққа аттанды. Бұл хабарды естіген Бұхар ханы өз әскерін екіге бөліп, Жалаңтөс Баһадүрдің қолбасшылығына әскердің бір бөлігін Балх түбінде қалдырып, ал екінші бөлігімен Жәңгір ханға қарсы бет алды. Әбділазиз ханның Балхтан қазақ әскеріне қарсы аттанып, Жәңгір ханмен келісімге келуге тырысты. Себебі қазақ билеушісімен соғысқаннан гөрі әскери одақ құрып, Балх түбіндегі үнді әскеріне бірлесіп тойтарыс беруді жөн көрді. Бұхар ханының бұл саяси қадамы арқылы қазақ ханы Жәңгірдің Орталық Азия билеушілері арасындағы беделі мен мәртебесінің биік болғаны, сондай-ақ қазақ әскери күшінің деңгейін және қазақ-бұхар қарым-қатынастарының ерекшелігі айқын көрінеді.

Г.В. Булгаковтың жазбаларында «Тарих-и Қыпшақи» дерегіне қарағанда тарихи оқиғалар толығырақ баяндалған. Г.В. Булгаковтың жазбаларында қазақ ханы Жәңгірдің есімі, қазақ хандығының ордасы Ташкент, Жәңгір ханның Бұхар ханына жорыққа аттанғаны, қазақ-өзбек әскерінің арасында шайқастың орнына бейбіт келісім жасалып, әскери одақ құрылып, қазақ ханының көршілес елге сыртқы жаудан төнген қауіпті қайтаруға қолдау көрсеткені туралы мәліметтер берілген. Осыған қарағанда Г.В. Булгаков жазбаларындағы мәліметтер қазақ-бұхар қарым-қатынастарына тарихи баға беруде құнды екендігі даусыз. Орыс елшісінің жазбасындағы және «Тарих-и Қыпшақи» дерегіндегі келтірілген мәліметтер бірін-бірі толықтырып, тарихи оқиғаның себебі мен барысы туралы, сондай-ақ салдарын талдауға мүмкіндік береді.

Г.В. Булгаков: «...Әбділазиз хан Жәңгір ханзадамен кездесім, келісімге келген уақытында Балх түбінде үнді әскері мен Жалаңтөс әмір бастаған бұхар әскері арасында қанды шайқан болып жатты. Шайқас күні-түні, апта бойы болды. Үнді әскері Балх қамалынан шығып бұхарлықтарға соққы берді. Сол кезде Жалаңтөс әмір Балхты басып алған үнді әскерінің күші басым екені туралы мәлімдеп, Бұхардағы Әбділазиз ханға жаушы жіберді. Ол Балх түбіне Әбділазиз ханның әскермен көмекке келуін өтінді (Шорохов, Красуцкий, 2024:16), – деп хабарлады. Келтірілген фактіден Балх түбіндегі шайқаста бұхар әскерінің жеңілісі, әскери шығыны, үнді әскеріне тойтарыс беруге әскери күшінің жетпегендігін көруге болады. Жалаңтөс баһадүрдің Бұхар билеушісі Әбділазизге жіберген хабарында Қазақ Ордасымен келісімге келіп, қазақ әскерінің көмегімен Балх түбінен үнді әскерін ығыстыру мүмкін еместігі жазылған. Бұл Қазақ хандығының Орталық Азиядағы ықпалы мен әскери әлеуетінің басымдығын дәйектейді.

Г.В. Булгаковтың елшілік есебінде жазылған мәліметтермен Парсы елінде 1646 жылғы 26 қараша мен 1648 жылғы 25 маусым аралығында елшілікте болған Анисим Грибовтың «Из статейного списка русского посла в Балх, Хиву и Бухару А. Грибова о войнах Индии против Балхинского и Бухарского ханств и Персии, о междуособной борьбе в Индии и о торговом пути из России в Индию» атты жазбаларындағы ақпарат ұқсас (Русско-индийские отношения, 2010). Яғни орыс елшілері А.Грибов пен Г.В. Булгаков бұхар-үнді қақтығыстарына қазақ әскерінің қатысқандығын және осы шайқастағы қазақтардың рөлін көрсеткен. Сондай-ақ Қазақ хандығына қатысты мәліметтер келтірілген. Мәселен, Қазақ ханы Жәңгір хан, қазақ астанасы Ташкент, сауда-саттық байланыстар, келіссөздер туралы құнды ақпараттар берген. Г.В. Булгаковтың жазбасында: «...Сол кезде Бұхар патшасы Әбділазиз Жалаңтөстің хабарынан кейін Қазақ Ордасының ханзадасы Жәңгірмен келісімге келді. Олар екі елдің біріккен әскерімен Балхқа қарай бет алды... Бұхар патшасы Әбділазиз бен Қазақ Ордасының ханзадасы Жәңгір қалың әскерімен Балх қаласының түбіне, Әмударияның жоғарғы ағысына жағына орналасты» (Шорохов, Красуцкий, 2024: 16), – деп баяндалады. Қазақ-бұхар одағы әскери күшті жұмылдыра отырып, бірлесе соғыс қимылдарын жүргізді. Осылайша екі ел өзара ынтымақтаса отырып, сыртқы байланыстарын бекіте түсті. Ал Анисим Грибов «...Бұхар патшасы Әбділазиз бен Қазақ Ордасының ханы Жәңгір Балх түбіне жеткеннен кейін жаздың ыстық кезінде қанды шайқас басталды. Шайқас бұхар әскерімен біріккен қазақ әскері және үнді әскері арасында болды. Бұл шайқас күні-түні апта бойы

жалғасты (Русско-индийские отношения, 2010), – деп жазды. Келтірілген екі орыс елшісінің жазбаларында Қазақ хандығы мен Бұхар мемлекетінің арасындағы саяси және әскери қарым-қатынастарының мәні ашылады. Сонымен қатар қазақ-бұхар қарым-қатынасының әскери, саяси қырынан қарастыруға, сыртқы саяси бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ-бұхар әскери одағынан жеңіліс тапқан үнді қолбасшылары соғысты бейбіт келісіммен шешуге ұмтылды. Осы орайда қазақ және бұхар билеушілеріне елші жіберді. Мақсаты өзара соғысты тоқтату, бейбіт келісімге келу және Үндістандағы Жахан шахқа елші жіберіп, қазақ-бұхар әскери одағынан жеңіліске ұшырап жатқандықтан соғысты аяқтауға рұқсат алу еді. Осы жайында Г.В. Булгаков: «...Балхтан үнді әскері бұхар патшасы Әбділазизге, Жалаңтөс әмірге және Қазақ Ордасының ханы Жәңгірге елшілер жіберді. Олар (үнді билеушілері – авт.) «Әбділазиз, Жалаңтөс және Жәңгірге соғысты тоқтатып, екі жақтан да дам шығынын көбейтпей, бейбіт келісім жасау туралы ұсыныс жасады. Үнді тарапы Үндістан шахы Жаханға елші арқылы хабар жіберу үшін уақыт беруді сұрады» (Шорохов, Красуцкий, 2024: 16). Келтірілген ақпаратты тарқатып айтатын болсақ, Балх қаласын басып алған Жахан шахтың өкілдері соғыс қимылдарын уақытша тоқтатып, Үндістандағы биліктен әскерді кері шегінуге, Балх түбінен кетуге рұқсат алуға мүмкіндік сұрады. Үнді қолбасшылары қазақ-бұхар біріккен әскери одағының соғысқа араласатыны туралы болжамаған. Осы орайда үндістер үшін қазақ-бұхар біріккен әскеріне қарсы тұру қиынға соқты. Бұл – соғыстың барысы мен қорытындысына әсер еткен маңызды факторлардың бірі.

Балх түбінде қазақ-бұхар әскери одағының бірлескен соғыс тактикалары негізінде үнді әскері жеңілді. Г.В. Булгаков жазбасында: «Бұхар патшасы Әбділазизге, Жалаңтөс әмірге және Қазақ Ордасының ханы Жәңгір Үндістан шахының жауабымен елші келгенше соғысты тоқтата тұруға келісті. Үндістаннан елші келісімен үнді әскері Балхтан қайта Үндістан жеріне кетті. Осыдан кейін Нәдір Мұхамедтің ұлы Әбділазиз, Жалаңтөс әмір және Жәңгір хан Бұхар жеріне қайтты. Әбділазиз Бұхарға келіп қайта өзінің тағына отырды. Ал сұлтан Жәңгір өз әскерімен Қазақ Ордасына, Ташкентке оралды» (Шорохов, Красуцкий, 2024:16), – деп баяндалған. Қазақ-бұхар одағының бірлескен саясатының арқасында Орталық Азия аумағында саяси тұрақтылық қайтадан қалпына келтірілді. Үнді әскері Балх аймағынан шығарылды. Қазақ хандығының геосаяси жағдайы мен аймақтағы әскери, саяси ықпалы артты. Екі елдің өзара қарым-қатынастары ынтымақтастық және достық сипатта дамыды.

Қазақ билеушілерінің Мәуреннахр мен Балх билеушілерінің арасындағы күрестегі рөлі елеулі болды. Қазақ билеушілері көршілес елдің ішкі қайшылықтарын өз пайдасына асырып отырды. Бір жағынан қазақ сұлтандары Бұхар ханы Әбділазиз ханға Жахан шахқа қарсы соғыста әскери көмек көрсетсе, екінші жағынан Балх билеушісі Сұбханқұл ханға да қолдау танытып отырды. Мәселен, Сұбханқұл хан қазақ хандарына елшілер арқылы сый-сыяпат беріп қазақ хандарымен келісуге тырысқан. Келісім бойынша қазақ хандары Мәуреннахр аймағына тонаушылық жорықтарын жасап отыруға ымыраласқан (Тулибаева, 2012: 49). Қазақ сұлтандары шығыстағы жоңғар факторына қарамастан Орталық Азияның халықаралық қатынастарында белсенділігін жоғалтпады.

Дешті Қыпшақ, Мәуреннахр аймағындағы мемлекеттер – Қазақ хандығы және Бұхар хандығы аймақтағы көршілес елдер ғана емес, тарихи, мәдени, діни, экономика, әлеуметтік салада да байланысқан, салт-дәстүрі мен тілдері, дүниетанымы ұқсас, әулеттік туыстығы бар хандықтар еді. Сол себепті, әскери немесе саяси мәселелерге қарамастан әлеуметтік, экономикалық, мәдени салада екі ел арасындағы байланыстарға екі тараптан да шектеу болмаған. Бұны орыс елшілерінің, соның ішінде Г.В. Булгаковтың жазбасы растайды. Елшінің «...Енді осы оқиғалардан кейін Балх пен Бұхар арасында тонаушылық жорықтар орын алды. Олар Бұхар мен Балх арасындағы керуен жолдарында саудагерлер мен жолаушыларды тонап, адамдарды өлтіріп, мүліктерін тартып алып отырды. Осы кезде Әбділазиз ханға көмекке Ташкенттен әскермен Жәңгір ханның ұлы келді. Жәңгірдің ұлын Балхқа жібермей, Бұхарға қайтарды» (Шорохов, Красуцкий, 2024:16) дегені – осының дәлелі. Яғни Балх пен Бұхар хандықтарының арасындағы сауда қатынастары саяси мәселелерге байланысты тоқтатылғанымен Қазақ хандығынан келетін керуен жолдары мен елшілік миссиялар ешбір

кедергісіз жүргізіліп жатқан. Г.В. Булгаковтың жазбасының ерекшелігі елші өз жазбаларында Бұхар және Қазақ хандықтары туралы мәліметтерді көбірек келтірілген. Екі ел арасында сауда, елшілік байланыстар тоқтамаған. Жәңгір ханның ұлы (деректе ұлының есімі аталмайды – авт.) Әбділазиз ханға әскери көмекке барған. Бірақ қазақ ханзадасын Әбділазиз хан Балхқа жібермеді. Қазақ билеушілерінің Балх пен Бұхар арасындағы шиеленіске қатысуының бірнеше себебі болуы мүмкін. Ең алдымен сауда жолдарының Балх жерімен үзілуі қазақ мемлекетіне сауда байланыстарына қолайсыздық алып келді. Қазақ саудагерлері тауарларын Үндістанға Балх арқылы жеткізіп, сауда жасау мүмкіндігінен айырылды. Үндістанмен сауда байланыстарының үзілуі қазақ мемлекетіне ұнамады. Сол себептен Қазақ хандығы Балх пен Бұхар арасындағы шиеленіске араласып, аймақтағы саяси қарым-қатынастарды реттеп, экономикалық, сауда байланыстарын қалпына келтіруге тырысты. Екінші себебі Бұхар мен Қазақ хандықтары өзара саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік салада стратегиялық серіктес болғандықтан Орталық Азиядағы қақтығысқа араласуға мүдделі тарап болды. Бірақ, Әбділазиз хан Балхпен қақтығысты қазақ сұлтандарының көмегінсіз шешуге тырысты.

XVII ғасырдың 80-ші жылдары Қазақ хандығының тағына Тәуке хан (1680–1718 жж.) отырды. Тәуке хан өзіне дейінгі қазақ хандарының ұстанған саясатын одан әрі жалғастырды. Тәуке хан Орталық Азия аумағында Қазақ ордасының мүддесін берік ұстауға тырысты. Осы мақсатта белсенді сыртқы саясат жүргізді. Сыртқы саясаттың бір бағыты – Аштархан әулетімен Сыр бойындағы қалалар үшін соғыс болды (Алексеев, 2006: 199). Дегенмен, Тәуке ханның негізгі саясаты Жоңғар хандығына бағытталғаны хақ. Ал, оңтүстіктегі іргелес Бұхар хандығымен ынтымақтастықта болуыға ұмтылды. Мәселен, 1687 жылғы 31 шілде айында Ф.А. Головиннің Тобылға қазақ ханы Тәукеден келген елші мен ханның хаты туралы жазбасында 1687 жылы қалмақ ханы Бушухтумен болған шайқасқа Тәуке хан қазақ жерінен әскер жинады және Бұхар ханы Сұбханқұлдан 10 000 әскер көмекке алды (ИКРИ, 2005: 389), – делінеді. XVII ғасырдың 80-ші жылдары Бұхар хандығының ішкі саяси жағдайының күрделі болуына қарамастан Сұбханқұл хан тарапынан Тәуке хан әскери қолдау тапты. Бұл екі елдің арасындағы әскери және саяси ынтымақтастықтың болғандығын дәйектейді.

Қазақ Ордасы мен Бұхар хандығының арасындағы әскери одақтастықпен қатар, елшілік байланыстар да үзілмеген. 1688 жылы Сұбханқұл хан Тәуке ханға Ташкентке Хошике би аталық бастаған елшілікті жібереді (Вельяминов-Зернов, 1864: 380). Елшіліктің мақсаты – сауда байланыстары, Жоңғар хандығының тонаушылық жорықтарына қатысты әскери келісімдер жасалды деп болжауға болады. Себебі, Сұбханқұл ханның тұсында Бұхар хандығында билеуші топтары арасындағы күреспен қоса, Хиуа билеушісі Ануша тонаушылық жорықтар жүргізді (Саидов, 2007: 68). Қалыптасқан жағдайда Бұхар ханы Сұбханқұл солтүстіктегі Қазақ хандығымен барынша достық қарым-қатынасты сақтап тұруға мүдделі болды. Қазақ Ордасына елшілік миссияны бастап барған Хошике би екі ел арасындағы ынтымақтастық, сауда байланыстарын нығайту арқылы экономикалық, әлеуметтік жағдайды жақсартуды көздеді. Бұхар хандығы мен Қазақ хандығының сыртқы саяси ахуалы, көрші елдермен болып жатқан әскери қақтығыстары қомақты қаржыны талап етті. Тығырықтан шығудың жолы – достық байланыстарды нығайту, ел қазынасын сауда жолдарынан түсетін салықтар негізінде толтыру, керуен жолдарынан түсетін салықтарды тиімді бөлісу. Орталық Азиядағы қалыптасқан саяси ахуалға қарамастан сауда қатынастарын үзбей дамытуға ұмтылды. Яғни екі елдің шекарасынан өтетін керуен жолдарына қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, саудагерлерге жақсы жағдай жасау арқылы ел экономикасын жақсарту үшін келіссөздер жүргізілді. Бұған 1691 жылғы 5 наурыздағы иркудтық қолбасшы Л.К. Кислянскийдің Галдан Бошокту хан мен Тәуке хан арасындағы қарым-қатынасы туралы жазбасындағы: «Бұхарлықтар қалмақтың Бушухту ханымен соғыспаған, бейбіт өмір сүреді, сыйлықтар жібереді, ал азды көпті әскери жорықтар Қазақ Ордасымен болып тұрады, бірқалыпты сауда байланыстары орнаған» (МОЦА, 1989: 214), – деген мәліметі мысал бола алады.

Тәуке хан сыртқы саясатын Жоңғар мемлекетімен күреске бағыттағанымен Бұхар хандығымен бейбіт қарым-қатынасты одан әрі дамытуға тырысыты. Мәселен, 1693 жылы Тәуке хан қытай-қыпшақтарға жорық жасап, тұтқынға түсірді. Бірақ Тәуке ханға Бұхар билеушісі Сұбханқұлдан елші келді. Елшіліктің мақсаты – қолға түскен тұтқындарды босату. Тәуке хан Сұбханқұлдың өтінішін орындады (Вяткин, 1941: 105). Демек, қазақ ханы Тәуке мен бұхар билеушісі арасында елшілік қатынастар тек сауда, әскери одақтастық, экономикалық мәселелер төңірегінде ғана емес, мемлекетаралық келісімде тұтқындарға байланысты мәселелер де өз шешімін тапқан.

Қазақ-бұхар қарым-қатынастарының бейбіт өрбуіне қарамастан, Ташкент аймағына қатысты келіспеушіліктер XVII ғасырдың соңында қайта жанданды. 1695 жылы қазақ ханы Тәуке Ташкент қаласын қайта қазақ билігіне қайтару мақсатында жорық ұйымдастырды. Жорығы сәтсіз болғанымен, Ташкент қаласы үшін күресін тоқтатқан жоқ. Нәтижесінде Тәуке ханның өмірінің соңына қарай Ташкент аймағы қайтадан Қазақ хандығының иелігіне қайтарылды (Вяткин, 1941: 105). Тәуке хан тұсындағы Бұхар елімен қарым-қатынастар бейбіт жолмен дамығанымен, Ташкент мәселесіне келгенде қазақ билеушілері қақтығыстан бас тартпаған.

XVII ғасырдың аяғында Қазақ хандығының шығыс шекарасына қауіп төндірген Жоңғар хандығының белсенді сыртқы саясаты Орталық Азия аймағының халықаралық қарым-қатынастарына да әсер етті. Мәселен, Жоңғар шабуылдары тек қазақ жерлеріне ғана емес, сонымен қатар Бұхар хандығына да қауіп төндірді. Жоңғарлар маңызды сауда жолдары өтетін және қалалар орналасқан жерлерді жаулап алуға тырысты. 1684 жылы жоңғар әскері Сайрамға дейін жетіп, қаланы талқандады (Атыгаев, 2015: 251). Жоңғар хандығы қазақтардың оңтүстік-шығыс шекарасымен қатар оңтүстіктегі керуен жолдарына да шабуылдап, аймаққа үстемдік орнатуға тырысты. Яғни жоңғар қауіпі енді Бұхар хандығының шекаралық аймақтарына да жақындай түсті. Осы кезде Бұхар хандығы жоңғар шабуылдарынан тосқауыл болатын әскери одақтасқа мұқтаж болды. Елдің ішкі саяси бытыраңқы жағдайы мен билеуші топтар арасындағы орталық билікке бағындауы сыртқы агрессияға төтеп беруге дәрмені болмады. Осы есеппен Бұхар билеушілері Қазақ хандығымен жақсы қарым-қатынасты қолдап отырды. Ал Бұхар ханы болса өзіне қарсылас болған Реджеп хан мен өзбектерден басқа шекаралық аймақтағы қара қалмақтар, қазақтар, қарақалпақ және хиуалықтардан үрейленді» (Вайс, Дрейер, 1986: 126) – деп орыс елшісі Флорио Беневени жазды.

Осы тарихи үдерістер аясында, Түркістанда да, шетелде де ұлттық мүддені қорғауға бағытталған зияткерлік қозғалыстар қалыптасты. Солардың ішінде Мұстафа Шоқай (1890–1941) тұлғасы айрықша орын алады. Шоқай Түркістан халықтарының саяси тәуелсіздігі тек мәдени және тарихи негіздерге сүйенген жағдайда ғана баянды болады деп санаған ойшыл еді. Ол өмір бойы Кеңестік империализмге қарсы күресіп қана қоймай, түркі халықтарының өз әлеуетін тануы үшін аса маңызды саналатын мәдени ояну, тарихи сана мен тіл бірлігі бағытында кең ауқымды зияткерлік күрес жүргізді. Әсіресе 1921–1941 жылдары Еуропадағы эмиграцияда жүрген кезінде Мұстафа Шоқай «Біртұтас Түркістан» идеясын барынша қорғады. Бұл идея оған 1917–1918 жылдары Алаш Орда мен Қоқан автономиясы аясындағы тәжірибелерінен кейін қалыптасты. Еуропадағы баспасөз жұмысы арқылы ол бұл идеяны дамытып, кеңінен насихаттады.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланы жазу кезінде отандық, шетелдік зерттеушілердің жұмыстарын, Мұстафа Шоқайдың шығармалары мен мақалаларын және басқа да құжаттар жинақтарын қамтиды. Сонымен қатар, аталған тақырыпты зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, контент-талдау әдісі, идеялық-философиялық талдау, саяси-ғылыми талдау, құжаттық-деректік әдістері қолданылады.

Талқылау

Мұстафа Шоқайдың зияткерлік және саяси мұрасын зерттеу барысында ең алдымен Мұстафа Шоқайдың түпнұсқа еңбектерінен пайдаландық. Шоқайдың шығармашылық мұрасы негізінен 1921–1941 жылдар аралығында Еуропадағы эмиграция кезеңінде қалыптасты. Ол негізін қалаған Яш Түркістан (Берлин–Париж, 1929–1939) журналы – оның саяси және мәдени көзқарастарын таратқан басты құрал болды. Мұнда ол кеңестік ұлттық саясатты, ұжымдастыру зардаптарын, түркі халықтарының бірлігі мен ортақ тілі мәселесін көтеріп, жиі мақалалар жариялады. Сонымен қатар, Prométhée (Париж, 1928–1939) журналы арқылы француз тілді аудиторияға Түркістан ісін танытты.

Бұлардан басқа, На рубеже (1919–1921) және Yeni Türkistan (1927–1931) секілді эмиграциялық басылымдар – Шоқай көзқарастарының негізгі таралу алаңдары болды. Бұл журналдардағы мақалалар Шоқайдың заманауи мәселелерге, отарлық жүйелерге, кеңестік тарихнаманың бұрмалауына және ұлттық мәдениетке көзқарасын нақты көрсетеді.

Шоқайдың 1928 жылы Парижде француз тілінде жарық көрген “Chez Les Soviets en Asie Centrale” (Орта Азияда Кеңестерде) атты кітап – Мұстафа Шоқайдың Түркістандағы кеңестік басқарудың антидемократиялық сипатын және халық еркіне сүйенбейтінін әшкерелейтін ең ықпалды еңбегі болып табылады (Кара, 2013: 367).

Шоқайдың еңбектерін бір арнаға тоғыстырған маңызды дереккөздердің бірі – Көшім Есмағамбетов дайындаған 12 томдық Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы басылымы болып табылады. Бұл жинақта автордың түрлі тілдердегі (қазақ, орыс, түрік, француз) мақалалары жүйеленіп, тарихи түсініктемелер мен ғылыми анықтамалармен толықтырылған. Сонымен қатар, кітапта «Яш Түркістан» мен «Prométhée» беттерінен алынған түпнұсқа мәтіндер және автордың ресми хаттары да енгізілген. Бұл еңбек – Шоқайтану ғылымының негізін қалаған әрі қазіргі заман зерттеушілері үшін таптырмас дереккөз.

Шоқай туралы монографиялар мен талдаушы еңбектер ішінде Ә.Қараның Шоқайдың өмірбаянын баяндаумен қатар, оның ой әлемін, тарихқа көзқарасын, баспасөздегі рөлін және халықаралық күресін жан-жақты зерттеп зерделеуге күш жұмсаған еңбектерінен басқа Түркияда А.А. Андичан бұл саламен айналысып келеді. Оның Жадидизмнен Тәуелсіздікке Шетелдерде Түркістан күресі атты еңбегі Шоқайдың эмиграциядағы қызметін, әсіресе Прометей қозғалысындағы рөлін кеңінен талдайды (Andican, 2003).

Осы аталған авторлар Шоқайдың тек эмиграциядағы қызметін ғана емес, оның 1917–1918 жылдардағы Алаш Орда мен Қоқан автономиясындағы саяси тәжірибесін де деректер арқылы талдайды. Бұл еңбектердің ортақ ерекшелігі – Шоқай мұрасын біржақты мадақтауға емес, оның тарихи күрделілігін, стратегиялық реализмін және плюралистік көзқарасын ашып көрсетуінде.

Бақыт Садыкова – Мұстафа Шоқай жөніндегі терең архивтік зерттеулері мен көптілді жарияланымдары арқылы, әсіресе Қазақстанда және халықаралық деңгейде танылған маңызды зерттеушілердің бірі. Садыкованың «Мұстафа Чокай в эмиграции» (Садыков, 2009) атты еңбегі Шоқайдың 1921–1941 жылдар аралығындағы Еуропадағы эмиграциялық кезеңін жан-жақты саралап, оның саяси ұстанымын, баспасөздегі қызметін және Кеңес үкіметіне қарсы күресін құжаттарға сүйене отырып көрсетеді. Сонымен қатар «История Туркестанского легиона в документах» (Садыкова, 2002) атты еңбегінде Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде құрылған Түркістан легионын Шоқайдың идеялық көзқарастары мен саяси мақсаттары аясында талдап, бұл құрылымның Шоқайдың басшылығымен қалай қалыптасқанын дәлелдеген. Оның «Mustafa Tchokay dans le mouvement prométhéen» атты француз тіліндегі монографиясы Прометей қозғалысындағы халықаралық дипломатиялық ынтымақтастықты және Шоқайдың бұл платформадағы рөлін саралайды. Садыкова өз мақалаларында, әсіресе Кеңес Одағының ОГПУ мұрағат құжаттарына сүйене отырып, Шоқайға қарсы бағытталған қаралау науқандарын зерттеген және оның зияткерлік және саяси тұлға ретінде халықаралық деңгейдегі ықпалын айқындаған. Садыкованың еңбектері Мұстафа Шоқайды тек тарихи тұлға ғана емес, сонымен қатар эмиграциядағы Түркістан интеллигенциясының символдық бейнесі ретінде танытады.

Профессор Гүлжаухар Көкебаева – Мұстафа Шоқайдың өмір жолы, зияткерлік мұрасы және эмиграциядағы қызметі жөнінде Қазақстандағы ең бірегей әрі жүйелі зерттеулер жүргізіп жүрген беделді тарихшылардың бірі. Көкебаева 2021 жылы жарық көрген «В эмиграции: Эпистолярное наследие Мұстафы Чокаева, 1919–1941» (В эмиграции, 2021) атты еңбекте құрастырушы және редактор ретінде қатысып, Шоқайдың 1919–1941 жылдар аралығындағы хаттарын топтастырған құнды дереккөздер жинағын жариялады. Алматыда жарық көрген бұл кітап – Мұстафа Шоқайдың эмиграция кезіндегі зияткерлік және саяси байланыстарын айғақтайтын баға жетпес эпистолярлық мұра болып табылады. Сонымен қатар, «Шетелдік архивтердегі Мұстафа Шоқай құжаттары: зерттеу мен жүйелеу тәжірибесі» атты ғылыми мақаласында Франция, Польша және Германия архивтерінен табылған құжаттар негізінде Шоқайдың саяси қызметін жан-жақты талдаған. Көкебаеваның бұл көпқырлы академиялық еңбектері Мұстафа Шоқай туралы Қазақстандағы тарихнаманың әдістемелік және деректік тұрғыдан дамуына елеулі үлес қосып отыр.

Доктор Павел Либерга — Мұстафа Шоқайдың әсіресе Прометей қозғалысындағы рөліне және Польшаның бұл қозғалысқа көрсеткен қолдауына қатысты архивтік деректерге негізделген зерттеулерімен танымал беделді тарихшы. Оның құрастырып, баспаға дайындаған «II Rzeczpospolita wobec ruchu prometejskiego» (Liberga, 2013) атты көлемді еңбегі

Екінші Польша Республикасының Прометей ұйымына қатысты ресми құжаттары, есептері мен хаттарын қамтитын маңызды дереккөз жинағы болып табылады. Либерә бұл құжаттарды тек жариялап қана қоймай, ғылыми алғы сөз бен талдау арқылы Прометей қозғалысының тарихи астарын ашып көрсеткен. Бұл еңбек Кеңес Одағындағы бодан халықтардың тәуелсіздік қозғалыстарына Польшаның көрсеткен стратегиялық қолдауын түсіну үшін негізгі анықтамалық ретінде бағаланады. Доктор Либерә өз еңбектері арқылы Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы антикеңестік платформалардағы орнын, әсіресе Прометей қозғалысы аясында қайта қарастырып, Польша мен Түркістан арасындағы тарихи байланыстарға терең мазмұн береді.

Нәтижелер

Шоқайдың бірлік туралы тұжырымы бейбіт, теңқұқылы және ерікті негіздегі модельге сүйенеді. Оның пікірінше, түркі халықтарының шынайы бірлігін орнату үшін ортақ түркі тілін қабылдау, ортақ тарихи сананы қалыптастыру және мәдени тұтастықты нығайту қажет. Ортақ тіл тек қатынас құралы ретінде емес, сонымен бірге орыстандыру саясатына қарсы тұрудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, Ыстамбұлда шыққан газетті Самарқанда еш қиындықсыз оқи алу қажет деген сөзі оның бірлікті нақты практикалық мақсаттарға негіздеген көзқарасын білдіреді.

Сол сияқты, Мұстафа Шоқайдың тарихты түсінуі де өткенді жай ғана үйренумен шектелмейді; ол тарихи білімді болашақты құру жолында бағыт беретін күш ретінде қарастырады. Кеңес билігі тарихты идеологиялық құрал ретінде пайдаланғанына сенген Шоқай, түркі халықтарының ұлттық болмысын қалпына келтіруі үшін объективті әрі ғылыми тарихнаманың қажеттігін ерекше атап өтті. Осы ұстаным арқылы ол тек саяси тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар тарихи әдіснамаға қатысты өзіндік көзқарасы бар ойшыл ретінде де бағаланады.

1921 жылға дейін Мұстафа Шоқайдың тікелей жинаған саяси тәжірибесі – оның кейін Еуропада жүргізетін күресінің идеялық негізін қалыптастырған ең маңызды фактор болды. Оның отаны Түркістан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Патшалық Ресейдің жүйелі отарлық саясатына ұшырады. XX ғасырдың басында кеңестік биліктің саяси қудалау және мәдени ассимиляция шаралары нәтижесінде бұл өңір әлеуметтік қарсылықтың орталығына айналды. Осы тарихи ахуал Шоқайдың ерте жасынан саяси істерге араласуына және Түркістан халықтарының тәуелсіздікке ұмтылған арман-мүдделеріне бейімделген саяси сананың қалыптасуына ықпал етті (Chokayev, 2024: 15–16).

Мұстафа Шоқайдың саяси ой-санасының қалыптасуына және кейін Еуропада бастаған тәуелсіздік күресіне негіз болған ең ықпалды фактор – оның 1921 жылға дейін алған тікелей саяси тәжірибесі болды. Оның отаны Түркістан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патшалық Ресейдің жүйелі отарлау саясатына ұшырап, XX ғасырдың басында кеңестік билік кезіндегі саяси қысым мен мәдени ассимиляцияның салдарынан әлеуметтік қарсылықтың орталығына айналды. Осы тарихи жағдай Шоқайдың жастайынан саясатқа араласуына және түркістандық халықтардың тәуелсіздікке деген ұмтылысына терең сезімтал саяси сана қалыптастыруына мүмкіндік берді.

1890 жылы Сырдария облысының Қызылорда уезінде дүниеге келген Мұстафа Шоқай беделді қазақ отбасынан шыққан. Оның ата-бабалары Қоқан хандығы дәуірінде маңызды әскери және әкімшілік лауазымдарда қызмет еткен. Бұл жайт оның әлеуметтік жауапкершілік рухында тәрбиеленуіне ықпал етті. Ол бала кезінен алған діни, музыкалық және жалпы білім оның тұлғалық қалыптасуына ерекше әсер етті (Kara, 2013: 28–35). Осы тұрғыдан алғанда, Шоқайды дәстүрлі және заманауи білім беру жүйесінен нәр алған интеллектуалдық тұлға ретінде қарастыруға болады.

Оның саяси мансабындағы маңызды кезең – 1916 жылы Санкт-Петербург университетінде заң білімін тәмамдауы болды. Бұл жылдары бүкіл Ресейде саяси өзгерістер жүріп жатқан, әсіресе Орталық Азияда патшалық билікке қарсы көтерілістер өрши түскен еді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде, Орталық Азия халықтарының әскери міндетке

қарсылық танытуы Шоқайдың Түркістандағы саяси дағдарысты терең саралап, осы контексте саяси шешімдер іздеу қажеттігін түсінуіне жол ашты (Kara, 2013: 28–35).

Қазақ Алаш ұлттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханның Шоқайдың саяси тәжірибесіндегі рөлі, әсіресе 1916 жылғы көтеріліс пен одан кейінгі саяси оқиғалардағы жетекшілігі – оның жеке тұлғалық әрі құрылымдық тұрғыдан бағыт алуында шешуші болды. Бөкейханның Шоқайдың интеллектуалдық және саяси қалыптасуына қосқан үлесі – оның саяси тұлға ретінде дамуына жол ашып, бағыт-бағдарын айқындауға елеулі әсер етті (Kara, 2013: 71–84).

Бөкейхан қазақ зиялылары арасынан тек саяси ұстанымымен ғана емес, сонымен бірге моральдық тұтастығы, тарихи зерделілігі және зияткерлік тереңдігімен ерекшеленді (Togan, 1981: 498). Мұстафа Шоқайдың алғашқы ресми саяси қызметі – оның Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясы бюросына тағайындалуы болды. Бұл лауазымға ол Бөкейханның тікелей қолдауымен келген. Бұл бюродағы қызметі тек техникалық кеңесшілікпен шектелмей, Түркістан мәселелерін империялық орталыққа жеткізу ісімен де айналысты. Бұл тәжірибе Шоқайға Ресей бюрократиясының ішкі механизмін ұғынып, саяси тәжірибе жинауына мүмкіндік берді (Kara, 2013: 71–84).

Бұл саяси құрылымдардың ыдырауынан кейін Шоқайдың Орталық Азияда тікелей саяси әрекет ету мүмкіндігі жойылды. Кеңестік қуғыннан қашқан ол алдымен Кавказға, кейін Грузияға өтіп, жергілікті саясаткерлермен бірге большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Алайда большевиктер ол жақта да үстемдікке ие болған соң, ол Түркия арқылы Еуропаға өтіп, 1921 жылы ақырында Еуропаға орнықты (Kara, 2013: 168–203). Бұл мәжбүрлі эмиграция оның саяси күресінің аяқталуы емес, керісінше жаңа кезеңінің басталуы болды. Расында да, 1921 жылдан бастап Еуропада жүргізген қызметі — оның бұрынғы тәжірибесінің жалғасы әрі кеңеюі еді.

Барлық осы жайттарды ескере отырып, Шоқайдың 1921 жылға дейінгі саяси қызметі оның зияткерлік және стратегиялық ойының іргетасын қалағанын айтуға болады. Ол патшалық және большевиктік билік кезеңдерінде жинаған тәжірибесі арқылы Түркістан халықтарының құрылымдық мәселелерін терең ұғынды. Қысқа мерзімді автономиялар мемлекет құрудың қиындығын үйретті. Петербургтегі заң білімі, Думадағы қызметі және Қоқандағы мемлекеттілік тәжірибесі оны жай ғана оппозиция қайраткері емес, жауапты әрі шешімге бағытталған саяси көшбасшы ретінде танытты. Бұл ерте кезеңдегі тәжірибелері оның кейін эмиграцияда дамытқан бірлік пен тәуелсіздік туралы көзқарасының тарихи және саяси негізін құрады.

Еуропадағы зияткерлік күрес және эмиграциядағы Түркістан ісі (1921–1941). 1918 жылы Қоқан автономиясын большевиктер күшпен жойғаннан кейін Мұстафа Шоқай үшін Түркістанда тікелей саяси қызмет жүргізу мүмкін болмай қалды. Алайда бұл жағдай оның күресін тоқтатқан жоқ, керісінше оны халықаралық деңгейге шығарды. 1921 жылы Еуропаға қоныс аударғаннан кейін, Шоқай Түркістанның азаттығы үшін күресті жалғастырған эмиграциядағы зияткер және саяси қайраткер ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде оның қызметі тек саясатпен ғана емес, журналистика, дипломатия, зияткерлік пікірталас және ұйымдық жұмыстар сияқты көптеген салаларды қамтыды.

Еуропадағы эмиграциялық жылдарында Шоқай Түркістанның тәуелсіздігін қамтамасыз ету және кеңестік үстемдікке қарсы тұру мақсатында екі негізгі ұйыммен жұмыс істеді: Түркістан Ұлттық Бірлігі (ТҰБ) және Прометей Лигасы.

Түркістан Ұлттық Бірлігі алғашында Зәки Уәлиди Тоғанның бастамасымен Түркістанда құрылған еді, кейінірек Тоған бұл ұйымды Еуропаға көшірді (Kara, 2013: 226–246; Togan, 1969: 365–366). Мұстафа Шоқай бұл ұйымға Түркістаннан тыс жерлерде тұратын түркістандықтарды саяси және мәдени тұрғыдан біріктіру мақсатында қосылды. Уақыт өте келе ол ұйымның ең беделді және танымал тұлғаларының біріне айналды. 1928 жылы Зәки Уәлиди Тоған саясаттан шеттетілген соң, (Andican, 2003: 322–326) Шоқай ұйымға басшылық етіп, Еуропадағы өкілі ретінде тағайындалды. Осы ұйым арқылы Шоқай Түркістан ісін халықаралық деңгейге көтерді (Kara, 2013: 226–246).

Түркістан Ұлттық Бірлігінің құрылу үдерісі 1920 жылғы маусым айының соңында Бұқарада большевиктерге және Бұқара әміріне қарсы бағытталған Түркістан Ұлттық Бірлігін құру мақсатында ұйымдастырылған жиналыстан басталды. Бұл жиынға Башқұртстан, Қазақстан және Құлжа өңірінен келген зиялылар мен Ферғана басмашыларының өкілдері шақырылды.

Жиынға қатысқан маңызды тұлғалардың қатарында башқұрттардан Зәки Уәлиди мен Сейіт Керей Магазов, Ферғана басмашыларынан Шир Мұхаммед Бек пен Рахманқұл Қорбашы, түрікмендерден адвокат Қақажан Бердиев, қазақтардан Алаш Орда өкілі Хайретдин Балғынбаев пен Мұхтар Әуезов, сондай-ақ Бұқара мен Ташкент зиялыларын темсіл еткен Мүневвер Қари, Абдұлқадыр Мұхитдинов, Файзолла Хожаев және Садриддин Айни болды (Togan, 1969: 375).

Келіссөздердің нәтижесінде, Өзбекстандағы Жәдидтер партиясы мен Ерік партиясы және Қазақстандағы Алаш Орда партиясының бірлесіп әрекет етуі туралы шешім қабылданды. Осы мақсатта Зәки Уәлиди ұсынған жеті тармақтан тұратын ортақ платформа қабылданды. Бұл платформа «Орталық Азия Мұсылман Ұлттық Халық Революциялық Қоғамдары Одағы» деп аталды. Платформаның қабылдаған жеті тармағы мынадай болды:

- Тәуелсіздік,
- Демократиялық республика,
- Ұлттық армия,
- Экономикалық басқару, темір жол салу және суару арналарының Түркістан тәуелсіздігіне сай жүргізілуі,
- Білім беру жүйесінің жаңартылуы және Батыс өркениетімен тікелей танысу, орыс делдалдығын жою,
- Ұлт мәселесін, білім беру және табиғи байлықтарды пайдалану сияқты мәселелерді этникалық құрамның сандық үлесіне сәйкес шешу,
- Дінге толық еркіндік берілуі және дін мен мемлекет істерінің бөлінуі (Togan, 1969: 366; 1981: 408).

Ұйымның алғашқы ұзақ атауы – Орталық Азия Ұлттық Халық Қоғамдарының Федерациясы – 1922 жылдың 18–22 қыркүйегінде Ташкентте өткен III-ші құрылтайда Түркістан Ұлттық Бірлігі деп өзгертілді. Осы құрылтайда Түркістан толыққанды тәуелсіз мемлекетке айналғанға дейін күресті жалғастыру қажет деген пікір бірлігіне қол жеткізілді. Сонымен қатар, Түркістан мәселесін Ресейді ішкі ісі ретінде қарастыруға қарсы шығып, оны халықаралық деңгейдегі саяси мәселе ретінде көтеру туралы шешім қабылданды (Togan, 1969: 447; 1981: 419). Бұл шешім Түркістан Ұлттық Бірлігінің қызметін шетелге көшіруге және большевиктер Түркістанды толық бақылауға алғаннан кейін де ұйымның жұмысын жалғастыруға мүмкіндік берді.

1924 жылы Мұстафа Шоқай Түркістан Ұлттық Бірлігі (ТҰБ) ұйымына ресми түрде мүше болды. Бұған дейін, 1923 жылы Ауғанстанның астанасы Кабулда өткен жиналыста оның Еуропа өкілі ретінде қызмет етуі мақұлданған болатын. Бұл жиында ТҰБ-ның шетелдік комитетін қайта ұйымдастыру мәселесі қарастырылып, Ауғанстан, Түркия және Еуропада жұмыс жүргізетін өкілдер айқындалған. Осы шешімге сәйкес, Мұстафа Шоқай Еуропадағы ресми өкіл ретінде бекітілді.

ТҰБ төрағасы Зәки Уәлиди сол жылдары Парижде тұрып жатқан Шоқаймен тұрақты хат алмасып отырған. Бұл хат-хабарларды Бұқараның бұрынғы соғыс министрі Әбділхамид Арифов жеткізіп тұрған. Уәлиди өзінің хаттарында Шоқайға Түркістандағы саяси оқиғалар мен кеңестік үкіметтің жүргізіп жатқан саясаты туралы жан-жақты ақпарат берген. Демек, Мұстафа Шоқайдың ТҰБ құрамына қосылуы – Уәлиди екеуінің арасындағы жүйелі байланыс пен саяси келісімдердің нәтижесі болғанын айтуға болады (Togan, 1969: 493–495).

1924 жылғы 23–24 қарашада Берлинде өткен ТҰБ-ның Еуропадағы алғашқы құрылтайына қатысқан Шоқай, Будапешттен келген Алимжан Тағанмен бірге ант беріп, ұйымға ресми түрде қабылданды. Осы кезеңнен бастап оның ұйымдағы орны мен ықпалы

айтарлықтай артты (Togan, 1969: 561; 1981: 484) 1925 жылдан бастап ТҰБ шеңберінде Еуропадағы түркістандық зиялылар мен жастардың Түркістанға қатысты саяси және мәдени қызметін үйлестіру ісінде белсенді рөл атқарды.

1927 жылы Стамбулда өткен ТҰБ құрылтайында Шоқай мен Бұқаралық Ахмет Наимге Парижде Украина және Кавказ өкілдерімен ынтымақтастық орнату, Ұлттар Лигасы мен мемлекеттер алдында ұйым атынан дипломатиялық жұмыстар жүргізу және баспасөзде белсенділік таныту міндеті жүктелді. Осы шеңберде ТҰБ-ның украиндар мен кавказдықтар құрған Прометей лигасына мүшелікке енуі қолайлы деп танылды (Togan, 1981: 484). 1928 жылы Зәки Уәлиди саяси қызметтен кеткеннен кейін, Шоқай ТҰБ ішіндегі беделі барған сайын арта түсті. Ол Уәлидиден кейін ұйымның ең маңызды тұлғасына айналды. 1929 жылдан бастап Берлинде шығарыла бастаған Яш Түркістан журналының бас редакторлығын өз қолына алған Шоқай бұл басылымды Түркістанның тәуелсіздік күресінің басты медиа алаңына айналдырды.

1933 жылы Қашғарда Шығыс Түркістан Республикасы құрылғаннан кейін, ТҰБ-ның төтенше құрылтайы шақырылып, бұл оқиғаларды бақылау үшін ұйымның бас хатшысы Меджеддин Делилді Қашғарға жіберу туралы шешім қабылданды. Осы кезеңде Шоқай Яш Түркістан журналында жазған бір мақаласында, Шығыс Түркістандағы күреске эмиграциядағы түркістандықтар мен шетелдегі түрік тектілердің қолдау көрсетуі қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ, оның пікірінше, кейбір орыс эмигрант басылымдары Шығыс Түркістан мәселесін бұрмалап көрсеткен, ал шындықты тарату – түркістандықтардың тарихи міндеті. Меджеддин Делил жіберген мәліметтер Яш Түркістан журналында тұрақты жарияланып отырды (Kara, 2013: 242–243).

1939 жылы 24 наурыз–2 сәуір аралығында Берлинде өткен ТҰБ-ның соңғы құрылтайына қатысқан Шоқай бұл жиында Осман Қожаоғлының төрағалықтан алынуы және ұйым басқаруын Шоқай, Меджеддин Делил және доктор Таһир Шакир бейден құралған үштік алқаның қолға алуы туралы шешімдердің қабылдануына үлес қосты. Сонымен қатар, ТҰБ орталығының Стамбулдан Еуропа қалаларының біріне көшірілуі және Шығыс пен Батыс Түркістанға арналған ортақ қызметтердің жолға қойылуы туралы маңызды қаулылар да осы құрылтайда қабылданды (Kara, 2013: 243–244).

Мұстафа Шоқай ТҰБ-ға кіргеннен кейін ұйымның Еуропадағы ең ықпалды қайраткерлерінің бірі атанып, әсіресе Зәки Уәлиди саяси қызметтен кеткен соң көшбасшылық рөлді өз қолына алды.

Түркістан Ұлттық Бірлігінің қызметінің тоқтауы. Түркістан Ұлттық Бірлігінің (ТҰБ) қызметі іс жүзінде Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен және ұйымның жетекші тұлғасы Мұстафа Шоқайдың 1941 жылы қайтыс болуымен аяқталды. Ұйым 1939 жылға дейін белсенді жұмыс атқарғанымен, дәл сол жылы басталған және біртіндеп күшейген соғыс жағдайы ұйымның тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндік бермеді.

ТҰБ-ның 1929 жылдан бері үзіліссіз шығып тұрған басылымы – Яш Түркістан журналы да соғысқа байланысты 1939 жылдың қыркүйек айынан бастап өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды (Kara, 2013: 348–349).

Ұйым жетекшісі Мұстафа Шоқайдың 1941 жылы Берлинде қайтыс болуы ұйымды басшылықсыз қалдырды және сол арқылы ТҰБ-ның қызметі толығымен тоқтады. 1921 жылы Башқұрт, Қазақ және Өзбек зиялыларының бастамасымен Самарқандта құрылған, ал 1928 жылдан бастап Шоқайдың рухани жетекшілігімен Түркия мен Еуропада қызметін жалғастырған бұл ұйым, 20 жыл бойы большевиктік үстемдікке қарсы Түркістан ұлттық қозғалысының басты үйлестірушісі болды.

Шоқай қайтыс болғаннан кейін, оның идеялық мұрасын жалғастыру мақсатында Таһир Шағатай ұйым жұмысын жандандыруға тырысты, алайда бұл әрекеттер сәтті болмады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ТҰБ миссиясы «Түркелі» деген атпен құрылған ұйымдар арқылы жалғастырылуға тырысты. 1950 жылы Мюнхенде құрылған Түркелі Түркістан Азаттық Комитеті алғашқылардың бірі болды және Мұстафа Шоқай идеяларын қолдайтын журнал да шығарды. Дегенмен, бұл комитет те ұзақ өмір сүре алған жоқ (Kara, 2013: 246).

Түркістан Ұлттық Бірлігінің нақты жұмысын тоқтатуы – соғыс жағдайының ауыр салдары мен Шоқайдың 1941 жылы өмірден озуымен тығыз байланысты болды. Кейінгі құрылымдар мен әрекеттер бұл ұйымның миссиясын жалғастыру жолындағы ізденістер ретінде бағалануы тиіс.

Мұстафа Шоқайдың Прометей ұйымына қосылуы. Бастапқыда Түркістан Ұлттық Бірлігі (ТҰБ) Прометей лигасының құрылуына қатысқан жоқ. Сондықтан 1926 жылдың қарашасында құрылғанда бұл ұйым негізінен Украина мен Кавказ халықтарының бірлестігі ретінде қызметіне кірісті. Мұстафа Шоқайдың ТҰБ атынан Прометей лигасына қосылуы 1927 жылдың көктемінде жүзеге асты. Бұл шешім 1927 жылы Стамбулда өткен ТҰБ құрылтайында қабылданып, Шоқай мен бұқаралық Ахмет Наимге Парижде украин және кавказдық эмигранттармен ынтымақтастық орнату, сондай-ақ Ұлттар Лигасы мен мемлекетаралық байланыстарда ұйым атынан қызмет ету міндеті жүктелді (Тоған, 1981: 484).

Шоқайдың Прометей журналындағы алғашқы мақалалары 1928 жылдың маусымынан бастап жарық көре бастады. Алғашқы бір жылда ол бүркеншік есімдермен жазса да, өз атымен шыққан алғашқы мақаласы журналдың 1928 жылғы мамыр айындағы санында жарияланды. Зәки Уәлиди Тоғанның айтуынша, бұл Шоқай үшін маңызды кезең болды, себебі ол Ресеймен байланысын мүлдем үзгісі келмеген еді. Сондықтан Прометей секілді ашық антисоветтік платформада өзінің шын атымен мақала жариялауы – оның стратегиялық бағытының айқын өзгерісі ретінде қарастырылады (Тоған, 1981: 484).

Шоқай Прометей лигасына қосылу арқылы саяси мақсаттарына анағұрлым жақын, шынайы одақтастар тапты. Себебі украиндықтар мен грузиндердің бұл ұйымдағы мақсаты – Түркістанның тәуелсіздігімен идеялық тұрғыда үндес еді. Прометей журналы арқылы Шоқай Түркістанның толық тәуелсіздігін қолдайтын мақалаларды жиі жариялады.

Кеңестік үгіт-насихат науқаны Мұстафа Шоқайдың жеке басына ғана бағытталған жоқ, ол тұтас Түркістан бостандығы идеясын әлсіретуге бағытталды. Кеңес режимі таратқан жалған ақпараттарға қарамастан, бүгінгі күні ғылыми зерттеулер мен құпия архивтік материалдардың жарық көруі арқылы Шоқайдың шынайы тұлғасы айқындалып отыр: ол өмірінің соңына дейін тәуелсіздік жолынан айнымаған, бұл жолда жанын пиде етуге дейін барған күрескер еді. Бүгінде ғалымдардың табанды еңбегінің және архивтік құжаттардың қолжетімді болуының арқасында кеңестік жала жабулар теріске шығарылып, Мұстафа Шоқай өзінің тарихи болмысымен еркіндіктің символына айналуға.

Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы қызметін тек саяси оппозиция ретінде бағалау жеткіліксіз; бұл – тұтас Түркістан халықтарына арналған зияткерлік жобаның көрінісі болды. Оның журналдар мен кітаптар арқылы қалыптастырмақ болған танымдық бірлігі – саяси тәуелсіздікке жетудің басты алғышарттарының бірі ретінде қарастырылды. Отарлық езгіге қарсы ынтымаққа үндеген үндеулері, тарихнамалық еңбектері, ортақ тіл мен білімге баса мән беруі – бұлардың бәрі тек қарсылық әрекеттері ғана емес, сонымен бірге келешекке бағытталған өркениеттік бағдар еді.

Осы тұрғыдан алғанда, 1921 жылдан кейінгі Шоқайдың Еуропадағы қызметі – бүгінгі түркі әлеміндегі бірлікке бағытталған бастамалардың теориялық іргетасы ретінде қарастыруға болады. Түркістанның орталық рөліне негізделген оның тәуелсіздік пен ынтымақтастық идеясы – Шоқайдың баспасөз және зияткерлік еңбектері арқылы нақты көрініс тауып, бүгінгі Түркі мемлекеттері ұйымы сияқты құрылымдық бастамалармен тарихи сабақтастықта дамып отыр. Шоқай – тек эмигрант саясаткер емес, XX ғасырдағы түркі дүниесінің саяси және зияткерлік тарихында із қалдырған көрнекті қайраткер болды.

Мұстафа Шоқайдың Бірлік Тұжырымдамасының Іргетастары. Мұстафа Шоқайдың түркі әлеміндегі бірлік туралы көзқарасы – жай ғана ұраншыл не романтикалық идеология емес, тарихи тәжірибеге, әлеуметтік-саяси шындыққа және стратегиялық танымға негізделген көпқырлы ой жүйесі. Оның бірлік туралы тұжырымдамасы үш негізгі тірекке сүйенеді: ортақ тіл, ортақ мәдениет және ортақ тарихи сана. Бұл үш элемент Шоқайдың мақалаларында, сөздерінде және саяси қызметінде үнемі қайталанып отырған, оның түркі интеграциясы жөніндегі көзқарасының өзегін құраған.

Ортақ Тіл: Қарым-қатынас пен қарсылықтың негізі. Мұстафа Шоқайдың пайымдауынша, тіл – тек байланыс құралы ғана емес, ұлттық болмыстың сақтаушысы, қоғамдық ынтымақтың негізі және отарлық мәдени саясатқа қарсы тұрудың құралы. Оның пікірінше, Ресеймен іргелес орналасқан географияда ортақ түркі тілі саяси және идеялық орыстандыруға қарсы қалқан қызметін атқаруы керек (Есмағамбетов, 2013b: 454). Осы себепті тіл – тек мәдени емес, стратегиялық әрі саяси мәселе болып табылады.

Бұл ұстаным негізінде Шоқай ешбір түркі тілін басқадан жоғары қоймай, халықтар арасындағы өзара түсіністікті жеңілдететін ортақ тіл немесе метатілді таңдауды қолдайды. Ол әсіресе Ыстамбұлда шыққан газетті Самарқанда қиындықсыз оқу қажеттігін айтып, түркі халықтары бір-бірінің зияткерлік және мәдени өнімдерін оқып, түсіне алуы керек деп санады (Кага, 2013: 349–350). Осылайша, тіл халықтарды байланыстырумен қатар, сыртқы үстемдікке қарсы рухани қорғаныс жүйесі ретінде де қызмет етуі тиіс еді.

Шоқайдың бұл тілдік көзқарасы қазіргі түркі интеграциясындағы ортақ әліпби, ортақ білім тілі, ғылыми-әдістемелік терминологияны біріздендіру сияқты бастамалардың зияткерлік алғышарты ретінде бағалануы мүмкін.

Шоқай Орта Азиядағы түркі халықтары ортақ тарихи шығу тегі, мәдени өмір салты және дәстүрлі құндылықтарға ие деп білді (Есмағамбетов, 2012b: 378). Оның көзқарасы бойынша, қазақ, қырғыз, өзбек және түрікмен халықтары тарих бойы бір географияда өмір сүріп, ұқсас өмір салтымен және өзара байланыста дамыған. Алайда, көші-қон үдерістері мен заманауи ұлт қалыптастыру саясаты бұл халықтарды шашыратып, біртұтас түркі ұлтын бес бөлек «ұлттық республикаға» бөліп тастады. Әрқайсысы өз тілімен, бір-бірінен «қытай қорғаны» мен «асып өтуге болмайтын ор» арқылы ажыратылды (Есмағамбетов, 2013b: 278).

Соған қарамастан, Шоқай бұл халықтардың арасында мәдени туыстықтың үзілмеген, әрі әлі де сақталып отырғанын айтқан. Оның сөзімен айтқанда: «Түркістандықтар – түрікшілдер. Себебі олар — түріктер. Олар үшін түрікшілдік табиғи, олардың түркілік болмысынан туындайды. Олар өз елінде осы бірлікке сүйене әрекет ететін болса, географиялық бірліктен тыс туысқан түркі бауырларын да сондай табиғилықпен бауырына тартады» (Есмағамбетов, 2014: 355). Шоқайдың пікірінше, қазақ, қырғыз, өзбек және түрікмен секілді Түркістан түріктері Түркістан ұлттық идеясы төңірегінде бірікпейінше, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес (Mustafa Çokay, 1932b: 5).

Мұстафа Шоқай ортақ мәдени негізге сүйене отырып, бірлік идеясын табиғи заңдылық ретінде қарастырды. Ол түркі халықтары өз түп-тамырларына қайта оралып, ортақ құндылықтарын еске алып, солар төңірегінде топтасуы керек деп есептеді. Оның «Түркістандықтар – түрікшілдер, өйткені олар – түріктер» деген сөзі бір географиялық және мәдени кеңістікте қалыптасқан ортақ дәстүрлер мен құндылықтардың маңызын айқын көрсетеді.

Бұл көзқарас этникалық үстемдікке емес, мәдени жақындық пен тарихи байланысқа негізделген. Шоқай үшін бірлік – идеологиялық ұран емес, әлеуметтік және тарихи қажеттілік. Ол бұл халықтар ортақ өткеніне, ортақ құндылықтарына және ортақ болашағына сүйеніп, тағдырлас әріптестер ретінде бірікпейінше, бақытты болашақ құра алмайды деп санады.

Ортақ тарихи сана: Болмысты тану мен күрес жадысы. Мұстафа Шоқайдың бірлік туралы тұжырымдамасындағы үшінші әрі ең терең деңгей – ортақ тарихи сана. Оның түсінігінде ұлттық тарихи сана тек өткенді дұрыс түсінуге емес, сонымен қатар ортақ ұлттық болмыс пен мәдени тұтастық төңірегінде топтасуға және болашаққа бірлескен бағдар жасауға негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, Түркияның түрік тарихнамасының орталығына айналуы — кеңестік билік астындағы түркі халықтары үшін үміт сыйлаған маңызды үдеріс болды. Тарихтың ғылыми, тәуелсіз және ішкі мұраттарға негізделген жазылуы – ұлттық болмысты қалыптастырудың іргетасы болып табылады (Mustafa Çokay, 1932b: 5).

Шоқай әсіресе кеңестік тарихнаманың идеологиялық сипатына ерекше назар аударады. Оның пікірінше, Кеңес өкіметі тарихты таптық күрес призмасы арқылы бұрмалап, тарихи шындықты халықтардың ұлттық санасын әлсірету үшін пайдаланды. Сондықтан тарих ғылымы — тек академиялық емес, саяси салаға да айналды (Mustafa Çokay, 1931a: 4–6).

Шынайы тарихты қалпына келтірмейінше, халықтар өзін тануға да, бірлік құруға да қабілетті бола алмайды.

Шоқай үшін тарих – халықтың өмір сүруі мен өзіндік болмысын сақтауы үшін іргелі бастау. Бұл бастау бұрмаланып, жалған немесе алдын ала таңылған түсіндірулер арқылы ұсынылса, халықтың әртүрлі топтары шатасып, рухани қарсылығы әлсірейді, ал басқа ұлттармен тең құқық талап ету қабілеті де жойылады. Шын мәнінде, түркі халықтары мұндай ғылыми атаулы желеумен жүргізілген идеологиялық манипуляцияларды батыстық орталардан да тікелей бастан кешірген (Есмағамбетов, 2013а: 305).

Экономикалық тәуелсіздік және интеграция. Мұстафа Шоқайдың көзқарасы бойынша, саяси тәуелсіздік тек экономикалық тәуелсіздікпен ғана мағынаға ие болады (Chokayev, 2024: 72). Ол Кеңес дәуірінде Түркістанның мақта өндірісіне біржақты тәуелділігіне қатты сын айтып, бұл құрылым халықты әлсіздікке, кедейлікке және сыртқы күштерге тәуелділікке алып бара жатқанын ескертті (Chokayev, 2024: 102–104; Есмағамбетов, 2012а: 396).

Шоқайдың ойынша, Түркістан халықтары еркін болашақ құруы үшін, әртараптандырылған, өзара пайдаға негізделген және эксплуатациядан ада экономикалық жүйе қалыптастыруы қажет (Chokayev, 2024: 108). Ол экономикалық тәуелсіздікті даму мәселесімен ғана емес, сонымен қатар халықаралық қатынастарда тең құқықты саяси субъект болудың алғышарты деп қарастырды. Мәскеудің мақта саясатына қызмет ететін тар бағыттағы аграрлық құрылым Түркістан халықтарын ашаршылыққа ұшыратып, өзгенің ресурсына тәуелді етіп қояды. Мұны тоқтату үшін ең алдымен Түркістан өз халқының азық-түлік қажеттілігін қамтамасыз ететін ауыл шаруашылық жүйесін қалыптастыруы тиіс.

Шоқай Түркістанды саяси да, экономикалық та толық дербес негізде құру қажеттігін айтқанда, бұл дербестік әлемнен оқшаулануды білдірмейтінін ерекше атап көрсетеді. Керісінше, өз ресурсына толық ие болған, дамыған Түркістан басқа елдермен тең дәрежеде экономикалық қарым-қатынас орната алады деп есептеді. Бұл көзқарас экономикалық тәуелсіздік пен орнықты даму түркі мемлекеттерінің интеграциясы мен әлемдік тепе-тең қатынастар орнатуы үшін стратегиялық маңызға ие екенін көрсетеді (Есмағамбетов, 2012а: 344).

Шоқайдың пікірінше, түркі мемлекеттері географиялық орналасуы мен саяси жағдайларына қарай түрлі елдермен одақта болуы мүмкін. Алайда бұл айырмашылықтар түркі халықтарының мәдени және рухани тұрғыда бір-бірін қолдауына кедергі болмауы керек. Мысалы, Әзербайжан Түркістанға қарағанда Грузия және Кавказ елдерімен жақын қарым-қатынас орнатуы мүмкін. Сол сияқты Қырым Украинамен тығыз байланыста болуы ықтимал. Бірақ саяси тұрғыдан әртүрлі топтарға жатса да, түріктер бір-біріне рухани және мәдени қолдау көрсетуді тоқтатпауы тиіс (Mustafa Çokaу, 1932а: 10).

Мұстафа Шоқай 1931 жылы жазған мақаласында большевиктердің Түркістанды Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Қарақалпақстан секілді бірнеше аймаққа бөліп, олардан Орталық Азия Федерациясын құруды көздегенін, алайда Қазақстанды бұл құрылымнан әдейі бөлек ұстағысы келгенін атап көрсетеді. Шоқай бұл көзқарасты сынға алып, былай деп жазады: «Біздің мақсатымыз – бөлінбейтін ұлттық Түркістан. Біз болашақ тәуелсіз ұлттық Түркістанды тұтас мемлекет ретінде елестетеміз. Оның құрылымында, қажетіне қарай, бұл жақтағыдай бірнеше кантондар (уәләйаттар) автономиялы түрде құрылуы мүмкін. Ертеңгі ұлттық, тәуелсіз Түркістан үкіметінің ең басты міндеттерінің бірі – түркі тайпаларын шебер және мұқият саясат арқылы бір қазанда қайнатып, ұлы мемлекетке айналдыру» (Mustafa Çokaу, 1931b: 9).

Шоқайдың ойынша, түркі халықтарының қарым-қатынасы мәдени бірлікке негізделуі керек, ал саяси жағынан әр халық жеке федерациялар құрып, кейін бұл құрылымдар конфедерация түрінде бірігуі қажет. Ол әрбір түркі халқы өз ерекшеліктерін сақтап, ішкі өмірін реттейтін заңдары бар Швейцария кантондары секілді автономиялық құрылымдар құра алатынын жоққа шығармайды. Шоқайды зерттеген профессор Көшім Есмағамбетовтың пайымынша, саяси бірлік формасын анықтау – түркі халықтары толық тәуелсіздік алғаннан кейін шешілуге тиіс мәселе (Есмағамбетов, 2012b: 381).

Мұстафа Шоқайдың бірлік идеясы – тіл, мәдениет және тарих ұштағанында қалыптасқан көпқырлы стратегиялық көзқарас. Оның ұсынған негізгі қағидалары – тек өз дәуірінің мәселелеріне берілген жауап емес, сонымен қатар болашақ түркі әлеміне арналған жүйелі жол картасы. Ортақ тілді қалыптастыру, мәдени бауырластықты нығайту және тарихи жадыны жаңғырту – түркі халықтарының бірлесе әрекет етуі үшін ажырамас алғышарттар.

Пантүркізмге сын және шынайы бірлік түсінігі. Мұстафа Шоқайдың көзқарасы бойынша, пантүркізм немесе пантуранизм – әртүрлі контексте қарастырылуы тиіс күрделі ұғым. Ол большевиктердің бастапқыда Шығыстағы төңкерістік мақсаттарына жету үшін панисламизм мен пантүркізм идеяларын насихат құралы ретінде пайдаланғанын атап көрсетеді (Шокаев, 2024: 192). Алайда кейін большевиктер бұл идеяларды өз үстемдігіне қауіп төндіретін фактор ретінде қарап, түркі халықтарын бір-бірінен бөліп, жеке «ұлттық автономиялар» түрінде ұйымдастыру саясатын жүзеге асырды (Шокаев, 2024: 80, 191).

Мұстафа Шоқайдың Бірлік Тұжырымдамасы мен Түркі Мемлекеттері Ұйымы арасындағы Зияткерлік Сабақтастық. Мұстафа Шоқайдың түркі әлеміндегі бірлік туралы ұстанымдары — XX ғасырдың басында айтылған тарихи идеялармен ғана шектелмейді; олар бүгінгі түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастық әрекеттеріне тұжырымдық және саяси негіз қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, 2009 жылы Нахчыванда құрылған және 2021 жылдан бастап институционалдық даму жолына түскен Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) – Шоқайдың бірлік идеясымен елеулі параллельдер көрсетеді. ТМҰ-ның тіл, мәдениет, экономика және тарих салаларындағы бастамалары — Шоқай өз еңбектерінде үнемі көтерген стратегиялық қағидалардың қазіргі заманғы көрінісі ретінде бағаланады.

Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) құрылу үдерісі, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздіктерін жариялаған түркі мемлекеттерінің 1992 жылы Түркияда өткізген Бірінші Саммит кездесуінің нәтижесінде негізінің қалануымен басталды. Бұл алғашқы кездесуде бірлестіктің атауы «Түркі тілді мемлекеттер басшыларының саммиті» ретінде жарияланды.

Одан кейінгі кезеңде, мүше әртүрлі түркі мемлекеттерінің бастамасымен 2009 жылға дейін сегіз рет саммит өткізіліп, басым мақсаттар мен міндеттер бойынша пікір бірлігіне келініп, бірқатар келісімдер жасалды (Çinar, Uzun, 2023: 144).

Құрылу үдерісі, 2009 жылы Нахчыванда өткен тоғызыншы саммитте қазіргі үдерісті институционалдандыру туралы шешімнің қабылдануымен маңызды кезеңге жетті. Бұл кездесуде Түркия, Қазақстан, Әзербайжан және Қырғызстанның қатысуымен «Нахчыван келісімі» қабылданды. Қол қойылған бұл келісімге сәйкес, ұйымның атауы «Түркі тілді мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» немесе қысқаша «Түркі кеңесі» ретінде ресми түрде жарияланды (Çinar, Uzun, 2023: 144).

Жаңадан аталған бұл құрылым; Мемлекет басшылары, Сыртқы істер министрлері және Ақсақалдар кеңесімен қатар, орталығы Ыстамбұлда орналасқан Хатшылық және Жоғарғы лауазымды тұлғалар комитетінен тұрды. «Түркі тілді мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» немесе «Түркі кеңесі» атауымен 2009 жылы құрылған бұл ұйым, 2010 жылы Ыстамбұлда өткен оныншы саммитпен ресми түрде іске қосылды (Çinar, Uzun, 2023: 144).

Кейін, 2021 жылы Түркияда өткізілген кездесуде, бірлестіктің атауы барлық түркі мемлекеттерін қамтуы және жаһандық ахуалда ұйым атауының әсерлі болуы мақсатында «Түркі мемлекеттері ұйымы» болып өзгертіліп, бірлестікке атау ретінде соңғы ресми нұсқасы берілді. Бұл өзгеріс, ұйымның болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылданған кезеңді білдіреді.

Мұстафа Шоқайдың түркі дүниесіндегі бірлік ұстанымы – тарихи, мәдени және стратегиялық негіздерге сүйенетін, еріктілік қағидатына негізделген ынтымақтастық үлгісі ретінде қалыптасқан. Бұл көзқарас тек XX ғасыр басындағы саяси жағдайлардың жемісі ғана емес, сонымен қатар болашақта түркі мемлекеттері арасындағы қатынастар үшін де маңызды зияткерлік алғышарт болып табылады. Бүгінде институционалдық құрылымға ие болған Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) – тәуелсіз түркі республикаларының ортақ мәдени және саяси мақсаттар аясында ынтымақтастықты дамытуға ұмтылуының нақты көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, Шоқайдың зияткерлік мұрасы мен ТМҰ-ның құрылымдық жүйесі, мақсаттары және

қызмет бағыттары арасында айрықша сабақтастық пен ұқсастық бар. Төменде Мұстафа Шоқайдың түркі бірлігі туралы көзқарастары мен ТМҰ-ның қазіргі құрылымы негізгі тұстар бойынша салыстырмалы түрде талданады.

Ортақ әліпби, ортақ білім беру бағдарламалары, терминологиялық үйлесімділік пен жастарға арналған жобалар (Organization Of Turkic States Strategy For «2022–2026»; Türk Dünyası 2040 Vizyonu) – Шоқай ұсынған бастамалардың нақты институционалдық жалғасы болып табылады. ТМҰ мүше мемлекеттердің терең тарихи тамыры мен ортақ мәдени мұрасына үлкен мән береді. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алған түркі мемлекеттерінің ежелгі, бай, ортақ тарихы – бұл ұйымның құрылуына негіз болған басты факторлардың бірі болды. Осы себепті мүше мемлекеттер ортақ тарихты, мәдениетті, дінді, тілді және осыған ұқсас өзара байланысты салаларды қайта ашып, дамытуға ұмтылады (Çınar, Uzun, 2023: 144).

ТМҰ құрамындағы Түркі академиясының жобасы ретінде дайындалып жатқан ортақ тарих оқулығы – Шоқай сынға алған идеологиялық тарихнаманың орнына ортақ құндылықтарға негізделген көпұлтты, көпқабатты тарихты қалыптастыруды мақсат етеді. Түркі мемлекеттері ұйымының 2022–2026 жылдарға арналған стратегиясында ортақ оқулықтар дайындау туралы нақты мәлімет берілген. Бұл құжатқа сәйкес, Түркі академиясы тарапынан Ортақ түркі тарихы, Түркі әлемінің географиясы және Ортақ түркі әдебиеті пәндеріне арналған оқулықтар дайындалып, мүше мемлекеттердің ұлттық білім беру жүйесіне енгізілмек (Organization, 27).

М.Шоқайдың тұжырымынша экономикалық тәуелсіздік – тек материалдық әл-ауқатты көтеру құралы ғана емес, сонымен қатар саяси субъектілік пен халықаралық аренадағы тең әріптестік құрудың негізі. Ол сыртқы экономикалық ықпалға тәуелділіктің ұлттық мүддеге қатер төндіретінін ерте түсінді. Қазіргі кезеңде, әсіресе, 2020 жылдан кейінгі геосаяси ахуал (пандемия, Ресейге санкциялар, Қытай логистикасындағы өзгерістер) ТМҰ мемлекеттерін әртараптандырылған экономикалық бағыттарға көшуге мәжбүр етті. Осы тұрғыдан алғанда, Түркі мемлекеттерінің экономикалық әріптестігі – ішкі тұрақтылықты сақтаудың және сыртқы қысымдардан қорғанудың жолы ретінде қарастырылады. Бұл Мұстафа Шоқайдың қауіпсіздік пен дербестік байланысы туралы ойларымен мазмұндық және концептуалдық деңгейде сәйкес келеді. Ал, өзара пайдаға негізделген ынтымақтастыққа келетін болсақ Шоқай «бір тараптың пайдасы екіншісінің есебінен құрылмауы тиіс» деген принципті ұстанды. Оның пікірінше, экономикалық қарым-қатынас әділеттілік пен тепе-теңдік негізінде құрылуы қажет. Бүгінде ТМҰ шеңберінде қабылданған 2022–2026 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы өзара тиімді сауда, инвестициялық орта құру, шағын және орта бизнесті қолдау сынды бағыттарды қамтиды. Бұл – Шоқай тұжырымдаған әділетті экономикалық құрылым қағидаларын институционалдық деңгейде іске асыру әрекеті деп тануымыз қажет. Мұстафа Шоқайдың экономикалық көзқарастары заманауи Түркі мемлекеттері ұйымының стратегиялық бағыттарымен идеялық тұрғыдан сабақтас. Оның экономикалық дербестік, әділеттілік, әртараптандыру сияқты қағидалары қазіргі кезеңде де өзектілігін жоғалтқан жоқ (İşbirliği Alanları Detay, 2025; Organization, 5–11). Орта дәліз (Middle Corridor) жобасы – түркі мемлекеттері арасындағы көлік пен сауда байланыстарын күшейтуді көздеп қана қоймай, Ресей мен Қытай сияқты алпауыт күштердің экономикалық қысымына балама бағыттар қалыптастыруды да мақсат етеді (Kaуa, 2024).

ТМҰ – мүше мемлекеттердің егемендігін құрметтейтін, бірақ саяси үйлесім, ортақ мүдде және өңірлік қауіпсіздік салаларындағы ынтымаққа негізделген құрылым. Бұл ұйым этникалық немесе діни үстемдікке емес, теңдікке, өзара құрмет пен ортақ мүддеге сүйенеді. Мұндай көпжақты ынтымақтастық – Мұстафа Шоқай ұсынған тең қарым-қатынасқа негізделген экономикалық ынтымақ үлгісімен толық сәйкес келеді.

Қорытынды

Мұстафа Шоқай – ХХ ғасырдың басында Түркістан халықтарының саяси тәуелсіздік, мәдени еркіндік және тарихи болмысты сақтау жолындағы күресін зияткерлік деңгейде бастап, эмиграциялық кезеңінде бұл күресті халықаралық деңгейге көтерген көпқырлы ойшыл тұлға. Ол дамытқан бірлік тұжырымдамасы ортақ тілге, ортақ тарихи санаға және ортақ мәдениетке негізделіп, этникалық үстемдікке немесе идеологиялық догматизмге емес, еріктілікке, теңдікке және стратегиялық реализмге сүйенді. Шоқайдың зияткерлік кеңістігі ресейлік империализм мен кеңестік идеологиялық үстемдікке қарсы рухани қарсылық алаңын қалыптастырып, халықтардың өз болмысымен өмір сүру құқығын қорғады.

Шоқайдың бірлік туралы көзқарасы бүгінгі тәуелсіз түркі мемлекеттері арасындағы көпжақты ынтымақтастық тетіктерімен елеулі дәрежеде үйлеседі. Әсіресе, Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) – Шоқай ұсынған бірліктің формасын тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін халықтардың шешімі белгілейді деген құрылым ретінде танылып, ерікті қатысу, тең өкілдік, мәдени серіктестік және экономикалық ынтымақ қағидаларына негізделген интеграциялық үдерісті жүзеге асыруда. Шоқай көтерген тарихи жадыны қайта қалпына келтіру идеясы, ТМҰ аясындағы ортақ әліпби, білім беру бағдарламалары, ғылыми терминологияны үйлестіру және мәдени саясаттарда институционалдық көрініс тапты.

Экономикалық салада да осындай сабақтастық байқауға болады. Шоқайдың Кеңес дәуіріндегі мақта монополиясына негізделген тәуелділік құрылымын сынаған көзқарасы – ТМҰ-ның көлік, логистика, сауда және инвестиция салаларындағы ынтымақтастық стратегияларымен үндеседі. Осы тұрғыдан алғанда, «Орта дәліз» секілді көпұлтты жобалар тек экономикалық интеграцияны көздеп қана қоймай, сонымен бірге тәуелсіз түркі мемлекеттерінің жаһандық деңгейде еркін және тиімді әрекет етуіне жол ашуды мақсат етеді.

Шоқайдың бірлік туралы тұжырымдамасы реалистік және плюралистік ұстанымға негізделген. Ол қазіргі көпжолды халықаралық жүйе жағдайында әртүрлі түркі халықтары өз болмысын сақтай отырып, саяси жағынан орталықтандырылмаған құрылым аясында ынтымақтаса алатын өміршең модель ұсынады. ТМҰ-ның этникалық үстемдікке ұмтылмай, тарихи байланыс пен мәдени жақындық негізінде қатынастарды дамытуы – Шоқайдың баршаны қамтитын тұжырымдамасының заманауи көрінісі деуге болады.

Қорытындылай келе, Мұстафа Шоқайдың идеялары мен қазіргі тәуелсіз түркі мемлекеттері арасындағы өзара қатынастар арасында зияткерлік және институционалдық сабақтастықтың бар екенін байқауға болады. Шоқай ұсынған түркі ынтымақтастығы моделі тарихи-мәдени ортақтыққа негізделген және тең құқылы серіктестік пен стратегиялық ықпалдастық принциптерін алға тартады. Қазіргі кезеңде бұл модель Түркі мемлекеттері ұйымы сияқты аймақтық құрылымдар аясында институционалдық деңгейде жүзеге асырылып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Мұстафа Шоқайдың мұрасын тек тарихи контексте ғана емес, сондай-ақ заманауи түркі интеграциясының идеялық және стратегиялық негізі ретінде бағалау орынды.

Әдебиеттер

В эмиграции, 2021 — *В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Чокаева. 1919–1941* / Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. Алматы: Полиграфия сервис и К, 2021. 488 с.

Есмағамбетов, 2012a — *Есмағамбетов К. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. III том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 664 б.*

Есмағамбетов, 2012b — *Есмағамбетов К. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. I том. Алматы: Дайк-Пресс, 2012. 544 б.*

Есмағамбетов, 2013a — *Есмағамбетов К. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. VI том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 524 б.*

Есмағамбетов, 2013b — *Есмағамбетов К. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. VII том. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. 572 б.*

Есмағамбетов, 2014 — *Есмағамбетов К. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық. XI том. Алматы: Дайк-Пресс, 2014. 544 б.*

- Садыкова, 2002 — *Садыкова Б.* История Туркестанского легиона в документах. Алматы: Кайнар, 2002. 248 с.
- Садыкова, 2009 — *Садыкова Б.* Мустафа Чокай в эмиграции. Алматы: Мектеп, 2009. 248 с.
- Andican, 2003 — *Andican A. A.* Ceditizm’den bağımsızlığa hariçte Türkistan mücadelesi // (1. bsk). İstanbul: Emre, 2003. 942 p.
- Chokayev, 2024 — *Chokayev M.* The Policy of the Soviet Union Towards Turkic World (Selected Articles in French) (Abdulvahap Kara, Ed.) // Dogu Kutuphanesi, 2024.
- Çınar, Uzun, 2023 — *Çınar Y., Uzun Y.U.* Köklü Geçmişten Güçlü Geleceğe Türk Devletleri Teşkilatı: Küresel Ekonomik-Siyasal Potansiyeli ve Teşkilatın Geleceğine Dair Öngörüler // MANAS Sosyal Araştırmalar Dergisi, 12 (Özel Sayı), Article Özel Sayı, 2023. // URL: <https://doi.org/10.33206/mjss.1296831>.
- İşbirliği Alanları Detay, 2025 — *İşbirliği Alanları Detay.* (n.d.). Türk Devletleri Teşkilatı. Retrieved, 2025. // URL: <https://www.turkicstates.org/tr/isbirligi-alanlari-detay/2-ekonomik-isbirligi>.
- Kara, 2013 — *Kara A.* (with Aylin de Tapia, A.). Mustafa Tchokai Une Vie Pour l’indépendance du Kazakhstan. L’Harmattan, 2013.
- Kaya, 2024 — *Kaya E.* Orta Koridor’un Dünya Politikasında ve Avrasya’da Artan Önemi. Düşünce Dünyasında Türkiz, 2024. No. 15(1). Article 1. // URL: <https://doi.org/10.59281/turkiz.1458292>.
- Libera, 2013 — *Libera P.* II Rzeczpospolita wobec ruchu prometejskiego “Wojskowe Teki Archiwalne”. Warszawa, 2013. Vol. IV. 575 p.
- Çokay, 1931a — *Mustafa Çokay.* Bir Gılmıy Ötirikke Qarsı (Qoqan Avtonomiyasına 14 Jıl Toluvına Oray). Yaş Türkistan, 1931. No. 25. Pp. 4–11.
- Çokay, 1931b — *Mustafa Çokay.* “Sovyet Orta Asya Federasyonu” den “Milli Müttehid Türkistan Devleti” ge. Yaş Türkistan, 1931. No. 16. Pp. 4–9.
- Çokay, 1932a — *Mustafa Çokay.* Cephemizi Birleştirir Hakkında. Yaş Türkistan, 1932. No. 32. Pp. 6–10.
- Çokay, 1932b — *Mustafa Çokay.* Türkistan Türklüğü. Yaş Türkistan, 1932. No. 32. Pp. 1–5.
- Organization, 2022 — *Organization Of Turkic States Strategy For “2022–2026.”* (Belirtilmemiş). Türk Devletleri Teşkilatı / Organisation of Turkic States, 2022.
- Togan, 1969 — *Togan A.Z.* V. Hatıralar Türkistan ve Diğer Müslüman Doğu Türklerinin Milli Varlık ve Kültür Mücadeleleri, 1969.
- Togan, 1981 — *Togan A.Z.* V. Bugünkü Türkili (Türkistan) ve Yakın Tarihi (2.bsk). Enderun Kitabevi, 1981.
- Türk Dünyası, 2021 — *Türk Dünyası 2040 Vizyonu.* (Belirtilmemiş). Türk Devletleri Teşkilatı / Organisation of Turkic States, 2021.

References


Біз мақалада түркілер мен моңғолдардың көшпелі өмір салтының ортақ ерекшеліктерін талқылау үшін алдымен мал шаруашылығы мәдениетін негізге алып, олардың киіз үйлері, «қымыз» жасау дәстүрі, көші-қон, түркілердің «аһтық», моңғолдардың «хадаг» байлау дәстүрі, жаңа отбасы болып үй құрғандарға (үйленген ұлдарға) «енші» (үлес) беру сияқты ортақ салт-дәстүрлеріне тоқталдық. Бұл түркілер мен моңғолдардың ортақ дәстүрлерін ғылыми тұрғыдан зерттеу өте маңызды. Себебі, жаһандану дәуірінде мұндай ортақ дәстүрлерді зерттеу, көне дәстүрлері ұмытылып бара жатқан көшпелі қауымдардың санасын қайта жаңғыртуға үлес қосады.

Әдебиеттер тізімі

- Әлімбаев, т.б., 2012 — *Әлімбаев Н., Уәли Н., т.б.* Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия, Алматы: РІПК «СЛОН», 2012.
- Бұқат, 1973 — *Бұқат Б.* Қазақ және моңғол тілінің салыстырмалы тарихи грамматикасы, Өлгий, 1973.
- Карамендина, 2021 — *Карамендина М.* Қазақ халқының таңбалары және ұрандары. Алматы: Арыс, 2021.
- Тойшанұлы, 2009 — *Тойшанұлы А.* Түрік – Моңғол Мифологиясы, Алматы: Баспалар Үйі, 2009.
- Цэвээл, 1966 — *Цэвээл Я.* Монгол хэлний товч тайлбар толь, Улаанбаатар: Улсын Хэвлэл, 1966.
- Ак, 2022 — *Ак М.* Теке Үөрүкleri (1800–1900). Ankara: TTK, 2022.
- Altay, 1981 — *Altay H.* Anayurttan Anadolu'ya. Kültür Bakanlığı, 1981.
- Barthold, 1951 — *Barthold W.W.* Die persische Inschrift an der Mauer der Manucehr-Moschee zu Ani, Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, 1951. Pp. 241–269.
- Baykara, 2009 — *Baykara T.* Türk Adının Anlamı. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2009.
- Ercenek, 1996 — *Ercenek G.* Antalya Bölgesi Yörükleri Göç Yolları, I. Akdeniz Yöresi Türk Toplulukları Sosyo-Kültürel Yapısı (Yörükler). [Sempozyumu Bildirileri], 25–26 Nisan 1994 Antalya, içinde. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1996. Pp. 133–138.
- Eröz, 1991 — *Eröz M.* Yörükler, İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1991.
- Gökyay, 2007 — *Gökyay O.Ş.* Dedem Korkudun Kitabı. İstanbul: Kabcacı, 2007.
- İnan, 2020 — *İnan A.* Altayda Pazırık Kazısında Çıkarılan Atların Durumu Türklerin Defin Törenleri Bakımından Açıklama, Makaleler ve İncelemeler, C. II, içinde. Ankara: TTK, 2020. Pp. 261–268.
- Karataş, 2017 — *Karataş, M.* Göçerevlilik ve Yerleşiklik Bağlamında Selçuknâme'deki Kültür Unsurları, C. XLII. Tübar, 2020. Pp. 127–170.
- Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I, 1992 — *Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I.* (A.B. Ercilasun vd. Çev.), Ankara. Kültür Bakanlığı, 1992.
- Kâşgarlı Mahmud, 2005 — *Kâşgarlı Mahmud.* Divânü Lugâti't-Türk. (Seçkin Erdi, vd. Çev.), İstanbul: Kabcacı, 2005.
- Kostenko, 1880 — *Kostenko L.* Turkistanskiy Kray, Opit Voyenno Statistiçeskogo Obozreniya Turkestanskogo Voyennogo Okrug. C. 3. SPb., 1880.
- Matsubara, 2012 — *Matsubara M.* Göçebeliğin Dünyası: Türk Göçebelerinden Çoşlu Yörüklerinin Etnografyası, (K. Sugihara, Çev.), Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2012.
- Mert, 2009 — *Mert O.* Ötüken Uygur Dönemi Yazıtlarından Tes – Tariat – Şine Us. Ankara, 2009.
- Ögel, 1978 — *Ögel B.* Türk Kültür Tarihine Giriş. C. I. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1978.
- Ögel, 2019 — *Ögel B.* Büyük Hun İmparatorluğu Tarihi. C. I. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2019.
- Radloff, 1976 — *Radloff W.* Sibiryadan (Seçmeler), (A. Temir, Çev.), İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1976.
- Rubruk, 2020 — *Rubruk W.* von. Moğolların Büyük Hanı'na Seyahat, 13. Yüzyılda İstanbul'dan Karakurum'a Yolculuk. İstanbul: Kronik, 2020.
- Şahin, 2020 — *Şahin İ.* “Göç” Kavramı Üzerine, *Yörük Araştırmaları-2*, F. Uslu, C. Kökus (Ed.) içinde. Konya: Palent, 2020. Pp. 15–24.
- Tekin, 1982 — *Tekin T.* Kuzey Moğolistan'da Yeni Bir Uygur Anıtı: Taryat/Terhin Kitabesi, TTK Belleten, 1982. Vol. XLVI. Pp. 184, 795–838.
- Tezcan, 1990 — *Tezcan M.* Eski Türklerde Damga [Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi]. Erzurum: Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1990.
- Ülken, 1969 — *Ülken H.Z.* Sosyoloji Sözlüğü, İstanbul: MEB, 1969.
- Vladimirtsov, 1995 — *Vladimirtsov, B. Y.* Moğolların İçtimai Teşkilâtı, (A. İnan, Çev.), 3. Baskı. Ankara: TTK, 1995.
- Yusuf Has Hacib, 2006 — *Yusuf Has Hacib.* Kutadgu Bilig. (R.R. Arat, Çev.), İstanbul: Kabcacı, 2006.

References

- Ak, 2022 — *Ak M.* Teke Yörükleri (1800–1900) [Teke Yörüks (1800-1900)]. Ankara: TTK, 2022. (In Turk.).
- Altay, 1981 — *Altay H.* Anayurttan Anadolu'ya [From the Homeland to Anatolia]. Kültür Bakanlığı, 1981. (In Turk.).
- Alimbay, Uali, 2012 — *Alimbay N., Uali N., et al.* Qazaqtñ étnografıyalıq kategorıyalar, uğımdar men atawlarınıñ дәstürli jüyesi. [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names.]. Almati, 2012. (In Kaz.).
- Barthold, 1951 — *Barthold W.W.* Die persische Inschrift an der Mauer der Manucehr-Moschee zu Ani, Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft, 1951. Pp. 241–269.
- Bukhat, 1973 — *Bukhat B.* Kazakh jane mongol tilderinin salıstırmalı tarihi gramatikası [Comparative historical grammar of the Kazakh and Mongolian languages]. Ulgiı, 1973. (In Kaz.).
- Baykara, 2009 — *Baykara T.* Türk Adının Anlamı [Meaning of Turkish Name]. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2009. (In Turk.).
- Ercenek, 1996 — *Ercenek G.* Antalya Bölgesi Yörükleri Göç Yolları [Migration Routes of the Antalya Region Yoruks]. I. Akdeniz Yöresi Türk Toplulukları Sosyo-Kültürel Yapısı (Yörükler). [Sempozyumu Bildirileri], 25–26 Nisan 1994 Antalya, içinde. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1996. Pp. 133–138. (In Turk.).

- Eröz, 1991 — *Eröz M. Yörükler* [Yoruks]. İstanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1991. (In Turk.).
- Gökyay, 2007 — *Gökyay O.Ş. Dedem Korkudun Kitabı* [Dedem Korkud Book]. İstanbul: Kabalıcı, 2007. (In Turk.).
- İnan, 2020 — *İnan A. Altayda Pazırık Kazısında Çıkarılan Atların Durumu Türklerin Defin Törenleri Bakımından Açıklama* [The Condition of the Horses Unearthed in the Pazyryk Excavation in Altay, Explanation in Terms of Burial Ceremonies of the Turks]. Makaleler ve İncelemeler, C. II, içinde. Ankara: TTK, 2020. Pp. 261–268. (In Turk.).
- Toyshanuly, 2009 — *Toyshanuly A. Turik – Mongol Mifologiyasy* [Turkic-Mongol Mythology]. Almaty: Baspalar Uy’, 2009. (In Kaz.).
- Tsevel, 1966 — *Tsevel Y. Mongol helnii tovch tailbar toli* [A brief dictionary of the Mongolian language]. Ulaanbaatar: Ulsiin khevleliin HEKH, 1966. (In Mong.).
- Karamendina, 2021 — *Karamendina M. Kazak Halkının Tanbaları jane urandarı* [Symbols and mottos of the Kazakh people]. Almaty: Arıs, 2021. (In Kaz.).
- Karataş, 2017 — *Karataş M. Göçerevlilik ve Yerleşiklik Bağlamında Selçuknâme’deki Kültür Unsurları Cultural Elements in Seljukname in the Context of Nomadism and Settlement*. C. XLII. Tübar, 2020. Pp. 127–170. (In Turk.).
- Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I, 1992 — *Karşılaştırmalı Türk Lehçeleri Sözlüğü I* [Comparative Dictionary of Turkish Dialects I]. (A.B. Ercilasun vd. Çev.), Ankara. Kültür Bakanlığı, 1992. (In Turk.).
- Kâşgarlı, 2005 — *Kâşgarlı Mahmud. Divânü Lugâti’t-Türk* [Divânü lugâti’t-Türk]. (Seçkin Erdi, vd. Çev.), İstanbul: Kabalıcı, 2005. (In Turk.).
- Kostenko, 1880 — *Kostenko L. Turkistanskiy Kray, Opit Voyenno Statistiçeskogo Obozreniya Turkestanskogo Voyennogo Okrugı. C. 3. SPb., 1880.*
- Matsubara, 2012 — *Matsubara M. Göçebeliğin Dünyası* [The World of Nomadism]: Türk Göçebelerinden Çoşlu Yörüklerinin Etnografyası, (K. Sugihara, Çev.), Ankara: Atatürk Kültür Merkezi, 2012. (In Turk.).
- Mert, 2009 — *Mert O. Ötüken Uygur Dönemi Yazıtlarından Tes – Tariat – Şine Us* [Tes – Tariat from the Otuken Uyghur Period Inscriptions – Shine Us]. Ankara, 2009. (In Turk.).
- Ögel, 1978 — *Ögel B. Türk Kültür Tarihine Giriş* [Introduction to Turkish Cultural History]. C. I. Ankara: Kültür Bakanlığı, 1978. (In Turk.).
- Radloff, 1976 — *Radloff W. Sibirya’dan (Seçmeler)* [From Siberia (Selections)]. (A. Temir, Çev.), İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1976. (In Turk.).
- Rubruk, 2020 — *Rubruk W. von. Moğolların Büyük Hanı’na Seyahat, 13. Yüzyılda İstanbul’dan Karakorum’a Yolculuk* [Journey to the Great Khan of the Mongols, Journey from Istanbul to Karakorum in the 13th Century]. İstanbul: Kronik, 2020. (In Turk.).
- Şahin, 2020 — *Şahin İ. “Göç” Kavramı Üzerine* [On the Concept of “Migration”]. Yörük Araştırmaları-2, F. Uslu, C. Kökus (Ed.) içinde. Konya: Palent, 2020. Pp. 15–24. (In Turk.).
- Tekin, 1982 — *Tekin T. Kuzey Moğolistan’da Yeni Bir Uygur Anıtı* [A New Uyghur Monument in Northern Mongolia]: Taryat/Terhin Kitabesi, TTK Belleten, 1982. Vol. XLVI. Pp. 184, 795–838. (In Turk.).
- Tezcan, 1990 — *Tezcan M. Eski Türklerde Damga* [Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi]. Erzurum: Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1990. (In Turk.).
- Ülken, 1969 — *Ülken H.Z. Sosyoloji Sözlüğü* [Sociology Dictionary]. İstanbul: MEB, 1969. (In Turk.).
- Vladimirtsov, 1995 — *Vladimirtsov, B. Y. Moğolların İçtimai Teşkilâtı* [Social Organization of the Mongols]. (A. İnan, Çev.), 3. Baskı, Ankara: TTK, 1995. (In Turk.).
- Yusuf Has Hacib, 2006 — *Yusuf Has Hacib. Kutadgu Bilig* [Kutadgu Bilig]. (R.R. Arat, Çev.), İstanbul: Kabalıcı, 2006. (In Turk.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 855-871, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_855-871

FORCED SETTLEMENT OF NOMADIC AND SEMI-NOMADIC FARMS AS ONE OF THE MEASURES TO ERADICATE TRADITIONAL TRIBAL RELATIONS (THE 30S OF THE TWENTIETH CENTURY)

*Suleimenova Aliya*¹

¹Branch of the Valikhanov Institute of History and Ethnology in Astana
(11/5, Kabanbai Batyr Str., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Ch.Ch. Valichanov IHE, 2025
© Suleimenova A.T., 2025

Abstract. *Introduction.* The campaign of forced settlement of nomadic and semi-nomadic farms was launched when F.I. Goloshchekin came to power in Kazakhstan. One of the measures to eliminate traditional tribal relations in the Kazakh steppe was carried out during the Little Kazan campaign. The relevance of the topic and the importance of the study are determined by the review of the history of Kazakhstan in the Soviet period. The goals and objectives of the study. To determine the changes in Kazakh society, which had been nomadic and semi-nomadic for thousands of years, under the influence of the reforms carried out in Kazakh villages during the Little Kazan revolution. To identify Soviet, Bolshevik methods of introducing clan and tribal structures to the path of development in a new socialist direction. In the course of the settlement process, the centuries-old aksakals, bai and manaps, community relations, inter-clan ties, etc., formed in the republics under the control of the Soviet Union (Kyrgyz, Tuva, Buryat, etc.) Analysis and study of actions taken against traditions. *Research methods and materials.* In the process of writing the article, general scientific methods such as analysis and synthesis, analogy, summary, comparison, description, etc. were used. Special historical methods were also used. One of the important methods in the article is a specific-historical (ideographic) approach, which comprehensively analyzes one or more facts, issues, citing their specific aspects and features. The historical-typological method allows us to classify the phenomenon under study during the analysis. The basis of the article materials are declassified, published and unpublished archival documents of Kazakhstani archives, special state archives. Based on the data of document collections prepared on the basis of documents of special state archives, the work of uprooting the roots of the Kazakh millennial tradition during the political and economic reforms carried out in Kazakhstan in the 1930s was described. Kyrgyz, Buryat, Arat, etc. The works on the consequences of the transition of traditional nomadic and semi-nomadic tribes to settled agriculture were analyzed. *Results.* The results of the social and economic reforms carried out in the Kazakh steppe, which led to the destruction of traditional clan-tribal structures and family social tragedies, were reviewed using archival documents and factual data. The destruction of the clan-tribal structure led to a departure from ancestral traditions, a reconsideration of family values in different ways, etc., and the problems raised should be assessed from a new social perspective. *Conclusions.* The historical assessment of the destruction of clan-tribal relations during the process of settling nomadic and

semi-nomadic farms of the Little Kazan Revolution, conducted by the Bolshevik emissary F. Goloshchekin, was given. An analysis of the social and economic costs in the Kazakh steppe during the conduct of these campaigns was made.

Keywords: Kazakhs, settlement, collectivization, nomadic and semi-nomadic economy, Small October Revolution, Goloshchekin, sedentarization

Acknowledgements: The article was prepared in accordance with the implementation plan of the fundamental scientific project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN: BR24993057 fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation»


For citation: Suleimenova A.T. Forced settlement of nomadic and semi-nomadic farms as one of the measures to eradicate traditional tribal relations (the 30s of the twentieth century) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 855–871. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_855-871

КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ КҮШТЕП ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ ДӘСТҮРЛІ РУЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖОЮ ШАРАЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ (XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ)

Сулейменова Алия Тоймахановна¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қ. Филиалы (11/5-үй, Қабанбай батыр көшесі, 010017, Астана, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Сулейменова А.Т., 2025

Андатпа. *Kіріспе.* Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландыру науқаны Ф.И. Голощекин Қазақстандағы билік басына келгенде қолға алынды. Қазақ даласындағы дәстүрлі рулық қарым-қатынасты жою шараларының бірі Кіші Қазан науқаны барысында жүзеге асырылды. Тақырыптың өзектілігі мен зерттеудің маңыздылығы Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихын қайта қарастыру мен анықталады. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* Мыңдаған жылдар бойы көшпелі және жартылай көшпелі дәстүрін ұстанған қазақ қоғамының Кіші Қазан революциясы кезіндегі қазақ ауылдарында жүргізілген реформалар әсерімен өзгерісін анықтау. Ру, тайпалық құрылымдарды жаңа социалистік бағытта даму жолына түсірудің кеңестік, большевиктік тәсілдерін анықтау. Отырықшыландыру үдерісін жүзеге асыру барысында Кеңес Одағының қарамағындағы республикаларда (қырғыз, тува, бурят және т.б.) ғасырлар бойы қалыптасқан ақсақалдар, байлар мен манаптар, қауымдық қарым-қатынас, руаралық байланыс және т.б. дәстүрлерге қарсы жүргізілген іс-әрекеттерді талдау және зерделеу. *Зерттеу әдістері мен материалдары.* Мақаланы жазу барысында анализ және синтез, аналогия, қорытындылау, салыстыру, сипаттау және т.б. жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар арнаулы тарихи әдістер де қолданылды. Мақаладағы маңызды әдістердің бірі нақты-тарихи (идеографиялық) тәсіл арқылы бір немесе бірнеше дерек, мәселе дәйектеле отырып, оның өзіндік қыры мен ерекшеліктері жан-жақты талданады. Тарихи-типологиялық әдіс талдау барысында зерттеліп отырған құбылысты жіктеуге мүмкіндік береді. Мақала материалдарының негізіне қазақстандық архивтердің, арнаулы мемлекеттік архивтердің құпиясыздандырылған, жарияланған және жарияланбаған архивтік құжаттары жатады. Арнаулы мемлекеттік архивтердің құжаттары негізінде дайындалған құжатты жинақтардың деректері арқылы Қазақстандағы 1930-жылдары жүргізілген саяси-экономикалық реформалардың барысындағы қазақтың мыңдаған жылдар бойғы дәстүрінің тамырына балта

шабу жұмыстары жайлы баяндалды. Қырғыз, бурят, арат және т.б. тайпаларының дәстүрлі көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарының отырықшылыққа көшіру барысындағы орын алған зардаптар туралы еңбектер сарапқа салынды. *Нәтижелер.* Қазақ даласында жүргізілген әлеуметтік, экономикалық реформалардың соңы дәстүрлі ру-тайпалық құрылымдардың жойылуына, отбасылық әлеуметтік трагедияларға соқтыруы архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. Ру-тайпалық құрылымның жойылуы ата-баба дәстүрінен алшақтауға, отбасылық құндылықтардың басқаша реттерде қайта қарастырылуы және т.б. сол сияқты қордаланған мәселелер әлеуметтік жаңа қырынан бағалануы тиіс. *Қорытындылар.* Большевиктік эмиссар Ф. Голощекиннің жүргізген Кіші Қазан революциясының көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру процесі барысында ру-тайпалық қатынастың жойылуына тарихи баға берілді. Аталған науқандарды жүргізу барысындағы қазақ даласындағы әлеуметтік, экономикалық шығындарға сараптама жасалды.

Түйін сөздер: Қазақтар, отырықшыландыру, ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық, Кіші Қазан революциясы, Голощекин, седентаризация

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «ИРН: BR24993057 Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.

Дәйексөз үшін: Сулейменова А.Т. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшыландыру дәстүрлі рулық қарым-қатынасты жою шараларының бірі ретінде (XX ғасырдың 30-жылдары) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 855–871 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_855-871


НАСИЛЬСТВЕННОЕ ОСЕДАНИЕ КОЧЕВЫХ И ПОЛУКОЧЕВЫХ ХОЗЯЙСТВ КАК ОДНА ИЗ МЕР ПО ИСКОРЕНЕНИЮ ТРАДИЦИОННЫХ РОДОВЫХ ОТНОШЕНИЙ (30-Е ГОДЫ XX ВЕКА)

Сулейменова Алия Тоймахановна¹

¹Филиал Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в Астане

(д. 11/5, ул. Кабанбай батыра, 010017, Астана, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Сулейменова А.Т., 2025

Аннотация. *Введение.* Кампания по принудительному оседанию кочевых и полукочевых хозяйств была начата с приходом к власти в Казахстане Ф.И. Голощекина. Одной из мер по ликвидации традиционных родоплеменных отношений в казахской степи был проведен а кампания Малый Октябрь. Актуальность темы и значимость исследования определяются обзором истории Казахстана в советский период. *Цели и задачи исследования.* Определить изменения в казахском обществе, которое на протяжении тысячелетий было кочевым и полукочевым, под влиянием реформ, проведенных в казахских аулах в период революции Малый Октябрь. Выявить советские, большевистские методы выведения родоплеменных структур на путь развития в новом социалистическом направлении. В ходе процесса расселения в республиках, входивших в состав Советского Союза (Киргизской, Тувинской, Бурятской и др.), сложились многовековые системы аксакалов, баев и манапов, общинные отношения, межродовые связи и т.д. Анализ и изучение действий, направленных против традиций. *Методы и материалы исследования.* В процессе написания статьи использовались общенаучные методы, такие как анализ и синтез, аналогия, резюме, сравнение, описание и др. Также использовались специальные исторические методы. Одним из важных методов в статье

является конкретно-исторический (идеографический) подход, который комплексно анализирует один или несколько фактов, вопросов, приводя их отдельные стороны и особенности. Историко-типологический метод позволяет в ходе анализа классифицировать изучаемое явление. Основу материалов статьи составляют рассекреченные, опубликованные и неопубликованные архивные документы казахстанских архивов, специальных государственных архивов. На основе данных сборников документов, подготовленных на основе документов специальных государственных архивов, описана работа по искоренению корней казахской тысячелетней традиции в ходе проводимых в Казахстане в 1930-е годы политических и экономических реформ. Кыргызы, буряты, арат и др. Проанализированы работы о последствиях перехода традиционных кочевых и полукочевых племен к оседлому земледелию. *Результаты.* На основе архивных документов и фактических данных рассмотрены результаты социально-экономических реформ, проведенных в казахской степи, приведших к разрушению традиционных родо-племенных структур и семейно-социальным трагедиям. Разрушение родо-племенной структуры привело к отходу от родовых традиций, переосмыслению семейных ценностей по-разному и т.д., а поднятые проблемы следует оценить с новой социальной точки зрения. *Выводы.* Дана историческая оценка разрушения родо-племенных отношений в процессе оседания кочевых и полукочевых хозяйств революции Малый Октябрь, проведенной большевистским эмиссаром Ф. Голощекиным. Сделан анализ социально-экономических издержек в казахской степи в ходе проведения этих кампаний.

Ключевые слова: Казахи, оседание, коллективизация, кочевое и полукочевое хозяйство, революция Малый Октябрь, Голощекин, седентаризация

Благодарность: Статья подготовлена в соответствии с планом реализации фундаментального научного проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «ИРН: BR24993057 фундаментальные исследования основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации».

Для цитирования: Сулейменова А.Т. Насильственное оседание кочевых и полукочевых хозяйств как одна из мер по искоренению традиционных родовых отношений (30-е годы XX века) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 855–871. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_855-871

Кіріспе

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ру-тайпалық құрылымдардың қалыптасуы мен өзгерістерге ұшырай отырып дамуы халықаралық, отандық тарихнамада кеңінен зерттелген тақырыптар қатарына жатады. Қазақ руларының пайда болуы, орналасу ареалы, қалыптасуы, құрамы мен сапалық қасиеттері жан-жақты қарастырылған. Қазіргі таңда Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30-жылдары жүргізілген саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалардың (отырықшыландыру, кәмпескелеу, ұжымдастыру, жергіліктендіру және т.б.) дәстүрлі қазақ қоғамының даму бағытының өзгерістерге ұшырауы жайында да деректер жаңаша сипатта зерделеуді талап етуде.

Мақаланың өзектілігі әр кезеңдерде жарияланған тарихи, ғылыми еңбектерде зерттеу нысанына айналған көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жаппай күштеп отырықшылыққа көшіру үдерісін жаңа көзқараста қорытындылау. Қазақстандағы билік басына келген большевиктік эмиссар Ф.И. Голощекиннің Кіші Қазан революциясының қазақ жеріндегі жүргізілуі көршілес мемлекеттердің шаруашылығымен салыстырыла қарастырылды.

Жұмыстың жаңалығы – қазақтың ру-тайпалық бөлінісінің ыдырау үдерісіне қатысты мәселелер жаңа архивтік дереккөздер мен жарияланған материалдарға сүйене отырып, жан-жақты, терең зерттеу. Біріншіден, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ жерінде ауыл шаруашылығын толық ұжымдастыру, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру барысында байлармен, молдалармен, ру басылармен, билермен күрес қалай жүргізілді? Большевиктік биліктің бұл бастамасы өлкедегі ауылдардың,

көшпелі шаруашылықтардың күнделікті қарым-қатынасының дамуына қалай әсер етті? Осы секілді тағы да басқа сұрақтарға жауаптар іздестірілді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі фактілер мен тарихи оқиғаларды нақты жағдайға сәйкес, олардың өзара байланысында қарастыруға мүмкіндік берген объективті қамту принципі болды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ Өлкелік комитетінің Бақылау Комиссиясының № 719 қорының 1930–1932-жылдардағы істері, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің Қазақ АКСР Жер ісі Халық комиссариатының № 74-қорындағы 1930–1933-жылдардағы істері қаралып, құжаттары сарапқа салынды. Сонымен қатар арнаулы мемлекеттік архивтердің құрамындағы құпиясыздандырылған құжаттары енгізілген жинақтардың фактологиялық деректері талдауға алынды.

Нәтижелер

XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ қоғамындағы көшпелі және жартылай көшпелі шаруаларды отырықшыландыру үдерісі барысындағы ру ішілік байланыс дәстүрлерінің жойылуы кеңестік кезеңде және тәуелсіздік тұсында жарияланған еңбектер ғылыми талдау нысанына алды. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіру барысындағы большевиктік эмиссар Ф. Голощекиннің қызметі, «қанаушы таптар» ретінде қарастырылған байлар, молдалар, болыстар, билер институттарының жойылуы тақырыптарына қатысты ғылыми, ғылыми көпшілік әдебиеттер ғылыми-зерттеушілік мақсатта сарапталды. Сонымен қатар Кеңестер Одағының құрамында болған Тува, Бурят-Монғол, Қырғызстан елдеріндегі қоғамдағы дәстүрлі бай-манаптардың, көшпелі шаруалардың қуғындалуы, Тибет медицинасының жойылуы жайлы шетелдік зерттеушілердің еңбектері талданды.

Соңғы жылдары жарық көрген еңбектерде «Седентаризация процесі қазақ қоғамының шаруашылық жүргізу әдісін трансформациялап қана қоймай, құндылықтардың жаңа институттық жүйелерінің қалыптасуына ықпал еткені» айтылады (Смағамбет, Тлспаева, 2019).

Ресей империясының билігі қазақ жерін қол астына қаратқан соң, жан-жақты мәліметтер жинастыру үшін, ел арасына түрлі экспедициялар жіберуді қолға алғандығы белгілі. Империялық билікте көшпелілерді отырықшыландыру мен шаруалардың қоныс аударуына қатысты түрлі пікірлер болды. Орал әскери губернаторы Ставровский «қазақтар шөлейтті даланы тиімді пайдаланатын мықты малшылар» деп есептеді. Олардың шаруашылықтарында өндірілген өнімдер нарықта да, әскерде де жоғары сұранысқа ие еді. Оның пайымдауынша қазақтардың жер өңдеуге кірісуі және дәстүрлі көшпелі шаруашылықпен айналысатын аудандарда жатақтар табының пайда болуы қазақтардың кедейленуіне әкеледі деп есептеді. Орал облысының әскери губернаторы мен облыстық әкімшілігі өлкенің кең көлемдегі шаруалар колонизациясына қарсы болғанымен, мемлекеттік қажеттілік ретінде келісті. (Казиев, 2015: 237) Көшпелілер мәдениеті жайында түрлі ғылыми және ауызекі деректерді сарапқа салған еңбектерде жан-жақты пікірлер орын алды.

Ауылдық құрылымдар негізінен алғанда қауымдасу арқылы ұйымдастырылды. Қазақ қауымының тұрмысы мен тіршілігін зерттеуге арналған тарихи еңбектерде қауымдаса өмір сүру үрдісі жайлы аталады. Руымен, аталас туысымен қауымдаса өмір сүрген қазақ қоғамында еңбек кооперациясы мен өзара көмек алдыңғы қатарда тұрды. Яғни қауым өзінің әрбір мүшесінің толыққанды өмір сүруін қамтамасыз етті. Бұл үрдіс арқылы патернализм (патер сөзінен алынған «әке, қолдаушы» ұғымында) сияқты дәстүрлі институтты бақылауға болады. «Ортақ қауымда өндірілген өнім жоқ жітіктерге бөлініп берілді. Қауым мүшесі қауымдық патернализм арқылы өзіне егер қауіп төне қалған жағдайда өмір сүруіне қажетті ең төменгі күнкөріс көзін таба алатындығына, тиісті әлеуметтік кепілдемелерге ие болатындығына сенімді еді. Бұл кепілдемелер қайтарымыз шарттармен ұсынылғанымен,

негізінде пайдалану қатынасын білдіретін. Бұл әрине ашық түрде жүзеге асырылмағанымен «өзара міндеттемелер» сияқты нысанға тән еді. Қауымның қатардағы мүшелері ауыл басшылығынан (патрондардан) түрлі көмек ала отырып (тұқым, құрал-жабдық және т.б.) тұрақты пайдаланушыларына айналды». Ру-тайпа құрамындағы отбасылар өздеріне қажетті қызмет түрлерін алып, оның өтеуін өздерінің қол күшімен өтеді. Сонымен қатар ауылдастың, аталастың көмегіне ризалығын үнемі айтып жүрді. (Абылхожин, Ерофеева, Масанов, 2007: 237, 238). Бұдан келіп шығатын қорытынды, ауылдастарымен, аталастарымен ауыртпалықта да, жақсылық, тойларда да бірге бөлісіп отыратын. «Қуаныш бөліссе көбейеді, қайғы бөліссе азаяды», «Көппен көрген ұлы той», «У ішсең руыңмен» деп өскен қазақ үшін рудың ары мен абыройы бәрінен де биік болатын.

Зерттеуші Г. Орынбаева 1920–1930-жылдардағы қазақ қоғамының өмірі мен тұрмыстық жағдайы жайлы жарияланған еңбектерге жасаған шолуында қазақ қоғамы ғасырлар бойғы ескі заңдармен өмір сүріп келгендігін алға тартады. XX ғасырдың басында жүзеге асырылған ұжымдастыру, отырықшыландыру және т.б. большевиктік реформалар жүргізілген кезеңдегі жарық көрген еңбектерде рулық қауымды ақсақал, дәстүрлерді жақсы білетін қариялар басқарғандығын, салт-дәстүрлердің өзгеріссіз сақталғандығын атап өтеді. Кеңестік кезеңде жарияланған еңбектердің басым бөлігінде ауылды Қазан революциясы айналып өтті деген пікір басымдыққа ие болды. Қызыл отаулардың ел арасына шығып үгіт-насихаттар жүргізуі де елдің әлі де көшпелі қалыптан ауыспағандығын білдірді (Орынбаева, 2020).

Отырықшыландыру үдерісінің тек көшпелі, жартылай көшпелі қазақ шаруаларының арасында жүргізілуі, бұл үрдістен орыс, украин деревнялары мен селоларының сырттап қалуы, «артта қалған» көшпелі шаруашылықты өркениет жолына жетектеп апару сияқты қадамдар большевиктік биліктің жұмысының нәтижесі еді.

Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тұрмыстың бірнеше жылдың көлемінде жойылуы халықтың санасында өшпес із қалдырды. «Көшпелі ауылдың дәстүрлі рулық құрылымы мен «Үлкен адамдардың» ықпалының қиратылуы негізінен алғанда Ресей империясының қазақ даласына ендеп кіруінің нәтижесінде, ерікті немесе күштеп седентаризациялаудың жағдайында жүзеге асырылды. Зерттеуші С. Қазиев көшпелі ұжымдар жердің аздығынан, малдың шығынынан, жұттан немесе күшті қауымның қыспағынан отырықшы өмір қалпына амалсыз көшкен ерікті отырықшылану сипаттамасы туралы тарихи тәжірибелердің орын алғандығын атап өтеді. Оның пікірінше жаңа өмір салтына көшкен малшының мәртебесі күрт төмендейді. Орыс немесе орта азиялық елді мекендерде тұрақты түрде тұратын отырықшы қазақтардың топтарын көшпелі туыстары шала қазақ және құрама деп атайтындығын алға тартады (Қазиев, 2015: 269, 270).

Көшпелі өмір салтына қарсы шабуылды большевиктік билік 1924 жылы бастағандығын тарихи деректер көрсетеді. Бұл үдеріс Орта Азиядағы аграрлық және саяси қайта құрылымдар жүзеге асырылғаннан кейін басталды. 1924 ж. 17 сәуірде «Қазақ АКСР отырықшылыққа көшетін көшпелі және жартылай көшпелі тұрғындарын жерге орналастыру туралы Ереже» бекітілді. Бұл актінің талаптарына сай көршілес жергілікті жартылай отырықшы егіншілік тұрғындарының отырықшыланған халқы кәдімгі егіншілікке қарағанда көбірек жер алды. Бұл норма оларға қоныстанушыларға экономиканың жаңа түрін біртіндеп игеруге мүмкіндік беруі керек еді. Мемлекет көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы қазақ халқын жерге орналастыру шығындарын өз мойнына алды. Отырықшы шаруашылықтар несиеге он жылға бөліп-бөліп, бес жыл мерзімге тұқым несиеcін алды, оларға тұрғын үйлер мен шаруашылық үй-жайларын салуға орман тегін берілді. Сонымен қатар олар бес жылға дейін мемлекеттік және жергілікті салықтардан босатылды (Қазиев, 2015: 276).

Қазақ ОАК VII шақырылымдағы II сессиясы Е. Ерназаровтың қазақ халқын отырықшыландыру жолдары туралы баяндамасын талқылай келе ұжымдастыру негізінде жерге орналастыру мен отырықшыландыру арқылы ауыл шаруашылығын көтерудің шұғыл әрі күшейтілген ырғақта жүргізу қажеттігін күн тәртібіне қоюды, халық шаруашылығын әлеуметтік-техникалық реконструкциялау кезеңі екендігін атап көрсетеді. Сессия қарарында қазақ алқын отырықшыландыру кеңестік биліктің Қазақстандағы ұлт саясатының ірі жетістігі

болып табылатындығын ұрандата атап өтеді. Бұл науқанды ауылдағы феодалдық сарқыншақтар мен рулық байланыстардың қалдықтарын жоюға мүмкіндік береді, қазақтың қаапайым еңбекші халқының арасында мәдени деңгейдің жедел көтерілуіне мүмкіндік беріп, байлардың экономикалық күші мен саяси ықпалына жойқын соққы беретін құрал ретінде қарастырды. Сонымен қатар 18 тармақтан тұратын қарарда төмендегі мазмұнды қамтыды: «11. қазақ халқын жерге орналастыру, отырықшыландыру және колхоз құрылысы ауылдың бай-атқамінер қабатына шешуші соққы берумен қатар жүргізілуі тиіс (байларды, атқамінерлерді колхоздарға жолатпау керек және жерге орналастырмау керек)», - деген талап қойылды (ҚР ОМА. 74-қ. 11-т. 70-іс. 108–109-п.).

Архив деректерінде көрсетілгендей: «Көшпелі және жартылай көшпелі жүйені сақтау байдың кедейлерді қанауының, одан да ауыр қанаудың көзі болып табылады, өйткені ол негізінен ауыл ішіндегі қоғамдық қатынастардың капитализмге дейінгі, жартылай патриархалдық, жартылай феодалдық формаларында көрінеді. Бұл қанауды жою артта қалған шаруашылық нысандарын түбегейлі бұзбай, шаруашылық жүргізудің неғұрлым мәдени нысандарына көшпей жүзеге асыру мүмкін емес.

Көшпелі экономика және көшпелі өмір – бұл экономикалық және мәдени деңгейдің көтерілуіне және социалистік құрылыстың жалпы процесіне, қазақ кедейлігі мен ортағасырлық деңгейді жою жолындағы ең үлкен кедергі. Мұның бәрі Қазақстандағы социалистік құрылыстың негізгі проблемаларының бірі ретінде отырықшыландыру жайындағы мәселені қоюды талап етеді. Отырықшыландыру үдерісін ойдағыдай шешу партияның ұлттық саясатының орасан зор жетістігі және партияның X съезінің қаулысын жүзеге асыру болып табылады». Коммунистік биліктің қарарлары мен нұсқаулықтары, директивалары осы мақсатта үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, өз бағыт-бағдарларын ақтап алуға тырысқандығы анықталып отыр (ҚР ОМА. 74-қ. 11-т. 70-іс. 115-п.).

Ұжымдастыру мен отырықшыландыру үрдістері бір мезгілде қатар жүргізілгендіктен, биліктің нұсқаушылық құжаттарында: «Осы ережеге сүйене отырып, экономиканың көшпелі түрінде нақты колхоз салу мүмкін емес, кез-келген отырықшыландыру ұжымдастыру болып табылады, бұл форманы керісінше қарау керек, яғни ұжымдастыру – бұл отырықшыландыру. Сондықтан Аягөз ауданы 1932 жылғы отырықшыландыру жоспарына кең көлемде енгізілуі керек деп санау керек» деп көрсетілді. Бұл талапты Аягөз ауданын зерттеу жөніндегі арнаулы комиссия Қазақ өлкелік комитетінің басшысы Голощекинге, өлкелік Бақылау комиссиясының басшысы Фектерге, ОГПУ басшысы Мироновқа аса құпия түрде жолдаған (ҚР ПА. 719-қ. 3-т. 178-іс. 10–13-п.) (Саяси қуғын-сүргін..., 13-т. 2022: 176).

БК(б)П Қазқ Өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекиннің БК(б)П ОК Бас хатшысы И. Сталинге 1927 жылғы 7 ақпандағы қазақ ауылын кеңестендіру туралы жазған хатында жүргізіліп отырған саясаттың бес мәселесін атап өтеді. «... Үшіншіден, біз орыс ауылының ерекшеліктерін ескере отырып, рулық қатынастың қалдықтарының, рулық қатынастардың, рулық күрестің, көшпелі және жартылай көшпелі өмірдің болғандығына назар аудардық. Төртіншіден, біз орыс ауылынан ерекшеленетін ауылдың әлеуметтік-экономикалық қатынастарының ерекшеліктеріне сүйендік, өйткені революцияға дейінгі ескі көзқарасқа әсер етпеді, күшті рулар мен байлардың экономикалық және саяси үстемдігін толығымен қалдырды. Ауылда Кедейлер комитеті болған жоқ, орташалау және т.б. байлар өзінің экономикалық күшін ғана емес, сонымен бірге рулық қатынастарды да пайдаланады», - деп көрсетеді. (Алашорда ісі. 1920–1940 жж., 2023: 572 б.). Ф. Голощекин бұл хатында орыс деревнялары мен қазақ ауылдарын салыстыра отырып, өзінің бастап отырған науқанына саяси сипаттама бергісі келеді. Таптық бөліністің бар екендігіне, ауылдағы байларды түп-тамырымен құртқан жағдайда ғана большевиктік билікті орнатуға мүмкіндік туады деп сендіруге тырысады. 1925 жылға дейін ауылда тек байлар мен рубасылардың үстемдігі орнап тұрды, Қазан революциясы ауылды айналып өтті, феодалдық қатынас қаз-қалпында сақталды деп баяндады. Сондықтан қазақ ауылына түбегейлі реформа жасап, ауылды кеңестендіруге шұғыл кірісіу қажеттігіне назар аудартты.

Қазақстан басшылығын қолға алған Ф. Голощекин «Бұрынғы көшпелі шала көшпелі артта қалған мәдениетсіз ауыл енді болмайды, болмауға тиіс те. Ол ауылдың орнын колхоздасқан жаңа қазақ ауылы алуы тиіс. Европа жұртының құрылыс түрі мен поселкеге ұйымдасқан ауыл басуы керек, бұл өзгерген ауылдың мал шаруашылығы туралы фермелер түріне түседі, мұндағы мал шаруашылығы жиылған азық, жемге сеніп өркендейді», - деп түсіндіруге тырысты.

Отырықшылыққа көшкен елдің жағдайына «Қазақ шаруаларының жейтін тамағы астық, бау, бақша жемістері, май болады. Тұрмысқа монша, мектеп, құлып енеді. Қазақ шапан мен ескі қой терісі тонды тастап Европа киімін киеді, қазақ жаппай сауаттанып техникаға жетіледі, мәдениетті өркендетеді» деп жоспарлады. Ауыл осылай болуға қарап отыр деп үміттенеді (Голощекин, 1931: 23). Эмиссар Голощекиннің қазақ ауылы мен орыс деревнясын салыстыру ретіндегі түсінігінде ауыл әлі советтенбеген, 1927 жылы рулық қатынастар мен байлардың ықпалында, мұндай күйде оған алаштық идеологияның үстемдік етуіне жол ашық деп есептегендігін академик М. Қойгелдиев атап өтеді. Большевиктік басшылықтың Қазан революциясына дейінгі қазақ өміріне деген көзқарасын сынға алып, жаңа өмір сұраныстарына іліп алар ештеңесі жоқ анахронизм есебінде тарих қойнауына ысырып салу ниеттерін көрсетеді. (Қойгелдиев, 2020: 97). Европалық большевиктер рулық санаға тарих ағымында қоғамдық сұраныстан туып, ұлт өмірімен бірге өзгеріске ұшырайтын құбылыс ретінде емес, қоғам өміріне жабысқан бәле, бақытсыздық есебінде қарап бағалады.

Уездік, болыстық атқару комитеттерінің жоғарыға жолдаған хаттары, хаттамалары, баяндау жазбалары отырықшыландыру үдерісінің барысы жайлы баяндайды. БК(б)П Қарқаралы уездік комитетінің 1926 жылғы желтоқсан 1927 жылғы қазан аралығында атқарылған жұмыстар жөніндегі есептік баяндамасында көрсетілгендей: «Қарқаралы уезі біртекті қазақ тұрғындардан тұратын аудан болып табылатындықтан, онда рулық байланыс пен рулық идеологияның ықпалы әлі де сақталып келеді. Қарқаралы уезіндегі байлардың билігі мен ықпалы толығымен жойылмағандығын көрсетеді, байлардың ықпалы үлкен кедергіге айналып отыр». «Байлар және ұлтшыл интеллигенция (Алаш Орда)» деп аталатын бөлімде партияда жоқ ұлтшыл интеллигенцияның ауылдағы атқамінерлердің билігіне арқа сүйей отырып, ауылдағы рулық қатынасты тұрғындар арасында пайдаланып, идеолог ұйымдастырушы ретінде кеңестерге қарсы қызметіне мұқият пайдаланатындығын атап өтеді. Кеңестерге қарсы интеллигенция мен байлардың рулармен ғана емес сонымен қатар таптық қайшылықтарды біріктірудегі өздерінің пайдасын көздеген ынтасы байқалатындығы жайлы баяндалды (АОМА. 1-қ. 1-т. 1446-іс. 50–52-пп.)

Большевиктік биліктің алғашқы кезеңінде рулық сана мен коммунистік сананың өзара қайшылыққа келуі толық табиғи құбылыс болатын. Жеке тұлға жаңа биліктің құрамындағы қызметін ру өміріне емес, коммунистік принципке сүйенген ұжым мүддесіне бағындыруға тиіс болды.

Академик тарихшы М. Қойгелдиев неміс зерттеушісі Р. Киндлердің еңбегінде көрсетілген босқыншылыққа ұшыраған ел арасында өзінің аталаса руымен бірге коммунистің де босып бара жатқан көрінісін мысалға келтіре отырып, Ф. Голощекин мен большевизм теоретиктерінің рушілік өмірді, оның сырт көзге көріне бермейтін қырларын түсіне алмағандарын, рулық қатынастардың ескірген жағын қоюлатып баяндау большевизмнің миссиялық идеологиясына сай екендігін атап өтеді (Қойгелдиев, 2020: 103)

Сыр өңіріндегі шаруалардың басым бөлігі егін шаруашылығымен айналысқандығы, отырықшылық өмір салтын ұстанғандығы белгілі. Қазақ қайраткерлерінің 1929 жылғы саяси қуғын-сүргіндер барысындағы тергеу істерін шолу байқатқандай, олар өздерінің пікірлерін ашық білдіріп, аталған кезеңдегі оқиғаларға, реформаларға сыни сипатта қорытынды жасайды. Отырықшылыққа көшудің артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы қазақ зиялы қауымының арасында ашық пікірталастар жүріп отырғаны белгілі. Ә. Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары қазақ отырықшылыққа көссе өзінің туа бітті ерекшелігінен айырылып қалады деп есептеді. Ал Сыр өңіріндегі отырықшылыққа көздері қанып өскен зиялылар осы күйді қолдады.

Алаш қозғалысының оңтүстік қанатының белді қайраткерлерінің бірі Қ. Қожықовтың 1931 жылғы 22 сәуірдегі тергеу ісі хаттамасындағы аталған тақырып жайындағы пікірі назар аудартады. Қоңырқұлжа Қожықов: «Көшпелі халықтың отырықшылануын армандап жүргенмін. Бұл менің өмірімде орындалды. Бұл мәселе бойынша ескі қазақ зиялыларының арасында екі ағым болды. Бөкейханов бастаған дала аймақтарындағы зиялы қауым қазақ халқының отырықшылануы оны ерекше жағдайларда жойылып кетуге әкелетінін айтты. Мен және Лапин, яғни Сырдария жұмысшылары отырықшылануды жақтадық. Осыған байланысты Бөкейхановтың бұл пікірін мен дұрыс деп есептеген емеспін, алайда өмірдің қысымымен ол өз ойын өзгертті. Кем дегенде 1920 жылы Орынборда мен оның отырықшыланудың қажеті жоқ деген пікірін естідім. Көшпелілердің Қараспанға, Иіржар ауданына (Қоңыратауыл) қоныстануының алғашқы рет жүзеге асырылуына мен белсене қатыстым. Қызылқұм қазақтарының Шардараға отырықшылануында мен аса маңызды рөл атқардым. Мен олардың өкілдерін Оғызарықты қазу және оны суландыруға пайдалану туралы ойға жетеледім, олардың Оғызарықты өткізу туралы шешімі халық комиссарларына келіп түскен кезде, Серғазиев жодасқа мен өзімнің дәлелді қорытындымды берген сәтте оларға рұқсат етті. Бір кездері (1925 ж.) қазақтар тартынып, арықты қазу жұмыстарын тастағысы келгенде, Серғазиев үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін Балғаевты да, мені де жіберді. Әулие ата уезіндегі Ағашақ болысының 60 көшпелілер шаруашылығын Шаповаловка кентінің маңында отырықшы жерге ауыстырдым. Мен көшпелілердің отырықшылануы үшін Отырар даласын суландыруды армандадым, бірақ бұл арманым жете алмадым» деп ағынан жарылады (Алаш ісі. 1920–1930 жж., 7-т. 2023: 562, 563). Қазақ даласының бірнеше өркениеттерден тұратындығы анықталған жайт. Отырықшылық пен көшпелілер өркениеттері бір-бірімен астаса байланысып дамыды. Сыр бойын жайлаған тұрғындар егін салып, бау-бақша егіп күнелтті. Қырдағы қазақтар жер-су ерекшеліктеріне сай жылқы, қой, түйе шаруашылығын дамытты. Көктеу, жайлау, күздеу сияқты табиғат талаптарына сай малдың өсіп-өнуіне қажетті жайылымдық жерді пайдаланудың ерекше тәсілімен көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанды. Қ. Қожықов пен Ә. Бөкейхановтың отырықшыландыру мен көшпелілік дәстүріне қатысты пікірлері өздерінің күнделікті өмір салтына қатысты туындаған болатын. Тәжірибелі қайраткерлер өздерінің өскен өңірлерінің даму қалпына сай ұстанымда болғандығын жоғарыдағы тергеу ісі көрсетеді.

Ғылыми әдебиетте көшпелі және жартылай көшпелі қазақ қожалықтарын отырықшылықтандыруға қатысты сандық көрсеткіштерде бірізділіктің жоқтығы М. Қойгелдиевтің еңбегінде көтеріледі. «Қазақ өлкелік партия комитетінің бюросы 1929 жылғы 6 қарашада «Қазақ халқын отырықшыландыру туралы қарарды бекіту» жөнінде мәселені арнайы талқылап, 1929–1930 жылдары «отырықшыландыру аудандарындағы қожалықтардың барлығының кем дегенде 12%-ын қамту» міндетін қойды. Зерттеуші Т. Омарбековтың есебіне сүйенсек, бұл үрдіс шамамен 700 мың үстіндегі көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруалары қожалықтарының 84 мыңнан астамын қамтуы тиіс-тін, 1930 ж. 15 тамызға тиесілі ресми дерек бойынша отырықшыландыру жұмыстары 58507 қазақ қожалығын қамтыған, анығырақ айтқанда, Қазақстанда жедел де жаппай отырықшыландыруға қажет даярлық жұмыстары жоқтың қасы еді. Ең негізгісі бұл жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін қаржы Одақ және республика қазынасынан табыла қоюы екіталай-тын. Одақтық бюджеттен қазақ қожалықтарын жерге орналастыруға бөлінген 1400 мың сом ақша (әрбір қожалыққа 120 сомнан) тұрғын үйге, мал қораларын салуға, шаруашылықты жүргізуге қажет техникалық құралдарға мұқтаж қазақ шаруасының түгіне де жарамайтын еді» (Қойгелдиев, 2020: 205, 206).

Ру басылар мен байлар, молдаларға қарсы күрес орталық биліктің қаулы қарарларында арнайы аталып отырды. 1931 жылғы 24 ақпанда қабылданған БК(б) П Қазақ өлкелік комитеті бюросының «БК(б) П ОК желтоқсан Пленумының «Ұжымдастыру және байлар мен кулактарды тап ретінде жоюдың келешек тәжірибесі туралы» қаулысында рубасыларға қарсы күрестің түріне тоқталып өтеді. «Мал шаруашылығын социалистік бағытта қайта құру, отырықшыландыруды ұлғайту іс шараларын жүргізу ТОЖ (мал шаруашылығы бірлестіктерінің серіктестіктері), яғни колхоздардың қарапайым үлгісін, өндірістік

кооперацияландыруды талап етеді. Бұл міндеттерді жүзеге асыруға және ауылды толықтай кеңестендіруге рулық қатынастардың қалдықтарымен күресу, рудан тыс кеңестер, рудан тыс колхоздар үшін рудан тыс сипаттар бойынша ауданішілік бөліністерді өзгерту міндеттерін шешу қажет. Байлар мен ауқаттылардың басшылығының салық салу, дайындау шараларын жүргізудегі қанаушылық мақсаттарын жою және шектеу, кей жағдайларда кәмпескелеу, аудандардан жер аудару арқылы рулық қатынастарды сақтауға тырысқан, кеңестік іс-шараларға қарсы шыққан ру старшындарын, ақсақалдарды, ірі байларға қарсы қатаң күрес жүргізу қажет. Барлық іс-шаралар ауылдың батырақ-кедей, орташа қауымын руаралық ұйымын құру арқылы жүзеге асырылуы тиіс» деген мазмұнда құпия қаулы қабылдады (ҚР ПА. 141-к. 1-т. 5073-іс. 1–3-п. Саяси қуғын-сүргін ..., 2022).

Жалпы 1920–1930 жылдардағы архив құжаттары мен зерттеу еңбектерде көрсетілгендей, қазақ ауылдардың ру болып топтаса орналасқандығы анықталады. Әкімшілік-аумақтық бөліністер туралы анықтамалық еңбектерде ауылдың, болыстың атаулары ру атымен, көшпелі болыстар деп көрсетіледі. Шетелдік зерттеуші И. Огайонның еңбегінде адай руының отырықшылануы жайында жан-жақты тарқатылып баяндалады. Қазақстанның оңтүстігіне орналасқан мақта шаруашылығымен айналысатын Иіржар ауданының колхоздарына орналастыру арқылы Түркіменстан адайларының отырықшылыққа көшуінің жоспарын ортаға салады. Бұл бағдарлама 1929 жылдың соңында жүзеге асырыла бастаған, аяқталуы 1930 жылдың ортасы деп көрсетілді. Осы мақсатта Қазақстан ХКК Көші-қон жөніндегі Басқармамен бірлесіп Түркіменстанға арнаулы өкілді аттандырды. Өкіл түркімен басшылығымен бірлесіп адайларды қайтару және оларды отырықшылыққа көшіру үрдісін кешенді түрде ұйымдастыруы тиіс болды. 1930 жылы сәуірде Түркімен ОАК аудандық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерге адайлардың барлығы Қазақстанның уәкілетті өкілі Ғаббас Жетпейісовтың юрисдикциясына өтетіндігі туралы қатынас хат жолдады. Оларға Түркіменстанның әрбір ауданы бойынша адайлардың есебін алу, топтардың әлеуметтік құрамы туралы анықтаманы міндетті түрде ұсыну және бұл туралы Қазақстан ХКК өкілін хабардар ету тапсырылды. Тапсырма жарым-жартылай ғана орындалды. Ғ. Жетпейісов Красноводскіге келгенде адайлықтардың 300 отбасын ғана көруге мүмкіндік алды. Алғашында олар қалаға тікелей көшірілді, одан кейін мал иелері Красноводск маңындағы қырға қайта оралса, мал-жанынан айырылған қалған 203 отбасы портқа немесе темір жолға кара жұмысшы болып жалдануға мәжбүр болды. Еркектердің басым бөлігі бір айға жалданды, көпшілігі күндік аз ғана жалақыға жұмыс істеді (Огайон, 2009: 169).

Қырда жасырынып жүрген адайлардың бір бөлігі Иіржар ауданының колхоздарына мүшелікке өтуден қашып жүрді, ол жақтан 15 отбасы қашып кеткен. Олар жүрген жерлерінде мақта өсіретін аудандағы адам төзгісіз жағдайлар туралы түрлі ақпараттар таратты. Иіржар ауданындағы мигранттар арасындағы азық-түлік және антисанитариялық жағдайлар туралы нақты куәліктер мен отырықшыланған колхоздардағы қуғындау шаралары жайындағы әңгімелер наразылықтардың себептеріне айналды. Қарапайым халық бұл шаралардың барлығы рулық ынтымақтастықты жоюға бағытталған деп ойлады, себебі туыс отбасылар колхоздардың түрлі бөлімшелеріне орналастырылып, топтарды ықпалды тұлғалардан тазалау жұмыстары жүргізілді. Ашаршылықтан қашқан Иіржар ауданына жіберілген адамдар Түркіменстанға қайтып оралғандарды көріп, адайлар мақта өсіру колхоздарына барудан бас тартуға үгіттеген деректер кездеседі. Ауылдарда өршіген жұқпалы аурулар, азық-түліктің жеткіліксіздігі, туыстардың өзара қарым-қатынастан ажырап қалуы сияқты әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдайлар халықтың басына кара бұлттай үйірілді.

Мигранттар қоғамын «әлеуметтік бөтен» элементтерден тазартуды көздейтін тазалау механизмі ең харизматикалық адамдарға, әсіресе колхоздардағы рулық сабақтастық қызметтерін қалпына келтіруге тырысқан ру басшыларына, сондай-ақ әлеуметтік тегіне қарамастан колхоздың бұйрықтарына қарсы шыққандардың барлығына бағытталды. Жетісай өңірі ұжымдастыру мен седентаризация кезеңінде малынан айырылған номадтарды орналастырудың ең тиімді орын ретінде қалып отырды. Себебі ауданның мақта шаруашылығына мамандануы көп жұмыс қолын талап етті (Огайон, 2009: 170). Қазақстанның

оңтүстігінде ірі кеңшарлар ұйымдастыру 1924 жылы басталған еді. Мақта шаруашылығымен айналысатын кеңестік шаруашылықтарға көп қол күші қажет етілді. Жоғарыда Огайонның келтірген мысалында бір ғана адай руының басынан кешкен жағдайы баяндалды. Бұл өз кезегінде қарапайым халықтың түсінігіндегі қауымдаса күн көру, патерналдық қатынас ұғымына қарама-қайшы әрекеттер орын алды. Адай руының өкілдері ауылдарға өз руларынан бөлек оналастырылуына шошына қарасты. Өздерінің басына үйірілген қайғы-қасірет ретінде түсінді.

1933 жылғы 14 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Қармақшы ауданы «Қызыл кедей» колхозын шаруашылық-саяси тексерулер актісінде «ауыл мен колхоздың экономикалық күйреуі олардың құрамына антикеңестік элементтердің еніп кетуінің салдарынан» деп түйінделеді. Большевиктер партиясының ауылдық ұясының хатшысы Асқар Жаппасбаев – бұрынғы молда, колхоздың төрағасы Мұстапа Ауысбаев – ірі байдың баласы, Қызылорда ауданының тұқым базасының қабылдаушысы Ахмет Нұршаев – 1933 жылы Қызылорда ауданында кәмпескеленген бай, еңбек бөлімінің меңгерушісі Байкемел Бақтыбаев – ата-бабасынан бері ру басы (сот), колхоздың қойма меңгерушісі Мазат Баймағамбетов – бай, сельпо приказчигі Баймаханов, қойма қарауылы Менгелдиев Қадырбай, Батыймбеков Ермахан – байлар деп біршама адамдарды тізіп көрсетіп келеді де, оларды «Қызыл кедей» колхозын жойып жіберу мақсатында колхоздың қоймасын өртеп жіберді деп айыптайды (Алашорда ісі. 1920–1940 жж., 7-т. 2023: 294).

1930-жылдардағы саяси-экономикалық реформалардың қазақ этносының тарихындағы алатын орны жайында С. Қазиев «жоғарыдан» жасалған күштеп модернизациялау елдегі миллиондаған адамның қайғы-қасіретіне алып келгендігі жайына тоқталады. Отырықшыландыру мен ұжымдастыру нәтижесінде пасторалды ұжымдардың тайпалық және этникалық сананың көбеюінің белгілі бір шаруашылық қалыпта және мәдени тәртіпте негізделген ежелгі механизмдері жойылды. Оның орнына Кеңес өкіметі этноұлттық сананы ұлттық аумақтық мемлекеттіліктің, ұлттық тілдің, құрылып жатқан жаңа мәдениеттің және тарихи өткен туралы түсініктердің бірлігін құру арқылы сәтті енгізді (Қазиев, 2015: 337).

1932 жылы ауыл шаруашылығы оның ішінде мал шаруашылығы туралы жасаған баяндамасында Ф. Голощекин ең маңызды нәрсе қатарында Қазақстанда өмірде жартылай феодалдық қатынастардан социалистік қатынастарға көшу, таза мал шаруашылығы көшпелі, архиартта қалған шаруашылықтан жоғары формаларға көшу екендігін атап көрсетеді. Бұл жолда бірқатар асқынулар, ерекше қиындықтар, алға жылжудың қиындықтары, өсудің қиындықтары, бізге қарсы барлық ескі ескірген, бай, атқамінер, ру басылар т.б. бар екендігін баяндайды. «Соңғысы ауылға терең әлеуметтік-саяси және экономикалық әсер ету факторы ретінде дамыды» деп көрсете отырып, әсіресе көшпелі аудандарда жартылай көшпелі және отырықшы аудандарға қарағанда шаруалар мен кедейлердің байларға экономикалық және рулық тәуелділігі әлдеқайда көп болатындығын атап өтті (Голощекин, 1932: 28). Ф. Голощекиннің пікірінше көшпелі шаруашылықтың дамуы артта қалып келеді, отырықшы және жартылай көшпелі шаруашылықта мұндай артта қалушылық кездеспейді. Ру басылармен, байлармен, молдалармен күресу, яғни көзі ашық, сауатты қабаттың жүргізіп отырған саясатына қарсы шығу қажеттігін талап етеді.

Аталған кезенді Ғ. Ахмедов «жұрттың бәрі жарық дүниеден үміт үзген, үкімет басындағы адамдардың өздері де, Голощекиннен басқаларының естері шыққан. Халық аштан қырылып жатқанда: «Социализм жеңісі жақындаған сайын тап жауларының қарсылығы күшейе түседі, оларға аямай соққы беру керек» деп бурадай бұрқырап отырған Голощекинге қарсы сөз айтуға қорқады, ол тек «Байлардың құйыршығы» деп бәле жаба салады. Голощекин енді бір жыл тұрғанда қазақ халқы қалып жарымас та еді» деп еске алады (Ахмедов, 1996: 71).

1937 жылғы 17 тамыздағы тергеу ісіндегі жауабында А. Байтұрсынов: «[...] Мен жер аударылып келгеннен кейін саясатпен айналыстым ба? Мен бұған жоқ деп жауап беремін. Себебі, біріншіден, қажеттілік болмады, екіншіден, мен саясатпен айналыспауға уәде еттім. Қажеттілік болмады, өйткені мен келген кезде үш фактіні көрдім: бірінші факт – Голощекин басшылығының салдары. Антикеңестік саясатпен айналысуға деген күштарлығым бар және

бұл үшін қолымда үгіт-насихат құралы бар, мен Голощекин басшылығының қазақтарға қатысты кеңес өкіметінің ісіне келтірген зиянының жүзден бір бөлігін ғана емес, мыңнан бір бөлігін де жасамас едім, өйткені фактілер болған жерде сөздер дәрменсіз болады; ең күшті сөздер фактілерге бағынады, ал ең жарқын сөздер фактілерге бағынады. Сондықтан Ленин фактілер қыңыр нәрсе екенін айтып, фактілерге үлкен мән берді» деп үзілді-кесілді жауап береді. Ұлт ұстазы өзінің өмірлік жолында бірнеше рет қызмет бабымен кездескен «Қу жақтың» Қазақстан билігіне келгендегі әрекетіне осылайша баға береді (Алашорда ісі ..., 2023, 68).

Әрбір зерттеуші өз кезеңі бойынша түрлі баға беріп, сан түрлі қисындар келтіреді. Орыс тілді бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған еңбегінде саясаттанушы ғалым А. Бисенбаев кеңестік жүйенің қазақтарға қалалар, өнеркәсіп, университеттер, денсаулық сақтау жүйесін берді деп айтуға болатындығын, бірақ бұл жүздеген мың адамның өлімінің салдары екендігін атап өтеді. «Бізге, қазақтарға, коммунистік диктатура жылдарында ұлт ретінде өліммен бірнеше рет бетпе-бет қарсы тұруымызға тура келді. Біздің халық ретінде өмір сүруімізге Кеңес өкіметінің еңбегі сіңген жоқ, сондықтан социалистік эксперимент – бұл біздің тарихымыздағы қайғылы парақ» деп дәйектейді. Өмірдің кез келген жаңа түріне көшу әрқашан проблемалармен бірге жүретінінен дей келе ауыл қауымының ыдырауы және дәстүрлі дүниетанымнан бас тартуы барлық елдерде азапты процесс болып табылатындығына назар аудартады (Бисенбаев, 2018).

Отырықшыландыру үдерісі қазақ даласында ғана емес, сонымен қатар қырғыз, тува, калмақ, бурят-моңғол көшпелі шаруашылықтарында да жүргізілді.

Қырғыз зерттеушісі А. Болпонова XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қырғыз қоғамының саяси процестеріндегі кландық жүйенің тарихы мен эволюциясына қатысты зерттеу еңбегінде біздің тақырыбымыздың хронологиясына сай кезеңдегі құбылыстарға баға береді. Қырғызстан аумағы 1917 жылы большевиктер билік басына келген соң көшпелі қоғамның жоғарғы қабаты мен большевиктердің әлеуметтік-таптық күресінің саяси плацдармына айналды деп көрсетеді. Кез-келген көшпелі қоғамда тап күресі ру-тайпалық күреспен қатр жүргізілетіндігі белгілі. Зерттеуші еңбегінде XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы ішкі саяси күрестің салдарынан қырғыздың дәстүрлі қоғамының маңызды бір бөлігі – байлар мен манаптардың институты жойылып кетті деп көрсетеді. Ауылды жерлерде, кейіннен партия қатарында ру басшыларының болуы олардың рулық және жеке мүдделерін жаңа тәртіпте пайдалануына ықпал етті. Нәтижесінде биліктің жергілікті өкілдерінің арасында ашық топтық күреске әкеліп соқты. Рулық қақтығыс олардың өмір тәртібіне айналды, қырғыз көшпелі қоғамының барлық ықпалдылық үдерістерін реттеп отырды. Өзінің жалпы сауатсыздығынан бұқара өкілдері, алғашқы кезде ұжымдық дәстүрлі ой санасына сәйкес, тіпті партия мүшесі болғанына қарамастан рулық бөлінісіне сай әрекет етті деп көрсетеді. Ауылдың рулық құрылымы біртіндеп бұзыла бастады. Қырғыздардың көшпелі шаруашылықтарының отырықшылыққа көшірілуі, ұжымдастыру да атадан балаға берілген рулық қатынастарға теріс ықпал етті. Кеңес билігінің жасаған әрекеттері де қырғыздардың көшпелі қоғамының ішінен іруін жеделдетті. Қырғыздардың ру-тайпалық, өңірлік идентификациясы кеңестік кезеңде кең көлемдегі трансформацияны бастан өткерді (Болпонова, 2013: 115). Большевиктік билік тұсындағы қырғыз қоғамы заман талаптарына сай құрылымдық өзгерістерге ұшырады.

Қырғыз көшпелі қоғамындағы ғана емес отырықшылыққа көшкеннен кейін де большевиктер байлармен, манаптармен күресті ұлғайта түсті. «Әлеуметтік қатынастардың» жасырын дифференциясы отырықшы және көшпелі аудандарда орын алды және олармен күрес күрделене түсті (Болпонова, 2023: 122).

Қырғыз манаптары институтының жойылуы, рулық құрылымның социалистік бағытта қалыптастырылуы орын алды. Автордың пікірінше, «ауыл шаруашылығын ұжымдастыру үдерісінде, біздің ойымызша, колхоз жүйесі құлағанға дейін осы формада өмір сүрген рулық принцип бойынша колхоздар құрылды. Мұндай колхоздар іс жүзінде қоғамның рулық құрылымын қайталады. Большевиктердің «рулық колхоздарға» қарсы ұйымдастырылған

күресі, сондай-ақ «рулық ауылдарға» қарсы күресі өз мақсатына жете алмады». Қырғыз колхоздары рулық принцип бойынша құрылды және колхоздар Н.С. Хрущевтің ұжымдық шаруашылықтарды ірілендіру саясатына дейін сол күйінде қалғандығын атап өтеді (Болпонова, 2013: 127). Қазақстандағыдай қырғыз жерінде де бұрын өз руымен ұйыса отырған ауылдар ірілендіріліп, бірнеше рудан тұратын шаруашылық ауылдық кеңестерге біріктірілді.

Демек, қырғыздардың дәстүрлі қоғамдық ұйымына қарсы кең ауқымды күрес жүргізілді: патриархалдық көріністерді қудалаудан, рулық биліктің жойылуынан бастап, көшпенділерді отырықшы орынға ауыстыру, өндірістің заманауи түрлерін енгізу, мемлекеттің тоталитарлық рөлін арттыру, рулық емес, таптық қауымдастық туралы сананы бекіту арқылы трайбализмнің экономикалық, саяси және ұйымдастырушылық негіздерін жоюға дейін. Әрекеттер орын алды. Бұл күрес барысында жәбірленушілер тек рулық билік қана емес, қырғыз зиялыларының өткенді идеализациялау, ұлтшылдық, жершілдік және т.б. деп айыпталған тұсы болды. 1920-жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың басындағы сталиндік режимнің жойқын іс-шараларының қатарына көшпенділерді «шаруашылық пен тұрмыстың отырықшы формаларына» көшіру науқаны жатады. «Жаппай отырықшыландыру» идеологиясы, сондай-ақ «ауылдар мен айылдарды» күштеп ұжымдастыру көшпелі халықтың іс-әрекетінің экономикалық және мәдени түрін түбегейлі өзгертті және жойып жіберді, көптеген адам тағдырларының бұзылуына әкелді (Болпонова, 2013: 129).

Көшпелі қырғыз халқын отырықшы өмір салтына көшіру мақсатында ойластырылмаған мемлекеттік саясатты жүргізу бейбіт көшпелілердің жаппай қырылуына әкеліп соқтырды. Барлық жерде ұжымдастыру көшпелі қырғыз халқының жаппай және табиғи емес отырықшы болуына ықпал етті. Соған қарамастан, оларды 20–30-шы жылдары отырықшыландыруға күшпен ауыстыру нәтижесінде. XX ғ. осы кезеңде ауылды реформалаудың барлық әрекеттері, атап айтқанда жер-су реформасы, жер учаскелерін қайта бөлу, малды тәркілеу нәтижесіз аяқталды (Болпонова, 2013: 135).

Бурят-Монғол АКСР-інде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық реформалардың барысы мен салдарлары туралы тарихнамалық зерттеу еңбегінде бурятиялық зерттеуші И.Г. Карпова республиканың дәстүрлі мал шаруашылығын жаңа кеңестік бағыттағы жағдайға көшіру жайын зерделейді. Бұл ерекшеліктердің қатарына республика аумағында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының жүргізілуі жатқызылды. Зерттеушілер отырықшы батыс аймақтардың бірқатарында ұжымдастыруды интенсификациялы түрде жүргізу міндеті тұрса, шығыс аудандарда көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшіру сияқты анағұрлым ауыр жұмыс күтіп тұрғанын атап өтеді. Мұндай аса көлемді және күрделі қызметті жүзеге асыру үшін республиканың өмір салтын өзгертуге байланысты шараларын іске асыру талап етілді. Ол үшін мемлекет «отырықшыландыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда үлкен ұйымдастырушылық-техникалық көмек» көрсетті. 1934 жылдың аяғында Бурятияда өрбіген іс-шаралардың нәтижесінде көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 60 % - дан астамы отырықшы өмір салтына көшті, ал 1935 жылға қарай көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 86,5 %-ы және 23 %-ы шоғырланған 140-қа дейін «отырықшылану пункттері» құрылды.

... Жаңа мәдениеттің құрылуы көшпелілердің дәстүрлі қоғамына үлкен зиян келтірді, екінші жағынан, колхозға дейінгі кезеңде жергілікті халықты емдеудің жалғыз түрі болған Тибет медицинасы жойылып кетті. Ұжымдастыру мал шаруашылығы мен егіншілікті жүргізу тәсілдерінің өзгеруіне ықпал етті, отырықшы-егіншілік түріне көшу жүзеге асырылды, шаруалардың өмір салтында түбегейлі өзгерістер болды, жаңа кәсіптердің пайда болуы, ауылшаруашылық техникаларын жақсарту, топырақты өңдеудің жаңа әдістері мен тәсілдерін қолдану сияқты жаңа бағыттар пайда болды. Екінші жағынан, зерттеушілер ұжымдастыру үдерісінің жеткілікті түрде жан-жақты ойластырылмағанын, қателіктер жіберілгенін, жергілікті шаруашылық ерекшеліктері мен байырғы халықтың дәстүрлері ескерілмегенін атап өтті (Карпова, 2018).

Тувалық зерттеуші А. Нұрзат ұжымдастырудың және араттардың Тувада отырықшылыққа көшуінің негізгі кезеңдері жайында жасалған зерттеу еңбегінде аталған

өңірдегі отырықшыландыру үдерісінің тарихына тоқталады. «Араттарды отырықшы орынға ауыстырғаннан бері 50 жылдан астам уақыт өтті. Бұл процесс сөзсіз прогрессивті мәнге ие болды, бұл адамдардың әлеуметтік дамуы мен өмір салтының барлық салаларында көрініс тапты. Далада жаңа қалалар мен басқа да елді мекендер ұйымдастырылды, қазіргі заманғы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы пайда болды, бұрынғы көшпенділердің өмірі мен мәдениеті түбегейлі өзгерді. Алайда, ұжымдастырудың жеделдетілген қарқыны, көшпелі аалдардың дәстүрлі өмір сүру жағдайларынан ауылдарға адамдарды күштеп ауыстыру, әрине, қазіргі кезде де жағымсыз салдарға әкелді. Тувалықтар өздерінің рухани тамырларын, материалдық мәдениетін жоғалта бастады. Көшпелі арат шаруашылықтарының отырықшы шаруашылықтарға көшуінің (ауысуының) басталуы Тува Халық Республикасы кезеңіне келеді». Зерттеуші ТХР тарихы аясында седентеризацияның төмендегідей үш кезеңін анықтап көрсетеді:

- 1) 1921 жылдан 1930 жылға дейін – көшпелі араттарды седентеризациялаудың алғышарттарын құру;
- 2) 1930 жылдан 1940 жылға дейін – араттарды ұжымдастыру және республика көлемінде отырықшы болуға көшіру саясатының басталуы;
- 3) 1940 жылдан 1944 жылға дейін – тува көшпелілерін ұжымдастыру және отырықшы болуға көшіру саясатының белсенді кезеңі. Аталған кезеңде Тува Республикасында отырықшыландыру комитеті құрылды (Нурзат, 2014).

Нәтижелер

Рулық құрылымға негізделген қазақ ауылын отырықшыландыру мақсатында дәстүрлі қоғамға орны толмас алапатқа әкелген жойқын саяси шабуыл жасалды. Күштеу саясаты арқылы дәстүрлі көшпелі шаруашылық жойылды. Отбасы сабақтастығы мен ұрпақ жады бұзылды. Қазақ ауылының тұрмыстық болмысы күштеп өзгертілді. Рулық отбасы – тәркілеу мен жалған ажырасу құжатын жасату, мүлікті қайта жаздыру, тегін өзгерту нәтижесінде өзара туыстық байланыстарын жоғалтты. Отбасы үшін ең қорқыныштысы – күштеп көшіртуге ұшырау, рудың жерімен байланысын жоғалту, асыраушысынан айрылу, ата-баба тегінен ажырап қалу (Смағұлова, 2024: 232). Қазақ қоғамындағы ашаршылықтың зардабын зеттеген еңбегінде ғалым С. Смағұлова жергілікті халықтың жаппай зұлматқа ұшырауының негізіне тоқталып өтеді. Дәстүрлі көшпелі шаруашылық пен қазақ қоғамындағы ата-баба дәстүріне негізделген ұлттық кодтың жойылуының басты себебін анықтауға күш салады.

Қазақстанның билік басындағы қызметінде Ф.И. Голощекин: «... ауылдағы жартылай феодалдық рулық қатынастар. Биылғы тәжірибе бай, молда, жартылай феодалдар, ру басшыларының отырықшыландыруға қарсы ашық және белсенді көріністерін көрсетті. Шынында да, отырықшыландыру – бұл ұжымдастыру. отырықшыландыру – байлар мен жартылай феодалдарды жою. Отырықшыландыру – бұл жалпы қатынастардың жойылуы. Отырықшыландыру – бұл ауылдық еңбек массаларының экономикалық және мәдени әл-ауқатының нақты өсуі, осылайша оларды байлардың құлдығынан босату. Ұжымдастыру негізінде отырықшыландыру – бұл жартылай феодалдық қатынастардан социалистік қатынастарға көшу.

Таптық күрестің бұл сәті біздің партиялық және кеңестік топтарымызда ескерілмегенін тікелей айту керек. Мұны түсінбей, олар бұқара арасындағы жұмысында байлардың үгіт-насихатына, отырықшыландыруға қарсы күресіне қарсы тұра алмады. Олар бұқаралық экономиканы қайта құрудың бұл орасан зор міндетін бұқараның қатысуынсыз, бұқараға түсіндіру жұмыстарын жүргізбестен, осы іске өз еңбегін, қаражатын, бастамасын, энергиясын қосуынсыз жасауға болмайтынын түсінбеді» деп түсіндіруге тырысты (Голощекин, 1931: 240).

Қорытынды

Отырықшыландыру үдерісінің басталуы 1930 жылы ресми түрде биліктің заңды актісімен белгіленді. Ресми деректер көрсеткендей бұл үдеріс толығымен 1937 жылы аяқталды деген қорытынды жасалды. XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ бұқаралық ақпарат

құралдары науқанның барлығы Коммунистік билік жүйесінің басшылығымен жүзеге асырылғандығы жайлы ақпарат береді. Архивтердегі кеңестік билік кезең құжаттары негізінде ХХ ғасырдың 20–30-жылдарындағы көшпелі өмір салтының отырықшылыққа көшірілуі барысы талқыланды. Ру-тайпалар мен байлар, билер және атқамінерлердің қазақ қоғамындағы әлеуметтік ролін ескерместен жүргізілген іс-әрекеттер ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлердің тамырына балта шапты. Билік басшылары мен өңірлердегі орындаушылардың ақпараттары көшпелі өмір салты мен руларымен қоныстанған ауылдардың арасында жүргізген үгіт-насихаттардың барысы туралы нақты дерек бермеді. Қазақ зиялылары большевиктік эмиссар Ф. Голощекиннің жүргізген саясатына қарсы тұрғанымен, оң нәтижелерге қол жеткізе алмады. «Кіші Қазан» революциясының жүргізілуіне қарсы шыққан С. Сәдуақасов, С. Қожанов және т.б. Мәскеуге жіберілсе, Алаш зиялылары 1929–1931 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшырады, «саяси қылмыскерлер» ретінде жер аударылды.

Ресей Федеративтік Социалистік Республиканың құрамында болған автономиялық республикалар мен облыстарда, атап айтқанда қырғыз, тува, қалмақ, бурят-монғол көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарын отырықшылыққа көшіру барысында дәстүрлі мал шаруашылығының жүйесі ғана емес, сонымен қатар атадан-балаға беріліп келген ру-тайпалық құрылымдарға да реформалар жүргізілді. Аталған іс-әрекеттердің нәтижесінде қырғыздардағы бай-манаптар, тувалықтардағы тибет медицинасының негізін салушылар және т.б. дәстүрлі қоғамның іргесі шайқалды.

ХХ ғасырдың 30-жылдары жүргізілген отырықшыландыру науқаны барысындағы дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымы, ру-тайпалық бөлінісіне қатысты реформалар Кіші Қазан революциясының құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік трагедия деп қарастырылуы тиіс.

Дереккөздер

АОМА — Абай облысының мемлекеттік архиві
 ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві
 ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві

Sources

АР РК — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan
 CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
 SAAR — State Archive of Abai Region

Әдебиеттер

Алаш ісі, 2023 — *Алаш ісі. 1920–1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары* / «Алашское дело 1920–1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». В двух томах. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2023. ISBN: 978-601-239-706-2. Том второй: «Алаш ісі. 1930–1932 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу істерінің құжаттары мен материалдары». «Алашское дело 1930–1932 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». Сост.: М.К. Койгелдиев (ответ. ред.), З.Б. Мырзатаева, Р.М. Мирзакулова. 828 с.

Алашорда ісі, 2023 — *Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 1-том. № 78754* А.Байтұрсынұлы, М. Дулатов және басқаларды айыптау ісі. 1927–1930 жж. // Құраст.: М. Койгелдиев, Қ. Әлімғазин, З. Мырзатаева, Г. Мұқажанова. Алматы: “Кітап” баспасы, 2023. 572 б.

Алашорда ісі, 2023 — *Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Құжаттар мен материалдар. 7-том. «Қуғындалған идеялар»*. Құраст.: М. Койгелдиев, Қ. Әлімғазин, Е. Сыздықова, Т. Рысқұлов. Алматы: Кітап, 2023. 16 б.

Ахмедов, 1996 — *Ахмедов Ф.* Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. Алматы: Жалын, 1996 224 б.

Бисенбаев, 2018 — *Бисенбаев А.* «Социалистический эксперимент делал трагедию неизбежной». // URL: <https://camonitor.kz/31209-mozhno-li-bylo-sohranit-kochevoy-uklad-zhizni-kazahov.html> (қаралған уақыты 30 қаңтар 2025 ж.)

Болпонова, 2013 — *Болпонова А.Б.* История и эволюция клановой системы в политических процессах кыргызского общества (XIX–XXI вв.). Бишкек: Махprint, 2013. 284 с. // URL: <http://www.apap.kg/uploads/pdf>. (дата обращения 12 апреля 2025 г.)

Бүгін таңдағы күрделі, 1931 — *Бүгін таңдағы күрделі* міндеттеріміз: Мал шаруашылығы туралы баяндамасы мен мақаласы. Алматы : Қазақстан баспасы, 1931. 28 б.

Голощекин, 1931 — *Голощекин Ф.И.* Казахстан на путях социалистического переустройства. ОГИЗ. 1931. С. 181–247.

- Голощекин, 1932 — *Голощекин Ф.И.* О сельском хозяйстве и, в частности, животноводстве Казакстана. М.: Алма-Ата: Партиздат, 1932. 40 с.
- Казиев, 2015 — *Казиев С.Ш.* Советская национальная политика и проблемы доверия в межэтнических отношениях в казахстане (1917–1991 годы). Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. М., 2015. 550 с.
- Карпова, 2018 — *Карпова И.Г.* Советские и российские исследователи о влиянии коллективизации на хозяйственное развитие Бурят-Монгольской АССР. Проблемы социально-экономического развития Сибири, 2018. № 4(34). С. 133–138. // URL: https://brstu.ru/static/unit/journal_2/docs/number-34/133-138.pdf (дата обращения 17 апреля 2025 г.)
- Қойгелдиев, 2020 — *Қойгелдиев М.К.* Қиянат анатомиясы. Менің ғылымдағы өмірім. (Қазақстанның ғылыми мектептері. Тарихтану). Монография. Алматы: Арыс, 2020. 360 б.
- Масанов, т.б., 2007 — *Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В.* Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана. Алматы: Дайк-Пресс, 2007. 296 с.
- Нурзат, 2014 — *Нурзат А.А.* Основные этапы коллективизации и перехода аратов на оседлость в Туве (1921–1944 гг.). Вестник Чувашского государственного педагогического университета им. И.Я. Яковлева, 2014. № 2(82). С. 47–52. // URL: <http://vestnik.chgpu.edu.ru/upload/fil.php?id=157> (дата обращения 12 апреля 2025 г.).
- Огайон, 2009 — *Огайон И.* Седентаризация казахов в СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения, (1928–1945 г.г.). Алматы: Санат, 2009. 365 с.
- Орынбаева, 2020 — *Орынбаева Г.* Хозяйство и быт казахов в первое десятилетие советской власти (по исследованиям 20-х гг. XX в.) Отан тарихы, 2020. № 4(92). 58 с.
- Саяси қуғын-сүргін..., 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века).* Т. 13: Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию, заготовительным и другим политическим кампаниям. Сборник документов и материалов. Составители тома: Е.А. Әбіл, С.А. Жакишева, М.М. Козыбаева, А.М. Смагулова. Под общ. ред. Е.Т. Карина. Астана, 2022. 296 с.
- Смағамбет, Глеспаева 2019 — *Смағамбет Б.Ж., Глеспаева А.А.* Қазақ седентаризациясы және оның салдары. Әлеуметтанулық концептуалдау перспективасы. Вестник ПГУ, 2019. // URL: <https://vestnik-humanitar.tou.edu.kz/storage/journals/31.Pdf> (Қаралған уақыты: 17 сәуір 2025 ж.)
- Смағұлова, 2024 — *Смағұлова С.* Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. / Астана, 2024. 256 б.

References

- Akhmedov, 1996 — *Ahmedov G.* Alash “Alash” bolğanda: Estelikter men tarixi derekter. [When Alash was “Alash”: Memories and historical data]. Almaty: Zhaly, 1996. 224 p. (In Kaz.).
- Bisenbayev, 2018 — *Bisenbayev A.* Sotsialisticheskiy eksperiment delal tragediyu neizbezhnoy [The socialist experiment made tragedy inevitable]. URL: <https://camonitor.kz/31209-mozhno-li-bylo-sohranit-kochevoy-uklad-zhizni-kazahov.html> 30 May 2025. (In Russ.).
- Bolponova, 2013 — *Bolponova A.B.* Istoriya i evolyutsiya klanovoy sistemy v politicheskikh protsessakh kyrgyzskogo obshchestva (XIX – XXI vv.). [History and evolution of the clan system in the political processes of Kyrgyz society (XIX – XXI st centuries). Bishkek: Maxprint, 2013. 284 p. // URL: <http://www.apap.kg/uploads/pdf> (April 12, 2025.). (In Russ.).
- Delo Alasha, 2023 — *Delo Alasha.* 1920–1930-ye gg. Dokumenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPU / “Alashskoye delo 1920–1930 gg. Dokumenty i materialy sledstvennogo dela, sfabrikovannogo OGPU”. V dvukh tomakh. [“Alash case 1920–1930. Documents and materials of the fabricated investigative case conducted by the OGPU”. Volume two: “Alash case”. 1930–1932. Documents and materials of the fabricated investigative case conducted by the OGPU “Alash case” 1930–1932. Documents and materials of the fabricated investigative case conducted by the OGPU]. Compiled by: M.K. Koygeldiev (responsible editor), Z.B. Myrzataeva, R.M. Mirzakulova. 828 p. (In Russ.).
- Delo Alashordy, 2023 — *Delo Alashordy.* 1920–1940 Dokumenty i materialy. Tom 1. No. 78754 A. Baytursynuly, M. Delo po obvineniyu Dulatova i drugikh. 1927–1930 gg. [Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Vol. 1. “Case No. 78754 against A. Baitursynuly, M. Dulatov and others. 1927–1930”]. Compiled by: M. Koygeldiev, K. Alimgazinov, Z. Myrzataeva, G. Mukazhanova. Almaty: “Kitap” publishing house, 2023. 572 p. (In Russ.).
- Delo Alashordy, 2023 — *Delo Alashordy.* 1920–1940 Dokumenty i materialy. Tom 7. “Gonimyye idei”. [Alashorda case. 1920–1940. Documents and materials. Volume 7. Persecuted ideas”]. Compiled by: M. Koygeldiev, K. Alimgazinov, E. Syzdykova, T. Ryskulov. Almaty: Kitap, 2023. 16 p. (In Russ.).
- Goloşçekin, 1931 — *Goloşçekin F.I.* Qazaqstan socialistik qayta qurw jolında. OGIZ. 1931. 181–247-better/ [Goloshchekin F.I. Kazakhstan on the path of socialist reconstruction]. Almaty: OGIZ, 1931. P. 181–247 (In Kaz.).
- Goloshchekin, 1931 — *Goloshchekin F.I.* Bügin tañdağı күрделі mindetterimiz: Mal шаруашılığı trwalı bayandaması men maqalası. [Our difficult tasks today: Report and article on livestock farming]. Almaty: Kazakhstan Publishing House, 1931. 28 p. (In Kaz.).
- Goloshchekin, 1932 — *Goloshchekin F.I.* O sel'skom khozyaystve i, v chastnosti, zhivotnovodstve Kazakstana [On agriculture and, in particular, animal husbandry in Kazakhstan]. M.: Alma-Ata: Partizdat, 1932. 40 p. (In Russ.).
- Karpova, 2018 — *Karpova I.G.* Sovetskiye i rossiyskiye issledovateli o vliyani kolektivizatsii na

khozyaystvennoye razvitiye Buryat-Mongol'skoy ASSR. [Soviet and Russian researchers on the influence of collectivization on the economic development of the Buryat-Mongolian ASSR]. Problems of socio-economic development of Siberia. No. 4 (34). 2018. Pp. 133–138). // URL: https://brstu.ru/static/unit/journal_2/docs/number-34/133-138.pdf. Accessed April 17, 2025.]. (In Russ.).

Kaziyeu, 2015 — *Kaziyeu S.Sh.* Sovetskaya natsional'naya politika i problemy doveriya v mezhetnicheskikh otnosheniya v kazakhstan (1917–1991 gody). Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni doktora istoricheskikh nauk. [Soviet national policy and problems of trust in interethnic relations in Kazakhstan (1917–1991)]. Dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences]. M., 2015. 550 p. (In Russ.).

Koygeldiev, 2020 — *Koygeldiev M.K.* Qiyanat anatomiyası. Meniñ gılımdağı omirim. (Qazaqstanniñ ğılımi mektepteri. Tarixtanw). Monografiya. [Anatomy of Abuse. My Life in Science. (Scientific Schools of Kazakhstan. History). Monograph]. Almaty: Arys, 2020. 360 p. (In Kaz.).

Masanov, et. al, 2007 — *Masanov N.E., Abylkhozhin Zh.B., Erofeeva I.V.* Nauchnoye znaniye i mifotvorchestvo v sovremennoy istoriografii Kazakhstana [Scientific knowledge and myth-making in modern historiography of Kazakhstan]. Almaty: Dyke Press, 2007. 296 p. (In Russ.).

Nurzat, 2014 — *Nurzat A.A.* Osnovnyye etapy kollektivizatsii i perekhoda aratov na osedlost' v Tuve (1921–1944 gg.) [The main stages of collectivization and the transition of the Arats to a settled way of life in Tuva (1921–1944)]. Bulletin of the Chuvash State Pedagogical University named after I. Ya. Yakovlev. 2014. No. 2(82). Pp. 47–52. URL: <http://vestnik.chgpu.edu.ru/upload/fil.php?id=157>. (In Russ.).

Ogayon, 2009 — *Ogayon I.* Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes (1928–1945) [Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and social changes (1928–1945)]. Translated from French by A.T. Rakishev, Comp. by B.M. Uzhikov. Almaty: Sanat, 2009. 368 p. (In Russ.).

Orynbayeva, 2020 — *Orynbayeva G.* Khozyaystvo i byt kazakhov v pervoye desyatiletie sovetsoy vlasti (po issledovaniyam 20-kh gg. XX v.) [Economy and everyday life of the Kazakhs in the first decade of Soviet power (based on research from the 1920s)]. Otan Tarihi No. 4 (92) 2020. P. 58 (In Russ.).

Sayası qwğın-sürgin, 2022 — *Sayası quğın-sürgin* qubandarın tolıq aqtaw jöindegi Memlekettik komissiyaniñ materialdarı (XX ğasır 20–50 jıldarı) = Materialı gosudarstvennyy komissiya po reabilitacii po političeskix repressiya (20–50 jj. XX ğasır). T. 13: Küştep ujımdastırw, küştep qonıstandırw, satıp alw jäne basqa da sayası nawqandar twralı memlekettik aktiler men qujattar. Qujattar men materialdar jınağı. [Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression (1920–50s) = Materials of the State Commission for the Full Rehabilitation of Victims of Political Repression (1920–50s). Vol. 13: State acts and documents on forced collectivization, forced settlement, procurement and other political campaigns. Collection of documents and materials]. Authors of the volume: E.A. Abil, S.A. Zhakishewa, M.M. Kozybaeva, A.M. Smagulova. Under the general editorship of E.T. Karin. Astana, 2022. 296 p. (In Russ.).

Smağambet, Tlespaeva 2019 — *Smağambet B.J., Tlespaeva A.A.* Qazaq sedentarizaciyası jäne onıñ saldarı. Älewmettanwlıq konceptwaldaw perspektivası. [Kazakh sedentarization and its consequences. Perspectives of sociological conceptualization]. 2019, Vestnik PGU. URL: <https://vestnik-humanitar.tou.edu.kz/storage/journals/31.Pdf> (Accessed: April 17, 2025). (In Kaz.).

Smagulova, 2024 — *Smagulova S.* Zulmat jıldar zardabı: 1931–1933 jj. [The consequences of the dark years: 1931–1933]. Astana, 2024. 256 p. (In Kaz.).

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 872-886, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_872-886

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 11.25

IRANIAN-TAJIK TRADE AND ECONOMIC RELATIONS: CURRENT STATE AND PROSPECTS

Tasagil Ahmet¹, Nursultanova Lazat^{2}, Tanatarova Zhamiga³*

¹Yeditepe University
(326A, Kayisdagi Str., 34755 Istanbul, Turkey)
Doctor of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: Ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr

²Astana International University
(8, Kabanbay Str., 020000 Astana, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0000-0002-9641-0797>. E-mail: 2012nura@bk.ru
*Corresponding author

³Kh. Dosmukhamedov Atyrau University
(1, Studenchesky Ave., 060011 Atyrau, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences
 <https://orcid.org/0009-0002-0185-7594>. E-mail: zhamiga_tanatarova@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Tasagil A., Nursultanova L.N., Tanatarova Zh.T., 2025

Abstract. *Introduction.* Foreign trade plays an important role in the economic development of Iran and Tajikistan and contributes to improving the living standards of the population. Moreover, by strengthening trade ties and promoting mutual understanding between governments, these relations help maintain friendly relations between neighbors. *Goals and objectives* of the study are to examine the current state of trade and economic cooperation between Iran and Tajikistan, the dynamics of trade turnover, and to assess its further development. *Results.* The two states are important economic partners with significant potential for developing and strengthening cooperation on a mutually beneficial basis. Further strengthening of the partnership between the two countries will be based on joint investment projects. The relevance of the study is due to the importance of this factor for the socio-economic development of the two friendly countries. The topic may be of interest within the framework of the emerging discourse in the humanities and social sciences on development, where Iran and Tajikistan can be considered as examples of Eastern culturally complex, multi-component societies developing within their own ideological and value paradigms. *Conclusions.* In the context of a changed geopolitical reality, trade and economic ties between Iran and Tajikistan have real prospects.

Keywords: Iran, Tajikistan, foreign trade, investments, socio-economic development

For citation: Tasagil A., Nursultanova L.N., Tanatarova Zh.T. Iranian-tajik trade and economic relations: current state and prospects // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 872–886. (In Eng.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_872-886

ИРАН-ТӘЖІК САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Ташагыл Ахмет¹, Нурсултанова Лязат Нурбаевна², Танатарова Жамига Тажиковна³

¹Йедитепе университеті

(326А-үй, Қайышдағы көш., 34755 Стамбул, Түркия)

Тарих ғылымдарының докторы

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: Ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr

²Астана халықаралық университеті

(8-үй, Қабанбай көш., 020000 Астана, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы

 <https://orcid.org/0000-0002-9641-0797>. E-mail: 2012nura@bk.ru

*Автор-корреспондент

³Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

(1-үй, Студенческий даңғ., 060011 Атырау, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының докторы

 <https://orcid.org/0009-0002-0185-7594>. E-mail: zhamiga_tanatarova@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Ташагыл А., Нурсултанова Л.Н., Танатарова Ж.Т., 2025

Андатпа. *Kіріспе.* Иран мен Тәжікстанның сыртқы саудасы экономикалық дамуда маңызды рөл атқарады және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал етеді. Оның үстіне, сауда байланыстарын нығайту және үкіметтер арасындағы өзара түсіністікке ықпал ету арқылы бұл қарым-қатынастар көршілер арасындағы достық қарым-қатынасты сақтауға көмектеседі. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* Иран мен Тәжікстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың қазіргі жағдайын, тауар айналымының динамикасын зерттеу және оның одан әрі дамуын бағалау болып табылады. *Нәтижелер.* Екі мемлекет өзара тиімді негізде ынтымақтастықты дамыту және нығайту үшін айтарлықтай әлеуеті бар маңызды экономикалық әріптестер болып табылады. Екі ел арасындағы әріптестікті одан әрі нығайту бірлескен инвестициялық жобалар негізінде дамитын болады. Зерттеудің өзектілігі бұл фактордың екі дос елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңыздылығымен анықталады. Тақырып гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардағы даму туралы жаңа дискурс аясында қызығушылық тудыруы мүмкін, мұнда Иран мен Тәжікстанды өзіндік идеологиялық және құндылық парадигмасы аясында дамып келе жатқан шығыс мәдени күрделі, көп компонентті қоғамның үлгісі ретінде қарастыруға болады. *Қорытындылар.* Өзгерген геосаяси шындық жағдайында Иран мен Тәжікстан арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастардың нақты болашағы бар.

Түйін сөздер: Иран, Тәжікстан, сыртқы сауда, инвестициялар, әлеуметтік-экономикалық даму
Дәйексөз үшін: Ташагыл А., Нурсултанова Л.Н., Танатарова Ж.Т. Иран-тәжік сауда-экономикалық қатынастары: қазіргі жағдайы мен болашағы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 872–886 бб. (Ағылш.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_872-886

ИРАНО-ТАДЖИКСКИЕ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Ташагил Ахмет¹, Нурсултанова Лязат Нурбаевна^{2*}, Танатарова Жамига Тажиковна³

¹Университет Йедитепе

(д. 326А, ул. Кайышдагы, 34755 Стамбул, Турция)

Доктор исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0002-1435-8877>. E-mail: Ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr

²Astana International University

(д. 8, Кабанбая, 020000 Астана, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0002-9641-0797>. E-mail: 2012nura@bk.ru

*Автор-корреспондент

³Атырауский университет им. Х. Досмухамедова

(д. 1, просп. Студенческий, 060011 Атырау, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук

 <https://orcid.org/0009-0002-0185-7594>. E-mail: zhamiga_tanatarova@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Ташагил А., Нурсултанова Л.Н., Танатарова Ж.Т., 2025

Аннотация. *Введение.* Внешняя торговля для Ирана и Таджикистана играет важную роль в развитии экономики и способствует повышению жизненного уровня населения. Более того, укрепляя торговые связи, содействуя взаимопониманию между правительствами, эти отношения способствуют поддержанию дружественных отношений между соседями. *Цели и задачи исследования* – изучить современное состояние торгово-экономического сотрудничества Ирана и Таджикистана, динамику товарооборота и дать оценку его дальнейшему развитию. *Результаты.* Два государства являются важными экономическими партнерами, обладающими значительным потенциалом для развития и укрепления сотрудничества на взаимовыгодной основе. Дальнейшее укрепление партнерства между двумя странами будет развиваться на основе совместных инвестиционных проектов. Актуальность исследования обусловлена важностью этого фактора для социально-экономического развития двух дружественных стран. Тема может представлять интерес в рамках формирующегося в сфере гуманитарных и социальных наук дискурса о развитии, где Иран и Таджикистан можно рассматривать как пример восточного культурно сложного, многосоставного общества, развивающегося в собственной идейно-ценностной парадигме. *Заключение.* В условиях изменившейся геополитической реальности торгово-экономические связи между Ираном и Таджикистаном имеют реальную перспективу.

Ключевые слова: Иран, Таджикистан, внешняя торговля, инвестиции, социально-экономическое развитие

Для цитирования: Ташагил А., Нурсултанова Л.Н., Танатарова Ж.Т. Ирано-таджикские торгово-экономические отношения: современное состояние и перспективы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 872–886. (На Англ.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_872-886

Introduction

Foreign trade plays an important role in the economic development of Iran and Tajikistan and contributes to improving the living standards of the population. Moreover, by strengthening trade ties and promoting mutual understanding between governments, these relations help maintain friendly relations between neighbors. The goals and objectives of the study are to examine the current state of trade and economic cooperation between Iran and Tajikistan, the dynamics of trade turnover, and to assess its further development. Results. The two states are important economic partners with significant potential for developing and strengthening cooperation on a mutually beneficial basis. Further strengthening of the partnership between the two countries will be based on joint investment projects. The relevance of the study is due to the importance of this factor for the socio-economic development of the two friendly countries. The topic may be of interest within the framework of the emerging discourse in the humanities and social sciences on development, where Iran and Tajikistan can be considered as examples of Eastern culturally complex, multi-component societies developing within their own ideological and value paradigms. Conclusions. In the context of a changed geopolitical reality, trade and economic ties between Iran and Tajikistan have real prospects.

Materials and Research Methods

Different theories of international relations interpret the role of international trade differently. The liberal approach argues that trade promotes international cooperation, stability, and mutual benefit. According to liberalism, the greater the economic interdependence between countries, the lower the likelihood of armed conflict. Liberals emphasize the importance of international institutions, such as the World Trade Organization, that regulate trade and help countries comply with the rules. Trade is viewed as a “non-zero-sum game” in which all parties can win. In contrast, realism believes that international trade is a means of achieving national interests and strengthening state power. States primarily seek survival and security, so they engage in trade only when it strengthens their strategic position. Realists do not believe in universal rules and view trade as an element of political struggle. Constructivism emphasizes the importance of ideas, identities, and social norms. From this perspective, international trade is not simply subject to rational calculations, but is shaped by how states perceive each other and what values they share. Thus, states’ behavior in trade is determined not only by their interests, but also by their ideas about the “right” interaction. All of these approaches help us understand the nature of trade in international politics and the goals that states pursue in different ways.

The methodological basis of the study includes general scientific methods, such as analysis and synthesis, statistical methods, which allowed us to identify qualitative and quantitative characteristics of the subject of the study. The chronological method allows us to study the main processes occurring between the two countries in the trade sphere. The comparative method is used to compare statistical data from both sides. The source base of the study includes documents such as the National Development Strategy of the Republic of Tajikistan for the period up to 2030, the main goal of which is the development of a competitive economy. The prospective development plan of Iran until 2025 provides for achieving real results in the economy and scientific-technological sphere. An analysis of official documents signed between the two countries in the field of economics and trade, providing for long-term development, was also conducted. Materials from international scientific and practical conferences provide an opportunity to familiarize oneself with medium-term prospects, such as cooperation in the road transport sector, attracting domestic and foreign investments. Official internet resources of government organizations in Iran and Tajikistan, as well as statistical data, were used. The works of domestic and foreign scientists, which substantiate the theoretical and practical aspects of the issue under study, were also used. A range of different sources allowed us to identify the main aspects of the topic, reflecting the development, dynamics, problems of cooperation between Iran and Tajikistan, as well as their solutions.

Discussion

The formation and development of trade and economic relations between states involves the signing of memoranda, agreements, communiqués, which outline the main areas of cooperation. And in this regard, economic diplomacy plays a big role. In scientific discourse, there are different points of view on the purpose of economic diplomacy. Among foreign researchers and diplomats in this regard, it should be noted: G. Carron de la Carriera, A. Plaschinsky, N. Bain and S. Woolcock and other authors.

The state may have a set of tools that ensure its economic interests abroad, which include the opening of foreign markets for the country's goods and services, the establishment, maintenance and development of economic and related relations with foreign entities, holding business meetings, trade exhibitions, etc. By establishing trade ties with another partner, a country increases trade performance, encourages investment, while simultaneously achieving certain foreign policy goals.

Investment diplomacy is a type of economic diplomacy aimed at attracting foreign investment in various spheres of the national economy. This diplomacy is carried out at technology exhibitions and scientific and technical conferences, during investment negotiations, or by providing financial assistance to less developed countries to gain political support. Economic technical assistance can take the form of expert advice, loans, grants and technology transfer. In recent years, environmental and sustainable development issues have become an integral part of economic diplomacy due to global issues such as climate change. Energy diplomacy is a form of economic diplomacy that promotes a country's energy interests (Goldthau, 2010).

Under the general term “investment services,” Forbes magazine united companies that are engaged not only in direct investment activities, including investment banking and investment management, but also in mortgage financing, securities trading, wealth management, insurance, brokerage services, depository activities and financial consulting.

Commercial diplomacy supports national exports of goods and services and also helps attract foreign investment. For example, an agency like Business France plays a crucial role in promoting French international companies (Lee, Hocking, 2010).

The collective work “Foreign Trade of Tajikistan with Neighboring Countries: New Trends and Socio-Political Effects” analyzes foreign trade relations between Tajikistan and neighboring countries, including China, Afghanistan, Uzbekistan, and Kyrgyzstan. The authors examine the quantitative and qualitative indicators of cross-border trade, investment projects, prospects for long-term cooperation, and note that foreign trade significantly contributes to the development of Tajikistan's economy. Despite the imbalance between exports and imports, the country is beginning to develop its economy through trade with neighboring countries. After all, foreign trade allows the country to obtain the necessary resources and sell surplus ones. With proper management, it contributes to economic development, increases the socio-economic level of development in the country, and positively affects the investment attractiveness of Tajikistan (Ryazantsev, 2012).

Multilateral diplomacy is aimed at developing relations in the political, diplomatic, socio-economic and humanitarian spheres and involves interaction between various international actors. The venues for such negotiations are business conferences and business meetings. The institutions through which economic diplomacy is carried out are the World Trade Organization (WTO), the Organization for Economic Cooperation and Development (OECD), and the International Monetary Fund (IMF). These organizations promote global trade and financial stability through multilateral agreements and consultations (Woolcock, Bayne, 2013).

Mokhtarianpour M. is engaged in the theoretical and practical substantiation of the Islamic-Iranian model of progress (Mokhtarianpour, 2017).

Bahman S. also explores the Iranian version of socio-economic development from the point of view of Ayatollah Khamenei (Bahman, 2018).

Azadi P. analyzes public administration in Iran over the past half century, noting internal problems such as poverty, social inequality, and high unemployment. When making important decisions, the state must take into account both internal problems and external ones (for example, the

consequences of climate change, global efforts to abandon fossil fuels, increased automation of production). At the same time, Iran has certain opportunities for good development in the medium term (Azadi, 2019).

The collective work of Iranian scientists is devoted to the problems of political development of Iran (Nazari, 2020).

Another collective publication explores the role of innovation policy in the development of modern Iran (Fartash, et al., 2021).

 <https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: yessenamanovaaigerim@gmail.com

*Автор-корреспондент

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғылы, 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Тарих ғылымдарының докторы, профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-3073-1368>. E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Дәстүрлі киім материалдық мәдениеттің маңызды салаларының бірі бола отырып, этностың мәдени коды мен дүниетанымдық негіздерін бейнелейтін ерекше нысан ретінде қарастырылады. Түркі халықтарының ұлттық киімі тарихи-этнографиялық ерекшеліктерді, әлеуметтік және гендерлік құрылымды, эстетикалық талғамды ғана емес, ритуалдық әрі символикалық мағынаға ие элементтерді де қамтиды. Қазақстан музейлеріндегі мұндай дәстүрлі киімдер материалдық мұра нысаны болумен қатар, ұжымдық жад пен мәдени тәжірибенің репрезентативті тасымалдаушысы ретінде қызмет атқарады. *Зерттеудің мақсаты* – Қазақстан музейлеріндегі түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілерін материалдық мәдениеттің репрезентациясы ретінде талдау. *Зерттеу міндеттері:* этнографиялық киімді зерттеудің теориялық-әдіснамалық тәсілдерін анықтау; киімнің семиотикалық, праксеологиялық және визуалды қырларын талдау; музейлік сақтау, интерпретация және экспозиция тәжірибелерін жүйелеу; ұлттық киімнің этникалық бірегейлікті білдірудегі әлеуметтік-мәдени маңызын айқындау. *Зерттеу нәтижелері.* Жүргізілген зерттеу нәтижелері түркі халықтарының дәстүрлі киімі күрделі таңбалық жүйе ретінде жұмыс істейтінін, ол арқылы тұлғаның әлеуметтік мәртебесі, жынысы, жасы және этномәдени ерекшеліктері көрініс табатынын көрсетеді. Ж.П. Варнье мен Д. Миллердің теориялық тұжырымдарына сүйене отырып, киімнің праксеологиялық аспектілері, оның ішінде дене қимылымен байланысы және «Мен» ұғымының бейнеленуі ашылады. Қазақстан музейлеріндегі тәжірибелер ұлттық киімнің мәдени мағыналарды жеткізудегі жоғары репрезентативтік әлеуетін дәлелдейді. *Ғылыми жаңалығы.* Мақалада түркі халықтарының дәстүрлі киімі алғаш рет праксеологиялық, семиотикалық және визуалды тәсілдердің жиынтық негізінде қарастырылып отыр. Материалдық мәдениет нысандарын интерпретациялау мен музейлік репрезентациялау барысында қолдануға болатын жаңа әдістемелік бағдарлар ұсынылды. *Қорытынды.* Ұлттық киім – тек мәдени артефакт қана емес, сонымен қатар этностың өзін-өзі тану құралы, тарихи жадыны сақтау мен мәдени сабақтастықты жеткізудің маңызды тетігі болып табылады. Алынған нәтижелер материалдық мәдениетті және музейлік экспозициялық тәжірибені зерттеуде пәнаралық тәсілдің өзектілігін дәлелдейді.

Түйін сөздер: Ұлттық киім, материалдық мәдениет, праксеология, семиотика, түркі мұрасы, музей, экспозиция

Дәйексөз үшін: Есенаманова А.С., Қалыш А.Б. Дәстүрлі киім арқылы материалдық мәдениетті репрезентациялау: Қазақстан музей кеңістігіндегі түркі мәдени мұрасы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 887–899 бб. (Қазақш.).


DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_887-899

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЧЕРЕЗ ТРАДИЦИОННЫЙ КОСТЮМ: ТЮРКСКОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ В МУЗЕЙНОМ ПРОСТРАНСТВЕ КАЗАХСТАНА

Есенаманова Айгерим Серікқызы^{1}, Қалыш Аманжол Боранбайұлы²*


¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика Казахстан)

Докторант

 <https://orcid.org/0000-0002-7592-2945>. E-mail: yessenamanovaaigerim@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-3073-1368>. E-mail: kalyshamanzhol@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., 2025

Аннотация. *Введение.* Традиционный костюм, являясь одним из ключевых сфер материальной культуры, представляет собой важный объект, отражающий культурный код, этническую идентичность и мировоззренческие основы народа. Национальная одежда тюркских народов демонстрирует историко-этнографические особенности, социальную и гендерную структуру, эстетические предпочтения, а также содержит элементы ритуальной и символической значимости. В музеях Казахстана такие традиционные костюмы выступают не только как предметы материального наследия, но и как репрезентативные носители коллективной памяти и культурного опыта. *Целью настоящего исследования является анализ традиционного костюма тюркских народов в музеях Казахстана как формы репрезентации материальной культуры. Задачи исследования* включают: определение теоретико-методологических подходов к изучению этнографического костюма; анализ семиотических, праксеологических и визуальных аспектов одежды; систематизация музейных практик хранения, интерпретации и экспонирования; выявление социокультурного значения костюма в контексте этнической идентичности. *Результаты.* Исследование показывает, что традиционный костюм тюркских народов функционирует как сложная знаковая система, отражающая статусные, гендерные, возрастные и этнокультурные характеристики личности. С опорой на концепции Ж.-П. Варнье и Д. Миллера раскрываются праксеологические аспекты костюма, включая связь с телесной моторикой и выражением индивидуального «Я». Примеры из музейной практики Казахстана иллюстрируют высокий репрезентационный потенциал традиционной одежды в передаче культурных смыслов. *Научная новизна.* В статье традиционный костюм тюркских народов впервые рассматривается сквозь призму совокупного анализа праксеологических, семиотических и визуальных подходов. Предложены новые методологические ориентиры в интерпретации и музейной репрезентации объектов материальной культуры. *Заключение.* Национальный костюм тюркских народов выступает не только как культурный артефакт, но и как инструмент самопознания этноса, средство сохранения исторической памяти и передачи культурной преемственности.

Полученные результаты подтверждают актуальность междисциплинарного подхода в исследовании материальной культуры и музейной экспозиционной практики.

Ключевые слова: Национальный костюм, материальная культура, праксеология, семиотика, тюркское наследие, музей, экспозиция

Для цитирования: Есенаманова А.С., Калыш А.Б. Репрезентация материальной культуры через традиционный костюм: тюркское культурное наследие в музейном пространстве Казахстана // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 887–899. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_887-899

Кіріспе

Материалдық мәдениет ұғымы – адамның тіршілік әрекетіне қатысты барлық заттар мен үдерістерді қамтиды. Ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, адамның шығармашылық күштері мен қабілеттерін, сондай-ақ адам жасаған әрі өзі қолданатын барлық заттарды бейнелейді.

Рухани мәдениет – материалдық емес компоненттердің жиынтығы: білімдер, эстетикалық құндылықтар, мінез-құлық нормалары, тұлғааралық қатынастар, дүниетаным, мораль, діни салт-дәстүрлер мен рәсімдер. Бұл мәдениет қоғам мен адамның рухани өмірін жетілдіруге бағытталған.

Дәстүрлі киім – әрі материалдық, әрі рухани мәдениеттің бірегей және көпқырлы құбылысы ретінде түрлі ғылыми бағыттарда (мәдениеттану, өнертану, этнография және т.б.) зерттелуге лайықты. Ол теориялық тұжырымдаумен қатар, практикалық қолдануға да мол мүмкіндік береді. Киім адамның жасы, әлеуметтік мәртебесі, жынысы, этностық және аймақтық тиістілігі, кәсібі мен тұрмыс салты, діні мен дәуірі туралы мәліметтерді қамтиды. Осы арқылы ол әлемнің дәстүрлі бейнесін тұтастай интеграциялайтын мәдени модельге айналады.

Дәстүрлі киім тіл мәдениетімен, ауыз әдебиетімен, салт-дәстүрлік рәсімдермен қатар тұтас таңбалық жүйені құрап, белгілі бір өмір салтын бейнелейді. Дәстүрлі киімді өзіндік мәдени тіл ретінде алғаш ұсынған – П.Г. Богатырев. Ол дәстүрлі киім құрылымын семиотикалық жүйенің ерекше түрі ретінде сипаттай отырып, киімнің тек күнделікті қажеттілік емес, белгілі бір мағынаға ие таңба бола алатынын дәлелдеді. Зерттеуші киімнің келесі қызмет түрлерін бөлектеп көрсетті: практикалық, утилитарлық, эстетикалық, эротикалық, магиялық, жас ерекшелігіне байланысты, жыныстық және әлеуметтік (мысалы, тұрмысқа шыққан әйелдің киімі), сондай-ақ моральдық, мерекелік, салттық, кәсіби, сословиелік, кәсіби қызметке, діни сенімге және өңірге қатысты қызметтері (Богатырев, 1971: 358).

Материалдық мәдениетті зерттеу этнографиялық ғылымның қызығушылық аясына халық шығармашылығы, наным-сенімдер, отбасы және неке мәселелерін зерттеулерге қарағанда кейінірек енді: оны жүйелі түрде зерттеу тек ХІХ ғасырдың соңында ғана басталды. Орыс этнограф ғалымдары В.В. Богданов, Б.А. Куфтин, Н.И. Лебедева, Е.Э. Бломквист, Г.С. Масловалар материалдық мәдениет құбылыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеудің негізгі теорияларын қалыптастырды. Олардың пайымдауынша, этнограф үшін зерттеу нысаны болып табылатын заттың өзі емес, оның адаммен, қоғамдық қатынастармен байланысы маңызды. Бұл – этнография ғылымының негізгі қағидасына сәйкес келеді: этнография – ең алдымен, адам туралы, оның рухани-материалдық болмысы мен мәдени тәжірибесі туралы ғылым. Осы тұрғыдан алғанда, материалдық мәдениетті зерттеу тек заттық формадағы дерек емес, адамзаттың тарихи-мәдени тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастырылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі дәстүрлі мәдени мұраларды сақтау мен насихаттауға деген қоғамдық сұраныстың артуымен айқындалады. Дәстүрлі киім – этникалық (ұлттық) мәдениеттің ең кең таралған әрі адамға ең жақын элементтерінің бірі болып табылады. Ол әлеуметтік-мәдени тәжірибені жинақтап, семиотикалық жүйе арқылы оны этнос үшін де, жалпы адамзат үшін де маңызды мағынада жеткізуші құрал ретінде көрініс табады. Қазіргі кезде әртүрлі халықтардың өкілдері өздерінің дәстүрлі киімдерін күнделікті тұрмыста кеңінен қолданып келеді.

Этнографтар жекелеген халықтардың дәстүрлі мәдениеті мен киім өнері бойынша ауқымды эмпирикалық материал жинақтады. Мысалы, орыс халық киімін зерттеуге зор үлес қосқан ғалымдар қатарында Н.И. Лебедева, Г.С. Маслова, Л.Н. Молотова бар. Корейлердің ұлттық киімі бойынша – Ким Ян Сук, ал қытайлардың киімі жөніндегі ең маңызды еңбектер Л.П. Сычев, түркі халықтарының киімдері бойынша В.Н. Суловалардың еңбектері дәстүрлі киім түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен бейімделуіне ықпал етіп, белгілі бір мәдениетке тән сипаттарды шоғырландыратын элеументтік код ретінде қызмет атқаратынын атап өтеді. Сонымен қатар, олар дәстүрлі киімдерді әртүрлі этностар мен тарихи кезеңдер арасындағы мәдени коммуникацияны, ақпараттың таралуын және игерілуін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылады.

Н.Н. Чебоксаров, С.А. Токарев және С.П. Толстовтың ғылыми редакциясымен, бірыңғай кезеңдеу жүйесіне негізделген ғылыми бағдарламалар аясында ірі авторлық ұжымдар археологиялық және этнографиялық материалдарға, музейлік коллекциялар мен түрлі жазба дереккөздерге сүйене отырып, біздің тақырыбымызға байланысты іргелі этнографиялық еңбектер дайындаған. Бұл еңбектер дәстүрлі киімнің көптеген халықтар үшін материалдық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қалай дамығанын бақылауға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі қоғамда киімнің көптеген маңызды қызметтер атқарғаны белгілі: биологиялық, элеуметтік, сакралдық (киелі), эстетикалық және тағы басқа. Бұл өзара тығыз байланысты функциялар археология, өнертану, мәдениеттану, этнология сияқты бірқатар гуманитарлық ғылымдар тарапынан зерттеліп, олардың әрқайсысы өзіндік әдіснама мен зерттеу тәсілдерін қалыптастырды. Қазіргі ғылым дамуының кезеңінде дәстүрлі киім – этнокостюмология деп аталатын пәнаралық зерттеулер нысанына айналды (Исенко, 1999: 24).

Мақалада этнокостюмология тұрғысынан қарастырылатын зерттеу нысандары ретінде, негізінен Қазақстан аумағындағы қазақ халқы мен өзге де түркі халықтарының музейлердегі дәстүрлі киім үлгілері алынды. Зерттеу ауқымы Қазақстан музей экспозициясы мен қорларындағы түркі халықтарының мәдени мұрасымен шектеледі және дәстүрлі киімнің музейлік репрезентациясындағы ерекшеліктерге бағытталады.

Этнокостюмологияның негізгі принциптері – киімді көпфункционалды жүйе ретінде кешенді және пәнаралық тәсілмен праксеология қарастыру, этникалық қауымдастықтың дүниетаным ерекшеліктерін ескеру, киімнің дәстүрлі қоғамдағы барлық қызмет ету қырларын саралау – оның қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Осы зерттеуде сүйеніш ретінде революцияға дейінгі жазба деректердің ауқымды бөлігі, сондай-ақ зерттеліп отырған мәселеге арналған отандық және шетелдік тарихшылар, этнографтар, шығыстанушылар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар және басқа да мамандардың еңбектерінде жарық көрген арнайы әдебиеттер пайдаланылды.

Эмпирикалық материалдардың негізгі құрамына Қазақстан Республикасының музей қорлары мен тұрақты экспозицияларында сақталған түркі халықтарының дәстүрлі киімдерінің түпнұсқа үлгілері жатады. Бұл тұрғыдан алғанда, ең мазмұнды және репрезентативті коллекциялар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде (Алматы қ.) және Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде (Астана қ.) жинақталған. Аталған музей қорлары Қазақстан аумағында XIX–XX ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының дәстүрлі киімдерін зерттеуде негізгі дереккөз базасына айналды. Зерттеу үшін маңызы зор материалдар қатарында Шығыс Қазақстан облыстық этнографиялық қорық-музейінде, сондай-ақ Маңғыстау және Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейлерінде сақталған дәстүрлі киім үлгілері атап өтуге тұрарлық.

Дәстүрлі киімді реконструкциялау және талдау мәселелері бойынша қосымша деректер 2018–2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінде авторлар жүргізген далалық зерттеулер мен этнографиялық экспедициялар барысында жиналды. Экспедиция нәтижесінде алынған материалдар зерттеліп отырған халықтардың дәстүрлі

киіміне тән жергілікті ерекшеліктерді нақтылауға, сондай-ақ оның аймақтық нұсқаларын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы тарихи-этнографиялық зерттеулерде халық мәдениетін зерделеудің басым бағыттарының бірі – этноаймақтық тәсіл болып табылады. Бұл әдістемелік аспект этникалық қауымдастықтардың түрлі этнотерриториялық және этноструктуралық бөлімшелерінде халық мәдениетінің қалыптасуы, дамуы және қызмет етуінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған тәсілді қолдану дәстүрлі киім тарихын кешенді әрі жан-жақты зерттеу үшін маңызды әдіснамалық алғышарт ретінде қарастырылады. Сонымен қатар этноаймақтық тәсіл этномәдени өзара әрекеттестік бағыттарын айқындауға, олардың трансформациялану себептерін талдауға, сондай-ақ жекелеген аймақтардағы этномәдени байланыстардың өзіндік сипатын ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдістің маңызы, әсіресе, түрлі мәдени дәстүрлердің қабаттасуы мен өзара ықпалдастығы орын алатын өтпелі аймақтардағы мәдени алмасу үдерістерін зерттеу барысында арта түседі. Бұған қоса, аталған тәсіл аймақтық контексте этникалық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы үдерістеріне ірі өркениеттік орталықтардың ықпал ету дәрежесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Суслова, 2002: 11).

Осы зерттеудің теориялық негізін шетелдік музейтану дәстүрі аясында қалыптасқан мәдени-тарихи және музейлік-экспозициялық жобалау әдістері құрайды. Аталған тәсілдер музей экспозицияларын классикалық түрде құру әдістемесімен тығыз байланысты және зерттеліп отырған мәдени феноменді музейлік кеңістікте тұтастай таныстыруға мүмкіндік беретін коллекциялық-жүйелі, иллюстративті-тақырыптық және музейлік-бейнелік әдістерді қамтиды. Зерттеу контексінде ерекше маңызға ие болып отырған тәсілдердің бірі – экспонаттардың түпнұсқалығына және олардың символдық мазмұнына басымдық беретін көркем-мифологиялық әдіс. Бұл әдіс дәстүрлі киім семантикасын мәдени-тарихи контексте тереңірек зерделеуге жол ашады.

Музейлік, этнографиялық және визуалды материалдарды талдау барысында түрлі ғылыми таным әдістерін біріктіретін пәнаралық тәсіл қолданылды. Атап айтқанда, салыстырмалы-тарихи талдау, статистикалық деректерді өңдеу әдістері, сондай-ақ музейлік қорларды және экспозициялық шешімдерді жүйелі түрде зерттеуге бағытталған тәсілдер пайдаланылды. Аталған әдістерді кешенді түрде қолдану зерттеліп отырған тақырыпты жан-жақты әрі ғылыми негізде қарастыруға мүмкіндік берді.

Осы мақалада «этнокостюмология» ұғымы ең алдымен ресейлік және еуропалық мәдениеттану мен этнология аясында қалыптасқан шетелдік ғылыми дәстүрдегі мағынада қолданылады. Қазақстандық музейтану мен этнологиялық ғылымда бұл ұғым кең ғылыми айналымға әлі толық енгенімен, оны осы зерттеуде ғылыми қолданысқа енгізу дәстүрлі киім музейлік коллекцияларын терең әрі жан-жақты талдау қажеттілігімен негізделеді.

Аталған терминді қолдану зерттеудің ұғымдық-әдіснамалық аппаратын кеңейтіп қана қоймай, мәдени семиотика мен этнографиялық нысандардың экспозициялық репрезентациясы мәселелерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте музей кеңістігінде олардың символдық маңызы мен интерпретациясына да ерекше назар аударылады. Осылайша, этнокостюмология зерттеу контексінде мәдениеттану, этнология, музейтану және семиотика әдістерін біріктіретін пәнаралық сала ретінде қарастырылады.

Музейлердің дәстүрлі киімді сақтау, насихаттау және оны келешек ұрпаққа жеткізу ісінде маңызды қызмет атқаратыны да ерекше мәнге ие. Бұл тұрғыдан алғанда музейлер мәдени жадыны қалыптастыратын негізгі институттардың бірі ретінде әрекет етеді. Осы зерттеуде Қазақстан Республикасы музейлерінің қорларында сақталған дәстүрлі костюмдердің жекелеген коллекцияларына талдау жасауға ерекше назар аударылады. Зерттеудің басты назары – полиэтникалық мемлекетіміздегі этномәдени әртүрлілік пен тарихи-мәдени сабақтастықты түсіну үшін аса маңызды болып табылатын түркі халықтарының дәстүрлі киім үлгілеріне бағытталған.

Талқылау

Материалдық мәдениет пен киімді зерттеу мәселелері пәнаралық сипатта дамыды. Бұл сала бойынша соңғы онжылдықта бірқатар іргелі еңбектер жарық көрді. Зерттеулердің басты бағыты — киімнің әлеуметтік, мәдени, семиотикалық және антропологиялық мағынасын ашу болып табылады.

Материалдық мәдениетті антропологиялық тұрғыдан қарастыруда Даниэл Миллердің еңбегі ерекше орын алады. Ол киімді адам болмысының ажырамас бөлігі ретінде сипаттап, «depth ontology» ұғымын енгізеді (Miller, 2010). Миллердің пікірінше, киім адамның әлеуметтік мәртебесі, жынысы, кәсібі, этникалық немесе аймақтық тиістілігі сияқты сипаттарын ғана емес, сонымен қатар оның ішкі «Менін» де көрсетеді. Киім – адамның өзін кіммін деп қабылдайтыны және қоғамға кім болып көрінгісі келетіні туралы ақпаратты жеткізетін маңызды таңбалық жүйе. Ол киімді «біздің кім екенімізді анықтайтын» зат ретінде сипаттайды: «Киімдер үстірт емес. Керісінше, бізді біз ететін – солар» (Miller, 2010: 13).

Жан-Пьер Варнье киімді зерттеуге прксеологиялық көзқарасты (адамның материалдық әлеммен өзара әрекетін денелік қозғалыстар мен мәдени тәжірибе арқылы зерттеу тәсілі) енгізіп, оны денелік тәжірибемен және моторикамен байланыстырды. Оның пікірінше, адам не киіп, қалай әрекет етуді тек қоғамның қысымымен емес, белгілі бір деңгейде саналы түрде өзі анықтайды. Варнье XIX ғасырдағы Германияда жоғарғы тап әйелдерінің дене пішінін арнайы көйлекке бейімдеп, киімді басқару техникасын меңгергенін мысал ретінде келтіреді. Бұл киімнің көлемі мен салмағы әйелдердің жүріс-тұрысын шектеп, оларды дене жаттығулары арқылы көйлекпен біртұтас болуға, қозғалысты киімге бағындыруға мәжбүрледі. Осылайша, киім әйелдің тұлғалық болмысын «қайта қалыптастырды», оны әлеуметтік ортада танылатын жеке субъектке айналдырды (Петридов 2013: 373). Варнье киімді жай ғана зат емес, белгілі бір «агенттікке» ие материалдық күш ретінде сипаттайды. Киім адамның әрекетіне ықпал етіп қана қоймай, адамның денелік тәжірибесін де қалыптастырады. Ол бұл құбылысты «сенсорлы-мотрикалық қабілет» деп атайды. Варнье былай дейді: «Материалдық элементті қамтымайтын бірде-бір дене техникасы жоқ. Материалдық мәдениет пен денені зерттеу бір-бірінен ажырамас нәрсе. Егер материалдық мәдениет адамның барлық дене практикаларының делдалы болса, онда сенсорлы-мотрикалық қабілетсіз өзін-өзі қалыптастыру техникасы болмайды» (Warnier 2001: 10).

Заманауи авторлардың қатарынан Сандра Ниуэль (Niessen, 2010) мен Сьюзен Кайзер (Kaiser, 2012) киім мен сәннің әлеуметтік мағынасы мен гендерлік конструкциядағы рөлін талдауға мән береді. Олар киімді визуалды тіл және идеологиялық құрал ретінде қарастырады. Бұл еңбектер сән көрмелерін тек өнер нысаны ретінде емес, сонымен қатар әлеуметтік коммуникация құралы ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары музейлік экспозицияда киімді ұсынудың жаңа әдістері мен этикалық мәселелері кеңінен талқылануда. Valerie Steele (2017) сән музейлері арқылы киімді өнермен теңдестірудің күрделі процесін сипаттайды. Оның айтуынша, сәнді музей кеңістігіне енгізу барысында туындайтын интерпретациялық шектеулер киімнің толық мағынасын жеткізуге кедергі келтіреді.

Түркі халықтарының дәстүрлі киімі — олардың тарихи-мәдени, әлеуметтік құрылымы мен эстетикалық дүниетанымының көрінісі. Аталған салада бірқатар іргелі еңбектер мен жаңа әдіснамалық зерттеулер қалыптасқан.

С.В. Суслованың «История костюма тюркских народов» атты монографиясында түркі киімдерінің тарихи дамуы, киімнің құрылымы мен мағынасы, аймақтық стиль ерекшеліктері және ритуалдық функциясы кеңінен сипатталады. Автор киімді этностың мәдени коды, әлеуметтік иерархияның көрінісі және көркем өнер туындысы ретінде қарастырады (Суслова, 2002).

Музейлік репрезентация тұрғысынан А.Ф. Байпақова Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық киім мұраларын сақтау, қалпына келтіру және экспозициялық ұйымдастыру

мәселелерін зерттеген. Оның еңбектерінде киім – экспонат ретінде ғана емес, көрерменмен мәдени байланыс орнатушы құрал ретінде қарастырылады (Байпақова, 2015).

Сонымен қатар, қазіргі әдебиеттерде киімді мәдени репрезентация және тұлғалық бейне ретінде зерттеу кең таралғанымен, бұл еңбектердің басым бөлігі Батыс және еуропалық кеңістікті қамтиды. Орталық Азия мен түркі халықтарының киім мәдениеті, әсіресе олардың музейлік репрезентациясы, көркемдік және ритуалдық мәні, сондай-ақ киімнің денелік тәжірибемен байланысы шетелдік ғылыми контексте әлі де жеткіліксіз зерттелуде. Сондықтан да түркі халықтарының киімдерін материалдық мәдениеттің көпқырлы және пәнаралық зерттеу пәні ретінде қарастыру қажет.

Нәтижелер

Музейдегі киім экспозицияларын тек көрсету емес, визуалды баяндау мен мәдени интерпретация құралы ретінде бағалау – әлемдік ғылыми айналымда сирек зерттелген аспект болып табылады.

Қазіргі этнографияда ұлттық киімдер бірегей тарихи-этнографиялық дереккөз, өзіндік «этникалық мәдениет коды» ретінде қарастырылады, оны дәстүрлі этнография әдістері арқылы, пәнаралық байланыстар арқылы соның ішінде археология әдістерін пайдалана отырып зерттеуге және интерпретациялауға болады. Ұлттық киімдерді зерттейтін сала этнокостюмология өзінің ақпараттық аясының көптігінің арқасында этноархеологияның – археология мен этнографияның ХХ ғасырда интеграция нәтижесінде пайда болған жаңа ғылыми бағыттарының бірі болып табылады (Томилова, 1999: 25). Этноархеологиялық (диахрондық) тәсілдер аясында киімдердің қалыптасуы, олардың аймақтық, жас, этноконфессионалдық кешендерінің генезисі, сондай-ақ жекелеген киім түрлері, бас киімдер мен декор элементтерін зерттеу маңызды болып табылады. Киімдердің реконструкцияның сипаты артефакттардың сақталу деңгейіне, қосымша дереккөздердің (археологиялық, этнографиялық, жазбаша, бейнелеу) саны мен сапасына байланысты. Белгілі мәдениеттанушы З.В. Доде дереккөздердің сипаты мен санына сүйене отырып, киімдердің реконструкциясының үш түрін ажыратып көрсетеді: аутентикалық, түпнұсқаға сәйкес, толығымен артефакттарға негізделген; аподиктикалық, сенімді, артефакттардың болмауымен барлық кешенді дереккөздерге негізделген; гипотетикалық, сенімсіз: жүйе түзуші киімдер және мүлдем сенімді дереккөздер болмағанда деп бөледі (Доде, 2005: 307).

Орталық Азия мен Қазақстан халықтары әрқайсысының өзіндік жергілікті нұсқалары бар ұлттық киім үлгілерін сақтап келген. Баспана сияқты, киім түрі де көбіне шаруашылық қызметпен және тарихи дәстүрлермен байланысты қалыптасқан. Дегенмен, Орталық Азия халықтарының киімінде ортақ белгілер де байқалады (Лобачева, Сазонова, 1989: 37–45).

Этнографиялық зерттеулер көрсеткендей, дәстүрлі киімді – оның ең дәстүрлі түрінің өзінде де – өзгеріссіз, тұрақты құбылыс ретінде қарастыруға болмайды: оның құрылымында белгілі бір эволюциялық үрдістер мен кей жағдайда формалардың алмасуы байқалады. Бұл үдерісті зерттеу әлі де жүргізілуі қажет, себебі этнография сүйенетін басты дереккөзі – мәлімет берушілер ұрпақтар алмасуымен бірге біртіндеп жойылып барады. Этнографиялық деректерге сүйеніп қарастырылатын кезең – Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының киім тарихындағы айрықша маңызды дәуір болып табылады. Бұл – ХХ ғасырдың басы мен ХХ ғасырдың соңы. Аталған кезеңде халық өмірінде күрт бетбұрыстар орын алып, олар ұлттық мәдениеттердің кейінгі тағдырына терең әсер еткен, оның ішінде киімге де өз ықпалын тигізген. Ресейге қосылу Орталық Азияны ғасырлар бойы сақталып келген оқшау жағдай мен тоқыраудан шығарып, шаруашылықтың тауарлы сипатының дамуына және соның негізінде капиталистік қатынастардың қалыптасуына жағдай жасады. Бұл үдеріс материалдық мәдениетке, соның ішінде халық киіміне де айтарлықтай өзгерістер әкелді.

Түркі халықтарының киімдеріне қатысты орталық және өңірлік көптеген музейлер қорларындағы материалдар – аса маңызды дереккөз болып табылады. Бұл коллекцияларды анықтау мен есепке алу олардың санын нақтылауға, хронологиялық шеңберін айқындауға және оларды дереккөз ретіндегі маңызын бағалауға мүмкіндік берді. Материалдық деректер

мен музейлік коллекциялар – нақты даталанған және ғылыми тұрғыда құжатталған жағдайда – ертеректегі әдеби немесе бейнелік деректермен салыстырғанда айқын артықшылыққа ие (Сухарева, 1979: 8–11).

Қазақстан этнокостюмологиясы – ел аумағында өмір сүретін 17 этникалық топтың киім үлгілерін қамтитын, мәдени мұраның бай әрі әртүрлі формасын құрайтын маңызды сала болып табылады. Бүгінгі таңда еліміздің бай музейлік қорында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басына жататын бірегей экспонаттар сақтаулы. Дәл осы материалдық негіз бізге ұлттық киім призмасы арқылы тарихты зерттеуге мүмкіндік беріп отыр. Музейлік жәдігерлерді зерттеуде олардың атауларына, жасалау технологиясына аса назар аударылады. Музейлердегі киім үлгілері ғылыми тұрғыдан ерлер киімі, әйелдер киімі, бас киім, аяқ киім, сырт киім т.б. деп бөлінеді (Райымхан, 2010: 34).

Елдегі ең ірі этнографиялық коллекциялар Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі мен Астана қаласындағы Ұлттық музейдің қорларында топтастырылған.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы музейлеріндегі қазақ халқының дәстүрлі киім-кешек коллекциялары саны шектеулі. Мысалы, белгілі этнограф Н. Әлімбаев 2009 жылы жарық көрген «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі» ғылыми каталогында Қазақстан мен шет ел музейлеріндегі қазақтың дәстүрлі киімдерінің жалпы саны 450–530 бірлік шамасында ғана екенін көрсеткен, соның ішінде ҚР Мемлекеттік орталық музейінің өзінде дәстүрлі киім-кешекке қатысты барлығы 371 экспонат тіркелген деп көрсетеді (Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі, 2009).

Бұл көрсеткіш арқылы біз Қазақстан музейлерінде сақталған киім-кешек мұрасының шектеулі сақталғанын көре аламыз. Осы деректер дәстүрлі киімнің сиректігін және музейлік жинақтардың толық еместігін аңғартады десек қателеспейміз,

Бұл мәселені И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаева Ресей империясының қазақ даласына енуіне байланысты экономикалық, мәдени, саяси-идеологиялық тегеуірінді ықпалына түскен қазақтар енді фабрикалық киімдерді тұтынды деп түсіндіреді. Нәтижесінде, күнделікті тұрмыстық қолданыстағы киімдерді ығыстырылды деп жазады (Захарова, Ходжаева, 1964: 84).

Ө. Жәнібековтің еңбегінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында тауарлық өндірістің дамуы, көрші халықтармен экономикалық және мәдени қарым-қатынастың нығаюы, әсіресе Қазақстанға орыстардың, украиндардың, немістердің, татарлардың, тағы да басқа халықтардың көптеп қоныс аудара бастауына байланысты қазақ тұрмысына, әсіресе ұлттық киімге өз ықпалын тигізді делінген. Ол «ішкі жейдеден пальтоға дейін дайын күйінде сатып алуға мүмкіндік туғандықтан, үй жағдайында киім тігудің азая түскені, көп жерлерде бұл кәсіп мүлде жойылып кеткен ...» деп дәстүрлі киім-кешектің қолданыс аясынан шыға бастағаны туралы жазған (Жәнібеков, 1996: 47).

Сондықтан да осындай аз мөлшерде сақталған дәстүрлі киім-кешекті сақтау, оларды зерттеп білу барынша маңызды. Мәселен, ұлттық киімді этнографиялық жолмен, яғни далалық экспедициялар арқылы жинақтау бүгінгі таңда сирек кездесетін құбылыс. Себебі, олар қолданыс аясынан шығып кеткен және сақталмаған. Музей қорында негізінен хронологиялық жағынан XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың орта кезеңін қамтитын киімдері сақталған.

Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі де этнографиялық жәдігерлерге бай. Музейдің «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залында XIX–XX ғасырларға жататын ұлттық киім үлгілері, зергерлік бұйымдар, кілемдер мен тұрмыстық заттар кешенді түрде қойылған. ҚР Ұлттық музейінің «Этнография» залы қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне арналған. Зал экспозициясында қазақ халқының дәстүрлі баспанасы, түрлі зергерлік бұйымдары, ұлттық киім үлгілері және сонымен қатар тұрмыстық заттары көрініс тапқан. Залдың ортасына айнала орын тепкен бес шағын витринадан және 7-ші қабырғалық витрина экспозициясының қазақтың ұлттық киім үлгілерінің жас ерекшеліктеріне байланысты және маусымға қатысты үлгілерін тамашалауға болады (Ибраева, 2019: 189). Аумағы 670 шаршы метрден асатын бұл залда қазақы киімнің дәстүрлі пішіндері мен әшекей

үлгілері заманауи көрме технологияларымен (мультимедиа, интерактивті экрандар) сүйемелдене көрсетіліп, келушілерге ұсынылады. Ұлттық музей қорында сақталған киімдер саны жөнінен Орталық музейден аз болғанымен, экспозициялық тұрғыда өте көрнекі және мазмұнды. Музей мамандары ұлттық киімді насихаттау мақсатында тақырыптық экскурсиялар мен шеберлік сабақтарын тұрақты түрде ұйымдастырып отырады.

1968 жылы құрылған Өскемен қаласындағы Шығыс Қазақстан облыстық сәулетті-ландшафты этнографиялық қорық-музейінің қорында диаспора өкілдерінің этнографиялық жәдігерлері мол (Кумарова, 2006: 22). Мұнда қазақтардың көшпелі өмір салтын бейнелейтін этностиль үлгілерінің қалыптасуымен қатар, орыс, татар және өзбек мәдениеттерінің элементтері де сініскенін байқаймыз. Музейдің ерекше қызығушылық тудыратын жобаларының қатарына «Бір шаңырақ астында» көрмесі жатады, онда 29 ерлер мен әйелдердің киім үлгілері ұсынылған. Сонымен қатар, дәстүрлі әйел бас киімдерінің 21 бірегей үлгісі көрсетілген «Қасиетті кимешек» көрмесі де ғылыми және мәдени тұрғыдан ерекше маңызға ие.

Бұл музейдің қорында татар халқының киімдері сақталған. Сондай заттың бірі – туфли. Әйел адам киетін аяқ киім түрі. Аяқ киімді Татар АССР-нің аяқ киім фабрикасы 1969 жылы тіккен. Бұл 1997 жылы өткізген адам оны 1969 жылы Қазанда магазиннен сатып алғандығы туралы мәлімет берген (КП 21–22024: 1–2). Татарлардың музейде әдемі зооморфты, өсімдік тәріздес өю-өрнектермен әшекейленген мәсі-етігі (КП 17–20279: 1–2), шеттерінде бахромасы бар жібек шәлі (КП-21–21915), қара бархыттан тігілген, өсімдік тәріздес өрнектермен әшекейленген, 10 тиындық монеталар (біреуінде 1899, біреуінде 1901 сандары жазылған) қадалған, маржандалған мөгеz-кафак (КП-23–22495), қалың жібектен тігілген камзол (КП-25–23314), өте әдемі сәнделген көкірекшелер сақтаулы. Соның ішінде үйленуге арналып тігілген көкірекше ерекше затқа жатады (КП1-17–20277) (Кумарова, 2006: 22).

Сонымен қатар, аталмыш музей қорында Әзербайжан мәдениетінің керемет коллекциясы сақталған. Оның бір бөлігі 1999 жылы Әзербайжан Республикасының бұрынғы мәдениет министрі, танымал әнші және композитор Полад Бюль-Бюль оғлы музейге сый ретінде тапсырған. Кейін 2006 жылы сол министрлік 94 экспонаттарды тегін толықтырды. Сыйға берілген бұйымдардың қатарында әзербайжан ұлттық костюмдері, бас киімдер мен аяқ киімдер бар. Әрине, олар қазіргі заманғы әзербайжан шеберлерінің қолынан шыққан жаңа туындылар, бірақ ұлттық дәстүрлерге сай жасалған. Бұл ерекше экспонаттар музейдің «Біз – Қазақстан халқы» атты тұрақты көрмесінде лайықты орын алып, әзербайжан ұлттық костюмінің ерекшеліктерімен танысуға мүмкіндік береді. Музей-қорықтың қорында нәзік әзербайжан жібегінен жасалған, ашық түсті, сәнді өрнекті, қоңыр реңкті және ұсақ ақ нүктелері бар әйел орамалы сақталған. Ол орамал келагаи – әзербайжан әйелдерінің дәстүрлі жібек орамалы. Келагаи нәзік жібектен тоқылып, арнайы өрнектермен безендіріледі. Ол әйелдердің жасына, әлеуметтік мәртебесіне және өмірлік жағдайларына байланысты әртүрлі түстерде болуы мүмкін. Мысалы, жас қыздар ашық түсті келагаи кесе, егде жастағы әйелдер күңгірт түсті орамалдарды таңдаған (Алейникова, 2011: 6).

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде ұлттық киімдер негізінен XIX–XX ғғ. жататын Батыс Қазақстан өңіріне тән 85 үлгіден тұрады. Қазақ этнографиясында ерекше орын алатын сәндік қолөнер үлгілерінің бірі – қызыл тон. Бұл – жіппен зерленіп, кестеленген, қалыңдықтың жасауына кіретін немесе салтанатты сәттерде ілуге, күйеуге ұзатқанда берілетін аса бағалы киім. Мұндай тондар қымбат маталардан, көбінесе барқытпен тысталып, алтын жіппен гүл пішіндес өрнектермен көркемделген. Олар ұлттық киім үлгілерінің ішіндегі көркемдік деңгейі жоғары әрі музейлік маңызға ие құндылық ретінде бағаланады. Ұзақ жылдар бойы музей ісімен айналысқан Р. Илиясова өз еңбектерінде былай деп жазады: «Ұзын жеңді, жағасыз, кең үлгіде тігілген мұндай шапандарды біздің өңірде жоғары тұсын әсем баулармен байлап, іліп киетін болған. Қымбат барқытпен тысталып, асқан шеберлікпен, ерекше нәзіктікпен, гүл бейнелі өрнектермен алтындалып зерленген бұл сирек кездесетін дүние – музейдің асыл қазынасы» (Илиясова, 2001: 128).

Қазақ халқы мен сол аймақта мекен ететін халықтардың дәстүрлі мәдениетінің небір сирек үлгілері мен киімдерінің сан алуан түрлерін сақтап отырған еліміздің жетекші облыстық музейлерінің бірі – Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану музейі. Осы өлкеге этнографиялық экспедиция барысында келген уақытта музей қорындағы ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдарының бай қорына сипаттама жасалды. Маңғыстау түрікмендерінің музейде көк ала түсті атлас матадан тігілген көйлегі бар. Мойыны түрікмендердің өрнегімен өрнектелген матадан айналдыра тігілген. Өрнегі қызыл түске ақ, қоңыр, қара түсті әліптерді қосып, кестелеп тігілген (ВФ-718), түрікмен бөрік қара түсті қой терісінен жасалған дөңгелек пішінді бұйым, жоғарғы бөлігі – төбесі күлгін түсті вельвет матасынан тігілген. Бөрік 1936 жылы Түрікменстанда тігілген. Жақсы сақталған күйде (ВФ-271). Сонымен қатар, музей қорында тамбур тігісімен ақ, қара және қызыл жіптермен кестеленген тюбетейка телпек сақталған. Ішкі астары – мақта-мата. Мұндай телпектер Түрікменстанда жасалады, олардың бетінде «қошқар мүйіз» өрнегіне ұқсас ою-өрнектер бар. Қолдан тігілген бұйым (МК КП-35).

Музей қорларында сақталған жәдігерлер арасында – қайыс кебіс, әйел адамдардың әр түрлі дәстүрлі бас киімдері де кездеседі. Жас қыздарға арналған, барқытпен қапталған, төбесіне қарқара үкі тағылған, төрт қияқты құндыз бөріктер – ерекше сән-салтанатты білдіретін, жақсы сақталған этнографиялық киім үлгілері қатарынан орын алады.

Қазіргі таңда дәстүрлі киім негізінен күнделікті қолданыстан шыққан. Ақпарат берушілердің айтуы немесе жекелеген сақталған заттар негізінде дәстүрлі киім үлгісін, әсіресе оның жергілікті ерекшеліктерін қалпына келтіру мүмкін емес. Осындай жағдайларда дәстүрлі киімді ғылыми тұрғыда қайта жаңғыртудың негізгі көрнекі негізі – музейлік материалдар болып табылады.

Қорытынды

Қазақстан Республикасында өмір сүретін түркі этностарының ұлттық киімі бұл зерттеуде тек музейлік экспонат ретінде ғана емес, сонымен қатар күрделі мәдени феномен ретінде қарастырылды. Ұлттық киім алғаш рет пәнаралық тәсіл аясында – праксеологиялық (дене мен заттың өзара әрекеттестігі), семиотикалық (таңбалық жүйе) және визуалды (музейлік репрезентация) қырларында жан-жақты талданады. Мұндай тәсіл дәстүрлі киімді тек материалдық мәдениеттің элементі ғана емес, сонымен бірге тарихи-мәдени парадигмадағы мәдени жадының, этникалық сәйкестік пен символдық мағынаның тасымалдаушысы ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан халықтарының ұлттық киіміне деген қазіргі қызығушылықтың артуы – өткен мен бүгінгінің диалектикалық өзара ықпалдастығының заңды нәтижесі. Бір жағынан, музейлер мен ғылыми мекемелер дәстүрлі киім үлгілерін сақтап, жүйелі зерттеу жүргізу арқылы этнографиялық тұрғыдан шынайы деректерге қол жеткізуге жағдай жасайды. Екінші жағынан, бұл мұра қазіргі заман талаптарына бейімделіп, сән, дизайн және бұқаралық мәдениет салаларында жаңа сипатқа ие болуда. Осындай контексте зерттеліп отырған этностардың ұлттық киімі материалдық және рухани мәдениеттер арасындағы байланыстырушы буын ретінде көрініс тауып, мәдени дәстүрлердің сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі үрдістерге жасалған талдау полиэтностық Қазақстандағы, соның ішінде түркі халықтарының ұлттық киім мәдениетінің сапалы жаңа кезеңге аяқ басқанын айқын көрсетеді. Бұл ретте этнокостюмология ғылыми бағыт ретінде аталмыш құбылысты кешенді түрде зерделеуге арналған теориялық-әдіснамалық негіз ұсынып, оны ғылыми және мәдени кеңістікте насихаттауға ықпал етеді. Түркі халықтарының ұлттық киімі тек музейлік экспонат ретінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі күнделікті өмірдің мағыналы бөлігі ретінде мәдени жаңғыру үдерісінде ерекше маңызға ие болуда.

Қорытындылай келе, қазіргі әлеуметтік-мәдени трансформация жағдайында этнокостюмология – тарихи мұраға құрметпен қарауға, оны бүгінгі күнде өзектендіруге және болашақта орнықты дамытуға бағытталған гуманитарлық білімнің көпқырлы және

перспективалы саласы ретінде қалыптасуда. Қазақстанды мекендейтін түркі және өзге де этностардың дәстүрлі киімдерінің музейлік және ғылыми-зерттеу тәжірибелерінде сақталуы, ғылыми тұрғыдан зерделенуі мен қазіргі заманға бейімделуі – ұлттық рухани жаңғыру мен мәдени тұрақтылықтың айқын дәлелі болып табылады.

Әдебиеттер

- Алейникова, 2011 — *Алейникова М.М.* Азербайджанский национальный костюм // *Алтаистика и тюркология*, 2011. № 1. 6 с.
- Байпақова, 2015 — *Байпақова А.Ф.* Қазақстан музейлеріндегі этнографиялық мұралар: мәселелер мен бағыттар. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. 196 б.
- Богатырев, 1971 — *Богатырев П.Г.* Вопросы теории народного искусства. М.: Искусство, 1971. 544 с.
- Доде, 2005 — *Доде З.В.* Костюм как репрезентация историко-культурной реальности: к вопросу о методике исследования // *Структурно-семиотические исследования в археологии. Т. 2.* Донецк: ДонНУ, 2005. С. 305–330.
- Жәнібеков, 1996 — *Жәнібеков Ә.* Қазақ киімі. Альбом. Алматы: Өнер, 1996. 192 б.
- Захарова, Ходжаева, 1964 — *Захарова И.В., Ходжаева Р.Д.* Казахская национальная одежда. Алма-Ата: Наука, 1964. 178 с.
- Ибраева, 2019 — *Ибраева Г.О.* Ұлттық музей экспозициясындағы қазақ халқының дәстүрлі киім-кешегі // XI Оразбаев оқулары: халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 518 б.
- Исенко, 1999 — *Исенко С.П.* Этнокошюмология в контексте современной культуры: Автореф. дис. ... докт. культуролог. наук. М., 1999. 32 с.
- Илиясова, 2001 — *Илиясова Р.* Қазына. Алматы: Зерде, 2001. 312 б.
- Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі, 2009 — *Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі.* Традиционная одежда казахов : ғылыми каталог / ред.: Е. Әлімбаев. Алматы: Өнер, 2009. Т. 1. 341 б.
- Лобачева, Сазонова, 1989 — *Лобачева Н.П., Сазонова М.В.* Традиционная одежда народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1989. 254 с.
- Петриду, 2013 — *Петриду Э.* Одежда и материальная культура // *Материальная культура: Антропология в стране вещей* / ред. Е. Ялури. Афины: Александрия, 2013. С. 355–389.
- Райымхан, 2010 — *Райымхан К.Н.* Музей жәдігерлері тарихи дереккөз ретінде (Қазақстан музейлері негізінде): Тарих ғыл. докт. дисс. авторефераты. Астана, 2010. 47 б.
- Суслова, 2002 — *Суслова С.В.* История костюма тюркских народов. СПб.: Алетейя, 2002. 384 с.
- Сухарева, 1979 — *Сухарева О.А.* Костюм народов Средней Азии. Историко-этнографические очерки. М.: Наука, 1979. 239 с.
- Томилов, 1999 — *Томилов Н.А.* Этноархеология как научное направление. Омск: Издание Омского университета, 1999. 32 с.
- Kaiser, 2012 — *Kaiser S.* Fashion and Cultural Studies. New York: Berg, 2012. 253 p.
- Кумарова, 2006 — *Кумарова Б.М.* Татарский женский костюм: Из фондов ВКО архитектурно-ландшафтного музея-заповедника. Усть-Каменогорск, 2006. 28 с.
- Miller, 2010a — *Miller D.* Почему одежда – это не поверхностно // *Вещи.* Малден, Массачусетс: Polity Press, 2010. С. 12–40.
- Miller, 2012 — *Miller D.* Consumption // *Yialouri E. (ed.) Material Culture: Anthropology in the Country of Things* / trans. A. Vrettou. Athens: Alexandria, 2012. Pp. 319–354.
- Niessen, 2010 — *Niessen S.* On Style: Culture and Politics in Dressing // *Fashion Theory.* 2010. Vol. 14. No. 1. Pp. 33–64.
- Steele, 2017 — *Steele V.* Fashion Museums: What’s the Point? // *Fashion Theory.* 2017. Vol. 21. No. 5. Pp. 499–508.
- Warnier, 2001 — *Warnier J.P.* A Praxeological Approach to Subjectivation in a Material World // *Journal of Material Culture.* 2001. Vol. 6. No. 1. Pp. 5–24.

References

- Aleinikova, 2011 — *Aleinikova M.M.* Azerbaydzhanskii natsionalnyi kostyum [Azerbaijani national costume]. *Altaistika i tyurkologiya*, 2011. No. 1. 6 p. (In Russ.).
- Baipakova, 2015 — *Baipakova A.G.* Kazakhstan muzeilerindeki etnografialyq muralar: meseleler men baqytar [Ethnographic heritage in museums of Kazakhstan: issues and directions]. Karaganda: KSU Publishing, 2015. 196 p. (In Kaz.).
- Bogatyrev, 1971 — *Bogatyrev P.G.* Voprosy teorii narodnogo iskusstva [Questions of the theory of folk art]. M.: Iskusstvo, 1971. 544 p. (In Russ.).
- Dode, 2005 — *Dode Z.V.* Kostyum kak reprezentatsiya istoriko-kul'turnoi real'nosti: k voprosu o metodike issledovaniya [Costume as representation of historical-cultural reality: on research methodology]. In *Strukturno-semioticheskie issledovaniya v arkhologii.* Donetsk: DonNU, 2005. Vol. 2. Pp. 305–330. (In Russ.).

- Ibraeva, 2019 — *Ibraeva G.O.* Ul'tyq muzei ekspozitsiyasyndagy qazaq halkynyn dastyrlı kiim-keshegi [Traditional Kazakh clothing in the national museum exhibition]. In XI Orazbaev okuylary: Khalyqaralyq gylymi-odistemelik konferentsiya materialdary. Almaty: Kazakh University, 2019. 518 p. (In Kaz.).
- Ilyasova, 2001 — *Ilyasova R.* Qazyna [Treasure]. Almaty: Zerde, 2001. 312 p. (In Kaz.).
- Isenko, 1999 — *Isenko S.P.* Etnokostyumologiya v kontekste sovremennoi kul'tury: Avtoref. diss. ... dokt. kulturolog. nauk. M., 1999. 32 p. (In Russ.).
- Kaiser, 2012 — *Kaiser S.* Fashion and Cultural Studies. New York: Berg, 2012. 253 p.
- Kumarova, 2006 — *Kumarova B.M.* Tatarskii zhenskij kostyum: Iz fondov VKO arkhitekturno-landshaftnogo muzeya-zapovednika [Tatar women's costume: From the collection of the East Kazakhstan Architectural and Landscape Museum Reserve]. Ust-Kamenogorsk, 2006. 28 p. (In Russ.).
- Lobacheva, Sazonova, 1989 — *Lobacheva N.P., Sazonova M.V.* (Eds.). Traditsionnaya odezhda narodov Srednei Azii i Kazakhstana [Traditional clothing of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. M.: Nauka, 1989. 254 p. (In Russ.).
- Miller, 2010 — *Miller D.* Pochemu odezhda – eto ne poverkhnostno [Why clothing is not superficial]. In Veshchi. Malden, Massachusetts: Polity Press, 2010. Pp. 12–40. (In Russ.).
- Miller, 2012 — *Miller D.* Consumption. In Yialouri E. (Ed.), Material Culture: Anthropology in the Country of Things. Athens: Alexandria, 2012. Pp. 319–354.
- Niessen, 2010 — *Niessen S.* On Style: Culture and Politics in Dressing. Fashion Theory, 2010. Vol. 14(1). Pp. 33–64.
- Petridou, 2013 — *Petridou E.* Odezhda i materialnaya kul'tura [Clothing and material culture]. In Yialouri E. (Ed.), Materialnaya kul'tura: Antropologiya v strane veshchey. Athens: Alexandria, 2013. Pp. 355–389. (In Russ.).
- Raiymkhan, 2010 — *Raiymkhan K.N.* Muzei zhədiglerleri tariyky derekkoz retinde (Kazakhstan muzeileri negizinde): Tarikh gylım. dokt. diss. avtoreferaty [Museum artifacts as historical sources (based on museums of Kazakhstan): Doctoral dissertation abstract in history]. Astana, 2010. 47 p. (In Kaz.).
- Steele, 2017 — *Steele V.* Fashion Museums: What's the Point? Fashion Theory, 2017. Vol. 21(5). Pp. 499–508.
- Sukhareva, 1979 — *Sukhareva O.A.* (Ed.). Kostyum narodov Srednei Azii: Istoriko-etnograficheskie ocherki [Costume of the peoples of Central Asia: historical and ethnographic essays]. M.: Nauka, 1979. 239 p. (In Russ.).
- Suslova, 2002 — *Suslova S.V.* Istoriya kostyuma tyurkskikh narodov [History of the costume of Turkic peoples]. Saint Petersburg: Aleteya, 2002. 384 p. (In Russ.).
- Tomilov, 1999 — *Tomilov N.A.* Etnoarkheologiya kak nauchnoe napravlenie [Ethnoarchaeology as a scientific field]. Omsk: Omsk University Press, 1999. 32 p. (In Russ.).
- Warnier, 2001 — *Warnier J.P.* A Praxeological Approach to Subjectivation in a Material World. Journal of Material Culture, 2001. No. 6(1). Pp. 5–24.
- Zakharova, Khodzhaeva, 1964 — *Zakharova I.V., Khodzhaeva R.D.* Kazakhskaya natsionalnaya odezhda [Kazakh national clothing]. Alma-Ata: Nauka, 1964. 178 p. (In Russ.).
- Zhanibekov, 1996 — *Zhanibekov O.* Qazaq kiimi: Albom [Kazakh clothing: Album]. Almaty: Oner, 1996. 192 p. (In Kaz.).


ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ / ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY


Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 3, pp. 900-915, 2025
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.61.91
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_3_900-915

THE KANDAS OF EASTERN KAZAKHSTAN: MIGRATION AND ADAPTATION ISSUES

Kalshabayeva Bibiziya^{1*}, *Egizbaeva Meruert*²

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Doctor of Historical Sciences, Acting Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-7391-8264>. E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru
*Corresponding Author

²Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., 050038 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
 <https://orcid.org/0000-0002-3338-291X>. E-mail: egyzbaevamk@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Kalshabayeva B.K., Egizbaeva M.K., 2025

Abstract. *Introduction.* The article is dedicated to analyzing the migration, settlement centers, and adaptation processes of repatriates (ethnic Kazakhs) in East Kazakhstan. It is currently important and relevant to study the specific features of migration, settlement, and adaptation of repatriates in the local environment - people who have lived outside their historical homeland for many years or even decades and have coexisted with other ethnic communities. According to statistical and specialized studies, since the 1990s, repatriates from Mongolia were among the first to relocate to the eastern region of Kazakhstan, followed later by arrivals from China and other countries. From 1991 to 2024, there was an observed outflow of other nationalities from East Kazakhstan, while the migration of ethnic Kazakhs from neighboring countries contributed to the increase in the region's population. *The purpose* of the study is to identify certain issues related to the migration and adaptation process of repatriates who have returned to the East of Kazakhstan. To achieve this goal, the main stages of the migration process, its ethno-social causes, the peculiarities of settlement in populated areas are analyzed, and the work carried out by national and local authorities to support adaptation is examined. As a *result*, it was revealed that repatriates generally choose nearby border regions with similar geographic and climatic conditions. Therefore, the majority of those coming to the east of Kazakhstan are from China and Mongolia. The main reasons for returning are concerns about their children's future and a desire to return to their ancestral homeland. The return of ethnic Kazakhs contributed not only to the country's demography but also to its potential. The article examines the measures and social support provided by government and local administrations in the process of settlement and adaptation. It concludes that the successful implementation of migration and adaptation processes in East Kazakhstan is due to the targeted and comprehensive approach of national and local authorities in implementing the “state program”.


Keywords: East Kazakhstan, repatriates, adaptation, migration, emigration, demography, China, Mongolia, Semey, Ulan, settlement

Acknowledgements. The article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan under the topic AP23490262 “Kazakhs of the Tarbagatai Region: Historical and Ethnographic Study (19th – Early 21st Century)”.


For citation: Kalshabayeva B.K., Egizbaeva M.K. The kandas of eastern kazakhstan: migration and adaptation issues // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 3. Pp. 900–915. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_900-915

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫСЫНДАҒЫ ҚАНДАСТАР: КӨШІ-ҚОНЫ МЕН БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қалшабаева Бибизия Кенжебекқызы^{1*}, Егізбаева Меруерт Қарныққызы²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Профессор м.а. тарих ғылымдарының докторы
 <https://orcid.org/0000-0002-7391-8264>. E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050038 Алматы, Қазақстан Республикасы)
Қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты
 <https://orcid.org/0000-0002-3338-291X>. E-mail: egyzbavamk@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Қалшабаева Б.К., Егізбаева М.К., 2025

Андатпа. *Kipicne.* Мақала Шығыс Қазақстандағы қандастардың көші-қоны, орналасу орталықтары мен бейімделу барысындағы мәселелерді талдауға арналған. Бүгінде жүздеген, ондаған жылдар бойы шет елдерде өмір сүрген қандастарымыздың тарихи Отанға көші-қоны, қоныстануындағы ерекшеліктері, жергілікті ортаға бейімделуіндегі мәселелерді зерттеу маңызды, әрі өзекті. Статистикалық және арнайы зерттеулерге сүйенсек, Қазақстанның шығыс аймағына 1990 жылдардан бастап-ақ Моңғолиядағы қандастарымыз алғашқылардың бірі болып қоныс аударса, кейіннен Қытайдан, т.б. елдерден келген. 1991–2024 жж. аралығында Шығыс Қазақстаннан басқа ұлт өкілдерінің көшіп кету құбылысы байқалса, керісінше шекаралас елдерден келген қандастардың көші-қоны халықтың сандық құрамын көбейтуге ықпал етті. *Зерттеудің мақсаты* Қазақстанның Шығысына оралған қандастардың көші-қон үдерісі мен бейімделудегі кейбір мәселелерін айқындау. Мақсатқа жетуде көші-қон үдерісінің негізгі кезеңдерін, оның этноәлеуметтік себептерін, елді-мекендерге орналастырудағы ерекшеліктерді талдау, олардың бейімделуіндегі мемлекеттік және жергілікті биліктің атқарған қызметтерін көрсету. *Нәтижеде* қандастар негізінен өздеріне жақын шекаралас және географиялық-климаттық жағдайы ұқсас аймақтарды таңдайтындығы айқындалды. Сондықтан шығысқа келіп жатқан қандастардың басым бөлігі Қытай және Моңғолия елдерінен келгендер. Елге оралудағы негізгі себеп ұрпағының болашағы, ата қонысқа оралу. Қандастардың елге оралуы еліміздің демографиясына ғана емес әлеуетіне де үлес қосты. Мемлекеттік және жергілікті әкімдіктердің қандастарды қоныстандыру, бейімдеу барысында атқарылған іс-шаралар, әлеуметтік көмектері қарастырылды. Шығыс Қазақстандағы көші-қон және бейімделу процестерінің сәтті өтуі республикалық және жергілікті билік органдарының «мемлекеттік бағдарламаны» жүзеге асыру жөніндегі мақсатты және кешенді тәсіліне байланысты деген қорытындыға келеміз.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, қандастар, бейімделу, көші-қон, эмиграция, демография, Қытай, Моңғолия, Семей, Ұлан, қоныстану

Алғыс. Мақала AP23490262 «Тарбағатай өңірінің қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX–XXI ғ. басы)» тақырыбындағы ЖБЖҒМ гранттық қаржыландыру жобасы аясында даярланды.


Дәйексөз үшін: Қалшабаева Б.К., Егізбаева М.К. Қазақстанның шығысындағы қандастар: көші-қоны мен бейімделу мәселелері // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. 900–91566. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_900-915

КАНДАСЫ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА: ПРОБЛЕМЫ МИГРАЦИИ И АДАПТАЦИИ

Калшабаева Бибизия Кенжебековна^{1}, Егізбаева Меруерт Карныковна²*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика Казахстан)


Доктор исторических наук, и.о. профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-7391-8264>. E-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(д. 71, просп. Аль-Фараби, 050038 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

 <https://orcid.org/0000-0002-3338-291X>. E-mail: egyzbavamk@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Калшабаева Б.К., Егізбаева М.К., 2025

Аннотация. *Введение.* Статья посвящена анализу миграции, центров размещения и адаптационных процессов кандасов (соотечественников) в Восточном Казахстане. В настоящее время важно и актуально исследовать особенности миграции, поселения и адаптации в местной среде соотечественников, которые долгие годы, а порой и десятилетия, проживали за пределами исторической родины. По статистическим и специальным исследованиям, начиная с 1990-х годов в восточный регион Казахстана первыми переселились соотечественники из Монголии, позже – из Китая и других стран. В период с 1991 по 2024 год наблюдался отток представителей других национальностей из Восточного Казахстана, в то время как миграция соотечественников из сопредельных стран способствовала увеличению численности населения. *Цель исследования* – выявить некоторые вопросы, связанные с процессом миграции и адаптации соотечественников, вернувшихся на восток Казахстана. Для достижения этой цели анализируются основные этапы миграционного процесса, его этносоциальные причины, особенности расселения по населенным пунктам, а также рассматривается работа, проделанная государственными и местными властями по адаптации переселенцев. *В результате* выяснилось, что соотечественники, как правило, выбирают близлежащие приграничные регионы с аналогичными географическими и климатическими условиями. Поэтому большинство прибывших в восточные регионы Казахстана составляют выходцы из Китая и Монголии. Основными причинами возвращения являются стремление обеспечить будущее потомков и возвращение на родную землю. Миграция соотечественников внесла вклад не только в демографию, но и в потенциал страны. В статье рассматриваются мероприятия и социальная поддержка, оказанные государственными и местными органами власти в процессе размещения и адаптации соотечественников. Делается вывод, что успешное прохождение миграционных и адаптационных процессов в Восточном Казахстане связано с целенаправленным и комплексным подходом республиканских и местных органов власти к реализации государственной программы.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, соотечественники, адаптация, миграция, эмиграция, демография, Китай, Монголия, Семей, Улан, расселение

Благодарность. Статья подготовлена в рамках грантового проекта Министерства науки и высшего образования РК по теме AP23490262 «Казахи Тарбагатайского региона: историко-этнографическое исследование (XIX – начало XXI вв.)».

Для цитирования: Калшабаева Б.К., Егизбаева М.К. Кандасы восточного казахстана: проблемы миграции и адаптации // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 3. С. 900–915. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_3_900-915

Кіріспе

Қазақстан республикасы тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда-ақ алдына қойған бағыттарының бірі шет елдердегі отандастарды елге қайтару еді. Әрине елге оралған қандастар ең бірінші демографиялық саясатымыздың оңтайландыруына ықпал етсе, екіншіден елдің әлеуетіне де қосар үлесі мол. Тарихи отанға әсіресе Қытай, Моңғолия елдерінен оралған қандастарымыздың ұлттық мұраларымен құндылықтары еліміздің мәдени мұраларының толығына, ұмыт бола бастаған кейбір құндылықтарымыз бен өнеріміздің жаңғыруына үлесі зор. Сонымен бірге жүздеген, ондаған жылдар бойы тарихи отанынан тыс шет жерлерде мекен еткен және әлі де болса сол бөгде этникалық қауымдастық қоршауындағы қандастарымыздың ұлттық болмысын сақтап қалуын, ассимиляцияға түсу қаупін, олардың тарихи Отанына оралуы мен жергілікті ортаға бейімделуін зерттеу этнологтардың алдында тұрған маңызды міндет, әрі өзекті мәселелердің бірі.

Кеңестік жүйе ыдырай бастағаннан ақ, тарихи Отанына оралғысы келген шет елдегі қандастар әрекет ете бастады. Сонау 1990 ж. бастап ақ, «енбек миграциясы» деген желеумен Моңғолиядағы қандастар келе бастағаны белгілі. Ал, тәуелсіздігімізді алған күннен бастап алыс және жақын шет елдердегі отандастар елге бет бұрды, оларға мемлекет тарапынан қолдау білдіріп көптеген жеңілдіктер жасалды. Соның бірі «Халықтың көші-қоны туралы» 1997 жылы 13 желтоқсандағы № 204 Заңы (ҚР Заңы, 1998). Аталған заң көші-қон мәселесін реттейтін алғашқы құжаттардың бірі болды. Онда халықтың көші-қонын реттеудің негізгі принциптері, көші-қон субъектілері, оларды тіркеу, еңбек көші-қонын жүзеге асыру, т.б. баптар қарастырылған. 2003 жылы наурызда «Халықтың көші-қон туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, заңның 1-бабына сәйкес «оралман» мәртебесі енді. «Оралман» ұғымы ұлты қазақ, бірақ азаматтығы жоқ, дегенмен де Қазақстанда тұрақты өмір сүруге келген қазақтың бір бөлшегін түсіндіреді. Қандастарға «оралман» статусының берілуі ең алдымен оларға көрсетілетін әлеуметтік көмектерді алуға жеңілдік еді. Бұл жөнінде зерттеушілер: «Барлық құжаттарда, ғылыми басылымдарда және баспасөз беттерінде «репатриант» ұғымымен бірге қазақ тіліндегі «оралман» ұғымы да қатар айтылып та жазылып та жүрді. Елге оралып жатқан қандастардың мәртебесін, саяси әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін анықтау қажет болды, осындай қажеттіліктерге байланысты Қазақстан елінің әлеуметтік-саяси өмірінде «оралман» деген жаңа ұғым қалыптасты» - деп жазады (Амантаева, и др., 2013: 60). Бұл заң 2011 жылға дейін өзгеріс, толықтырулармен жұмыс істеді. ҚР 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңымен 1997 жылғы Заң күшін жойды. Жаңартылған заңда оралмандардың көшіп келу квотасын белгілеу, оларды нақты аймақтарға орнықтыру және құқықтары мен міндеттеріне қатысты жекелей баптар енгізілді (ҚР Заңы, 2011). Мұнда олардың көші-қонын ұйымдастыру, таңдауларына қарай орналастыру, жергілікті ортаға бейімдеу мәселелерін шешу, т.с.с. қызметтерді жергілікті басқару ұйымдарына жүктеді. Жалпы, «оралман» ұғымы халықаралық «репатриант» ұғымының баламасы іспеттес. Аталған ұғым зерттеулерде, мемлекеттік актілерде, құжаттарда, баспасөз беттерінде жиі қолданылғанмен «оралман» атауын қандастардың өзі жылы қабылдай қойған жоқ. Себебі, кейбір пікірлерге қарағанда олар өздерін кезінде Отанын тастап қашып кеткендердің ұрпақтарының оралуы деп ұғынып, ата мекендегі қазақтардан бөлектейді деп түсінді. Осылайша бұл атауға қатысты әртүрлі пікірлер болды. Халық арасындағы осындай әртүрлі пікірлерді ескере отырып, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы оралмандарды

«қандас» деп атауды ұсынды. Міне осы кезеңнен бастап «қандас» атауы ресми құжаттарға да ене бастады. Нәтижеде көп ұзамай заңға өзгерістер енгізіліп, ҚР Заңына сәйкес 13.05.2020 жылғы № 327-VI Заңымен шет жерлерден оралған этникалық қазақтар ресми түрде «қандастар» деп аталды. Заң бойынша «қандас» термині – бұрын Қазақстан азаматтығы тіркеуінде тұрмаған, көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның белгілеген тәртібімен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ, немесе ұлты қазақ отбасы мүшелері (Қалшабаева, Сейсенбаева, 2024: 16). Сонымен тарихи Отанына оралған қазақтар «оралман» емес «қандас» мәртебесімен аталды. Қабылданған атау отандастарымыздың көңіл-күйінен шықты десек те болады, себебі, «қандас» бір жағынан оларды бөлектемей жақындықты білдірсе, екіншіден осы ата-мекеннен шыққан төл халықтың бөлшегіміз деп есептеді.

Зерттеуде негізінен Шығыс Қазақстанға келген қандастардың көші-қоны мен олардың өңірге бейімделу мәселелері қарастырылады. 1997 жылы Шығыс Қазақстанда сеператистік пиғылдар күшейді (орыс ұлтының басым болуы), ал бұл еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін еді. Оның үстіне өңірдің әлеуметтік – экономикалық дамуын үйлестіру мақсатында ШҚО-на Семей облысын қосады. Сондықтан зерттеуде 1997 ж. дейін ШҚО көші-қон үдерісі жеке қарастырылса, 1997–2022 жж. дейін Семей облысы енген аймақ бірге беріледі. Ал, 2022 жылы екі облыс қайта бөлініп, Семей облысы Абай облысы болып құрылады. Осы кезеңнен бастап өңірге қатысты деректер Шығыс Қазақстан бойынша беріледі.

Жалпы, ҚР өзінің этносаясатында этникалық қазақтардың көші-қонындағы орналасу ерекшеліктерін, әлеуметтік-мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі сұраныстары мен қажеттіліктерін анықтай отырып қоныстандыруды оңтайлы шешкен. Қандастардың біз қарастырып отырған нысандағы өңірге Қытай, Моңғолиядан келіп орнығуы қазақ санының көбеюіне де, ұлттық дәстүрлеріміздің жандануына, мәдениетіміздің озық үлгілерін жастар арасында кеңінен насихаттауда ықпал етті. Тарихымыздағы қандастардың көші-қоны үдерісі, бейімделуін талдау, тарихи-теориялық және тәжірибелік жағынан өзекті мәселеле. Полиэтникалық сипатымен ерекшеленген аймаққа қандастардың орнығуын бекіте отырып, оларға мемлекеттік, жергілікті әкімдіктердің қолдауын назардан тыс қалдырмағанымыз жөн.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпқа қатысты арнайы зерттеулер, үкіметтің бағдарламалық құжаттары, демографиялық жылнамалар, көші-қон департаменттерінің статистикалық материалдары және далалық этнографиялық экспедиция материалдары, ресми сайттардағы үкімет ақпараттары зерттеудің негізін құрайды.

Материалдар тізбегіне «К.Қ. Нұрымбетованың Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау» еңбегі жатады. Онда Қазақстандағы репатриация мәселесі, олардың көші-қоны, саны талданса (Нұрымбетова, 2010), Ю.Н. Гужвенконың (Цыряпкина) «Этносоциальное развитие Восточного Казахстана в 1990-е гг.» зерттеуінде Шығыс Қазақстан халықтарының ұлттық құрамын, этноәлеуметтік дамуын, елге оралған қандастардың қоныстануындағы ерекшеліктер қарастырылған (Гужвенко, 2010с). Сол сияқты А.С. Сейсенбаеваның «Жетісу аумағындағы репатрианттар: этномәдени және миграциялық үдерістер» атты зерттеуі (Сейсенбаева, 2014), М.С. Карибаевтың «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» (Карибаев, 2021) және А.С. Жанбосинова мен М. Карибаевтың Шығыс Қазақстан мысалында жазған репатрианттардың бейімделу мәселелері (Жанбосинова, Карибаев, 2019) зерттеулері де маңызды дерек болса, Б.К. Қалшабаева, А.С. Сейсенбаеваның «Қазақстан республикасының этносаясатындағы қазақ диаспорасы және репатрианттар (Жетісу аймағы материалдары бойынша тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты еңбегі ҚР бағдарламаларының репатрианттарды көші-қоны мен орнықтырудағы кейбір мәселелерді ашады (Қалшабаева, Сейсенбаева, 2024). Б. Қалшабаеваның «Kazakh Repatriates (Kandas) From China: Kazakhstan Ethnopolitics of and Migration Issues: Processes of Adaptation of Kazakhs (Kandas) in the Historical Motherlan» атты Сингапурдан шыққан еңбегі де Қытай және Моңғолиядан келген қандастардың елге орнығуындағы мәселелерді жан-жақты қарастырады (Kalshabayeva, 2025).

Аталған зерттеулердегі материалдар да біздің мақаламызға арқау болды. Ел арасынан жинаған далалық этнографиялық материалдар да қандастардың жай-күйін дәйектеуде маңызды.

Зерттеу жалпы ғылыми тарихи қағидалылық, жүйелілік, салыстырмалы әдістер мен далалық этнографиялық тәсілдер арқылы эксперименталды талдауға негізделді. Мәселен, тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы зерттеуде Қазақстанның шығысына көбіне өңірге жақын шекаралас Моңғолия және Қытайдан көбірек келетіндігі айқындалды. Өңір көпэтносты болғандықтан қандастарды қазақтар шоғырланған аймақтарға қоныстандыру арқылы бейімделдің оңтайлы тәсілдерін қолданды.

Қазақстанның шығысындағы қандастардың сандық-сапалық көрсеткішін, қоныстары мен орналасуын үйлестіруде жергілікті халықтармен айырмашылықтарын жақындату, болашағын талдау жағдайында кешенді, жүйелі қарауда ғылыми объективизм қағидасына басымдық берілді.

Талдау

Қандастардың тарихи Отанға көші-қоны, қоныстануы, әлеуметтік-мәдени жай-күйі, бейімделуіндегі мәселелерді зерттеу еліміздің демографиялық даму бағытын болжауға, мол қазына рухани мұрасы мен құндылықтарын жаңғыртуға мүмкіндік алатынымыз сөзсіз. Тарихи оқиғаларға байланысты елден сырт жерлерге қоныс аударған қандастар мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаулардың арқасында елге көптеп орала бастады. Елге оралған қандастар жөнінде зерттеулер жүргізіліп, диссертациялар қорғалды, көлемді еңбектер жазылды. Шет елдердегі қандастардың елге оралуындағы негізгі факторларды Е.Ю. Садовскаяның «Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы» (Садовская 2001: 105–109) атты еңбегінде жан-жақты қарастырып, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елге келген Моңғолиядағы қазақтардың оралу себептерін яғни болашақ ұрпағының қамын ойлап, өз елінде білім алып көркеюді армандап, «еңбек миграциясы» деген сылтаумен елге оралғандығын жазады. К.Қ. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991–2008 жж.)» зерттеуінде Қазақстан үкіметінің қандастарды елге қоныстандыру барысындағы мемлекеттік бағдарламалары, 1990–2000 жылдардағы көші-қон үдерісінің динамикасы, ерекшеліктері мен қиыншылықтары, оларды аймақтар бойынша қоныстандыруы мен мемлекеттің әлеуметтік қолдауы және ондағы проблемаларды көрсетеді (Нұрымбетова, 2010). Сырттан келіп жатқан қандастардың тарихи Отанындағы бейімделуіне талдау жүргізген зерттеу С.А. Амитовтың «Социальная адаптация этнических репатриантов в современном казахстанском обществе (социологический анализ)» (Амитов, 2010) диссертациясында қандастардың бейімделуіндегі кертартпа мәселелер мен бағдарламаларға талдап, жергілікті ортаға сіңісудің негізгі факторларын атап, ұсыныстар береді. Б. Шуршитбайдың «Қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі: тарихи талдау (1991–2009)» (Шуршитбай, 2010) зерттеуінде де қандастардың Отанға оралу тарихы, қандастардың құқықтық мәселесі, көші-қонға қатысты заңдар мен құжаттар, әлеуметтік жеңілдіктердің дұрыс пайдаланылмауы, азаматтық алу, т.б. проблемалардың баспасөз беттерінде талқылануын зерттейді.

Б.К. Қалшабаеваның «Орта Азия қазақтары (тарихи-этнографиялық)» монографиясының (Қалшабаева, 2011: 275) соңғы тарауында қандастарымыздың көші-қон үдерісі, оларды тарихи Отанға қоныстандыру саясаты, саны, этнографиялық ерекшеліктері мен жергілікті ортаға бейімделудегі қиындықтары және әлеуметтік-мәдени мәселелерін шешудегі атқарылған жұмыстары қарастырылған. А.Б. Қалыш және Д. Қасымованың «Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов (Қалыш, Қасимова, 2014) және «Репатрианты Казахстана: Казахстан в системе транснациональной миграции в условиях глобализации» атты еңбектерінде де (Қалыш, Қасимова, 2015). қандастардың көші-қоны мен бейімделуіндегі оңтайлы және кертартпа проблемаларды жан-жақты көрсетеді. Б.К. Қалшабаеваның 2012–2014 жж. «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу» (№ 1147) атты ғылыми жоба есептері Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Түркия т.б. елдерден Қазақстанның оңтүстік-шығысына

қоныстанған қандастардың этномәдени ерекшеліктерін талдаған мәліметтері де аталған тақырыптағы зерттеулерге құнды мәлімет бере алады (Қалшабаева, 2012). «Алматы агломерациясы: этнодемографиялық және миграциялық даму ерекшеліктері мен динамикасы (1991–2007 ж.ж.)» атты Қ.Қ. Сүлейменованың зерттеуіндегі «Этнодемографиялық үрдістердің динамикасына оралмандардың әсері» атты параграфында Алматы облысына шетелдерден келген қандастар жөнінде жан-жақты талданады, олардың әлеуметтік мәселелері қарастырылады (Сүлейменова, 2009). Қазақстандағы миграциялық үдерістер мен қандастардың жергілікті ортаға қалай бейімделуі қажеттігіне социологиялық талдау жүргізіп, ұсыныстар берген М.С. Садырова, С.А. Амитовтың да (Садырова, Амитов, 2014: 185) еңбектерінің маңызы жоғары. Аталған жоғарыдағы еңбектерде нақты сол Шығыс Қазақстан аймағы болмағанмен, олардың елге оралуындағы көші-қонын, орналасуын талдауда маңызды мәліметтер кездеседі.

Қазақстанның шығыс аймағындағы қандастардың көші-қоны жөнінде Ю.Н. Гужвенко «Этносоциальное развитие Восточного Казахстана в 1990-е гг.» атты зерттеуінде 1990 жылдардағы Шығыс Қазақстанның этноәлеуметтік және этнодемографиялық жағдайын көрсете отырып, Қытай, Моңғолиядан этникалық қазақтардың көші-қоны, олардың қоныстануы мен бейімделуіндегі кейбір проблемалар жөнінде талдау жасайды (Гужвенко, 2010). А.С. Уалтаева да Шығыс Қазақстанға қоныстанған этникалық қазақтардың орнығуы, саны мен әлеуметтік мәселелері жөнінде жазады (Уалтаева, 2005). Қандастардың бейімделуі барысында тудырған кейбір мәселелер, оны шешудің жолдары мен жетілдіру жөнінде ұсыныстар берген А. Жанбосинова мен М. Карибаевтың «Вопросы адаптации репатриантов в проекте ПРООН на примере Восточного Казахстана» тақырыбындағы мақаласы да жан-жақты мәліметтер береді (Жанбосинова, Карибаев, 2019). М.С. Карибаевтың «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» атты диссертациясында Қазақстанның репатриациялық саясаты, қандастардың Шығыс Қазақстандағы демографиялық сипаты, қоныстануы, олардың жергілікті ортаға сіңісуі, күнделікті өмір сүруіндегі этномәдени бірегейлігі, бейімделу мәселелерін қарастырды (Карибаев, 2021).

Қандастардың көші-қоны, бейімделу мәселелері шетелдік зерттеушілер еңбектерінен де көрініс тапты. Цюрих университетінің профессоры, неміс этнограф ғалымы Петер Финке Моңғолиядан келген қандастардың көші-қоны, бейімделуі жөнінде жазса (Fince, 2014), ғалымның түрік зерттеушісі Мелтем Сансакпен бірге «Migration and Risk Taking A Case Study from Kazakhstan» мақаласы 1991 жылдан бастап елге оралған этникалық қазақтардың жай-күйі, олардың жергілікті ортаға бейімделу мәселелеріне қатысты шетелдік зерттеушілердің пайымдары мен тұжырымдары салыстырыла отырып жазылған, бұл да маңызды дерек бола алады (Fince, Sancak, 2012). Орта Азиядан келген қандастарымыздың мәдени өміріндегі ерекшеліктері жөнінде түрік зерттеушісі Isik Kuscı (Isik, 2012) өз еңбектерінде жан-жақты қарастырады. Ал, енді жалпы «репатриант» мағынасының теориялық және методологиялық аспектілерін талдаған еңбектер қатарына I. Svanberg (Сванберг, 2005: 211), Н. Barcus, С. Werner (Barcus, Werner, 2010) еңбектерін атауға болады. Американдық зерттеуші Bhavna Dave (Bhavna, 2010) өзінің еңбегінде Қазақстандағы қандастар проблемасын мемлекеттің қазіргі этносаясаттың ажырамас бір бағыты десе, ал Rebhun Uzi (Rebhun, 2009) өз зерттеуінде қандастардың елге оралуы себептері мен олардың адаптациясындағы қиындықтар мен тиімді факторларды талдайды.

Зерттеудің нәтижелері

Қандастардың Шығыс Қазақстан өңіріне көші-қоны мен орнығу мәселелері

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін елдің деморграфиялық ахуалы шиеленісіп кетті. Көптеген басқа этнос өкілдерінің өз ата-мекеніне оралуы, сыртқы және ішкі көші-қонның жиілігі елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығына да әсер етті.

1989–1991 жж. Шығыс Қазақстан халықтарының өсімі 3,1 % құраса, 1991–1993 жж. 0,2 % азайды (Абенова, и др, 2020: 28–31). Оның себебі, табиғи өсімнің күрт төмендеуі және славян этностарының эмиграциясы еді. Тәуелсіздікке дейін аталған аймақта атап айтқанда

Өскемен қаласында 1989 ж. санақ бойынша орыстар 65,9 % құрады (Итоги Всесоюзной, 1991: 58–81). 1990 ж. басталған этникалық қазақтардың иммиграциясы еліміздің демографиялық ресурсына, әлеуетіне, қазақтардың үлес салмағының көбеюіне үлкен үлес қосты. Шығыс Қазақстандағы орыс халқының эмиграциясы мен қандастардың иммиграциясы қазақтар санының басым болуына қол жеткізді. Ал, 1997 жылы Шығыс Қазақстанға Семей облысының қосылуы нәтижесінде: қазақтар – 48,5 %, орыстар – 45,4 % болып, қазақ саны басым болды (Краткие итоги переписи, 1999: 103.). Бүгінде қазақтың санын көбейтіп, Қазақстан халқының шамамен 6 % құраған қандастар еліміздің демографиясына ықпал етіп, елдің әлеуметтік әлеуетін де көтеріп отыр. Н. Сұлтанмұратов: «Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы республика халқының елеулі азаюын ескере отырып, оралмандар қандай да бір дәрежеде жұмыс қолының қысқаруын өтеді. Тиісінше, бұл еңбек нарығының және жалпы экономиканың әлеуетін арттыруға ықпал етті..., еңбек күшіне деген қажеттілік артады», - деп жазды (Сұлтанмуратов, 2017: 110). Қандастар елдің барлық аймақтарына қоныстанды. Әрине, олар көбіне сол өздері шекаралас аймақтарға, өздерінің тұрған жерлеріне табиғи-географиялық, климаттық жағдайлары ұқсас өңірлерге қоныстанды. Мысалы, Орта Азиядан келген қандастар еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс бөлігіне, Қытай, Моңғолия қазақтары шығыс өңірлерге қоныстануды қолайлы санады. Шығыс Қазақстанға көшіп келген 10 баласы бар 80 жастағы Адыраш Моңғолхан Моңғолияның Баян-Өлгей ауданынан 2010 жылы тарихи Отанына оралған. Оның мәліметінше, алғашында жергілікті тұрғындар өздерін «қытайлық», «моңғолдық» деп атаса қазір жақын араласып кеткендіктері сонша, бұрын тілдеріне моңғол тілі араласса, қазір орыс тілін араластырып сөйлейтіндіктерін айтады (ДЭЭ-материалы, 2024). 2000 жылдардың басында келген Қатиолла Қанке өздерінің елге оралуындағы негізгі себеп ол – ұрпағының ата-баба мекенінде өсіп-өніп, ұлттық болмысын сақтап қалу дейді. Олар өздерінің Қытайдың Алтай жақ жақ бөлігінде жақсы өмір сүргенін, оған қарамастан жастарымыз қытайланып кетпесін деп ата мекенге оралдық дейді. «Бастапқыда Зайсанда төрт жыл өмір сүргеннен соң, кейін Жармаға қоныс аудардық. Алғаш келгенде өмір сүру қиын болды Кейін балалар білім алып, жұмыс істей бастады», - дейді (ДЭЭ-материалы, 2024).

Елде ішкі миграция қарқыны да жоғары болып, өңірдегі қазақтар тек қалалар ғана емес, сонымен қатар ел ішінде басқа аймақтарға да қоныс аударып отырды. Қандастар көші-қонының үдерісі жөнінде: «1999 жылы қазақ емес этностардың жоғары эмиграциясы (елден кетуі), қазақтардың табиғи өсуіне, этникалық репатрианттар ағыны есебінен қазақ халқының абсолютті өсуіне ықпал етті. Көптеген жылдар ішінде алғаш рет қазақтар өз елінде 53,8 % шекті белгіні еңсеріп, сан жағынан басым этносқа айналды. Ұлттық бірегейлікті, егемендік пен тәуелсіздікті сақтаудың кепілі ретінде қазақтар санын сақтау және көбейту мәселесі алты онжылдықта, яғни ХХ ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап өзекті болды», - деп жазды демограф ғалым Ғ. Алиев (Алиев, 2023: 127–135). Ю.Н. Гужвенконың зерттеуі бойынша тәуелсіздіктен кейін қалаға ығысқан қазақтар негізінен Семей қаласына шоғырлана бастады, себебі бұл жерде өндіріс орындарында мемлекеттік тілді білетіндерді қажет етті деген мәлімет берілген. Зерттеуші 1989 ж. санақпен 1999 ж. санақты салыстыра отырып, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін қазақтардың саны (45,9 % барлық қазақтар санынан) кемігенін, керісінше, титулды этностың мемлекеттік басқару саласында санының өскендігін (59,8 %), денсаулық сақтау саласында (55,9 %), білім саласында (49 %), қаржы қызметінде (41,7 %) артқанын, бірақ өнеркәсіп орындарында орыс халқының басым болғандығын айтады (Гужвенко, 2009b: 177). Иә, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауыл халқының қаладан жұмыс іздеп қалаға ағылғанын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, 1990 жылдардан басталған модернизациялық үдеріс, ауыл шаруашылығындағы экономикалық құлдырау қазақтардың қалаға көші-қонын көбейтті. Ауылды жерлерде жұмыссыздық көбейді. 1991 жылы ШҚО алыс шетелдерден 2164 этникалық қазақ келді. 2005 жылы 7381, 2007 ж. – 7346, 2009 ж. – 7245 қазақ негізінен қытай Халық республикасынан келді. Ең аз келген жылы 2015 жылы 54 қана қандас келді (Ушакова <https://inbusiness.17.06.19>). Осы кезеңдерде елге оралған қандастарды тілдік барьері, кириллица үлгісіндегі жазу, т.б. себептермен байланысты қиындығын ескеріп, оларды негізінен қазақтар басым ауылдарға орналастырды.

Қазақстанға 1991–2002 жылдары келгендерді Шығыс Қазақстанның шағын қалалары мен поселок типтес елді-мекендеріне 488 қандас орналастырылды, бұл елге оралған қандастардың 8,9 %-ын құрайды. Олар негізінен Зайсан, Шар, Аягөз, Шемонаиха қалалары және қалалық үлгідегі кенттер Молодежное, Белоусовкаға қоныстандырылды. (Уалтаева: 2005: 45). Сондай ақ, олар өңірдің басқа аймақтарында да, атап айтқанда Ұлан ауданында шамамен халықтың 23 %, Үржар ауданында – 16 %, Жарма ауданында – 14 %, Семей ауданында – 10 %, Көкпекті және Зайсан аудандарында қандастар отбасыларының 7 %-ы қоныстанды. Мәліметтерден байқағанымыздай, қандастар Шығыс Қазақстан аймағының біраз елді-мекендеріне аяқ тіреген. Бірақ Өскемен қаласында қандастар отбасыларының тек 5 %-ы ғана қоныстанған. Олар негізінен қазақтар басым елді-мекендер Ұлан, Үржар, Жарма, Көкпекті және Зайсан ауданы мен Семей қаласына қоныстануды қалады (Гужвенко, 2010: 260–271). Ю.Н. Гужвенко өзінің зерттеуінде Шығыс Қазақстандағы этникалық қазақтардың саны 2002 жылдың 1 қазанындағы ресми мәліметтер бойынша 1043 отбасы болғандығын жазса, А.С. Уалтаеваның мақаласында берілген мәліметі бойынша елге оралған қандастар 1068 отбасы яғни 5017 этникалық қазақ, делінеді, бұл сәйкессіздік зерттеушінің осы жылдың 1 қазанына емес, 2002 жылдың соңындағы санын көрсетумен байланысты болуы мүмкін», - деп пікір білдіреді Ю.Н. Гужвенко (Гужвенко, 2009: 137). Тарихи Отанына оралған қандастарды әрине көбіне өкіметтік басқару органдарының нұсқаулығымен өздерінің келген жағының географиялық климаттық жағдайы мен өмір сүру салтына ұқсас жергілікті ортаға қоныстандыруға бағыттады. Ендігі бір жағынан мемлекеттің оларға бөлінген қаржысы, мысалы тұрғын үй сатып алуға берілетін қаржы тек ауылдар мен шағын қаладан баспана сатып алуға ғана жететіндіктен олардың көпшілігі ауылдар мен қала типтес поселоктарға орналастырылды.

Елге орала бастаған қандастардың Отанға көшіп келуін тиімді үйлестіру мақсатында 2008 жылы «Нұрлы көш» бағдарламасын көтеріп, 2008 жылы 2 желтоқсандағы № 1126. қаулысымен 2009–2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасын бекітеді (Нұрлы көш, 2010). Бағдарламаның мақсаты елдің экономикасын көтеруге ықпалдаса алатын, еңбекпен қамтамасыз ете алатын жерлерге қандастарды қоныстандыру, әлеуметтік қолдауды күшейту, т.б. Мұның бәрі әрине шет елдердегі отандастарды елге көшіріп, бос қалған ауылдарды жан мен малға, мектептерді балаға толтыру, ауыл шаруашылығын қайта өркендету еді. Аталған бағдарлама бойынша тұрғын үйлер, тұтас бір елді-мекендер, атап айтсақ «Шығыс» ауылы, т.б. құрылды. Шығыс Қазақстанға көбіне Қытай және Моңғолия елдерінен келген қандастар орналасты. Ауылдағы 463 үйдің 300-ге жуығын «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша (2009–2011) Қытай мен Моңғолиядан келген иммигранттардың отбасылары құрады (Поправко, 2014: 206–216). 2023 ж. 30 маусымда № 280 бұйрықпен «Халықтың көші-қон» заңына 11 баппен өзгеріс енгізіліп, «Ата жолы» картасының ережелері бекітілді. Онда шет елдерде тұратын этникалық қазақ өзінің тарихи Отанына келіп кәсіп ашу, бизнесін жүргізу үшін 10 жыл мерзімге, ҚР заңына сәйкес кәсіпкерлік қызметтермен айналысуына рұқсат береді (Об утверждении Правил предоставления карты «Ата жолы» для этнических казахов, проживающих за рубежом (Ата zholy, 2023).

2011–2015 жж. репатриация саласында иммигранттар ағынының айтарлықтай төмендеп, деректерде 2014 жылы елге тек 8 мың оралман келсе, келесі жылы бұл көрсеткіш 5 мың адамға дейін төмендеді. Мысалы, 2004–2008 жылдары жаңа қандастардың саны 439 мың адамды құрады, яғни осы бес жылдық кезеңде жыл сайын орта есеппен 90 мыңға жуық қандас қоныс аударды. Бұл кезеңде ШҚО 14420 қандастардың отбасы тұрды, оның 58 % жұмысқа жарамды, 28 % – оқушылар, 14 % зейнеткерлерді құрады (Репатрианты, 2014). Көші-қондағы мұндай айырмашылықтардың себептеріне келетін болсақ, 2011 жылдары мемлекет этникалық қазақтарды репатриациялау бағдарламасына өзгерістер енгізіп, қоныс аударушыларға берілетін квоталар мен түрлі ақшалай өтемақылар жүйесін азайтты. «Оралман» мәртебесін, ел азаматтығын алу ережелері де едәуір қатандатылып, төлқұжат алу үшін Қазақстанда кем дегенде бес жыл тұру керек. Маңызды жаңалық – қандастарды тек Үкімет белгілеген аймақтарда, яғни солтүстік

облыстарға қоныстандыру шарты болды. Бұл шаралардың барлығы қандастар санының азаюына әкелді, бұл құбылыс Қазақстанның барлық аймақтарына ортақ болды.

Мемлекеттің мұндай әрекеттері иммиграцияны жасанды шектеу еді. Кейін мемлекет өз ұстанымын өзгертіп, қандастардың келуін жеңілдететін жаңа толықтырулар енгізді. Сонымен, енді оларға қоныстану аймағын таңдау құқығы қайтарылды, азаматтық алу мерзімі бір жылға дейін қысқарды. Нәтижесінде 2016 жылы жаңа қоныс аударушылар саны күрт өсті: республикаға 34 мыңға жуық оралман келді (Султанмуратов, 2017). 2017 жылы аймаққа 1007 адам, 2018 жылы 459 адам қандастар келді. Жыл сайын аймаққа Қытай Халық Республикасынан келген қандастардың жалпы санының 80 %-ы келеді. Өскеменге жақын жерде қандастар үшін арнайы Шығыс кенті салынды. Олар мал шаруашылығы дамыған Үржар, Тарбағатай, Зайсан аудандарына, Өскеменге қоныстандырылды (Ушакова, 2019). ШҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының деректері бойынша 1991 жылдан 2018 жылға дейін Шығыс Қазақстанға 18 027 оралман отбасынан 61 014 адам қоныс аударды. Оның 29173 ер адам және 30854 әйел адам болды (Ушакова, 2019).

ШҚО келген иммигранттардың санын 2015–2019 жж. аралығында қарайтын болсақ, жалпы облысқа 2015 жылы 708 адам келген, оның 306 Өскемен қаласына, 114 Семей қаласына, онан кейін Ұлан ауданымен Алтай ауданына қоныстанған. Бірақ олар 2016 жылы азайған (618), ал қалған жылдары көбейе түскен. Мәселен, 2017 ж. ШҚО – 811, 2018 ж. – 687., 2019 ж. – 628 адам. Келген адамдардың негізгі бөлігі сол әдеттегідей Өскемен қаласы мен Семейге көбірек орналасқан (Демографический ежегодник, 2020: 129).

Ал, 2019 жылдың 1 маусымында облысқа 58 адамнан тұратын 39 этникалық қазақ отбасы тарихи отанына келген. Оның 22 отбасынан 37 адам ҚХР, Моңғолиядан – 14 отбасыдан 18 адам, Өзбекстаннан – үш отбасы адам келген. 2019 ж. ШҚО бойынша 595 оралманды қайтару бойынша квота бекітілді. Көші-қон бөлімінің бас маманы Дана Қабдуллина 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап маусымға дейін 13 оралман келіп, тұрақты жұмысқа орналастырылды, - дейді О. Ушакова (Ушакова <https://inbusiness.kz> 17.06.19).

ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі 2023 жыл алдыңғы жылдарға қарағанда қандастарды көбірек қабылданғанын мәлімдеді. Өңірлік квотаны 500-ден астам адамға ұлғайту туралы шешім қабылдануына байланысты 8652 қоныс аударушы келді. Бұл 2022 жылғы келушілермен салыстырғанда 566 адамға артық еді (Как кандасы влияют на настроения в Казахстане (Как кандасы, 2023).

ҚР Үкіметі қандастар мен қоныс аударушыларды оңтайлы қоныстандыру мақсатында оларды солтүстік аймақтарға қоныстандыру жүйесін айқындап, бүгінде сол бойынша жүйелендірілуде. Осы себепті тарихи отанына көшіп, келген қазақтарды белгілі бір аймақтарға ғана қоныстандыра алады. Мәселен, 2023 жылға қоныстандыру жоспары бойынша Солтүстік Қазақстан облысына 138 адам, Абай облысына – 196, Шығыс Қазақстанға – 239 адам, Ақмолаға – 270, Павлодарға – 932 адамды орналастыру жоспарланған (Как кандасы влияют на настроения в Казахстане (Как кандасы, 2023). 2024 жылға квотамен 9483 адам қабылданады, бұл 2023 ж. салыстырғанда 554 адамға артық. Соның ШҚО – 372, Абай облысына 255 адамға квота берілген (Қандастарды, 2024).

2024 жылдың 1 желтоқсандағы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша қазақ еліне 1 млн. 144,9 мың этникалық қазақ оралған (Қалшабаева, Сейсенбаева, 2024: 126). Қорыта келгенде ШҚО этнодемографиялық үдерісі біркелкі болған жоқ, оған себеп, Шығыс Қазақстан облысына Семей облысының қосылуы. Бұл жағдай Шығыс Қазақстан облысындағы қазақтардың үлес салмағын біраз арттырса, екіншіден басқа ұлт өкілдерінің сыртқы көші-қонын жеделдетті. Сондай ақ, ішкі облысаралық, ауданаралық көші-қонның да жоғары болды. Мұнан басқа өңірдің халық санын көбейтуде қандастардың да үлесі бар екендігін және естен шығармауымыз керек.

Бейімделуіндегі қиындықтар мен оңтайландыру мәселелері

Шет елдердегі қазақтар тарихи Отанға оралғаннан бастап иммигранттар мен жергілікті тұрғындар арасындағы әлеуметтік, мәдени және білім беру саласындағы айырмашылықтар көбейді. Әсіресе алыс шет елдерден келген қандастардың қоғамға бейімделуі, қалаларда

әлеуметтенуі қиындау жүрді. Біріншіден, Шығыс Қазақстандағы орыс тілінің басымдығы, бұл жергілікті ортаға бейімделу мен өзара қарым-қатынаста қиындықтар туғызды. Қиындықтың бірі тіл кедергісі, мәселен, олар жазбаша қазақ тілін білмеді, олар үшін орыс тілі мүлдем бөтен шет тілі деп есептелді. Оның үстіне олардың этникалық менталитетінің де өз ерекшелігі болды. Сондықтан оларда «неге, мен қазақ бола тұра орыс тілінде сөйлеуім керек, неге мен ана тілімде жауап бере алмаймын» деген қоғамға ішкі қайшылық тұрды. Екіншіден, тілді жетік білмегендіктен өзінің құқығын дұрыс білмеуі, компьютерлік техникамен жұмыс істеу дағдыларының нашарлығы, жұмысқа орналасуда қиындық тудырды.

Е.В. Тарасова репатрианттарды жергілікті ортаға бейімдеумен әлеуметтендіруде мынадай өзекті проблемаларды ескеру қажеттігін айтады. Біріншіден, тілдік кедергі (барьер), әсіресе Қытайдан келген қандастарда айқын. Олар қазақ жазуын меңгермегендіктен Қазақстанда жоғары оқу орындарында оқуға мүмкіндікті шектеді, орыс тілін жақсы білмегендіктен жергілікті ортаға бейімделуін қиындатады. Екіншіден, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі және әлеуметтік ұтқырлықтың болмауы, жұмысқа орналасуға байланысты қиындықтар. Бұл тұрғыда оралмандардың жағдайы басқа ауыл халқының ұстанымдарына ұқсас болды. Үшіншіден қандастарға берілген жерлердің өзі қол жетімділігі қиын, ыңғайлы емес жерлерде және көбінесе тозуға ұшыраған аграрлық аудандарда болуы, - деп көрсетеді (Тарасова, 2002: 85). Осындай қарама-қайшылық қандастардың жергілікті ортаға бейімделуін қиындатты. Сондықтан да бастапқыда келгендердің кейбірі қайта көшіп кеткендер де болды. Мұсабаев өз зерттеуінде Моңғолиядан көп балалы отбасылар келгенін, оларға әлеуметтік жәрдем-төлемдер берілгенімен, кедейлік шегінде болып, еңбекке жарамды отбасы мүшелерінің жалпы санының 90 %-ы жұмыссыздар болған. Бұл жағдайдың негізгі себептері қандастардың өз құқықтарын білмеуі, жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің немқұрайлылығы, бюрократиялық кедергілердің болу мүмкіндігі жөнінде нашар хабардар болуынан да деп көрсетеді (Мусабаев, 2006: 42).

Шығыс Қазақстан аймағындағы облыстық, аудандық, жергілікті әкімшілік ұжымы қандастарға барынша жан-жақты көмек көрсетіп, қолдау білдірді. А. Жанбосинова, М. Карибаевтың зерттеулері бойынша 2009–2014 «Семей қаласындағы қандастарды бейімдеу және әлеуметтік интеграциялау орталығы» жұмыс істеді. Орталықтың есептік құжаттарына сәйкес 22920 қандастарға 24057 консультациялық және бейімдеу қызметтері тартылды. Орталықтың қызметі аясында 5586 қандастарға 6397 рет кеңес берілді. Сонымен қатар олардың 101 адамы жұмысқа орналастырылса, 196 адамы ҚР азаматтығын, 1037 адам әлеуметтік көмек, 103 адамға жер телімдерін, 929 адам тұрақты тұру мәртебесін, 537 адам қандас куәлігін алды. Мұнан басқа 578 адам әлеуметтік төлем алса, жобаларды дайындағаны үшін 15 адамға көмек беріліп, 282 адамның тұрғын үй мәселелерін шешкен. Қандастардың бейімделуін тиімді шешу мақсатында қазақ, орыс тілдері курстары, компьютерлік сауаттылық, Зайсан, Үржар аудандарында және Шығыс ауылында 2000 оралманға арналған тренингтік топтар құрылды. Осындай шаралардың нәтижесінде аймақтағы қандастардың 90 %-дан астамы коммуникативтік дағдылар мен құжаттарды толтыру техникасын игерді. Орталық қызметкерлері 293 қандастар үшін кәсіпкерліктің негізі аясында 9 білім беру семинарын өткізді. Білім беру курстары Шығыс Қазақстан облысының оралмандар көп қоныстанған аудандарында, мысалы, Үржар, Зайсан, Тарбағатай, Ұлан аудандарында, сондай-ақ Семей, Курчатов қалаларында ашылды. Ауылдық жерлердегі мектептер курстық дайындықтың орталық буынына айналды, білім беру өкілдері өте маңызды рөл атқарды (Жанбосинова, Карибаев 2019: 139–141).

ШҚО ауылындағы 463 үйдің 300-ге жуығын (2009–2011 жж.) «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша Қытай мен Моңғолиядан келген иммигранттардың отбасылары құрады. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы бойынша шағын ауылдардан көшіп келгендерге де баспана бөлінді (Поправко, 2014: 206–216).

Көші-қон департаменттерінің мәліметінше, квотаға құжаттар тапсырған барлық қандастардың 100 % мемлекеттен алғашқы әлеуметтік көмектерін алды. Ол бойынша отбасы мүшелерінің санына байланысты әр адамға 35 АЕК (88375 теңге) мөлшерінде, көшіп келу

шығынына және 12 ай ішінде тұрғын үйді жалға алғаны үшін қаражат бөлініп, қамтамасыз етілді. Мұнан басқа ШҚО бойынша Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының филиалдары да оларды қаржыландыруды ұмытпады. Қандастар нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы «Еңбек» бойынша да өтінім берді (Ушакова, 2019).

Келген қандастарды әлеуметтік жағынан қолдаумен қатар, олардың өз кәсіптерін ашып, не ауыл шаруашылығымен айналысуына барлық жағдай жасалды. Мәселен, Шығыс Қазақстан бойынша Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының қолдауымен «Еңбек» бағдарламасымен нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын іске асыру жағдайында көптеген елге оралғандар мал шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік алды. Қазақстанда 2020 ж. іске қосылған жол картасы дарынды колөнершілерге өз бизнесін ашуға мүмкіндік берді. Шығыс Қазақстанда этникалық оралмандар былғарыдан жасалған бұйымдар – аяқ киім, белбеулер, аксессуарлар, киіз және киіз, ағаш – киім, ойыншықтар, зергерлік бұйымдар, тұрмыстық бұйымдар және т.б. жасай бастады. (Қайсар, Құрманғазина: Кандасы (Алмас, Құрманғазина, 2023)

Қандастардың тез бейімделуіне түрлі орталықтар жұмыстар атқарды. Шығыс Қазақстанда ұйымдастырылған курстар қандастарды қазақстандық қоғамға тез бейімдеуге және ықпалдастыруға бағытталған. Курстар бейімделу білімдерінің жиынтығын игеруге, атап айтқанда жиі қолданылатын бланкілерді толтыруға дағдыларын қалыптастыру. Олар үшін ең маңыздысы жергілікті халықтармен сіңісу, менталитетін түсіну және оған стратегиялық бейімделу маңызды болды.

Қорытынды

Жалпы алғанда, 1990 жылдары халықтың этнодемографиялық құрылымының сипаты, 1997 жылы қалалардың этникалық құрамының өзгеруімен Семей және Шығыс Қазақстан облыстарының біріктірілу нәтижесінде, орыс тілді халықтың эмиграциясымен, ауыл-қала бағыты бойынша ауыл халқының қалаға көші-қонының өсуімен сипатталады. Бұл әрине Шығыс Қазақстан өңірінен орыс тілді халықтардың көшіп кетуімен, қандастардың келуімен сипатталады. Ал, 2000 жылдан бастап Шығыс Қазақстан облысына 50 мыңға жуық қандас-шетелде тұратын этникалық қазақтар көшіп келді. Олардың көпшілігі Моңғолия мен Қытайдан келген қазақтар. Олардың көпшілігі Үржар, Ұлан, Зайсан және Тарбағатай аудандарына, сондай-ақ облыс орталығы-Өскеменге қоныс аударды. Мұнда сонымен қатар көптеген қоныс аударушылар отбасылары тұратын мемлекеттік қоныс аудару бағдарламасы аясында типтік қалашық салынды. Көптеген қандастар жаңа жерде өмір сүруге дағдыланған, мұнда бизнесті бастап, жұмысқа орналасып, отбасылар құрды. 2011–2016 жж. дейінгі қандастардың көші-қоны елдегі кейбір қабылданған құжаттарға байланысты бәсеңдегенмен, бірақ қандастардың елге деген сағынышы басылмады. Қабылданған заңнамалық актілердің мәселен, азаматтық алу, қалаған жеріне қоныстана алмау, ар жақтан сотталмағандығы туралы қағаздар әкелу, т.с.с. пункттерді алып тастағаннан кейін 2016 жылы қоныс аударушылар саны күрт өсті. Енді елге келіп жатқан қандастар қонысын өздерінің қалаған жеріне таңдай алатын болды. Міне, осы жағдайлар олардың квотамен де онсыз да ата мекенге оралуына жол ашты.

Жалпы қорыта келгенде Үкіметтің бағдарламалық құжаттары, оның ішінде ҚР-ның этникалық қазақтарды тарихи отанына қайтару туралы заңнамалық актілер мен тұжырымдамалары қандастардың қазақстандық қоғамға қарқынды ықпалдасуына әсер етті. Шығыс Қазақстанда қандастардың елге тезірек интеграциялануын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен ұлтаралық қарым-қатынас тілі – орыс тілін оқыту үшін арнайы курстарды ұйымдастыру қажет. Сонымен қандастардың Шығыс Қазақстанға қоныстануы өңірдің демографиялық өсімін арттырумен қатар, кезінде славян тілдес халықтардың көптігімен сипатталатын өңірде қазақтардың басым болуына әкелді.

Әдебиеттер тізімі

- Абенова, т.б., 2020 — *Абенова Г.А., Ибраимова М.С., Мукатаева З.К.* Демографические процессы в Восточном Казахстане (1985–1995 гг.) // *The Scientific Heritage*, 2020. № 45. С. 28–31.
- Алиев, 2023 — *Алиев Ф.Д.* Этнодемографиялық тепе-теңдікті қамтамасыз ету – XX ғасырдың 90-шы жылдарының басындағы Қазақстанның мемлекеттілігін қамтамасыз етудегі маңызды тренд // Этнодемографические процессы в Казахстане и сопредельных территориях: материалы XXII Международной научно-практической конференции (25–26 сентября 2023 г.). Усть-Каменогорск, 2023. 498 с.
